



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№6 (20) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ. - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - завкафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev B.A. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

**ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 27.01.2012 жылғы
Қазақстан халқына Жолдауынан**

37.018.1

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор

ОТБАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада отбасындағы ұлттық тәрбиенің мәні кеңінен ашылады. Мұнда қазақи сыйласым - ұлттық тәрбиенің мақсаттық негізі сөз болады. Отбасындағы сыйласым және қазақ халқының сыйласымдық тәрбиесі кеңінен жазылған. Сонымен қатар, ұстаздық тәрбие дәстүрі: ұлттық тәрбиеде ата-анадан соң, сол ата-анадай тәрбие, білім беретін ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт бола білу дәстүрі, ер намысын, қыз абыройын қорғау дәстүрлерінің тәлімдік қағидалары, кәсіпке үйрету дәстүрлерінің ұлттық тәрбиелік мәні, тіл дамыту дәстүрінің тәрбиелік мәні мен қарыз, парыз, борыш ұғымдарының тәрбиелік мәніне кеңінен тоқталып, ұлттық тәрбие жүйесі кең ашылған. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі екендігін айта отырып, туған жерді қастерлеу дәстүрінің ұлттық тәрбиелік мәні жайында жазылған.

Түйін сөздер: *Отбасы, тәрбие, ұстаз, қазақ, дәстүр*

Национальным воспитанием принято считать своеобразие воспитательно-образовательной системы, которая учитывает историю и культуру страны, своеобразие национальных отношений и национального характера людей. Национальное сознание является сложной модернизированной системой духовных феноменов, которые формируются в процессе исторического развития нации и соответственно отражают основные принципы его бытия. Это понятие охватывает широкий спектр процессов, идей, устремлений, которые в целом образуют духовный универсум нации. Его сущность - в единстве индивидуального и общего.

Ключивые слова: *Семья, воспитание, наставник, казах, традиция*

National education is considered to be educational and originality of the educational system, which takes into account the history and culture of the country, the uniqueness of ethnic relations and national character of the people. National consciousness is difficult to upgrade a system of spiritual phenomena, which are formed in the process of historical development of the nation and thus reflect the basic principles of its existence. This concept encompasses a wide range of processes, ideas, aspirations, that together form a spiritual universe of the nation. Its essence - in the unity of the individual and the general

Keywords: *Family, education, mentor, kazakh, tradition*

Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық (методологиялық) негіздері – ұлттың салт-дәстүрлері және ұлттық дәстүрлік тәрбиелер болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің бас-тау негіздері сақтар империясы кезінде (біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі VII-III ғасырлар), ғұндар дәуірінен (б.д.д. III, біздің ғасырымыздың I-II ғасырлары) басталады.

Ғұн империясының құрамына енген сол кездегі үйсін, қаңлы, жу-жу, дунку тайпаларының этностық болмыстары бір-біріне кірігіп, өз ерекшеліктерін қалыптастырғанын тарихи дәлелдер айқындайды. Ғұн көсемі Атилла (Еділ) бастаған қалың қолдың ерлігін сипаттайтын жырлар, аңыз әңгімелер кейінгі батырлар жырларымен, аңыздармен арқауласып, этнопедагогиканың (халық педаго-

гикасының) негізгі саласын құрайтын ауыз әдебиетінің қайнаркөзі болып табылады.

Ұлы Түркі қағанаты (VI-IXғғ.) уақытысынан бастап қазақтың тәлім-тәрбиедегі этностық ерекшеліктері айқын көріне бастады. Орхон-Енисей бойынан, монғолиядан табылған тас жазулары ұлтымыздың арғы тегіндегі жазу мәдениетінің белгілерін ғана көрсетіп қоймай, Білгеқаған, Күлтегін сияқты қолбасшылар мен ақылгөй Тоныкөктің сөздері арқылы қазіргі қазақтың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнердің дәстүрлі үлгілерінің қайнар көзін байқаймыз, ауыз әдебиетінің өнегелі үлгілері сол үрдістермен арқауласып жатқанын көреміз.

«Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге IX ғасырда ғұмыр кешкен ақын, әрі сазгер, небір тамаша күй шығарған Қорқыт атаның есімін жеткізді» (б.с. 29 бет). Яғни, этнопедагогиканың негізгі саласы халық педагогикасы болса, сол халық педагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті, жазу әдебиеті (қолтаңбалық көшірмелер болса да) ұлттық тәрбиенің басты құралы болғандығын айқындайды.

IX-X ғасырларда Араб Халифаты империясының Орта Азия мен Қазақстан территориясына үстемдік жүргізуіне байланысты қазақтың халық педагогикасына араб мәдениеті ерекше әсер етті. XI-XII ғасырда қазақ жерінде түркі тілінде (яғни қазақ тілінің түпкі негізінде) жазылған шығармалар ұлттық тәрбиенің құнды құралдары болды. («Диуани Хикмет», «Құдатғу білік», т.б.). Қазақ халқының сол кездегі ғұлама ғалымдары әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулати ұлттық тәлім-тәрбие мен білім беру, халықты кемелдендіру мақсаттарын орындау жолдарын көрсетіп берді. Қазақи сыйласым, отбасындағы сыйласым негіздерінің қалыптасуына ертедегі дала даналарының еңбектері зор әсер қалдырғанын көреміз.

Қазақи сыйласым – ұлттық тәрбиенің мақсаттық негізі болып табылады. **Отбасындағы сыйласым** – баланың атаананы сыйлауы, жасы кішілердің жасы үл-

кендерді сыйлауы, жасы үлкендердің жасы кішілерді қамқорлыққа алуы, ата текті құрметтеу, руды, ұлтты, халықты, мемлекетті және олардың дәстүрлері мен рәсімдерін, салт-саналарын сыйлау – бұлар ұлттық тәрбиенің басты кредосы (сенімді негіздері). Ұлттық дәстүрлік тәрбиенің этнопедагогикалық мәні туралы мына төмендегі тәрбие негіздерін мысалға келтіруге болады: **отбасындағы тәрбиенің қос тірегі (қос босаға) әке мен шеше.** «Әке – отбасының пірі», қара шаңырақтың қожасы. Әке – үйішінің тірегі, баласының жүрегі. «Әкесіз бала – панасыз балапан» - дейді халқымыз. Әрбір баланың әке алдында борыштары мен міндеттері бар. Әке алдындағы баланың міндеттері: әкенің тілін алу, сөзін тыңдау, ізет көрсету, әдеп сақтау; парыздар: балалық міндеттерді орындауды дәстүрге айландырып, әкеге көмекші болып, оны әрқашанда қуанышқа бөлеп отыру, кәмелетке жеткен соң, әкеге біржола қызмет көрсетіп, оның қартайған шағында асыраушы болып перзенттік міндеттер мен борыштарды, перзенттік парызды өтеу.

Әкесін сыйламаған балада *қазақи адамдық*, азаматтық сезім болмайды. Ол – отбасының жазырын тартатын бақытсыз пенде. Өйткені ондай нақұрыста адамгершілік мейірім, қайырым болмайды да, сол мінезінен қарғыс естіп, қасіретке ұшырайды.

Қазақ халқының сыйласымдық тәрбиесі бойынша, бала ең әуелі **әкесінің** алдында әдеп сақтай білуге міндетті. Мысалы, аяулы ана ас дайындап, дастарқан мәзірін жасайды, сонда анаға көмектесе жүріп, әкені ас-дәмге шақырып, ас дәмін әке татқан соң ғана, балалары асқа сумандап сұғынбай, әдеппен «алыңыздан» бастап, дәм татады. Бұл – **ұлттық әдеп.**

Бала әкенің алдында дауыс көтермей, дөрекіленбей, әдеппен сөйлеу керек. Ол жасқаншақтық емес, кішіпейілділік, әдептілік болып табылады. Әрбір перзент ең алдымен әкенің берген тапсырмасын орындап, одан кейін ғана өз мақсаттарын орындай бастауға тиіс. Егер әкенің тапсырмасын

баласының орындауға шамасы келмесе, немесе басқа бір жағдай болса, ол әкеден кешірім сұрайды. Әкеге баласы имандылығын, тазалығын, ұқыптылығын, еңбексүйгіштілігін көрсете білсе, ол – әкенің қуанышы, бақыты.

Әсіресе, ер бала – әкемен сырлас, жолдас, дос болуға тиіс дейді халық қағидасы (тәрбиесі). Сондықтан да ол әрқашанда өзінше бір әрекет жасау үшін, әуелі әкемен ақылдасып отырады. Халық ішінде әулеттік, ұлттық **дәстүрлер** атадан әкеге, әкеден балаға дарып, қалыптасып, дамып отырады. Әкеден, әке арқылы халықтан үйренген дәстүрлерге **мұрагер болу – борыш**. Мысалы: әке – күйші, әнші болса, баланың да сол өнерге бейімі болады. Ал, бала сол әулеттік бейімділікке немқұрайды қарамай, әулеттік намысты қадірлеп, әке үмітін ақтап, табандылықпен, жауапкершілікпен сол **әулеттік дәстүрді** жалғастыра білуге міндетті. Әйтпесе, ол өзінің ұлттық қасиетін жоғалтып, кесірлі жан болып, әкеге «күйік» тарттырады.

Мынау жарық дүниедегі өрнекті, өркендеген өмір құдіретті күннің ақшуақ нұрынан, аяулы **ананың ақ сүтінен** жаралған. Жаратқан иеміздің аяулы аясында, ақ сүт берген анамыздың саналы саясында өмір деген мың толқынды дүбірлі дүниеде адамдығымыз айқындалып, кісілігіміз толысып, тіршілігімізге сәйкес қымбатты ғұмыр кешеміз. Соның бәрі бірінші Алланың, екінші ананың арқасы деп түйеді халық қағидасы.

«Ана – біздің күніміз! Ананың біз – гүліміз! ұланды, ана, қуантып, ұзақ өмір сүріңіз», - деп, жас ұрпақтың ананы сүйіп өсуін мүдде тұтамыз. Өйткені ана баланы жарық дүниеге әкеліп, бар жақсылығын жасады, сондықтан адам өміріндегі ең қымбатты, ең сүйікті тұлға – ана.

Анаға әсіресе **қыз бала** жақын, қыз – ананың көмекшісі, күтушісі, үлкен үмітін ақтаушы – болашақ ана деп қарайды халық. Ананы ардақтау, сыйлау, оған құрмет көрсету, көңілін тауып, көмек көрсету – әрбір **баланың айнымас борышы**. «Әлемнің жарығын сый-

лаған ана» қасиетіне нұқсан келтіру – айуандық деп, халық ана алдындағы адамгершілік міндеттерді бәрінен жоғары қояды. Ананың ақ сүтін ақтау үшін, оның өсиетін тыңдап, өнегесін орындай білу қажет дейді қазақ халқының **ұлттық тәрбие** жүйесі.

Сол сияқты үлкенді сыйлау, меймандостық, ұстазды сыйлау, ұлтты қадірлеу, жеті ата тегін құрметтеу, адамзатты ардақтау т.б. дәстүрлер бойынша халық қалыптастырған сыйласымның рәсімдері мен рәміздері, жөн-жоралғылары, кәделері мен ырым тыйымдары бар.

Ұлттық тәрбиеде, әсіресе отбасындағы ана мен әкені сыйлау дәстүріне қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесінде ерекше мән берілген.

Ұстаздық тәрбие дәстүрі: ұлттық тәрбиеде ата-анадан соң, сол ата-анадай тәрбие, білім беретін **ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт** бола білу дәстүрі. Абай дана: «**ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл**» деп, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін ерекше атап айтады. **Ұ с т а з** – әмбебап білімдар, салауатты, салтанатты, маман кісі. Ол – адам жанын терең түсініп, жақсы білетін қадірлі де қастерлі, қасиетті мамандықтың иесі, өз ісінің шебері, әрі өнерлі, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды, ізетті, инабатты адам.

Ұлағатты ұстаз – ең алдымен шәкіртіне өмірді, білімді үйретуші. Ұстаз шәкіртіне үйрететін нәрсесін өзі жан-жақты терең біледі және қалай үйретудің тәсілдері мен әдістерін жақсы біледі де, шәкіртін білімге қызықтыра, ынталандыра түсіндіріп, оның сезімін ұшқырлап, білімін дамытады, өмірдің қызықтарын сезіндіреді. Балалық өмірдің ең бір қызықты кезеңдері мектепте өтеді. Сол мектептің тұлғасы - ұстаз.

Ұстаз шәкіртінің жан саулығын, тән саулығын зерделей зерттеп, оның адамдық асыл қасиеттерінің жақсара беруін қадағалап, қамқорлық жасап отырады. Ол шәкіртін өзінің туған баласындай көріп, адамдық асыл қасиеттерді оның бойына сіңіреді. Шәкірт ата-анасынан гөрі, ұстаздардың қарауында

көбірек болады. ұстаз ата-анаға карағанда балаға қамқорлықты анағұрлым арттыра түсіп, білім беру, тәрбиелеу ісіне арнайы күш-жігерін, уақытын бөліп, шәкіртіне бар білгенін, өнерін үйретіп, тәрбиелейді.

Ұстаз – әке, өйткені ол шәкірттеріне ала-ламай қамқорлық жасайды. ұстаз – ана, ол шәкіртін туған анасындай баурап, өмір өрнектерін, тұрмыс-тіршілік мехнаттарын, қиындықтары мен қызықтарын сезіндіріп, баулудан жалықпайды. ұстаз – жолдас. Ол әрқашан да шәкіртімен бірге көпшілікпен араласып жүреді, қатар құрбысындай қатарлас өмір сүреді. ұстаз – дос, ол шәкіртіне тек жақсылық ойлап, қиындықта қымсынбай көмек көрсетеді, жан сала жақсылық жасайды.

Шәкірт - ұстазының ұлағатты іс-әрекетін үйреніп, одан білім алушы, жаны жақын, ой-мақсаты біртұтас, өсіп-өркендеуші өрені. Шәкірт ұстазына инабаттылық, құрмет пен ізеттілік, имандылық көрсетіп, әдеп сақтауға міндетті. ұстазды құрметтеудің бір белгісі – оған ізеттілікпен сәлем берудің екі жолы бар: жиналып отырған шәкірттер ұстазбен тұрып амандасады, жеке кездескенде, шәкірт ұстазға әдеттегідей сәлем беріп, бас иеді. Сәлем беру кезінде иман жүзділік, елжірегін сезіммен құрметтеу нышаны көріну керек. Сәлемдесу сөздерінің дауыс ырғағы сыпайы, сыйласымды болуға тиіс. Кейде шәкірт ұстазын алыстау жерден көріп қалса, бас киімін алып, оң қолын жүрегіне тақап, бас иіп, ишарат білдіреді.

Ұлағатты ұстаз алдында шәкіртінің орындайтын міндеттері мен парыздары өте көп. Ең әуелі шәкірт ұстаз сөзін ықыласпен тыңдауға, ісін ілтипатпен үйренуге міндетті. ұстаз сөзін мәңгі есте қалдыру үшін, оны бірнеше рет еске түсіріп, қанша рет қайталап, жадында жаттап, санада сақтау қажет. ұстаздың тапсырмасын орындамаған шәкірт үлкен қателік жасап, әрі әдепті бұзады, әрі білімін нашарлатады.

Ұстаз әрі жолдас, әрі дос болғандықтан, шәкірт онымен ашық-жарқын, жасқанбай пікірлесіп, ойын ашық айтса, ұстаздың көңілі көтеріліп, шәкіртіне сырын ашып, оның

ойына от беріп, қиялын қиянға шығарып, арман биігіне жетелейді.

Әрбір ұстаздың бойында бірнеше өнер болады, әдепті шәкірт ұстаз бойындағы қадірлі қасиеттерді, өрнекті өнерлерді үйреніп алуға құштар болуы керек. Ондай шәкіртіне риза болған ұстаз бар өнерін салып, өз бойындағы дарынын шәкіртіне дарыта біледі. Сондықтан, шәкірт ұстаз өнеріне қызығып, ұстаз білімін қастерлей білуге міндетті.

Ұстазын сыйламаған шәкірт өз ата-анасын да сыйламайды. өз ата-анасын, ұстазын ардақтамаған шәкірт адамгершіліктен жұрдай болып, елінің елеулісі, халқының қалаулысы болмақ деген аталық батаның үдесінен шыға алмайды. Бар білімін, қайрат-жігерін аямай, шәкірттеріне білім беріп, өнер үйретіп, өмірге жол ашып берген ұлағатты ұстаздарға әрбір адам бас иіп, тәжім етеді.

Туған жерді қастерлеу дәстүрінің ұлттық тәрбиелік мәніне келсек. Мынау жарық дүниедегі әсерлі әсемдіктер мен қыруар қызықтар, рухани рахаттар, таңғажайып тамашалар жер-ананың жүзінде өтіп жатады. Қасиетті Жер-ана – алып Күнді айналып жүретін жеті ғаламшардың ең құдіреттісі. Өйткені өрнекті жер жүзінде тыныстайтын ауа, су, сындайтын су, сәулеттендіретін сәуле, қайнаған өмір бар. Жер-ана – бүкіл адамзатқа ортақ мерекелі мекен.

Қазақта *«Ер туған жерінде, ит тойған жерінде»* деген мақал бар. Әрбір адамның туған жері – бәрінен де қымбатты. Өйткені ол сол жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстады, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасты. Сондықтан да әрбір адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

Аялы туған жеріміздегі жайнаған гүлдер, жайқалған шалғындар, теңіздей телегей ормандар, сылдыраған бұлақтар, керіліп жатқан кең дала, аспанмен тірескен ақ басты таулар, жарық ай, жарқыраған жұлдыздар, көк мөлдір аспан, күлімдеген Күн-ана - өміріміздің тірегі, қызығы, рақаты. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі, әулие. Сондықтан сол құдіретті мекенімізді сүйе білу - адамдығымызға сын.

Туған жерімізде «*әулие тал*», «*әулие бұлақ*», «*әулие көл*», «*хан тәңірі*», «*сұлу төр*», «*бесік тау*» деген қасиетті атаулар бар. Атынан көрініп тұрғандай, бұл әулие әрі киелі жаратылысқа дақ салмай, аялап күтіп, ардақтап сақтау – әрбір адамның перзенттік борышы.

«*Бұлақ көрсен, көзін аш*», «*Жол үстінде тас жатса, алып таста*», «*Гүлді жұлма*», «*Ағашты жастай қырықпа*», «*Шыңнан тас домалатпа*», «*Құмырсқаның илеуін бұзба*», «*Судың да сұрауы бар*», «*Суды ысырап қылма*», «*От шағып ойнама*», «*Аққуды атпа*», «*Құс ұясын бұзба*», «*Артыңда мал қалғанына, тал қалсын*», «*Жеті күн жасаған жас-бырдан желіп өткен су артық*», т.б. тыйымдар мен мәтелдер табиғатқа байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің ертеден қалыптасқанын көрсетеді.

Халқымыз ұрпақтарына табиғатты аялауды әрқашан да әдеппен аңғартып отырған.

Табиғатты аялап, оның қызығын көре білген халқымыз табиғат заңдылықтары мен оның сиқырлы сырларын да жақсы білген. «*Ай қораланса, аяғыңды сайла, күн қораланса, күрегіңді сайла*» деп, күн райының құбылуын ай бетіне, күн жүзіне, жұлдыздарға қарап болжаған. *Ай малқайып туса*, «*өзіне жайлы, шаруаға жайсыз*» деп, ол айда жауын-шашын, жел-желемік, құбылмалы ауа райы болатынын болжап, оны өмірге, тұрмыс-тіршілікке пайдалана білген. Тіпті «*Аю оң айланса, көктем жылы болады*», «*Түнде жұлдыз жиі көрінсе, күндіз ашық болады*», «*Жатқанға дейін үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі қалды*» деп, көктемнің келуіне байланысты ауа райының құбылыстарын айыра біліп, күн райын күні бұрын болжап, жыл мезгілдерінің кезеңдерін кемеңгерлікпен айқындап, жақсылыққа жадырап, әсем табиғатты әдеппен қорғаған. Халық арасындағы туған жер туралы әндер мен күйлер өнер адамдарының, өнерпаз халқымыздың туған жерді аялай біліп, ардақтай сүйетінін дәлелдейді. Құрманғазы атамыздың «Сарыарқа», «Алатау», Тәттімбет атамыздың «Саржайлау» күйлері туған жеріміздің тамаша табиғатын көз алдымыздан өткізіп, әдемі әсерлендіріп, жанымызды жадыратады.

Сыныпта гүл өсіру, табиғат мүйісін ұйымдастыру, мал, құс өсіріп, еңбектеніп, қызығын көру әрбір жастың ықыласты іс-әрекеті болып қалыптасуға тиіс. Мектептегі табиғатты қорғаушылар клубтары мен үйірмелері жер-ана жүзіндегі жеткілікті қызықтардың рақатын көруге әрбір оқушыны бейімдей білетіндей болуы қажет. Ата-бабамыздың аялап келген, кереметтерге толы туған жердің топырағын тыңайтып, суын тұнықтап, өсімдігін өркендету – әрбір адамның қастерлі борышы.

Ер намысын, қыз абыройын қорғау дәстүрлерінің тәлімдік қағидалары.

«*Ер ел үшін туады*» деп, халқымыз ер бала туғанда, «жылқышы», «қойшы», «батыр», «сарбаз», «мұрагер» деген сүйінші сөздерін айтып, қуанады. Баланы «тепсе темір үзетін» батырлыққа, ерлікке, елінің елеулісі, халқының қалаулысы болуға тәрбиелейді. Бакытты балдырған ата-анасының үмітін ақтау үшін, олардың ұлағатты сөздері мен өнерлерін орындауға бейімделеді. «*Жігіт адам жыламайды*» деп, үлкендер балдырғандарды шыдамдылыққа үйретеді.

Балалар ес біле бастағаннан ел-жұрты, ата-анасы оларға **үлгі-өнеге** көрсетіп, халық тағылымдарынан тәлім алуға баулиды. Ертегілер мен аңыз-әңгімелер, батырлар жырларындағы өнегелермен қатар, өмірде болған ұлы адамдардың өмірін үлгі етеді. Мысалы: ұлы ғалым Шоқан 3 жасында хат таныған; ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп 8 жасында «мәшһүр» (білгіш) атанған; Абай дана 13 жасында билікке араласқан; атақты әулие батыр атамыз Райымбек 15 жасында керемет ерлік жасаған Қазақ халқының бірлігін сақтап, елдің ел болуына басшылық жасаған бабаларымыз: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би 14-15 жасынан бастап халыққа әділ билік жасап, өздерінің шешендіктерін, данышпандықтарын танытқан. Ер баланың тәлім-тәрбиесі үшін халық тарихи қалыптасқан дәстүрлердің орындалуын қадағалайды. Ол үшін ең әуелі халық баланың намыс сезімін, «ер намысын» қалыптастырады.

Е р н а м ы с ы - тәлім-тәрбие арқылы қалыптасқан әулеттік, ұлттық дәстүр, халықтық салт-сананың бір негізі. Бала тәрбиеленіп, кісілікке жеткен соң, ол өз намысын қорғай білуге міндетті. Егер ер жігіт намысын қорғай алмаса, ол азаматтық беделін жояды. «*Ерді намыс өлтіреді*» деген мақал содан қалған. Ер бала әке жолын қуып, «әкеден де асып туып», қатарынан қалмай, алдына қойған мақсаттарын абыроймен орындауға борышты: елін қорғау, ерінбей еңбек ету, ата-анасын ардақтау, өнер үйрену, күшті, жігерлі болу, айтқан сөзінде тұру, әділетті болу, біреуге жалынышты, кіріптар болмау, әйел адамды құрметтей білу, жасық болмау, оқу оқып, білімді игеру, т.б. ізгі қасиеттерді бойына сіңіру – ер азаматтың намысын ақтап, абыройлы болуы. Әсіресе, ұлттық дәстүрге сәйкес әдепті, иманды, инабатты, ілтипатты болу – ер жігіттің айнымас ары, бұлжытпай орындайтын заңды борышы: «*Түсі игіден түңілме*» деген сөз содан қалған. Халықтың өкімдік дәстүрін пір тұтқан ер азамат «*Жаным – арымның садағасы*» деп, арын биік ұстайды. өз намысын, ел намысын, адамзат намысын қорғайды.

Қыз баланың бақытты болуы оның өз абыройын (арын, намысын, қасиетін, қадірін) сақтай білуіне байланысты. **Қыз абыройы** – отбасының, елдің болашағы – жаңа отау, жас босағаның беріктігі, қыз өмірінің қызығы. Қазақ халқы «*Қыздың жолы жсіңішке*», «*қызға қырық үйден тыйым*» деп, оның абырой сақтауын қатаң қадағалап отырған. Қыздың абыройы оның ар-намысын сақтай білуіне ақыл парасатына, инабаттылығы мен имандылығына, махаббатты жоғары бағалауына, іске бейімділігіне, өнерпаз-білімдарлығына байланысты.

Халқымыз қыз абыройын жоғары бағалайды, қыздың абыройлы болуына көбінесе ана жауапты деп қарап, анасын ардақтай білмеген қыз өз абыройын да сақтай білмейді деп тұжырымдайды. өз намысын берік қорғаған қыз есер жігітке кіріптар болмайды, есті жігітке ес қосады. Қыз абыройлы болу үшін, оның мінез-құлқы ибалы, инабатты, иманды болу керек.

«*Мін – мінезден*» дейді халық. «*Қыз қылығымен жағады*» деген мақал содан қалған. «*Қыздар сұлу болмайды көркіменен, мінезіне көз жетпей көңіл бөлме*», - деп, Абай дана ер азаматтарды жаман мінезді қыздардан жирендіреді.

Қазақ қызының қырық бір әдебі: 1. Қыз абыройын берік сақтау. 2. Салт-дәстүрден аттамау. 3. Үлкендердің жолын кесіп өтпеу, атын тергей атау. 4. Нәпсіқұмар болмау. 5. Жарыса сөйлемей. 6. Жалғыз қыдырмау. 7. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлемей. 8. Орынсыз нәрсеге ұрынбау. 9. Басқаларға қол тигізбеу. 10. Өтірік, өсек айтпау. 11. Суық жүріс, сумаң қылық жасамау. 12. Кісіге қарап, керіліп есінемеу. 13. Талтайып отырмау. 14. Шалқайып жатпау. 15. Тамақты обырлана асамау. 16. Ұлық-қарлық жасамау. 17. Ұятты мүшелерін ашып жүрмеу. 18. Бұраңдап, қылымсымау. 19. Қызыл іңірде ұйқыға жатпау. 20. Түске дейін ұйықтамау. 21. Кісі алдында киім ауыстырмау. 22. Елді (өз елін, басқа елді) ғайбаттамау. 23. Ішімдік пен шылым шегуден аулақ болу. 24. Ұрыс-керістен аулақ болу. 25. Беттен алып, бет жыртысудан аулақ болу. 26. Қарау болмау, ысырап жасамау. 27. Рахымсыз болмау, қатыгездік жасамау. 28. Түнде суға жалғыз бармау. 29. Жат жыныстылармен араласып жатпау. 30. Анамен ақылдасып отыру. 31. Әдепсіз сөз айтпау. 32. Жүріс-тұрыста, сөйлеуде әдептілік көрсету. 33. Адам мен жануарларды теппеу. 34. Кісіні қорлап, жәбірлемей. 35. Тәкаппарлық пен сиқымазақ жасамау. 36. Айғай-сүрең жасамау. 37. Шектен тыс сыланып, жағымсыз жасанбау. 38. Қызғаншақ, күншіл болмау. 39. Алдап-арбаудан аулақ болу. 40. Көрсеқызар болмау. 41. Қанағатсыз болмау. (41 әдептің негізі Ана тілі газетінен (44 (1198) 7-13 қараша 2013ж). алынды)

Кәсіпке үйрету дәстүрлерінің ұлттық тәрбиелік мәні. Қазақтың халық педагогикасында еңбек тәрбиесі ерекше орын алады. Тәй-тәй басып, әрекет жолына түсе бастаған бөбектен бастап еңбек тәрбиесі еңбексүйгіштікке (қарекет қылуға), еңбекті құрметтеуге (ата-ананың еңбегін құрмет-

теп, оны мақтан тұтып, оларға көмек көрсетуді борышым деп санауға), еңбекке дағдыландыруға (үйрету, жаттықтыру, дағдыға айналдыру) үйретеді.

Еңбек тәрбиесі отбасында алғаш, негізінен, баланың еркін әрекет жасап, талпыну, талаптану, ойнау, ойын үстінде үйрену кезінде іске асырылады.

Еңбек тәрбиесінің негізгі саласы - баланы кәсіпке үйрету болып табылады: мал бағу, егін салу, сәулет өнеріне үйрету, зергерлік, тоқымашылық, құсбегі болу алуан түрлі ұсталық кәсіпке үйрету негіздері.

Мал бағу - қазақ халқының негізгі бір ұлттық кәсібі болғандықтан, балаға ес біле еңбек етіп, мал бағуды үйретуді халық әрбір ересек адамның борышы деп есептейді.

«Қой бақсаң, өрісін тап», «доп ойнаған - тозар, асық ойнаған - азар, бәрінен де қой бағып, көтен, мойын жеген озар» деп халық қой бағу өнерін жоғары бағалайды. Қой-ешкі бағу оңай емес, оны ерте өргізіп, кеш қоралау, жазда ешкі-қойды желдетіп, қыста ықтатып бағу, отар малды кезінде суғарып, жусату. Қой қосақтап, оны сауа білу, қозы бөлу, қой идіру, қой қырқу, қой емдеу, қой санау, қой түстеу, қой сою жұмыстарының әр саласы - бір ғылым.

«Егін ексең, жүгері ек, жүгері - сүт, жүгері - ет», «нан құраннан да қасиетті», «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп халық егін егуді қастерлеп, жоғары бағалайды. «Көктемнің бір күні, қыстың бір айына азық» деп, ал егін салудың оны орып-жинаудың өз мезгілі болатынын қатаң ескертеді, егін жиналған соң сабан той («алтын дән») жасайды.

Дүние жүзіндегі жеті өнердің ең сәулетісі «Тахла-Маклан» ғимаратын салған Мұса шебер - қазақ. **Сәулет өнері** қазақ жерінде ертеде дамыған. Оған монғол шапқыншылығында қазақ жерінде қираған (Отырар, Сауран, Сайран, Созақ, Иассы, Сығанақ, Испиджаб, т.б.) ондаған қалалар мен қымбатты тарихи ескерткіштер дәлел бола алады. Сәулет өнерінің керемет үлгілерін тамсана сөз ету ертегілер мен аңыз әңгімелерде батырлар

жырларында кездеседі. Сәулет өнерінің үлгілерін Қожа Ахмет Иассауи, Арыстан бап кесенелерінен көреміз.

Киіз үй - қазақтың сәулет өнерінің тарихи табысы. Киіз үйдің жолым үй, төрт қанатты, алты қанатты, он екі қанатты (керегелі) түрлері бар. Оның жабдықтарын (кереге, уық, шаңырақ, туырлық, түндік, жабық, үзік, уық бау, кереге бау, басқұр, ортаңқұр, есік, ергенек, т.б.) жасау үшін қыруар еңбек, асқан шеберлік керек. Бұл - еңбек тәрбиесінің бір негізі.

Зергерлік өнерін қазақ халқы жоғары бағалап, зергерлерді ардақтап, олардың өнерлерін (ою-өрнек, алқа, сырға, білезік жасау, т.б.) уағыздап, жастарға үйретіп отырған. Зергерлердің ғасырлар бойы еңбек етуінің нәтижесінде халықтың өзіне тән ұлттық ою-өрнектері (мысалы: «Алтын адам» өрнектері) бар.

Кілем, алаша, шекпен тоқу өнерін жастарға үйрету ісі өз жалғасын тауып келеді. «ұшқыш кілем» өрнектерін қиялдаған халық өз шеберліктерімен қалы кілем, түкті кілем, алаша кілем, жібек кілем, т.б. кілем түрлерін тоқуды жастарға үйретіп келеді.

Алуан түрлі **ұсталық кәсіптер** (үй ағашын, киізін даярлау, кесте тігу) көбінесе, әулеттік кәсіп ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Әулеттік кәсіп ұлғайып ұлттық кәсіпке айналып отырған. Әулеттік кәсіпті жастарға үйретіп, оны жалғастырып отыру ұлттық салтқа айналған (мал бағу, егіншілік, бағбандық т.б.).

Аңшылық - халықтың ең көне кәсібі. Тұзақ салу, садақ ату, ит қосу, құс салу (құсбегілік) кәсібі, көбінесе, әулеттік кәсіп болған. Әрбір кәсіптің өз тәсілдері мен тәжірибелері бар.

Балық аулау кәсібіне үйрету үшін халық ең алдымен балықтың түрлерімен (бекіре, сазан, шабақ, алабұқа, шортан қызыл балық, жайын, т.б.) таныстырады, балық аулау құралдарын (қармақ, ау, тор, т.б.) қолдануды үйретеді, балық тағамдарын (балық сорпа, сұр балық, т.б.) даярлау тәсілдерін білуді насихаттайды.

Әулеттік тағылымдар мен дәстүрлер - бір атадан тараған әрбір әулеттің өзіне тән

қалыптасқан мұралық дәстүрлері. Мысалы, емшілік, ұсталық, өнерпаздық, саяткерлік, диқандық, сәулетшілдік, т.б. әулеттік дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге, тәрбие үйрету арқылы жалғасып отырады.

Әулеттік дәстүрлерді жалғастыру үшін ата баланың әулеттік намысын қоздырып, өз өнегесін үйретеді. Сол арқылы жалпы халыққа үлгі көрсетіп, халықтық педагогиканы дамыта түседі. Халық әулеттік тағылымдар мен дәстүрлерді жоғары бағалап, оны ұрпақтарына үлгі етіп отырады. Халық арасынан шыққан әулеттік ансамбльдер, айтыстық акын дәстүрлері, т.б. әулеттік дәстүрлердің тәрбиелік мәні зор болып табылады.

Қазақ халқының халықтық педагогикасы жаңаша дәстүрлермен, тамаша салт-саналармен дами береді.

Әулеттік тағылымдар мен дәстүрлердің тәрбиелік мәні, оның жалғастық, мұралық өзектерінің үздіксіздігіне байланысты.

Отбасында халық педагогикасының еңбек тәрбиесіне лайықты нұсқалары үздіксіз пайдаланылады: үлкенді сыйлау, ас алдын үлкенге ұсыну - еңбек нәтижесінің ізгілік көрінісі болса, еңбек туралы мақал-мәтелдерді үзбей мысалға келтіріп, игілікті іске басшы болып отыру үлкендердің борышы.

Қыз баланың үй ішіндегі еңбегі ұшан-теңіз. Әсіресе үй ішін жинай білу, төсек жию, жүк жинау, кілем ұстау, үй жиназдарымен үйді безендіре білудің ұлттық белгілері өте мол. Қыз баланың кесте тігу, ою өрнектеу, киім пішіп, тіге білу, кілем тоқу, т.б. кәсіптік іс-әрекеттеріне ана басшылық жасап отырады.

Отбасындағы еңбекке тәрбиелеу ісіндегі еңбек бөлісін, көбінесе, әке басқарады. Ер баланың малшы, егінші, сәулетші болуы мен әулеттік кәсіпті үйренуі, негізінен, әкенің іскерлігі мен жауапкершілігіне байланысты.

Отбасындағы еңбек тәрбиесіне аңыз әңгімелердің («Аяз би»), ертегілердің («Ер Төстік»), ұлттық ойындардың («Жанұя» қуыршақ ойыны), мақал-мәтелдердің («Еңбек - бәрін жеңбек», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей») әсері мол. Халық

педагогикасының бұл салаларын от басында тиімді пайдалану ізденуге, ізгі іске жауапкершілікпен қарауға байланысты. Мысалы, жас бөбекті күтуге жанұядағы барлық жан қатысады, олар бесік жырын, сол үшін де жақсы білуге ынталанады. Ал «ғажайып бақ» сияқты ертегіні балаға айтып беру, «Аяз би» аңыз-ертегісін баланың өзіне айтқызу оның еңбек сүюіне, әдептілік әрекетіне әсер етпей қоймайды.

Балалар бақшасындағы еңбек тәрбиесі де халық педагогикасының қайнар-бұлағынан басталады (мақал-мәтелдерді, тақпақтарды жаттату т.б.). Балалар бақшасында еңбекке тәрбиелейтін ұлттық ойындарды ұйымдастыра білудің әдіс-тәсілдерін тәрбиеші терең де жан-жақты білуге міндетті (кесте тігу, кілемше тоқу, т.б.).

Мектептегі ұлттық еңбек тәрбиесі ісінде, әсіресе төрт түлік мал туралы, егіншілік жайындағы халық педагогикасының асыл нұсқаларын тиімді пайдаланған ұстаз көп мақсаттарына жетеді. Мектепте «Түліктер тойы», «Сабан той», «Алтын күз», «Қымызмұрындық», «Наурыз тойы», т.б. тақырыптарда класс сағаттары, тақырыптық және пәндік кештер өткізіледі. Сонда қазақ халқының төрт түлікті «киелі» жануарлар деп, олардың иесін (атасы) бар деп қастерлейтін көркем көріністермен паш етіп, мал бағу - қасиетті жұмыс екенін ұрпақтар ұғынады. Сиыр малының атасы - Зеңгі баба, жылқы малының атасы - Қамбар ата, қой малының атасы - Шопан ата, ешкі малының атасы - Шек-шек ата деп, халық төрт түлік малдың киелі тегін қадірлеуді уағыздайды.

Әсіресе, жылқы малын халық жоғары бағалайды («мінсең – көлік, жесең - ет, ішсең – қымыз»). Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Тарғын, Ер Төстік сияқты батырларды жеңіске жеткізген Тайбурыл, Байшұбар, Қара қасқа, Тарғыл, Шалқұйрық атты тұлпарларды бапқа келтіру үшін Құртқа сияқты қанша ат күтушілер мен атбегілер күні-түні тынбай еңбек еткен. Сол туралы мектеп сахнасында көріністер мен қойылымдар, жырды жатқа айту өнерпаздығының мәні зор.

Ақыл айту рәсімінің ұлттық тәрбиелік мәні. Қазақ халқы баланың пайымдауын қалыптастырып, ойлау жүйесін дамытып, үлгі-өнегелі іс-әрекеттерді үйретіп, кісілігін кемелдендіру үшін, ақыл айту рәсімін қолданады. Ол үшін халық мақал-мәтелдерді, өнегелі өсиет сөздерді, даналық уағыздарды, шешендік сөздерді пайдаланады.

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Кітап - білім бұлағы», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деп, халық мақал-мәтелдер арқылы ғылым-білімді зерттеп, ақыл-ойдың негізі пайымдауда екендігін ұрпаққа ұғындырып отырады.

Халық баланың ойлау жүйесін дамыту үшін санамақтар мен жұмбақтарды пайдаланады, түрлі аңыз әңгімелер мен ертегілерді үлгі-өнеге етеді, өсиет сөздердің тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды.

Халық ақыл-ой тәрбиесіне, әсіресе даналық сөздер мен шешендік сөздерді жиі пайдаланады.

Ерлікке тәрбиелеу дәстүрінің тәлімдік мәні. Тұрмыс-салтқа, тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты қазақ халқының ерлікке тәрбиелеу дәстүрі қалыптасқан. Атқа отырғызу, күрес, ат жарыс, жаяу жарыс, көкпар, аударыспақ, найзаласу, жамбы ату сияқты шынықтыру дәстүрлерімен қатар, халық өз ұрпағын батырлық және ғашықтық жырлар арқылы ерлікке баулиды, адалдыққа тәрбиелейді.

Атқа мінгізу рәсімі 3-5 жастағы баланың сүндет (гигиеналық киым) тойымен ұштастырылып, зор парасатпен салтанатты түрде өткізілген. үш жасар балаға арнайы ат үйретіліп (көбінесе тай), оған баланы отырғызу үшін арнайы ер-тұрмандары даярланған (лайықты ер-тұрман кестелі қоржын-тепкішек, т.б.).

Қазіргі кезде, әсіресе мал шаруашылығының қызметкерлері бұл дәстүрді жалғастырып жүр. Әуелі балдырған әкесінің көмегімен ат аялдатады, желдіреді, шабады, сөйтіп ол бес жасқа дейін атқа мінуге толық үйренеді де, бес жастан әрі қарай балдырған «тізгінді өз қолына алады». Кейін ол ат шаптыруға, аламан бәйгеге қатысуға бейім болып өседі.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні. **Қазақша күрестің** өз ерекшелігі бар. Бала күрес, балуан күрес, айқасып күресу, белдесіп күресу, жата беріс тастау, аяқпен шалу, т.б. күрес тәсілдік ережелерімен қалыптасқан. Бұл - баланы, балуанды шынықтырудың ең қажетті құралы.

Ат жарыстың бірнеше түрі бар: тай жарыс, құнан жарыс, дөнен жарыс, ат жарыс, аламан жарыс. Ат жарыста ат айдаушы мен атбегінің атқаратын ісі жауапты. «Ат шаппайды, бап шабады» деп халық бапкердің еңбегін жоғары бағалайды. Атты сынаушы саяткердің атжарыста алатын орны үлкен. Кейбір саяткер аттың қанша шақырым талмай шабатынын дәл тауып айтады. Ат жарыста ат айдаушының да тәжірибесі мол болуға тиіс. Аттың өкпесін тепкілеп, оны қамшылай беру – әбестік, әрі үлкен айып.

Қазақтың халық педагогикасында ойын да көп орын алады. Халық болашақ ұрпағын шыныққан, ойлы, сергек етіп тәрбиелеу үшін ойынның алуан түрін ойлап шығарған. Олардың спорттық ойындар, миды шынықтыратын, яғни ой жүйесін дамытатын ойындар, еңбекке, өнерге баулитын ойындар деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Спорттық ойындардың түрлері өте көп, солардың ішінен көкпар, аударыспақ, алтыбақан, тоғыз құмалақ, ақсерек-көксерек, қашпа доп, қақпа доп сияқты ойындарды атап көрсетуге болады.

Көкпар - шынықтыру тәрбиесінің ұлттық мәйегінің бірі. Көкпардың мара көкпар, дода көкпар, т.б. түрлері бар. Мәреден сөреге дейін алдырмай барып, мәреге көкпарды қайтып әкелген жігіт жеңіске жетеді. Ал дода көкпарда кімнің аты күшті, өзі балуан әрі батыр болса, көкпарды додадан үзіп алып шығып, белгілеген мәресіне қарай алып қашады да, диттеген жеріне жеткізеді.

Аударыспақ - ер азаматтың атқа шауып, күш сынасудағы артықшылығын (күштілігін, ептілігін) көрсететін халықтық ойын.

Найзаласу, жамбы ату - ер жігіттің күшқуатын арттырып, ептілігі мен мергендігін қалыптастырады. Әсіресе, ат үстінде най-

заласу жарысы асқан шеберлік пен балуандықты қажет етеді. Әділ қазылар алқасы мен төрешілер ұлттық шынықтыру жарыстарының ережелерін қатаң сақтауды талап етеді.

Қыз қуу – жігіттің жігерлігін, батылдығын, атбегілік еңбегі мен өнерін сынайтын дәстүрлік ойын. Бағзы заманда қызға үленбек болған жігіттің батылдығы мен күші, ептілігі сыналып, сыннан мүдірмей өткен жігітке «енді қызды қуып жетсең, қалыңдығың болады» деген талап қойылған. Сол талапты да мүлтіксіз орындау үшін жігіт атын сайлап, атпен шабу өнерін жетілдіре түскен. Осы кезде қыз қуу жарыстың бір түріне айналды. Жарыс ұзындығы 500-800 м, ені 30-40 м, тегіс жерде өткізіледі. Мәре мен сөре бір жерде болады. Айналып қайтатын жерге жалау қадалады. Қыз жігіттен 10 м жерде озып тұрады. Төрешінің белгісі бойынша жарыс басталып, жігіт айналып қайтатын жерге дейін қызды қуып жетсе, оны ат үстінде құшақтап сүйеді, бұл - жігіттің жеңгені. Ал жігіт қызды қуып жете алмаса, қайыра қайтқанда қыз сөреге дейін жігітті және оның атын қамшының астына алады, бұл - қыздың жеңгені.

Тоғыз құмалақ - ойлау жүйесін дамытатын ұлттық ойын. Ойын үшін арнайы тақта жасалынады. Тақтада 18 ұя (кіші отау), 2 қазан (үлкен отау). 162 құмалақ дайындалып, әрбір ойыншыға 81-ден бөлінеді, әр ұяға 9-дан келеді. Алғашқы жүрісті кім бастайтындығы жеребі бойынша шешіледі. Жүріс кезегі тиген ойыншы өзінің кез келген отауына бір құмалақ қана қалдырып, қалғанын қолына алып, солдан оңға қарай жүреді. Екі жақтың отауына құмалақтар бірдей түседі. Ең соңғы құмалақ түскен қарсы жақтың ұясындағы құмалақ жұп болса (10, 12, 14, 20) сол ұя босатылады да, құмалақ жүргізуші жақты қазанына салынады. Ал жүргізушіні соңғы құмалағы өз ұясына түссе, ол алынбайды. Келесі жүріске мүмкіндік алған қарсы жақ уақ санды құмалағы бар ұясына, өзінің соңғы тасын салып, ұпайды өз қазанына түсіруге әрекет жасайды.

Алтыбақан - қазақ халқының дене шынықтырып, көңіл көтеруі үшін шығарған ұлттық ойыны. Алты бақанды сырықтың екі басына үш-үштен мосыша қосақтап байлап, бақанның аша тармағын сырыққа кигізеді. Алты бақанды құрастырып болғаннан кейін, оның екі басынан үш қатар арқан байлайды. Арқанның екеуі бір деңгейде, үшіншісі олардан 40-50 см төмен тұрады. Бір деңгейде байланған екі арқанға қыз бен жігіт қарама-қарсы отырады да, төменірек байланған арқанға аяқтарын тірейді. Бұларды бір адам тербетеді. Алтыбақанды тербеліп отырған екі адам қосылып ән салуға тиіс. Алтыбақан ертедегі ауыл өмірінде жастардың кешкілікте бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл-оспақ айтысып көңіл көтеретін ойын-сауығы болған.

Алтыбақан ойынын жаңаша өнер жарысы ретінде жақсы безендіріп, мазмұнды, мәнді де сәнді өткізуге болады.

Ақсүйек бағдарлық сезімді дамыту үшін, денені шынықтыру үшін шығарған ұлттық ойын. Айлы түнде ойналады. Ойын бастаушы ойнаушыларды екі топқа бөліп, кезегіне қарай ақ сүйекті (көбінесе жылқының бақай сүйегін) алысқа лақтырады. Екі топтан ең бағдаршыл, қырағы ойыншы ақ сүйекті тауып алып қашып, қарсыласы тартып алмаса, сөреге жеткізеді. Қайсы топ сөреге ақ сүйекті көбірек әкелсе, сол жеңеді. Егер ақ сүйекті тапқан ойыншы өзінің жүйріктігі мен күшіне сенбесе, одақтасына беріп жібереді. Жүгіріп ойнайтын ойын болғандықтан ақ сүйек денені шынықтырады, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

Ерлік - кісінің қайрат-жігерінің, ақыл-ойының, ар-намысының, ынта-әрекетінің еңбектегі және ел қорғаудағы жеңісті де, жемісті көрінісі. Жеке адам ерлік әрекетке дейін батылдыққа, батырлыққа баулынады, тәрбие көріп, тәлім алады.

Қазақ (қас сақ) – «қарашығын» қаршайынан қаһармандыққа тәрбиелеген, ежелден ерлігі ерен, қаһарман халық. Ат үстінде ойнаған, найзаласуға сайланған, балуандыққа бапталған, мергендігі мақталған

ел ерлерінің тәрбиесі бесіктен басталған: шынықтыру, үйрету, әсер ету, баулу, өнегелігі көрсету тәсілдерімен ұштасып жатады.

Халық тәрбиесінің негізгі мақсат-мүдделері: баланы еңбек етуге, ел қорғауға, саналылық пен салауаттылыққа, бірлік пен достыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа, көпшілдік пен кішіпейілділікке баулу.

Баланы ерлікке тәрбиелеуде халық ел игілігі болатын еңбекті, ел қорғайтын батырлықты мадақтап, жоғары бағалады. Халық елді қорғау адамгершіліктің асқар шыңы деп тұжырымдады. Халық педагогикасында елді қорғаушы ерлердің ерліктерімен қатар, сол ел үшін жан аямай еңбек еткен саналы жандардың еңбектері де ер атандыратын тәрбиелік үлгі-өнеге ретінде сипатталады.

Ерліктің жалыны ұлттық сезім мен ұлттық мақтаныштан, адамгершілік, ар-намыстан ұшқындайды. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «отызында орда қорғай алмаса», қырқында қырдан аса алмайсың» дейді халық. Сөйтіп ерлік қасиеттерді, әсіресе батырлық жырларда қастердей насихаттайды.

Отбасынан басталып, балалар бақшасында жалғасатын, мектепте дамытылатын батырлық ойындар, әсерлі қойылымдар, халықтық көркем шығармалар баланы батырлыққа баулып, оның бойына ерлік қасиеттерді сіңіреді: шынықтыру, жігерлендіру, бейімдеу, үйрету, дағдыландыру тәсілдері – ерлік тәрбиесінің тиімді жолдары екендігін тәжірибе көрсетіп жүр.

Баланы ерлікке тәрбиелеудің сан алуан тәсілдерінің бірі - балалар сахнасында ерлік өнегесін насихаттап, көрсету. Әсіресе, тақырыптық кештердің жас ұрпақ сезіміне әсер ету ықпалы мол. Бұл салада батырлық жырлар мен ғашықтық жырлардың ерлікке, адалдыққа тәрбиелеу қуатын тәрбиеге пайдалана білу қажет.

Шаруашылық дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. Қазақ халқы ғасырлар бойы мал күтудің рәсімдерін қастерлеп қалыптастырған. Өйткені жартылай көшпелі халықтың тіршілігі мал өсірумен тікелей байланысты болды.

Әрбір адамның мінез-құлқындағы әдептілік қасиеттері оның іс-әрекеттері, тұрмыс-

тіршілігі мал шаруашылығымен және егін шаруашылығымен байланысты болған. Әрбір кәсіптің мінез-құлыққа тигізетін әсері мол.

Мал күту әрекетімен малды сүю, оны қадірлеу, бағу арқылы кәсіптік әдептілік қалыптасып, дәстүрге айналған. Түйенің пірі - Ойсылқара, сиырдың пірі - Зеңгі баба, жылқының пірі - Сексек ата деп, сол пірлерге сыйынып, халық мал күтуді ең зор қасиетті іс-әрекет деп таныған.

Түйе малы – көшпелі халқымыздың керуен кемесі. Іңген, бота, тайлак, буыршын, бура, атан түйе, нар, қоспақ, үлек деп аталатын түйенің әрбір тегіне лайықты күтім керек. Мысалы, жас бота - кәдімгі нәресте сияқты. Оны туған кезден бастап ауыздандырып, аялап өсіру қажет. Сондықтан ботаны нәрестедей сүйіп, қамқорлыққа алу - оны иеленген отбасы мүшелерінің бәрінің қасиетті борышы. Іңгенді уақтысында сауып, шұбат ашыту - парыз. Шұбат - әрі тағам, әрі сусын, әрі дәрі. Ал түйенің шудасы - ең қымбат киім жасауға, терісі ең төзімді ұлтандық және тоқымдық, т.б. қайыс жасауға пайдаланылады.

Қазақ халқы жылқы малын аса қадірлеп, оны күте білуді әрбір адамға міндеттейді. Бие, құлын, тай, құнан, дөнен, бесті, ат, айғыр, сәуірік, байтал деп аталатын жылқы тегінің де әрқайсысына лайықты күтім керек. Мысалы, желі байлаған кезде құлынның сызда немесе күнесінде жатып қалмауын, нөкта қиып, буынып қалмауын сол маңайдағы әрбір адам қадағалап тұруға міндетті. Буаз биеге жүк артпау, жараған айғырды қиын жұмысқа салмау, т.б. дәстүрге айналған міндетті жұмыстар бар. Жылқының сүті - қымыз. «Үйірілген қышқыл, тәтті, сары қымыз, ауруға - ем, сауға - қуат, дәрі қымыз» деп, Жамбыл ағамыз қымыздың емдік қасиетін жоғары бағалаған. Жылқының еті де, майы да ем.

Сиыр малы да киелі, қасиетті мал. Шығыс елдерінің көпшілігі сиырды «анна» деп қастерлейді. Сиыр, бұзау, тана, құнажын, дөнежін, бұқа, өгіз деп аталатын сиыр тегінің де әрқайсысына лайықты күтім керек. «Си-

ырдың сүті – тілінде» - дейді халқымыз. Бұл малдың жем-суы жеткілікті болмаса, ол күтушінің жауапсыздығын, кесірлі кереметуін көрсетеді. Айран, қатық, ірімшік, құрт, май сияқты сиыр сүтінен неше түрлі тағам жасай білу дәстүрге айналған.

«Қойдың сүті – қорғасын» дейді халық. Қойдың саулық қой, қозы, бағлан, тоқты, ісек, тұсақ, құнан қой, қошқар сияқты жасына, жынысына қарай ажыратылатын түрлерін жақсы біліп, қой бағудың тәсілдерін игеру - әркімнің міндеті. Қойдың жүні, терісі, сүті, еті туралы жеке әңгіме етуге болады.

«Сауса сүті бұлақтай», «Есің кетсе, ешкі жи» деп, халық ешкі сүтінің емдік қасиетін жоғары бағалаған.

Мал шақыру (ешкіні – шөре-шөре, қойды - пішәйт-пішәйт, сиырды - аухау-аухау, жылқыны – құру-құру, түйені – көс-көс деп), мал айдау (ешкіні – «шеек», қойды – «қош», сиырды – «өк», жылқыны – «шу» деп) үшін айтылатын сөздерді әрбір бала білу керек.

Мал киелі жануар: оған зекуге, оны ұрып-соғуға болмайды. «Малды теппе, киесі ұрады», «Малды кендірмен байлама» деп, ырым жасайды халық. Малды өргізу, өрістету, жусату, жайғау өз уақтысында орындалу қажет.

Мал төлдету, жемшөп дайындау, қырқым, күзек сияқты науқандар, күйек алу кезеңінің өз уақтысы болады. Мал шаруашылығына байланысты: қымызмұрындық, уыз тойы, т.б. тойлар өткізіледі. Төрт түлік туралы мақал-мәтелдер, ертегілер, жырлар малдың адам тіршілігіндегі орны зор екендігін көрсетеді.

Егін шаруашылығымен қазақ халқы ертеден шұғылданған. Тарихы белгілі тоғандар, егін алқаптары – соның айғағы болып табылады.

Кәсіптік-мұрагерлік дәстүрлердің тәрбиелік мәні. Әрбір әдепті ұрпақ ата дәстүрін, ата кәсібін, ата мұрасын жоғары бағалайды. Ата дәстүрі имандылық, қайырымдылық, мейірімділік болса, ата кәсіп - атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагер жалғастыратын дарынды әрекет.

Өмірде «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» деп, халық ата дәстүрін жалғастыру

ұрпақ парызы екенін ескертеді. Егер атаның ұрпағы оның қайырымдылық, мейірімділік, туыстық, кәсіптік игі дәстүрлерін жалғастыра алмаса, ол ата-бабаның аруағын сыйламаған нақұрыс ретінде жек көрінішті болып, қарғысқа ұшырайды. Яғни әдеп заңдылықтарын бұзғандықтан, өмірден соққы көріп, сорлы болады: туыстарының алдында қадір-қасиетін жояды.

Жасөспірім жалындаған жігерімен кәсіп таңдай бастағанда-ақ, халық ең әуелі оның ата кәсіпке бейімділігін жақсы нышан деп бағалайды. Әрине, ата кәсіпке күнкөріс әрекетінің барлығын жатқызуға болмайды. Халық қоғамға ерекше пайдасы бар, елдің тән азығы мен жан азығына үлесін қосатын, үміт үздірмейтін кәсіпті «ата кәсіп» дейді. Ұсталық, зергерлік, сәулеткерлік, саяткерлік, тігіншілік - қыр-сыры мол, тіршілікте қызықты, ел елтитін, халық қастерлейтін ата кәсіптер. Ал әншілік, күйшілік, жыршылық, ақындық- атагендік дарын нышандарының кәсіптік дағды арқылы өнерпаздық дәстүрге айналған қасиетті мұра.

Халық, әсіресе, мамандыққа байланысты ата кәсіпті ұрпақтың одан әрі жалғастыруын адамгершілік парыз деп есептейді. Сондықтан да ұста ұрпағын қаршадайынан ұсталыққа баурайды, зергер зергерлікке үйретеді, сәулеткер өзінен асқан сәулетші ұрпағым болса екен дейді.

Егер ата кәсіпті қадірлемеген болса, ондай ұрпақты халық «ата жолын бұзған», «жақсыдан жаман туған көргенсіз» деп, нағылеттейді. «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді», ал атадан көргенін істемеген баланы «топас, миқұла, есалаң» - дейді халық.

Әрине, ата кәсіпті жалғастыру үшін, ұрпаққа жағдай, тірлік, икемділік, саулық, салауаттылық, қызығушылық пен ықыластану қасиеттері керек. Жағдайы болмай, ата кәсібін жалғастыра алмаған ұрпақ зор өкінішке ұшырайды. «Атадан асып туған бала» ата кәсібін жаңартып, жандандырып, өркениетті өмірге лайықтап, дарынымен дамыта береді. Ондай ұрпақ халыққа қадірлі болып, ата-ба-

басынан алғыс алады. Оны аруақ қолдайды, құдай ондайды.

«Жылқы жеті тегіне тартып туады», - дейді халқымыз. Адам да сондай. «Атасына тартып, ақын бопты», «Нағашысына тартып, нағыз домбырашы болыпты», «Әкесіне тартып, әнші болыпты» деп, халық әрбір баланың дарынына сүйініп, құлшынуын қуанышпен құптайды.

Әулеттік дәстүрді жоғары бағалап, оны халық игілігіне айналдыру үшін, ел арасында «отбасы ансамблін» ұйымдастырып, халқымыздың өнер дәстүрін жалғастыра беретін дарын иелері көп. Әрбір адамда бірнеше дарын нышандары болады, соны талғап тауып, дамыту қажет.

Тіл дамыту дәстүрінің тәрбиелік мәні. Баланың ойы дамып, дүниетанымы қалыптасып, нағыз адам болуы үшін, ол ана тілінде сөйлеу шеберлігін үйренуге тиіс. Қазақ тілі - бай тіл және тез дами беретін тіл. Ана тіліміздің аса зор, керемет қасиетін Абай атамыз: «өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» деп, жоғары бағалаған. Тілі шыға бастаған бөбектің, тіл үйренуге құштар балдырғанның тілін одан әрі дамытып, ойы мен қиялын шарықтату үшін, халқымыз тілашар дәстүрін қалыптастырып, оны салтқа айналдырған. Тілашар дәстүрлері: жаңылтпаш айтқызу, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтел, тақпақ, өлең-жыр, мазақтама арқылы баланың ойын дамытып, намысын ояту. Ата-аналар тілашар дәстүрі арқылы жас баланы мектепке даярлап, тілашар тойын жасайды.

«Былдыр, былдыр бүлдіршін, Бұл бір білгір бүлдіршін. Білгір бұл бір бүлдіршін Білгірлігін білдірсін», - деген сияқты «р» дыбысын айтуға құрылған жаңылтпаштарды әуелі жаттап, жай айтып, кейін тез қайталап үйренсе, сонда тіл ширап, «р» дыбысын айтуда балдырғанның тілі мүкістенбейтін болады. Сол сияқты «Өссе, өсімтал, өсе, өссін тал» сияқты жаңылтпаштар «с» дыбысын айтуға тілді ширатады. Осы тектес жаңылтпаштар тіл ширатып қана қоймайды, дүние танытады, ойды дамытады, қиялды шарықтатады.

«Маған әкеп үш алма, Ақан әкеп үш алма, Нұр, Бек, Сәтке тең бөлді, Әркім алды неше

алма?» - деген санамақ арқылы әрі санды қосуды, әрі қосындыны тез бөліп, жауабын тез шығаруды көздеп, санамаққа жауап беруші ойлау жүйесінің қисындығын, тез ойлау қабілетін дамытады. Санамақты тез жаттап алу үшін, оны ықыласпен тыңдау қажет. Сонда жатталған санамақтың жауабын да тез шығаруға мүмкіндік туады.

Халық өмірге, тұрмысқа, табиғатқа байланысты көптеген жұмбақ шығарған. «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» деген жұмбақтағы жұмыртқа кескіні ақ отауға ұқсатылып тұр. «Жалы - темір, жолы - темір, шымыр атты зымыраттым» сияқты қазіргі техникаға сәйкес шығарылған жұмбақтар әрі тіл ширатады, әрі дүние танытады. Жұмбақ дүние танытумен қатар, ой дамытады.

«Жақсы бала – малсақ, жаман бала – ойынсақ», «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді» деген сияқты мақал-мәтелдер еңбекке, өнер-білімді үйренуге, адамгершілікке тәрбиелейді. Ата-бабаларымыз мәні зор мақал-мәтелдерді балаларына жастайынан үйретіп, оларды шешендікке баулып отырған. Мақал-мәтелді көп білу шешендікке баурайды, әрі әдептілікті қалыптастырады.

Халық арасында табиғатқа, жануарларға, төрт түлік малға, құстарға байланысты тақпақтар, тақпақтап айтатын шешендік сөздер, сұрақ-жауапқа құрылған жырлар өте көп. «Күн шықты, күн шықты, жер үстіне нұр шықты» деп, қуана жүгірген балалар егер жаңбыр жауса, «Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр. Жауған жаңбыр – жауған нұр» деп, рақаттанады. Халық: «Түйе – байлық, қой – мырзалық, ешкі – жеңілдік, жылқы – сәндік, сиыр – ақтық» деп, мақалдайды. Ертеден тілі шыққан балаға ең әуелі төрт түлік мал туралы тақпақ үйрету дәстүр болған.

«Бесік жыры», «Жұбату», «Тұсау кесу» жырларын жаттап айту арқылы балалардың бөбекке деген сүйіспеншілігі артады, адамгершілігі мен кісілік нышандары қалыптасады.

«Ой, жылауық. Құрама, ойбай салып жылама!» - деген сияқты мазақтамалар намысты оятып, кесірлік пен кемістікті түзеуге себепші болады. Мазақтаманы екі қарама-қарсы жақ жарыса айтып, айтыста бірі жеңіп шығады. Жеңілген жақ үндемей қалады да, жеңілгендігін білдіреді.

Мектепке даярланған балдырған мектепке барғанға дейін тілашар дәстүрі бойынша жаңылтпаштарды, санамақтарды, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді үйренуге тиіс. Тілашар дәстүрін ата-аналар, тәрбиешілер, балдырғандардың өздері іске асырады. Тілашар тойында мектепке баратын балдырған жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтел, тақпақ айтып, өз өнерін көрсетіп, жанашыр жақындарынан сыйлық алады. Той үстінде жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, санамақ айтысу ойыны ұйымдастырылып, жеңімпаз, өнерпаз балдырғандарға сый-сыяпат көрсетілуі керек.

Тілашар дәстүрі - ана тілін үйретудің негізі. Ананың ақ сүтімен бірге дарыған ана тілін терең білу - бақыт. «Ана тілің - арың бұл, ұятың боп тұр бетте, басқа тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, Қадір ақын айтқандай, басқа тілді де білу үшін, ең әуелі ана тілін жақсы білу қажет. Сөздің қисынын тауып, мәнді сөйлеу - шешендіктің алғы шарты. Ана тілін жақсы біліп, шешен сөйлеу - ақылдылықтың белгісі. «Ана тілін білмеген - ақылы жоқ желікбас» - деп, ақын ана тілінде жақсы сөйлей білмеу үлкен кінә деп көрсетеді. Ананы сыйлаған бала оның тілін де құрметтеуге тиіс.

Тілашар дәстүрі бойынша мектептерде той өткізу жаңаша дәстүрлік салтқа айналды. Тілашар тойы бірінші сынып шәкірттерінің ең қызықты сәті. Сондықтан оны жан-жақты әсерлі ұйымдастыра білу ұстаздың білімдарлығы мен өнерпаздығына байланысты.

Тілашар - балдырғанның тілін ширатып, ойын дамыту үшін қолданылатын тәлімдік іс-әрекет. Бала алғаш мектеп есігін ашқанда отбасында өткізілетін қуаныш рәсімі де тілашар деп аталады. Бұл рәсім бойынша отбасы шағын той жасап, жақын адамдарды

(көбінесе балаларды) тойға шақырады. Той үстінде баланың мектепке баруын достары, жақындары құттықтап, тілек айтады, үлгі-өнегелік әңгіме, тақпақ, ән, өлең айтылады, күй тартылады. Той иесі тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел айтып, басқа балалар да өз өнерлерін көрсетіп ана тілін ардақтап, жақсы сөйлей алатынын білдіреді. Той салтанаты салауатты, мәдениетті, тартымды, мән-мағыналы болу үшін той бастаушы мен баланың ата-анасы жақсылыққа жауапкершілікпен қарау керек. Қазақ дәстүрінде мұндай тойда үлкен адамдардың ішкілікке бой ұсынуы үлкен кінә, әрі күнә болып табылады.

Балалар бақшасында, мектепте алғаш сауат ашу кезеңдерінде тілашар сабақтары (әңгіме, тақпақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел айту, әңгімелесу, т.б.) жүргізіледі. Балдырғанның алғаш кітапханадан кітап алып оқуы тілашар дәстүрінің – негізгі бір сәті.

Қазақтың халық педагогикасында балаға жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтел, тақпақ үйрету – тілашар сабақтары ретінде қолданылады.

Қарыз, парыз, борыш ұғымдарының тәрбиелік мәні. Қазақ тілінде: қарыз, борыш, парыз деген қасиетті ұғымдар бар. «Қарыз» – біреуден уақытша несиеге, яғни қарызға зат алып оны қайтарып беру ұғымынан басқа да, руханиетті қарыздардың мағынасында да айтылады. Ата-бабаның, ата-ананың, халықтың, бүкіл адамзаттың алдында рухани міндеттен қарыздарсың. Ал борыш сол рухани қарыздарлықтың ұлттық дәстүрге айналған, ата-баба, ата-ана алдында өтелетін тарихи қалыптасқан салт.

«Азаматтық борыш» деген қасиетті, қастерлі міндет ұғымы адамзат өмірінде, жеке тұлғалық және ұлттық намыс арқылы салт-санаға сіңіп, заманында заңдылыққа айналып, ол «азаматтық парыз» деп аталады. Қазақ халқы **«перзенттік парыз»** ұғымын жоғары бағалайды. Отаныңның адал перзенті болсаң, Отан – ана алдында перзенттік парызыңды өте.

Ең алдымен ел перзентінің ата-баба мен ата-ана алдындағы, туған ел, дос-жарандар

алдындағы парызы: «Ата-анаға алла тағаланың адалынан берген перзенті бол», «Жақыныңды жаттай сыйла», «Отан оттан ыстық», «өзге елге сұлтан болғанша, өз еліне ұлтан бол», «Туған жерді аяла, туған елді саяла», «Досына достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол», «Ердің атын еңбек шығарады», «Ер болсаң, еліңе қызмет ет».

Әрбір перзент өзі өмір сүріп, қызығын көріп жүрген айналасын, туған жерін, яғни әлпештеп өсірген елін, тамаша табиғатты қорғау парызын арындай ардақ тұтуға тиіс. «Ер ел үшін туады, елі үшін өледі», «Ел намысы – ер намысы», «Жауға жаныңды қисаң да, арыңды қима», «Еңбегіңді аяма, Жер ананы аяла», «Жер ана жомарт, бақсаң барын береді».

Перзенттік парыз ұлттың, ата-бабаның салт-дәстүрлеріне құрмет көрсетіп, тұлғалық және ұлттық намыс арқылы қалыптасады. Ол күдіреттің пәрменіндей қасиетті құбылыс. өзіне де, өзгелерге де, еліне де, жалпы адамзатқа да тек жақсылық жасау – әрбір ел перзентінің қасиетті парызы. Әрбір жеке тұлға - ең алдымен ұлт перзенті, сондықтан ол өз ұлтының атына кір келтірмейтін, елі үшін еңбек ететін, халқын сүйген қажырлы тұлға болуға тиіс. Онда адамзаттық ар, ұлттық намыс, әдептілік әрекет, білікті білім, мерейлі мейірім болмаса, ол перзенттік парызын толымды өтей алмайды. Перзенттік парызын өтей алмаған адам туған елдің нағыз адал перзенті емес. Толағай толымды қызметі жоқ, еліне қызмет етуді азаматтық парызым деп есептемейтін есерсоқтарды халық: «шіріген жұмыртқа», «жақсыдан жаман туған», «намысы жоқ нақұрыс» деп, жек көреді. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деп халық намысты армен қатар қояды да, нағыз азамат намыс үшін жанын да аямайтынын тұжырымдайды. Халқымыз намыссыз адамның перзенттік парызын өтей алмайтынына өкінеді.

«Елің үшін қызмет етсең алланың сүйген құлының бірі боласың» - деп, Абай дана айтқандай, елге қызмет ету – ең бірінші парыз. Еліне қызмет еткен адамды елі сүйеді – еңбегі жанады, «алла сүйеді» – бақыттан –

бақытқа жетеді. Перзенттік парызды өтеу дәстүрін әрбір халықтың перзенті өз біліміне, еңбегіне, ар-намысына байланысты, әр дәрежеде орындайды. Перзенттік парызды өркениеттілікпен өз дәрежесінде өтеу үшін, жеке тұлғаның адамгершілік санасы ұлттық сана биігіне көтерілуге тиіс. өркениеттікке өрмелеген, өнерпаз, шешен, мейірімді, қайырымды, дарынды халқымыздың әрбір адал перзенті перзенттік парызын ар-намысымен орындауға әрекет жасауға міндетті.

Меймандостық дәстүрінің тәрбиелік мәні. Меймандостық, қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық салтқа айналған дәстүрі. Бұл - халықтың әлеуметтік, кең мекендік, тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан қастерлі дәстүр. «Қонақ десе қоң етін кесіп беретін қазақпыз» деп, халық бекер айтпаған. Қонақты қарсы алу: қонақты күту, қонақты шығарып салу рәсімдерін халық ұрпағына ұлағатпен үйретіп, үлгі-өнеге ретінде оны тәрбиенің ең негізгі бір саласы деп қараған.

Кісі күтуде қонақ күту және мейман күту дәстүрлері қалыптасқан. Ертеде алыстан келе жатқан кісілер кешке қарай бір ауылдың тұсына келіп:

- Кім бар-ау? Құдайы қонақпыз! - деп, үн қатқанда, үй иесі:

- өзіміз бар! Қонақ болсаңыз, аттан түсіңіз! - деп, қонақтың атының шылауын ұстап, қолтығынан демеп, оны аттан түсіріп, қонақ етуге міндетті болған. Мұны қазақ «Құдайы қонақ» дейді. Ал арнайы шақырылған кісіні немесе өздігінен келіп қалған үлкен кісіні мейман дейміз.

Қонақ қабылдауда халық ешкімді жасына, жынысына, ұлтына, нәсіліне қарай алаламайды. Қонақты қарсы алуға (аттан түсіріп алу, атын байлау, киімін ілу, жүгін қабылдау, т.б.) отбасы әулетінің бәрі дайын тұрып, ең кішісі қонақтың атын байлауға, ең үлкені қонақты қолпаштап, төрге шығаруға тиіс. Қонақты күту кезінде оның қолына су құйып, сүлгі ұсынып, астың дәмдісін алдына қою, сыбағасын лайықтап ұсыну, т.б. игі іс-әрекеттерді орындау көбінесе балаларға (жастарға) жүктеледі.

Қонақасы беру үшін әрбір отбасы әрқашан да дайын отыру керек, ол үшін үй иелері ас-дәм қорын, қонақ келсе, соятын малын дайындап отырады. Егер келген қонақты инабаттықпен, ашық-жарқын қарсы алып, қол қусырып, қой сойып, күте білмесе, қонақ ондай «сараңды», «песті» жамандап, ұлттық дәстүрді бұзған кінәлі, күнәкар ретінде масқаралап, құнтсыз құлқын жұртқа әшкерелейді.

Қонақ кәде жасау, яғни қонақтың көңілін көтеру үшін, «ауылдың алты ауызын» айту, одан соң қонақтың өнерін байқау дәстүрі халықтың өнерпаздығын дәлелдейді.

Қонақты шығарып салу кезінде оған сый-сыяпат көрсетіп, жол-жоралғы жасау (ат мінгізу, шапан кигізу, жол сыбағасын беру, т.б.) отбасының міндеті болған.

Арнайы шақырып, кісі күтуді мейман күту дейміз.

Отбасындағы ұйана алыста тұратын немесе бөлек тұратын сыйлы адамдарының (ата, әке, шеше, құда, жекжат, т.б.) сыбағаларын сақтап, оларды реті келгенде, меймандыққа шақырады. Мейманды қарсы алу, күту, шығарып салу рәсімдері қонақ күтумен бірдей, бірақ әрбір мейманның сыйласымдық дәрежесіне қарай оларға ұйана сыйлық, жоралғы дайындап, оны құрметпен ұсынады.

«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», «Қонақ қойдан жуас», «Бір күн қонған қонақ – құт» деп, халық қонақ күту мен мейман сыйлауды бақыттың нышаны деп қараған. Қонақ күту, мейман сыйлау шағын той іспеттес. Мейманмен танысу, оған сәлем беру, оны күту рәсімдерін инабаттылық көрсетіп, имандылықпен орындау - отбасы мүшелері-



«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз

Н.Ә. Назарбаев.

ӘОЖ 37.33 330.111.4

М.А. Нуриев

т.ғ.к., профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Э.О. Телагузова

Экономика ғылымдарының кандидаты

Д.М. Советканова

Педагогика ғылымдарының магистрі

ҚР-ДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІККЕ САЛЫҚ САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бүгінгі күні Қазақстанның экономикалық саясатында маңызды орын алатынын сипаттайды. Қазақстан нарықтық экономикаға өту жағдайында түрлі меншік формасындағы шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарды құруға деген қажеттіліктің пайда болуы, яғни, тұтыну нарығына өз тауарларын шығарып, халықты жұмыспен қамтамасыз ету деңгейіне көтерілгендігін көрсетеді. Мақалада шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне арналған салықтық режимдер қарастырылады. Шағын және орта кәсіпкерлікке салық салудың патент негізіндегі арнайы салықтық режимді дара кәсіпкерлерге қолдана алатын талаптар көрсетілген. Мақалада шағын бизнес субъектілеріне арналған арнайы салық режимін, шаруа немесе фермерлік қожалықтарына арналған арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілердің міндеттері сипатталады.

Түйін сөздер: *салық, кәсіпкер, нарық, экономика, импорт, экспорт, кәсіпорын.*

В данной статье рассматриваются налоги и обязательные платежи, связанные с *предпринимательской деятельностью*. Казахстан «О частном предпринимательстве». Обязательной государственной регистрации подлежат индивидуальные предприниматели, которые отвечают одному из следующих условий:

- 1) используют труд наемных работников на постоянной основе;
- 2) имеют от предпринимательской деятельности совокупный годовой доход, исчисленный в соответствии с налоговым законодательством в размере, превышающем не облагаемый налогом размер совокупного годового дохода, установленный для физических лиц законодательными актами Республики Казахстан, который составляет 12000-кратный размер минимальной заработной платы. Постановка физического лица на регистрационный учет в качестве индивидуального предпринимателя производится налоговым органом с выдачей свидетельства о государственной регистрации индивидуального предпринимателя в порядке и сроки, которые определены законодательством Республики Казахстан о частном предпринимательстве.

Ключевые слова: *налог, предприниматель, экономика, импорт, экспорт, предприятие.*

In this article taxes and the obligatory payments connected with business activity are considered. Kazakhstan “About private business”. Individual entrepreneurs who answer one of the following conditions are subject to obligatory state registration:

- 1) use work of hired workers on a constant basis;

2) have from business activity the cumulative revenue estimated according to the tax legislation in a size, exceeding not the taxable size of a cumulative revenue established for individuals by acts of the Republic of Kazakhstan which makes 12000-fold the minimum wage size. Statement of the individual on the registration account as the individual entrepreneur is made by tax authority with issue of the certificate on the state registration of the individual entrepreneur in an order and terms which are defined by the legislation of the Republic of Kazakhstan on private business. Thus tax authorities don't make statement of the individual on the registration account as the individual entrepreneur which activity as the individual entrepreneur isn't allowed by the legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: *tax, businessman, economy, import, export, enterprise.*

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бүгінгі күні Қазақстанның экономикалық саясатында маңызды орын алады. Оның басты себебі Қазақстан нарықтық экономикаға өту жағдайында түрлі меншік формасындағы шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарды құруға деген қажеттіліктің пайда болуы, яғни, тұтыну нарығына өз тауарларын шығарып, халықты жұмыспен қамтамасыз ету деңгейіне көтерілгендігін көрсетеді [1].

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне арналған салықтық режимдерге тоқталатын болсақ жеке кәсіпкерлік субъектілері ҚР-ң салық Кодексіне сәйкес келесідей салық режимдерін таңдай алады.

Дара кәсіпкерлер:

1. Патент негізінде
2. Жеңілдетілген декларация негізінде
3. Жалпыға ортақ режим негізінде.

Ал заңды тұлғалар:

1. Жеңілдетілген декларация негізінде
2. Жалпыға ортақ режим негізінде.

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы салық режимін таңдау «рұқсат ету» сипатынан «мәлім ету» сипатына ауыстырылды. Бұл дегеніміз арнайы салықтық режимге өткісі келетін жеке кәсіпкерлер бұрынғыдай салық комитетінің рұқсатын алып отырмай, өздерінің қалауы бойынша арнайы салықтық режимнің бірін таңдауына болады, және оған өткендігі туралы тек мәлімдеп қана отырады.

Мұндай мәлім ету тәртібі тек қана жаңадан құрылып жатқан жеке кәсіпкерге қатысы жоқ, өйткені олар арнаулы салық режимінің таңдаған түрін жеке кәсіпкерді тіркеу өтіні-

шінде көрсетеді. Сонымен қатар патент негізіндегі арнайы салық режимін таңдаған жеке кәсіпкерге мұның қатысы жоқ, өйткені олардың патенттің құнын есептеу құжаты осы режимді таңдауға негіз бола алады.

Енді осы режимдерде жұмыс істеу тәртібіне тоқталып өтеміз.

Шағын және орта кәсіпкерлікке салық салудың патент негізіндегі арнайы салықтық режимі.

Бұл режимді келесідей талаптарға сәйкес болатын дара кәсіпкерлер қолдана алады:

1. Жалдамалы жұмысшыларды пайдаланбайтын кәсіпкерлер.

2. Қызметті өз күшімен ғана іске асыратын кәсіпкерлер

3. Салықтық мерзім ішінде тапқан табысы ең төменгі жалақы мөлшерінің 300 реттік сомасынан аспаған жағдайда. Мұнда салықтық мерзім деп күнтізбелік жыл саналады.

Патент бойынша салықтық режимде кәсіпкерлер жалпы айналымының 2% салық ретінде төлеуі тиіс. Оның жартысы жеке табыс салығы, ал жартысы әлеуметтік салық болып табылады. Бұдан басқа міндетті әлеуметтік аударымдар аударылуы тиіс.

Бұл режим кәсіпкерлік қызметті жалғыз өзі іске асыра алатын кәсіпкерлерге тиімді болып саналады. Өйткені ол бір жылға салығын төлеп тастап, ешқандай салықтық есептілік тапсырмай жұмысын істей алады.

Патент негізіндегі арнайы салық режимін қолдану үшін жаңадан құрылып жатқан жеке кәсіпкерлер өзінің жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы өтінішімен қатар патент құнының есебін өткізуі тиіс. Бұл салық

режимін пайдалану жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу күнінен басталған болып есептеледі. Ал басқа салықтық режимнен патент негізіндегі арнайы салықтық режимге өту үшін жеке кәсіпкерлер келесі айдың 1-не дейін салық комитетіне өзінің сол режимге өтетіндігі туралы мәлімдеуі тиіс, яғни патент құнын есептеп өткізуі тиіс. Мұнда патент негізінде жұмыс істеуге патентке өту туралы мәлімдеме жасаған айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен басталады.

Келесі патент негізіндегі кәсіпкерлер келесі уақытқа жаңадан патент алу үшін ескі патенттің мерзімінің бітуінен бұрын жаңа патенттің есептемесін өткізуі тиіс. Сонымен қатар 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап патент қатаң бақылау бланкілерінде берілмейді, оны кәсіпкерге электронды нұсқасын немесе соны қағазға шығарып береді. Патент электронды түрде 1 жұмыс күні ішінде қалыптасып, жеке кәсіпкерге қажет болған жағдайда қағазға шығарып береді.

Салықтық режимнің келесі түрі ол жеңілдетілген декларация негізінде жүргізілетін арнайы салықтық режим. Жеңілдетілген декларация негізіндегі арнайы салықтық режимді шағын және орта кәсіпкерліктің келесідей субъектілері іске асыра алады.

1. Дара кәсіпкерлердің өзімен қоса алғанда жұмысшылардың саны 25 адамнан аспайтын.

2. Салықтық мерзім ішінде табысы 10 000 000, 00 теңгеден аспайтын

Ал заңды тұлғалар:

1. Жұмысшыларының саны 50 адамнан аспайтын

2. Салықтық мерзім ішінде табысы 25 000 000, 00 теңгеден аспайтын.

Жеңілдетілген декларация негізінде айналымның 3% көлемінде салық төлеуі тиіс. Оның жартысы жеке табыс салығы, жартысы әлеуметтік салық болып саналады. Бұдан басқа міндетті әлеуметтік аударымдар және зейнетақы қорына аударымдар аударылуы тиіс.

Міндетті түрде кәсіпкер мемлекеттік тіркеуден соң 6 ай өткеннен кейін кассалық аппарат орнатуы тиіс.

Ал енді жеңілдетілген декларация негізіндегі арнайы салықтық режимге келетін болсақ, жаңадан құрылып жатқан жеке кәсіпкерлер бұл режимді тіркеу мерзімінен бастап қолданады. Жаңадан құрылған заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде салық комитетіне мәлімет беруі тиіс.

Мұндай жеке кәсіпкерлердің жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолдану мерзімінің басталуы оларды мемлекеттік органда тіркеу күні болып есептеледі.

Патент негізінде арнайы салық режимінде қызметтетін жеке кәсіпкерлер жеңілдетілген декларация негізіндегі режимге өтуі үшін салықтық комитетке мәлімдемені патент негізінде жұмыс істеу шарттарына сәйкес келмейтін күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жіберуі тиіс. Мұнда жеңілдетілген декларация негізіндегі салықтық режиміне өту күні болып, сәйкессіздік пайда болған айдан кейінгі келесі айдың 1-ші күні басталған болып есептеледі. Басқа кездерде патент мерзімінің аяқталуының немесе салықтық есептілікті уақытша тоқтату жағдайларында болады. Мұнда жеңілдетілген декларация режимін қолдану күні болып патент мерзімі аяқталған күн есептеледі.

Жеңілдетілген декларация негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер тоқсан сайын салықтық комитетке салықтық есеп тапсырып отыруы тиіс. Бұл кәсіпкердің қызметінің тоқтап қалуына немесе уақытша тоқтатылуына байланыссыз міндетті түрде тапсырылуы тиіс. Егер кәсіпкер қызметі тоқтатылып немесе уақытша тоқтап тұрса, онда ол «нольдік» немесе «бос» салықтық есептілікті тапсыруы керек. Өйтпеген жағдайда кәсіпкерлер ҚР Әкімшілік Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Егерде мемлекеттік тіркеу кезінде кәсіпкер өз бетімен салық режимін таңдамаған жағдайда, онда ол автоматты түрде жалпыға ортақ салықтық режиміне қосылады. Бұл режимде дара кәсіпкерлер жиынтық табысынан 10% жеке табыс салығын төлеуі тиіс, ал заңды тұлғалар 20% корпоративті табыс салығын төлеуі тиіс.

Табыс салығын келесідей жолмен табады: кәсіпкерлердің жылдық жиынтық табысынан жыл бойы оның қызметінің нәтижесінде пайда болған шығындарын ҚР Салық Кодексі рұқсат еткен көлеміндегі шегерімдерді алып тастағандағы қалған сомадан 10% дара кәсіпкерлер, 20% заңды тұлғалар есептеп төлейді.

Бұл режимде жұмыс істейтін кәсіпкерлер басқа жоғарыда аталған салықтық режимге өтуді тек 2 жыл өткеннен кейін ғана іске асыра алады.

Арнайы салық режимін ауыл шаруашылығы субъектілері немесе фермерлер қолданған жағдайда, олар келесідей салықтарды төлеп отырады:

1. Бір реттік жер салығы. Жер учаскесінің бағаланған құнының 0,1% төлейді.

2. Жеке табыс салығы. Әрбір қызметкер үшін АЕК 20% төлейді және міндетті зейнетақы қорына аударымдар аударарды.

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауыл шаруашылық субъектілері мен фермерлер және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, балық шаруашылығы және ауылдық тұтынушылық кооперативтері сияқты заңды тұлғалар келесі арнайы салықтық режимдерін таңдауға құқылы:

1. Ауыл шаруашылық субъектілері мен фермерлер үшін арнайы салықтық режимі.

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін арнайы салықтық режимі.

3. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнайы салықтық режимі.

4. Жалпыға ортақ салықтық режимі.

Аталған салықтық режимнің бірін қолдану үшін жеке кәсіпкерлер өздерінің жер телімінің орналасқан жерінің салық органдарына қолданатын салықтық режимі туралы мәлімдемесін өткізуі тиіс.

Жеке кәсіпкерде жаңадан жер теліміне құқық пайда болған жағдайда онда сол

Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнайы салық режимін, шаруа немесе фермерлік қожалықтарына арналған арнайы салық режимін, қызметі бойынша арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер өкілетті орган бекіткен форма бойын-

ша өздері жасаған салықтық есеп саясатын бекітеді. Шаруа немесе фермерлік қожалықтар арнайы салықтық режимі жалпы бекітілген тәртіпті өз бетінше таңдап алуға құқылы. Шаруа немесе фермерлік қожалықтарға арналған арнайы салықтық режим бірыңғай жер салығын төлеуге негізделумен жүзеге асырылады және жекеменшік құқығындағы және жер пайдалану құқығындағы жер телімдері болған жағдайда ғана қолданылады. Бірыңғай жер салығын есептеуге арналған салық салу нысанына жер телімінің бағалау құны жатады. Шаруа немесе фермерлік қожалықтары үшін арнайы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін қарастырады және шаруа немесе фермерлік қожалықтарының ауылшаруашылық өнімдерін шығару, жекеменшік өндірісінде ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және оны өткізу қызметтеріне қолданылады, тек акциздік тауарлар өндіру, қайта өңдеу мен өткізумен айналысатын қызметтен басқа.

Салық салу объектісіне бірыңғай жер салығын есептеуге жер телімін бағалау құны жатады. Шаруа немесе фермерлік қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер жүргізіп отырған қызметіне осы арнайы салық режимі қолдана отырып түскен табысынан жеке табыс салығын төлеушілер болып табылмайды және қызметіне осы режимдер қолдана отырып жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация бермейді. Жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер өз қызметінде шаруа немесе фермерлік қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданса, жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер мынадай салық түрлерін және бюджетке басқа міндетті төлемдерді төлеуден босатылады:

- 1) осы арнайы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермерлік қожалықтың қызметінен түскен табыстың жеке табыс салығынан;

- 2) қосылған құн салығынан (ҚҚС) – қызметін жүзеге асырудан түскен айналымдар бойынша;

3) жер салығынан немесе жер телімдерін пайдалану төлемінен – қызметте пайдаланылатын жер телімдері бойынша;

4) көліктік құралдарға қатысты салықтан;

5) мүлік салығынан.

Жоғарыда көрсетілмеген басқа салықтар жалпы бекітілген тәртіпте төленеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қосымша құн салығын (ҚҚС) төлеу тәртібіне тоқтала кетейік. Бүгінде **ҚҚС төлеушілер:** ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған тұлғалар (дара кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент – заңды тұлғалар, қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, сенімгерлікпен басқарушылар); ҚР кеден заңнамасына сәйкес ҚР аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар.

ҚҚС ставкалары: 12% - салық салынатын айналым мен салық салынатын импортың мөлшеріне; 0% - тауарлар экспорты, халықаралық тасымал кезінде, жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар ҚҚС босатылатын келісім-шарт шеңберінде қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілерге тауарлар сату, халықаралық ұшуларды, халықаралық әуе тасымалын орындайтын шетелдік әуе компанияларының әуе судаларын жанар-жағармаймен толтыру кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын сату айналымы бойынша.

Келесі айналымдар ҚҚС төлеуден босатылған: жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар, қаржылық қызметтер, коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер, мәдениет, ғылым және білім саласындағы қызметтер, жұмыстар, медицина және ветеринарлық қызмет, инвестициялық алтын саласындағы тауарлар мен қызметтер.

Келесі тауарлардың импорты ҚҚС босатылған: ұлттық және шетелдік валюта банкноттары мен монеталарының, сондай-ақ бағалы қағаздардың; тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалар жүзеге асыратын тауарлардың; акцизделетін

тауарларды қоспағанда, гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлардың; қайырымдылық көмектің, шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің ресми пайдалануы үшін әкелінген тауарлардың; Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын тауарлардың; кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде субстанция-дәрілердің; медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың және медициналық (ветеринариялық) техниканың, почта маркаларының (коллекциялық маркалардан басқа); Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізаттың; мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлардың импорты. Тауарлар импортын ҚҚС босату тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы №1229 қаулысымен айқындалған.

Келесі айналымдар ҚҚС төлеуден босатылған: жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар, қаржылық қызметтер, коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер, мәдениет, ғылым және білім саласындағы қызметтер, жұмыстар, медицина және ветеринарлық қызмет, инвестициялық алтын саласындағы тауарлар мен қызметтер.

Егер кәсіпкердің айналымы жылына 30 000 АЕК асып кетсе, онда ол міндетті түрде қосымша құн салығын төлеуші ретінде тіркеуге тұруы тиіс.

Бұндай жағдайда кәсіпкердің дер кезінде ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеуге тұрмаса ҚР заңнамаларына сәйкес айыппұл салынады. Оның мөлшері келесідей

- жеке кәсіпкерлерге он бес АЕК мөлшерінде;

- шағын және орта бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген мерзім ішіндегі салық салынатын айналымы сомасының он бес пайызы мөлшерінде.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер салық органына қосылған құн салығы бойынша есепке тұру туралы салықтық өтінішін ерікті түрде беруге құқылы.

Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуден босатылды, бірақ олар салықтық есебін жүргізіп және оны дер кезінде салық органдарына тапсырып отыруға тиіс. Бұл туралы салық кодексінің 56 бабында салықтық саясат және 77 бапта салықтық регистрлер

туралы айтылған.

Қорытындылай келсек, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан нық орын алу жөніндегі стратегиялық міндеттің орындалуы үшін, әлемдік экономиканың өсімінен тұрақты түрде асып отыратын экономикалық даму қажеттігі айқындалып отыр. Еліміздің жоғары деңгейде өзіндік жолы бар мемлекет ретінде танылуы, оның әлеуметтік-экономикалық үстемелеп дамуы – халықтың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайын жақсартудың негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 <http://bigox.kz/zheke-kasipkerlerge-salyk-salu-erekshelikteri/>



ӘОЖ 8.80

К.Б. Жарикбаев

*доктор психологических наук, доктор педагогических наук,
заслуженный деятель науки,*

А.К. Олжаева

*главный редактор журнала
«Психология в школе»*

РОДНОЙ ЯЗЫК – ЗЕРКАЛО ДУШИ НАЦИИ И ЛИЧНОСТИ

Язык – для любого народа язык является символом независимости, символом индивидуальности. Каждое государство имеет свой язык – один или несколько. В нашей республике в последнее время активно внедряется государственный язык, растет его роль, как в трудовой сфере, так и в повседневной жизни. В данной статье указано процентное соотношение интереса к казахскому языку.

Ключевые слова: Язык, методика, ученик, преподаватель, качество

Ана тілі – сол халықтың мәдениетінің, дүниетанымының көрсеткіші. Бұл мақалада ана тіліміз – ұлт пен тұлғаның жан айнасы екені айтылған. Сонымен қатар, Қазақстандағы тіл үйрену мәселесі туралы кеңінен тоқталған. Тілді үйрену қанша пайызды құрайтындығын, тілге қызығушылық қанша пайыз екендігін дәлелді түрде ашып көрсеткен. Тілді оқытуға байланысты шығып жатқан оқу құралдарының сапасы мен оқыту методикасының сапасы жайында сөз етіледі.

Түйінді сөздер: Тіл, методика, оқушы, оқытушы, сапа

Language - the language for any nation is a symbol of independence, a symbol of individuality. Each state has its own language - one or more. In our republic has been actively implemented the state language, as its role as in the workplace and in everyday life. This article ukazyno percentage interest in the Kazakh language.

Keywords: Language, methodology, student, teacher quality

«В языке одухотворяется весь народ и вся его Родина; в нем претворяется творческой силой народного духа в мысль, в картину, в звук небо Отчизны, ее воздух, ее физические явления, ее климат, ее поля, горы и долины, ее леса и реки, ее бури и грозы — весь тот глубокий, полный мысли и чувства голос родной природы, который говорит так громко в любви человека к его иногда суровой родине, который высказывается так ясно в родной песне, в родных напевах, в устах народных поэтов. Но в светлых, прозрачных глубинах народного языка отражается не одна природа родной страны, но и вся история духовной жизни народа...»

К.Д. Ушинский

«В национальном языке, как в зеркале, отражаются местность, история, быт и нравы нации. В казахском языке отражены то тихая, безветренная ночь, то ураганная желтая степь, длительные перекочевки с места на место, медлительный и спокойный характер народа. Как широка степь, так широк и богат казахский язык»

М.Жумабаев

Язык народа – как показатель его культуры, это его мировоззрение и поведение. Родной язык является достоянием народа, язык несет на себе отпечаток всей жизни народа.

Народ перестает жить, умирает, если отобрать у него родной язык. Язык – душа нации. Язык – это есть живая плоть идеи, чувства, мысли.

В настоящее время в Казахстане проблема знания и изучения родного языка является приоритетной, так как казахский язык получил статус «государственного». Интерес этнопсихологии к этой проблеме объясняется рядом причин. По данным многих исследователей, большинство жителей республики хотело бы знать казахский язык, но на практике это желание остается не реализованным. Препятствия в изучении казахского языка анализировались неоднократно: это и отсутствие учебников по грамматике казахского языка, массовых изданий хороших и дешевых учебников, словарей, специализированных программ для школ, вузов, для всех желающих, с учетом возраста, образования, профессиональных особенностей обучающихся, отсутствуют также методика преподавания языка и квалифицированные преподаватели. Участие психолога в решении целого ряда проблем, возникающих при обучении казахскому языку, объясняется, прежде всего, тем, что во многих из них психологические составляющие являются ведущими. Или точнее сказать, некоторые проблемы овладения государственным языком не могут быть объяснены без привлечения психологии.

Психолог А.М. Ким в своей работе, посвященной этой проблеме, выделила несколько психологических составляющих в изучении казахского языка. Автор убедительно доказывает необходимость учета личностных особенностей людей, обучающихся казахскому языку. К числу личностных относятся мотивационные, эмоциональные, познавательные и социокультурные особенности. Учет этих особенностей при составлении программ и методик обучения языку позволит добиться наилучших результатов, т.е. помимо собственно учебной задачи, должна решаться и задача коррекции учебной деятельности с учетом психологических особенностей личности. Автор пишет о неэффективности одинакового подхода к тем, кто «изучает язык на фоне положительного эмоционального отношения к нему, и для тех, кто понимает свою ситуацию как жесткую жизненную необходимость...» Мотивационная составляющая процесса обучения проявляется в том, что каждый обучающийся имеет свой мотив, желание изучать язык, что в свою очередь, во многом определяет эффективность процесса обучения. Необходимость уточнить, что психология различает мотивы и мотиви-

ровки, т.е. реально действующие причины обучения и объяснения самих обучающихся, так как в жизни мотивы и мотивировки чаще всего не совпадают. К познавательным особенностям личности обучающихся относятся стили переработки информации, возрастные характеристики протекания процесса усвоения, запоминания, переработки информации.

К социокультурным - относятся показатели уровня образования, время проживания обучающихся в республике.

В процессе обучения государственно-му языку, кроме того, обязательно нужно учитывать уровень владения языком. Основным критерием знания языка, является его использование в профессиональной деятельности.

Следующая проблема изучения казахского языка связана с этнокультурными особенностями его функционирования. Существуют несколько способов получения социокультурных знаний, язык среди них является ведущим. Объясняется это особое положение и эта особая роль языка тем, что в нем, в его значениях в концентрированной форме содержится социальный опыт предшествующих поколений. Однако было бы неверным считать, что приобретая знания о языке, овладевая значениями элемента системы языка, человек автоматически приобретает и необходимые культурные знания.

Особенностью овладения культурой социума через язык состоит в том, что это овладение возможно только посредством и в результате общения, т.е. если человек учит язык, но не использует его в общении, то подлинного усвоения языка не происходит.

Многими авторами отмечается, что для усвоения языка необходимо «погружение» в культурную среду, которая характеризуется особенностями общения, поведения, мировоззрения. В то же время, знание языка открывает возможность понимания этнокультурной специфики того или иного народа.

Этнопсихология, решая проблему овладения государственным языком, должна изучить особенности языка коммуникативного поведения, жестового и мимического, языка повседневного поведения народа, так как при нарушении принятых норм сразу же броса-

ется в глаза, что в процессе общения что-то нарушено, что не достигается полного взаимоотношения, что в целом процесс общения не исчерпывается содержанием речи и что значительная часть информации передается невербальными средствами, к которым прежде всего, относится язык мимики и жестов, язык повседневного поведения. Незнание языка обиходного поведения может привести к неудобству в определенных ситуациях. С.Н. Алиев, В.Х. Салибаев описывает такой случай, произошедший с одним из них. «Однажды в Хороге он, как принято везде, встал в очередь за последним; им была женщина. И долго стоял, внутренне возмущаясь тем, что очередь двигалась медленно, что к прилавку подходят мужчины и без очереди берут товар. Оказалось, что он нарушил традиции: на Памире принято разделение очереди на «женскую» и «мужскую». Товары отпускаются последовательно: то женщинам, то мужчинам. А так как мужчины редко заглядывают в магазин, то и создается впечатление, что продавец отпускает им товар вне очереди». Приведенный пример свидетельствует о необходимости знаний о национальной специфике коммуникативного поведения и введений их в методики обучения второму языку.

Изучение и описание национально-психологических особенностей коммуникативного поведения казахов имеет практическое значение, так как без этих знаний подлинное усвоение языка невозможно. Этнопсихологи должны выделить элементы (жесты, мимика, пантомимика), присущие казахам, что сделать достаточно сложно, так как в невербальном языке казахов содержатся элементы, присущие мусульманской культуре в целом. Кроме того, необходимо учитывать наличие региональной специфики функционирования языка и повседневного поведения жителей разных регионов Казахстана. Такая работа в нашей республике только начинается, но без учета этнопсихологических данных решение проблемы полноценно функционирования языка невозможно.

Таким образом, основными показателями знания казахского языка являются, во-первых, его использование в профессиональной деятельности, во-вторых, понимание национальной специфики коммуникативного поведения. На

наш взгляд, этнопсихология лишь в той или иной степени может конкретизировать программы обучения для разного контингента желающих выучить государственный язык в соответствии с выделенными критериями.

Еще в середине XIX века Ч. Валиханов знал, что одни и те же мысли на разных языках выражаются разными средствами, в анализе которых заключен один из важных источников этнопсихологических знаний. Этот вопрос нашел отражение в гипотезе лингвистической относительности Б.Л. Уорфа, согласно которой язык определяет мировоззрение, поступки, мышление. Правильной является его мысль о том, что разные языки предъявляют разные требования к выражению своих мыслей. Но при этом не объясняются причины этнических различий в языке.

В концепции Я. Хомской утверждается, что язык – не сумма готовых слов, предложений, а порождающий процесс, вводится понятие языковой способности как овладение конкретным языком, а в психологическом плане – это часть общей способности к языку.

Другие методологические положения психологии усвоения языка высказаны в различных теориях ученых: ориентированность языка выполнять коммуникативную функцию (Л.В. Щерба), каждый язык выражает определенную точку зрения (В. Гумбольд, М. Алексеев), язык у каждого человека индивидуален, хотя это явление общественное (В.Ю. Розенцвейг, Л.М. Уман).

Важным фактором интенсификации межэтнических взаимоотношений является язык. Программа функционирования и развития языков на 2001-2010 гг. определялась необходимостью государственной поддержки решения языковых проблем. В ней выделены три основные цели функционирования и развития языков: расширение и укрепление социально-коммуникативных функции государственного языка; сохранение общекультурных функций русского языка; развитие языков этнических групп. Намечены основные задачи языкового строительства в Казахстане на долгосрочную перспективу, приоритетные направления и механизмы их реализации.

Итоги выполнения Государственной программы функционирования и развития языков на 1998-2000гг. показали реальные результаты в пользу положительных примеров укрепления статуса государственного языка: выпек учебных пособия, аудио и визуальных средств обучения, наличие компьютерных программ и терминологических словарей, разработка нормативно-правовых актов, проведение конференций и телепередач.

Следует отметить, что успешное овладение государственным языком происходит лишь в том случае, если люди сами испытывают в этом потребность. Если большинство населения успешно обходится другим языком на работе и быту, то изучить государственный язык крайне сложно. Поэтому один из путей повышения функциональной значимости казахского языка является его развитие в сферах с реальными возможностями и социальными потребностями (образование, средства массовой коммуникации, духовная культура).

В одном исследовании А. Кукубаевой выявлен одинаковый разброс мнений школьников по поводу обучения языкам: 32% русских учащихся предпочитают изучение казахского языка, но в небольшом объеме, 35% - не изъявили желание изучать государственный язык, 33% - отметили обязательное изучение казахского языка.

Иная картина выявлена по данному параметру среди студентов: 69% лиц разных национальностей считают обязательным изучение государственного языка, 29% - в небольшом объеме и 8% - не хотят изучать данный язык.

Вместе с тем получены и другие результаты. Большинство студентов также отмечают, что делопроизводство не обязательно должно вестись только на казахском языке. К лицам, не владеющим их национальным языком, они относятся спокойно и адекватно.

Среди лиц коренной национальности 65% казахов владеют государственным языком. Отсюда вытекает значимость и необходимость дифференцированного обучения казахскому языку. Одни будут начинать

усвоение языка, другие – изучать его более углубленно, третьи – совершенствовать свои знания до возможности свободного ведения делопроизводства.

Прогресс в овладении казахским языком происходит там, где есть казахоязычная среда и имеется базовый уровень знаний. Поэтому первоочередной задачей следует считать сохранение и культивирование государственного казахского языка, прежде всего самими казахами и лишь потом – распространение казахского языка на другую языковую общность.

Родной язык – способ выражения национального самосознания, важный критерий развития личности. По мнению К.Б. Жарикбаева, необходимо пересмотреть содержание данного понятия, которое является еще и средством передачи традиций, стереотипов, привычек.

Значимость родного языка можно проследить, намечая конкретные пути его формирования, начиная с детства. Определенные объективные и субъективные причины способствовали вырождению родного языка, что сформировало новое поколение «манкуртов», не знающих язык, традиции, обычаи своего народа. Ч. Айтматов приводит сильный аргумент: отказ от родной речи – это почти то же самое, что отказ от родителей. Нация, лишенная своего языка, - это нация, лишенная своих корней, и тогда ее как таковой не существует. При благоприятных условиях развития родного языка происходит становление национального самосознания. Но при ухудшении условий развиваются националистические предрассудки.

В Конституции Республики Казахстан определен статус русского языка как языка межнационального общения. Проведенное нами исследование показывает, что 69% молодежи считают это наиболее приемлемым в условиях полиэтнического государства. Остальные респонденты предпочли русский язык в качестве государственного (18%) и как язык межнационального общения и одновременно как государственный (20%).

Для языковой ситуации Казахстана характерны определенные сложности. Они

связаны, в первую очередь, с ослаблением позиций государственного языка, что объясняется многими обстоятельствами. В частности, обозначилась тенденция на снижение интереса к знанию государственного языка среди русских, с одной стороны, и на увеличение его среди казахов, с другой. Это косвенно свидетельствует об укреплении во многих позициях русского языка и, соответственно, снижении уровня востребованности казахского. В вузах основной язык обучения - русский. Поэтому многие казахстанцы, подчеркивая значимость знания государственного языка, в своем выборе образования все же отдают предпочтение русскому языку. Наблюдается доминирование русского языка и в сфере общения (86% студентов и 92% учащихся).

Одной из особенностей республики в области языковой политики является степень овладения языками. Казахи владеют русским языком лучше, чем своим родным. Очевидно, это является следствием преобладания русского языка в системе образования. В общении доминирование данного языка еще более возрастает.

Актуальной остается проблема поэтапного перевода делопроизводства на государственный язык и расширения сферы приме-

нения казахского языка в органах управления. Делопроизводство должно вестись на государственном языке, а не переводиться.

Выделяя роль и влияние второго, неродного языка, мы подошли к очень важной проблеме двуязычия (попеременное использование двух языков в межнациональном общении). Оно признано быть мощным орудием перестройки в сфере языка. Билингвизм бывает односторонним и двусторонним. В нашей республике развито, в основном, одностороннее двуязычие: использование двух языков в процессе межэтнического взаимодействия исключительно носителями одного языка (национально-русское двуязычие). По нашим данным, в одинаковой степени говорят на казахском и русском языках только 12% студентов и 8% школьников.

В стране возрастает необходимость развития билингвизма. Это определяется разными факторами: недопонимание значимости владения казахским и русским языком, предпочтение билингвистического обучения, тенденция «старения» людей неказахской национальности, хорошо владеющих казахским языком.

Особенностью двуязычия является его осознанность как социальная потребность. Это явление, которым можно разумно управлять. Кроме того билингвизм выступает как средство общения людей различных этнических общностей.



ӘОЖ 9.93.94

С.Т. Иманбаева

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлттық тәрбие және өзін өзі тану»
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор*

АБЫЛАЙ ҒАСЫРЫ – ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ ҒАСЫРЫ

Мақалада Абылай ханның 300 жылдық мерей тойына байланысты ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихындағы ұлтымыздың ерен ерліктері қамтылады. Батыр, ер ұғымдарының мәнін аша отырып, ұлттық ерлік дәстүрінің даму тарихын зерделенеді. Қазақ халқының зиялы қауымның еңбектерін негізге ала отырып ХҮІІІ ғасырдағы халқымыздың жасаған ерен ерліктері бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда баға жетпес асыл мұра екеніне тоқталады.

Түйін сөз: *ерлік, елдік, тарих, батыр, мұра, тәрбие*

Данная статья посвящена великому государственному деятелю, полководцу, стратегу, дипломату, объединителю трех жузов, воссоздателью единого казахского государства Абылай хану. Хан Абылай настолько знаковая фигура казахской истории, что каждое новое поколение историков будет обращаться к его личности, вновь и вновь искать и находить ответы на выдвигаемые жизнью новые вызовы времени.

Ключевые слова: *геройство, народный, история, герой, наследие, воспитание*

This article is dedicated to the great statesman, military leader, strategist, diplomat, combiner three zhuzs reproducers single Kazakh state Ablay Khan. Khan Abylay so iconic figure Kazakh history that each new generation of historians will refer to his personality, and again to seek and find answers to the new challenges posed by life time.

Keywords: *heroism, uniformities, history, character, heritage, education*

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып саналады. Патриотизмнің күре тамыры сақ, ғұн дәуірлерінен, Күлтегін, Тоныкөк, Алтын Орда батыры Ер Едіге, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, нақыл сөздер жас ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Қазақ халқының тарихи даму үрдісіне ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау жасайтын болсақ, қазақ ұлтының ұлт болып қалыптасу кезеңі Түркі қағанаты тұсынан бастап ешкіммен салыстыруға келмейтін жо-

ғары патриоттық рухта дамығанын ғылыми-зерттеу көздерінен айқын аңғарамыз. Халқымыздың менталитетіне тән жауынгерлік және ерлік, тәлім-тәрбиелік мұрасының тарихы өткен ғасырлар қойнауынан басталады. Халықтың жоғалып кету қаупі бір сәт толас-тамаған сол кездерде де күнделікті іс-әрекеті, тұрмыс салты, елін, жерін, арын қорғауға бағытталған.

Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр найзаның ұшымен, білектің күшімен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай аман сақтап келді. Олардың құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жауға қарсы тұру нағыз шынайы Отансүйгіштік қасиет еді.

Ұлттық ерлік дәстүрін басты нысанаға ала отырып, қазақ халқының елжандылық сезімінің қайнар көзі неде деген сұраққа

жауап іздесек, оны халықтың ежелгі тәрбие тағылымынан, ұлттық салт-дәстүр үрдісінен іздестіруге тура келеді.

Тарихта қазақ деп аталатын жұрттың ежелгі сақтар, үйсіндер мен ғұндардың жаужүрек ұрпақтары екенін тарихшы ғалымдар Ақынжанов М., Аманжолов К., Артамонов М.И., Асфендияров С., Байпақов К., Гумилев Л.Н., Қозыбаев М., Мұқанов М., Мыңжанұлы А., Рахметов К., Шоқай М., т.б. өз еңбектерінде дәлелдеген болатын. Қазақтардың пайда болуы туралы әр түрлі пікірлер бар. Кеңестік дәуірдегі тарихты негіздейтін болсақ, қазақ хандығының құрылуымен байланыстырады. Алайда, қазақтың пайда болуы туралы қытай деректеріне сүйене жазылған Қ.Мыңжанның «Қазақтың көне тарихы» атты ғылыми еңбегінде қазақтар түркі қағанаты тұсында өмір сүрген деген ілімін қазіргі таңда негізге алып отырмыз. Ғалым «Қазақ халқының түп төркіні заманымыздың бұрынғы YII ғасырдан бастап жазба тарихта әйгілі болған сақтар еді. ...үйсіндер мен қаңлылар бірлестігі қазақ халқының негізгі ұйытқысы болды», - деп жазады [1,40].

К.Аманжоловтың «Түркі халықтарының тарихы» атты еңбегі қазақ халқының тарихын сақ, ғұн Түркі қағанаты тұсынан бастап бүгінгі еліміз егемендік алғанға дейінгі кезенді қамтиды [2, 108].

Патриотизмнің дамып, қалыптасуының тарихи алғы шарттарын айқындағанда түркі тектес халықтардың шығу тегінен бастап, әр кезеңдегі ерлік-жауынгерлік дәстүрінің мазмұнын ашу арқылы түркі халқының патриотизмінің ерекшелігін айқындауға болады.

«Батыр қол бастар, көсем жол бастар, шешенсөз бастар» дегендей, XYIII ғасырдағы тарихи тұлғалар – Абылай хан, қол бастаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Ханкелді, Жәнібек, Қасабай, Баян, Көкжарлы көкжал Барақ т.б., Төле, Қазыбек, Әйтеке, Есенкелді сынды билердің, шежіре сырын төккен Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Қожаберген т.б. жыраулардың бірінсіз-бірінің тұлғасын толық сомдау мүмкін емес. Бабаларымыз екі талай заманда қазақ елінің басын қосып, ұлттық ерлік, даналық мектебінің негізін қалады.

XYIII ғасырдағы халқымыздың ерлік және жауынгерлік тәрбие мәселесі М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен жарық көрген «Абылай хан» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарын жинақтаған еңбекте жақсы көрсетілген. Қазақ халқының зиялы қауымы XYIII ғасырдағы халқымыздың басынан өткен сұрапыл өмірді, тарихи оқиғаларды ғылыми жүйеге келтіре отырып, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда баға жетпес асыл мұра екеніне тоқталады. Сонымен қатар, халқымыздың ерлік және жауынгерлік тәрбие мәселесі “Абылай хан” атты жинақта сол ғасырда өмір сүрген, сұрапыл оқиғалардың ішінде жүріп еліміздің ауыр да қиын заманын суреттеген ақын-жыраулар, би-шешендер ой-толғауларын және тарихи оқиғаны ғылыми зерделеген ғалымдардың еңбектерінде жақсы көрсетілген [3].

Ауыздан-ауызға тараған шығармалардан, ғылыми-зерттеу еңбектерінен XYIII ғасыр қазақ халқы үшін ауыр кезең болғанын байқаймыз. Осындай қиын қыстау заманда бар қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, дербес мемлекет құрған хан Абылай еді.

Шығыс тарихын зерттеуші, академик В.В.Бартольд «Абылай хан XYIII ғасырдағы хандардың ішінде ең құдіреттісі болды», - деп атап көрсетеді. [4,57].

Көптеген деректерде Абылай хан 1711 жылы Түркістан қаласында туған деп жазады. Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. XYIII ғасырдың соңында Түркістанды билеп тұрған. Шота-Аман Уәлихановтың тармақтауы бойынша – Жәңгір хан, Уәлибақы, Абылай, Көркем Уәли, Көркем Уәлиден қайсарлығы мен қайраттылығынан ер атанған Абылай хан.

Әбілмансұр алғашқы ұрыстарға қазақтың қолбасшы батырларының бірі қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қолға қосылып барады. Осы ұрыста Әбілмансұр жекпе-жекте қалмақ батыры Шырышты мерт қылады. Жоңғардың батырын мерт қылуы, «Абылайлап» ұран тастап, ерлік көрсетуі қазақ жауынгерлерін рухтандырып, Әбілмансұр атасы Абылайдың есіміне ие болды.

Абылай хан Ресей мен Қытай сынды аса ірі империялар арасында дұрыс саясат

колданып, қазақ мемлекетінің тұтастығы мен еркіндігін ұстап тұра алды. Қытай, орыс патшалығының сеніміне ие болып, өз халқының тыныштығы мен азаттығын қорғай білді [5;6].

Орыс ғалымы А.Левшин өзінің еңбегінде «Абылай ыңғайына қарай, біресе орыс өкіметіне, біресе қытай өкіметіне бағыныштымын деп уәде беріп жүрді. Іс жүзінде бұлардың ешқайсысына да бағынбайды, өзінше билік, өзінше саясат жүргізді», - деп жазды [7,16].

Тарихи тағылымдарға талдау жасайтын болсақ, ұлттық патриотизмнің ең биік шыңы ХҮІІІ ғасырда «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында болғанын айқын байқауға болады.

Біз бұл тарихи кезеңдердің деректерін сол кезде өмір сүрген ақын-жыраулар мұрасы арқылы зерделеп отырмыз. Бұл орайда Бұқар жырау мұраларының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аз емес. Бұқар жырау шығармасындағы көптеген деректер ғалымдардың ғылыми-зерттеулерінің негізгі арқауы болып табылады. Бұқар жырау шығармасында әрбір тұлғаның орнын айқын аңғаруға болады.

Бұқар жырау – Абылай ханның ең ықпалды билерінің бірі болған. Мемлекеттік істерге белсене араласып отырған. ХҮІІІ ғасырдағы демократияшыл ақындардың қатарына жатады. Себебі жырау шығармаларында хандарды, батырлардың ерлік істерін мадақтаумен қатар олардың өрескел қылықтарын беттеріне баса айтады. Жырау қазақ елінің жоқ боп кету қаупі төніп тұрған қиын-қыстау заманда Абылайға ақыл-кеңес беріп, зор ықпал жасай отыра, халқын бірлікке шақырады. Туған жері үшін жанын пидеткен баһадүр ұлдарының ерлігін паш етеді.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырда қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі, ірі қолбасшы қаракерей Қабанбай батыр ерлігі, батырлығы - жырау шығармасының негізгі арқауы. Қазақ-совет энциклопедиясының екінші томында Бұқар жырау 1668 жылы туып, 1791 жылы қайтыс болды десе, ал үлкен қазақ-совет энциклопедиясында 1693-1787 жылдар деп

көрсетіледі. Бұқар жыраудың «Ей Абылай, Абылай» атты жырында «менің жасым тоқсан үш, мұнан кейін сөз айту, маған болар ауыр күш» деп толғайды.

Бұқар жыраудың беделінің ерте кезден-ақ көзге түскенін «Біз оны ерте көтеріліп, Тәуке хан тұсында-ақ хан төңірегінде ықпалды билердің бірі болғандығын білеміз», -деп атап көрсетеді [8,5].

Тәуке хан тұсында Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке сынды билермен бірлесе отырып «Жеті жарғы» заңын шығаруға ат салысады. Белгілі ғалым А.Сейдімбеков 1990 жылғы 12 шілде күні шыққан «Ана тілі» газетінде Пекин қаласындағы архивте Бұқар жырау бабамыздың 940 жолдан тұратын 36 толғауының табылғаны туралы жазып, Бұқар жырау тек ауыз әдебиеті емес, жазба әдебиетінің де атасы болып табылатынын атап көрсетеді [9].

Бұқар мұрасын зерттеген М.Ж.Көпеев «Бұқарекен өз уақытында сөйлеген сөзі мұнан жүз мың есе көп шығар, бізге келіп жеткені тек тамтығы ғана. Біреуден-біреу ауызша айтумен ұғынып, жаттап алып, есте қалғаны ғана», - деген сөзін жоғарыда табылған деректер толықтыра түседі [10, 34]

Қазақтың шексіз ұлан-ғайыр даласына көз тігушілер көп болғаны белгілі. Қазақ еліне жоңғарлар баса көктеп кіріп, орыстар өз саясатын жүргізген заман еді. Бұқар жырау елдің бірлігі мен елдігін сақтап қалу үшін Ресей патшалығына қарсы тұрарлық мұршаның жоқ екенін ескере отырып:

Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма
Басына мұнша көтерген,
Жұртына жаулық сағынба, -

деп, Ресей мен Қытай секілді екі жағындағы екі алып империяның ортасында тұрған қазақ елін аман сақтап қалу керектігін Абылайдан талап етеді.

«Бұқар елдің береке бірлігін сақтаушы, араз ағайынды табыстырушы, алыстағыны жақындастырушы, берекенің қазығы. Бұқар айтқан сөзіне ел ұйып, ер тыңдайтын шешен, кеңінен толғайтын дана, терең ақыл иесі» [8,35], - деп атап көрсеткендей, халықтық педагогика негізінде жастарды ерлік рухта

тәрбиелеуде Бұқар жырау шығармаларының алатын орны ерекше. Қабанбай батырдың сом тұлғасын жырау шығармасына арқау етіп, бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне үлгі етеді. Қабанбай батыр ерлігіне сүйсінген Абылай хан оған «хан» атағын беріпті деген жыр-шумақтары батыр тұлғасының халық жадында ұмытылмастай сомдала түсетінін көрсетеді.

Ерлігімен бүкіл халыққа танылған, халық жадында «Дарабоз», «Ханбатыр» атанған Қабанбай батырдың ерлігін ақындар шығармасына негізгі арқауы ете отырып, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне үлкен мұра қалдырды [11].

Ақтамберді жырау /1675-1768/ қазақ-қалмақ соғысындағы қазақ әскерінің қолбасшысы болған, ақтабан-шұбырынды уақиғаларының куәгері. Жырау жастайынан ел ісіне араласып, алғашқы туындыларын 10-11 жасында шығара бастайды. Қалмақтармен соғыстарда батырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі [8].

Қазақ тарихындағы аласапыран кезеңде өмір сүрген Ақтамберді жырау жырларының негізгі арқауы – ерлікке, батырлыққа шақыру, жауға қарсы кек алуды армандау.

ХҮІІІ ғасыр қазақ елінің тарихындағы қиын-қыстау кезеңдерде елін, жерін жаудан қорғауда, жаудан қаймықпай шапқан батырлардың ерлігі Тәттіқара шығармаларының негізгі арқауы. Қиян-кескі соғыста қазақ әскерімен бірге болып, демалыс сәттерде жауынгерлерді өзінің жырымен рухтандырып отырған.

Абылай хан жаугершілікке аттанғанда Тәттіқараны қасынан тастамаған. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалаған [8]. Жауынгерлер жау әскерімен табан тіресіп күреске шыдай алмауы Тәттіқараны күйіндірсе де, жауынгерлердің рухтарын көтеру үшін әр кез олардың ерен ерліктерін жырға қосып отырған.

1723 жылғы халқымыздың «Мың өліп, мың тірілген» қазақ еліне сұлама қасірет әкелген, сұрапыл қайғы-қасіретті заманын бейнелейтін, қазақтың құдіретті ән ұраны «Елім-ай» әнін тудырған - Қожаберген

Толыбайұлы. Қожаберген жырларынан жыр-аудың алғашқы күнінен бастап соғысқа араласып, халықпен бірге қасіретті басынан кешіргенін аңғарамыз. Қожаберген жыраудың батыр болғанын дәлелдейтін деректердің бірі оның аты өз руының ұранына айналған. Оның батырлықты дәріптейтін «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Қасқа жолды ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Жәнібек», «Орақ батыр», «Қорқыт баба» сияқты шығармалары және «Елім-ай», «Бозайғыр», «Аңырақай», «Күлдірмай» т.б. күйлері ел мұрасына айналған [8].

«Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегендей қазақ халқының арнамысын қорғап, еліміздің еркіндігі жолында жан аямай күрескен, батырлардың ерліктерінен қуат алып, шежіре сырын төккен жыраулардың бірі – Үмбетей /1713-1781/. Үмбетей шығармаларында қол бастаған қолбасшылардың, ел қорғаған батырлардың ерен ерліктері дәріптеледі. «Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім» деп басталатын жырда Абылай ханның алғашқы ерліктері мадақталады. Аталған жырдың негізгі мазмұны Қабанбай, Бөгенбай, Баян т.б. батыр ерліктерін дәріптей отыра, Абылай ханның кемшілігін бетіне басады. Сонымен қатар, Үмбетей жырау шығармасында Бөгенбай батыр ерлігі, өлімі, оны Абылай ханға естірту және батыр өлімін жоқтау негізгі орын алады [8].

ХҮІІІ ғасырда жоңғарлармен қатар орыстармен де соғыстың болғаны белгілі. Орыстарды талқандап, оларды Еділден ары асырып тастауда Бөгенбай батыр ерлігін Үмбетей жыраудың жырларынан көруге болады. Ақын-жыраулар шығармаларында негізгі орын алатын салт-дәстүрлер – көңіл сұрау, қоштасу, естірту, жоқтау. Қазақ әскерінің қолбасшысы Қабанбай ауру дегенді естіп Абылай хан мен Бұқар жыраудың келіп, батырдың көңілін сұрауы ірі тұлғалардың бір-біріне деген сыйластығымен қатар, оның кейінгі ұрпаққа берер тәлімі де ерекше. Халық үшін туып, сол үшін жанын пидаеткен батыр ерлігін жырлай отырып, жас ұрпақты өшпес ерлікке шақырып, жігер, қайрат береді.

Халықтық дәстүрлер негізінде қалыптасқан: көңіл сұрау, қоштасу, естірту, жоқтау секілді дәстүрлердің үлкен тәрбиелік мәні бар тәлім-тәрбиенің көзі. Естіртудің өзіндік ерекшелігі бар. Күй арқылы естірту, сөзбен, жырмен жеткізу бар. Абылай ханға Бөгенбай батыр өлімін естірту Бұқар мен Үмбетей жыраулардың үлесіне тиеді.

Үмбетей жырау батыр қазасын үлкен шеберлікпен Абылай ханға естіртеді. Жырда Абылай жорықтарын, батырлардың ерен ерліктерін жырға қоса отырып, қайғылы хабарды жеткізеді [8].

«Отанды сүю от басынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді. «Елінді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұлқызының санасына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы - ел намысы», «Ер намыстың құлы», «Арың үшін алысу азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Баланы туа салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің өнегелі өсиеті болып табылады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетіп бақты. Оған айқын мысал, Құлтегін, Тоныкөктердің ерлік дәстүрінен бастап, ХҮІІІ ғасырдағы Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай тағы басқа батырлардың тәрбиесіне назар аударсақ айқын байқаймыз. Мысалы, З.Сәнік, Б.Садықанның «Қаракерей Қабанбай» [10] атты еңбегінде Ерасылдың балалық шағынан бастап батырдың жеке тұлғасын қалыптас-

тыруда ата-ананың, ағайын-тумалардың әлеуметтік ортаның игі ықпал еткенін көреміз.

Біз бұдан ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы, Отанының, өскен ортасының әсерінің орасан зор екенін байқаймыз. Ер елдің ық жағынан панасы, қорғаны деп бағалаған ата-бабамыз «ерлікті тәрбиеден туады» деп ұққан. Батыр, ер деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген.

«Батыр – дегеніміз /араб және иран тілдерінде баһадүр/ жаугершілік кездер мен әскери жорықтарда жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін құрметті атақ. Ал батырлық жеке адамдарға тән патриоттық қасиет» [11,39], - деп берілген анықтамаларды негізге ала отырып, батырлық, батыр, ер, ерлік және ұлттық жауынгерлік дәстүр оның ерекшеліктеріне, ерлік тәрбиесіне педагогикалық тұрғыда түсініктеме берілді. Батырлық – соғыс жағдайында соғыс тәсілдерін жетік меңгеріп, ірі жағдайларда жауынгерлердің ерекше көзге түсуі. Батырлықтың ерекше белгісі соғыс жағдайында көрінеді. Батыр - соғыс өнеріне, стратегиясына жетік, ірі шайқастарды жеке ерлігімен де, өзіне қарасты әскери топты басқара білумен де көзге түсіп халық таныған адам. Батырдың бар ғұмыры ел қорғауға, жорыққа бағышталады. Академик М.К.Қозыбаев халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне тоқтала келіп, «Ер дегенде ең алдымен бізге Отан қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайратжігер иесінің бейнесі оралады», - деп атап көрсетеді [12,8].

Яғни, ер-ар-намыс, азаматтық қасиетін үнемі жоғары ұстап, қажетті жерде қауіп-қатерге өз басын тігіп батыл іс-әрекетке бара алатын адам. Ердің іс-әрекеті бейбіт кезде де, соғыс кезінде де таныла береді. Ерлік – жаугершілік уақытта да, күнделікті өмірде де ел, жер мүддесі үшін қауіп қатерлі істерге, ерекше қимылдарға бару іс-әрекеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мыңжанұлы А. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жазушы, 1992. –400 б.
- 2 Аманжолов К. Қазақстан тарихы. І-том. – Алматы: Білім, 2004. – 392 б.

- 3 Абылай хан (редакциясын басқарған М.Қозыбаев). Ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Көкшетау, 1991.
- 4 Бартольд В.В. Түрік-моңғол халықтарының тарихы. – Алматы: 1968. - 224 б.
- 5 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі.– Алматы: Ер Дәулет,1994. – 239 б.
- 6 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Ана тілі, 1992. – 176 б.
- 7 Левшин А. Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы. Соч. 1-3 бөлім. 1832.
- 8 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. I-II томдар.
- 9 Тарақты Ақселеу. Ұлы дала тарихына шолу /Ана тілі газеті. 3 шілде. 1992 ж. – Б. 7-10.
- 10 Көпеев М-Ж. Сарыарқаны кімдікі екені туралы //Қазақ тілі мен әдебиеті. № 4, 1994. – Б. 111-125.
- 11 Сәнік З., Садықан Б. Қаракерей Қабанбай батыр. – Алматы: Жазушы, 1991. - 174 б.
- 12 Қазақ-совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан, 1977. 2-том.
- 13 Қозыбаев М.Қ. Ел-ебелек емес, ер-кебенек емес /Қазақ әдебиеті, 14 маусым 1991. – Б. 10-11.
- 14 Мұхаметханов Қ. «Кім жеткен Қабанбайға дуа қонған?» /Қазақ әдебиеті, 7 ақпан 1992 ж. – Б. 10-11.
- 15 Уәлиханов Ш. Абылай хан туралы өлең-жырлар және тарих. Тарихи жырлар. I-том. Абылай хан. – Алматы: Білім.
- 16 Ақселеу Сейдімбек Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.



Өз қадірін білмеген- ер қадірін білмейді
Ер қадірін білмеген- ел қадірін білмейді

Б. Момышұлы

С.Б. Даутова

ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ

Әдебиеттану және тіл білімі ҒЗИ-ның директоры

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мақалада жастарға сапалы білім бере отырып, отаншылдық тәрбие берудің алғы шарттары қарастырылған. Сонымен қатар, әдеби шығармалардың тәлім-тәрбиелік мәні – адамға көркем-эстетикалық талғам қалыптастыру екені жөнінде сөз қозғалған. Өмір шындығының әдеби-көремдік әдіспен суреттелуі ұлттық-әлеуметтік ортада қалыптасып, адамзаттық ұстанымының тереңдігі мен жан-жақтылығын көркем әлемдегі ұлттық ойлау машығын сезінудің жолдары мен әдістерінен көрініс табады. Көркем әдебиеттің тәлім-тәрбиелік мәні беретін қазақ фольклоры мен Махамбет, Абай, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин секілді т.б. қазақ ақын-жазушыларының шығармалары талай жас ұрпақты тәрбиелеп шығарып, қоғамдық сананың қалыптасуына, еліміздің тәуелсіздік алуына үлкен үлес қосудағы маңыздылығы жойылмайтындығы дәлелденген.

Түйін сөздер: *көркем әдебиет, тәрбие, жас ұрпақ, отансүйгіштік, ғылым, білім*

В статье рассмотрены предпосылки для качественного обучения и патриотического воспитания молодежи. Также рассмотрен воспитательный потенциал художественной литературы, ее возможности в деле формирования художественно-эстетического вкуса. Литературное, художественное изображение жизни формируется в национально-социальной среде и выражается через средства причастности к национальному осознанию в художественном мире глубинных и всесторонних принципов человечности. Обоснована значимость фольклора и художественной авторской литературы (Махамбета, Абая, Ш.Кудайбердиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаева, Ж.Аймауытова, М.Ауэзова, С.Муканова, Г. Мусрепова и др.) в воспитании молодого поколения, формировании общественного сознания.

Ключевые слова: *художественная литература, воспитания, молодое поколение, патриотизм, наука, знание*

In the article pre-conditions are considered for the quality educating and patriotic education of young people. Educator potential of fiction, her possibilities, is also considered on business of forming of artistically-aesthetic taste. The literary, artistic image of life is formed in a nationally-social environment and expressed through facilities to involvement to national realization in the artistic world of deep and all-round principles of humaneness. Meaningfulness of folklore and authorial fiction (Mahambet, Abay, Kudaiberdiyli, A. Baitursinuli, M. Jumabaev, J. Aimaurov, M. Auezov, S. Mukanov, G. Musirepov of and other) is reasonable in education of the young generation, forming of общественногo consciousness.

Keywords: *fiction, educations, the young generation, patriotism, science, knowledge*

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген «Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашуды тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар

кешенін іске асыру» міндетіне сәйкес елімізде келелі істер қолға алына бастады.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беру ұстанымының негізінде еліміздің бүгінгі мен ертеңі, яғни тағдыры жатыр. Бүгінгі нарықтық-демократиялық қарым-қатынаста өсіп, тәрбиеленіп келе жатқан қазақ-

стандық өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесі, ең бірінші кезекте, аға буынның қолында. Сол себептен болар, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында ұлт зиялыларының рөлін жоғары бағалай келе: «Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелері экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие. Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан – 2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға алады және алуға тиіс» [1], – деп ел дамуындағы аға буынның өмірлік тәжірибелері жас ұрпақтың отаншыл азамат болып қалыптасуына септігін тигізетінін атап көрсетті.

Жаңа ғасыр өркениетінің ғылыми-технологиялық дамуының жетістігі болып саналатын электронды құрал-жабдықтар мен ақпараттық-қатыстық технологиялар әрбір мемлекеттік құрылымның барлық саласына дендеп еніп, адамзаттың күллі іс-әрекетінің арқауына айналды. Соның ықпал-әсерінен қазіргі қоғамдық қарым-қатынас та, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі де жедел өзгеріске ұшырап жатыр. Бұл, сөзсіз, білім беру жүйесінің мазмұнын жаңартып, сапалық деңгейін арттыруды талап етумен қатар, барлық білім алушы жас ұрпақтың таным-түсінігіне, ой-санасына әсер етуде. Сол себептен де аға ұрпақтың өмірлік тәжірибелері мен атқарған істері жастар тәрбиесінде маңызды рөлге ие.

Отансүйгіштікке тәрбиелеудің барлық жұртқа ортақ теориясының немесе оны жасау үлгісінің жоқ екені түсінікті. Сондықтан да оның мән-мағынасын ашу, қазақ жұртының табиғи бітім-болмысына лайықтап бағдарламасын жасау барысында көп еңбектерді қарап, қыруар іс-тәжірибелерді зерттеп-зерделеу қажеттігі туындайды. Осындай терең ізденіс арқылы қазақстандық жастарға отаншылдық сезімді орнықтырудың теориялық негізін қалыптастыруға болады. Бұның негізі ұлттық идеямен, демек, ұлттық ой-сана, ұлттық бі-

тім-болмыс, ұлттық таным-түсінік, ұлттық арман-мүдде сияқты өзекті мәселелермен тығыз байланысты екені анық.

Жастарға сапалы білім бере отырып, отаншылдық тәрбие беруді нәтижелі жүзеге асыруда зор мүмкіндік беретін алғы шарттардың бірі – көркем-танымдық рухаи байлықты жас ұрпақ бойына дарытуы болып табылады.

Көркем әдебиеттің танымдық қызметі қоғам мен адамның әлемге деген белгілі бір көзқарастар жүйесінің негізін қалай отырып, адамгершілікке баулу болып табылады.

Әдеби шығармалардың тәлім-тәрбиелік мәні – адамға көркем-эстетикалық талғам қалыптастыру екені көпшілікке түсінікті. Өмір шындығының әдеби-көркемдік әдіспен суреттелуі – ұлттық-әлеуметтік ортада қалыптасып, адамзаттық ұстанымының тереңдігі мен жан-жақтылығын көркем әлемдегі ұлттық ойлау машығын сезінудің жолдары мен әдістерінен көрініс табады. Көркем әдеби шығармалар ұлттың таным-түсінік жүйесі мен оның тұрмыс-тіршілігіне қатысты тұрмыс-салттық, психологиялық, әлеуметтік-тарихи маңызы бар мәселелерді қамтиды.

Қазақ әдебиетінің классикалық туындылары уақытпен үндес болып, әр заманның адамдарын тәрбиелеуде ерекше рөл атқарып келді. Ұлттық сөз өнерінің әр тегінің түрлі жанрларында көрініс тапқан өмір философиясы ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтармен үйлесе отырып, жеке тұлғаның өзіндік таным-түсінігі бар, саналы азамат болып жетілуіне зор мүмкіндік береді.

Әдеби көркем шығармаларды түйсініп оқып пайымдауда көркем-эстетикалық қабылдау мен тұшынудың алар орны бөлек. Әдеби-шығармалардың тәрбиелік қызметі, ең әуелі, оқырманға психологиялық тұрғыдан ықпал ету болып саналады. Бұл болса, өмір шындығын көркем суреттеудегі әрбір жекелеген автордың өзіндік әдіс-тәсіліне байланысты. Сол себептен үздік көркем шығармалардың көркем-эстетикалық мән-мазмұны жас ұрпақтың ой-санасының жетіліп даму-

ына жан-жақты әсер ететін, олардың дүниетанымдық әлеуетін арттыратын құрал болып та есептеледі.

Қазақ фольклоры мен Махамбет, Абай, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин секілді т.б. қазақ ақын-жазушыларының шығармалары талай жас ұрпақты тәрбиелеп шығарып, қоғамдық сананың қалыптасуына, еліміздің тәуелсіздік алуына үлкен үлес қосты.

Классикалық туындылар ұлттың көркемтаным жүйесін шыңдау жолында ұлан-асыр қызмет еткен, ұлттың өзіндік ерекшелігін танытатын дүниелер екені анық. Қалай дегенмен, әдебиет – ұлттың таным-түсінігін дамытып-жетілдіретін және елдің ертеңін айқындайтын ұлттық рухани қазына екені даусыз.

Академик С.Қирабаев: «Көркем әдебиет – мәңгілік нәрсе. Ол жазылған дәуіріне ғана емес, кейінгі ұрпаққа, барлық заманға қызмет етеді. Тек оны өзінің өмір сүріп отырған дәуірдің талабы тұрғысынан талдай білу керек. Уақыт өтеді, заман өзгереді, тарих алмасады. Бірақ әдебиет мәңгі қалады. Оны оқыған ұрпақ өзінше ұғады, одан өміртануға керек ой, сөз таба алады» [2, 10], – деп айтқандай, көркем әдебиеттің жас ұрпақ тәрбиелеудегі орны ерекше.

Қазақ көркем сөз жүйесінің ұзақ жылдық тәжірибесі ұлтымыздың рухани мәдениетін көтеруде өз ізін қалдырды. Ол әрдайым өзінің тәлім-тәрбиелік қуатымен жаңа танымдық жүйе қалыптастыруда, жас ұрпақ бойына ұлтжандылық қасиет дарытуда белсенді рөл атқаратынын үнемі дәлелдеуде. Мәселен, өткен ғасырдың 30-40 жылдары аралығында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ең танымал тұлғаларының баршасы «халық жауы» деген жаламен атылып кеткенімен, олардың соңына қалдырған әдеби мұралары ұлт тәуелсіздігінің арқасында кітапханалар жертөлелерінен жарыққа шығып, қайта басылды. Қазақ ұлтының өзін-өзі тануында маңызы қазмет атқаратын, қазақ қоғамының көркем-эстетикалық көкжиегін кеңейтетін әдеби-рухани құндылықтарға, жастарды

ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі негізгі құралдардың біріне айналды.

Қазіргі таңда көркем шығармашылықтағы рухани-эстетикалық таным мен талғамды жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде ғылыми тұрғыдан пайымдап, тиімді пайдалану алдыңғы қатарға шықты. Өткен ғасырлардағы әдеби-мәдени мұралар еліміз егемендік алуымен бірге ұлтымыздың өз алдына ел болып дамуында әлеуметтік-ізгіліктік рухани байлық ретінде қайтадан оралды.

Егемен еліміздің әдебиеттану ғылымының маңызды міндеті әдеби шығармаларды дәстүрге айналып кеткен идеологиялық талап шеңберінде қараудан шығып, олардың көркем-эстетикалық бірегейлігін, өзіндік бітім-болмысын, тұтастығы мен бүтіндігін ғылыми тұрғыдан пайымдау болып отыр. Бұл – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында өзекті тақырыптардың бірі.

Қазақ әдебиетінің өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуде берері мол. Бұл тұстағы біздің қоғамдық сананың ұлттық құндылықтарға негізделуі қажет екені әркімге болсын түсінікті екенін атап өткен жөн. Әдеби туындыларды жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалануда ең үздік үлгілерді таңдап, сұрыптап алу да аса қажет.

Танымал ақын-жазушылардың классикалық туындыларын дұрыс түсініп игеру арқылы ғана ұлттымызға тән тәлім-тәрбиеміздің қайнарларынан қанып ішуге, аға ұрпақтың тәрбиелік сөздерінің мәнін түсініп, ұлағатты істерінен өнеге ала аламыз.

Күллі адамзат қауымында өткен көркем сөз алыптарының ішінде ой кермегін татып, тіршіліктің мән-жайын терең ұғынған сайын, өздерінің өмір тәжірибесінен түйген көркем ой-тұжырымдарын ұрпақ тәрбиесіне арнамағандары аз.

Көркем әдебиеттің тәлім-тәрбиелік мәні туралы айтқанда ең алдымен оның таным тарапындағы маңыздылығын атап өту қажет. Қандай да бір көркем шығарма болмасын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Әр кітап оқырман үшін бұрын-соңды беймәлім дүниенің есігін ашады. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз

күпиялар сырына тереңдеп, дүниетанымын кеңейте түседі. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының көркем тарихының шежіресі. Роман-эпопеядағы адамдар тағдыры, тартысы, ара қатынасы арқылы М.Әуезов сол кезеңнің өмір шындығын ашып берген. «М.Әуезовтің осындай сарыла іздеген, ұзақ уақыт бойына шұғылданған тақырыптарының ең бастысы, негізгісі – халқымыздың ардагер перзенті, ұлы ақыны Абайдың өмірі, оның әлеуметтік ағартушылық және ақындық қызметі. Бұл тақырып оның творчестволық өмірінің өрісті өзегіне, жазушылық еңбегінің мағынасы мен мақсатына айналды [3,18]».

Ал ұлы ақын Абай болса, адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезініп өтті. Ол өзінің жазып қалдырған тәлім-тәрбиелік еңбектерінде жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді жіктеп көрсетуге ерекше мән берді. Мәселен, «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» – дей отырып, адам мінездеріне жақсы да, жаман да әсер ететін сипаттарды тарата жазып, түсіндіріп берді. Поэтикалық сөз қуатының күші мен әсерін топтастыра жинақтап, «бес нәрседен қашық бол», «бес нәрсеге асық бол» [4,60] деді.

Көркем шығарма жас ұрпаққа өмірді танытады тәрбиелейді. Бұдан оның қоғам өміріндегі маңызды рөлі айқындалады. Әдебиет адамдарға өмірді танытып қана қоймай, олардың сол өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді. Қазақ көркемсөз тарихына көз жіберсек, көркем туындылардың жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде ерекше қызмет атқарғанына көз жете түседі.

Көркем әдебиет жастардың таным-түсінігін кеңейтіп қана қоймай, оларға көркем-эстетикалық тұрғыдан да әсер етіп, отаншылдық сезімдерін оятады. Мәселен, атамекенге деген іңкәр сезім көркем әдебиеттің әр тегінің түрлі жанларында көркем бейнелер, көркем суреттеулер арқылы беріліп, жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын кеңейтеді. Мысалы қазақ халқының «Алпа-

мыс батыр», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер-Тарғын» сияқты т.б. эпостық жырларындағы батырлар бейнесі, олардың ел-жұрт үшін жан қиярлық ерліктері және солардың жоғары пафоста суреттеліп дәріптелуі атамекені мен жақын-жұрағатына деген сана-сезімі енді-енді оянып, қалыптасып, өркендеп өсіп келе жатқан ұрпақтың намысын жігерлендіріп, ерлік іс-әрекеттерге жетелейтіні сөзсіз.

Демек, туған жерге, өскен ортаға, жақын-жуыққа, туыс-жұрағатқа деген сүйіспеншілік сана-сезім көркем әдеби шығармаларда поэтикалық, көркемдік-эстетикалық жолмен беріледі. Сондықтан да жастар бойындағы отаншылдық сана-сезімді оятып, оны берік қалыптастыруда ертегілер мен аңыз-әңгімелердің, дастандар мен жырлардың, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің, романдар мен повестілердің, өлеңдер мен поэмалардың т.б. берері мол.

Өткен ғасырдың 41-45 жылдары Отан соғысының майдандарында болған қазақ жауынгерлерінің қойынында Махамбет Өтемісовтің өлеңдері, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романы жүргенін күнделікті баспасөз беттерінен талай оқыдық. Осының бәрі көркем әдебиеттің тәлім-тәрбиелік мәнін дәлелдейді. Бірақ оның тәрбиелік қырын сөз еткенде көркем-эстетикалық мәні қатар жүретінін еш уақытта естен шығаруға болмайды. Адамзат өркениетінде көркем әдебиеттің танымдық қызметімен қатар көркем-эстетикалық жағына талай оқымысты ғалымдар өз пайымдары тарапынан түрлі анықтама берген. Біреулер оны «шындықты сәулелендіру» десе, біреулер «идеалдар жасау», тағы біреулер «бір адамның, сезімін екінші адамға ауыстыру» деген болатын. Бұл ұғымдардың қай-қайсысында да белгілі дәрежеде шындық бар.

Көркем әдебиеттің құдіретті күшін немесе оның өмірді таныту, жас ұрпақты тәрбиелеу жайын ғана емес, күллі қоғамдық-өзгертушілік қасиетін түсіну үшін, оның эстетикалық табиғатын тану қажет. Бұл жөнінде ресейлік ғалым Ю.Борев өзінің «Эстетика» деген еңбегінде: «Литература эстетически осваивает мир в художественном сло-

ве. Ее предмет хотя и не прямолинейно, но неуклонно расширяется. В его сферу ныне входят природные и общественные явления, огромные социальные катаклизмы и движения народных масс, духовная жизнь индивида и подробности чувств. В разных своих жанрах литература охватывает этот материал или через драматическое воспроизведение действия, или через эпическое повествование о событиях, или через лирическое самораскрытие внутреннего мира человека» [5,364], – деп жазады. Әдебиеттің көркем-эстетикалық таным-талғамдық мәнін, оның ой-сананы өсірудегі қуатын осы тұрғыдан түсіну қажет.

«Шын жазушы дүниенің тылсым дірілін бүкіл табиғатымен қабылдайды. Қуанышты көзімен көреді де, жан күйзелісін көкірегімен сезеді. Оған тек салтанаттың жарқыраған нұр-шуағын жырлау ғана емес, көз жасының күнакәрін де табу керек; қиналған адамның мұқылмас қайрат-қажырын, рухани жылуын – бәрін-бәрін жазу керек. Бұл – ең алдымен қайғылы, қасіретті пенде ешқашан өзін жар кемерінде тұрғандай жалғыз сезінбеуі үшін керек. Жазушының заман алдындағы жауапкершілігі қашан да жаны жаралыларға сүйеніш боларлық осындай сын сағаттардан басталған. Оның қоғамдық күші, әлеуметтік-тарихи мән-мағынасы күретауы қасиетті парыздан қуат алған» [6,9].

Адамзат өркениетінің дамуында ХХІ ғасырдың мәдениеттер тоғысындағы әдеби гуманитарлық ресурстардың, соның ішінде көркем әдеби шығармалардың үлкен мәнге ие екенін қазіргі ұлттар мен ұлыстар мойындай бастады. Классикалық әдебиеттің құндылығы сол – ол өз бойында өткен дәуірлерден келе жатқан рухани сарынды сақтай отырып, әлемнің айқын бояуын көркем бейнелеу арқылы жаңа заманға жеткізуде жатыр.

Қазіргі қазақ әдебиеті өз дамуының ілгерідегі классикалық дәстүрінің жалғасы бо-

лып табылады. Ол – көркем әдебиеттің бейнелеушілік, мәнерлегіштік амал-тәсілдері арқылы әлемнің ұлттық және жалпы-адамзаттық көркем бейнесін бере отырып, өмір шындығын оқырманның пайымдауы мен түсінуіне жәрдемдеседі. Қазіргі ұлттық әдебиеттің жауһар туындылары шығармашыл тұлғалардың өмір мен қоршаған ортаға деген сыни көзқарастары негізінде қалыптасты. Классикалық көркем шығармалардың тәрбиелік мәнінің маңызды болуы – еліміздің тәлім-тәрбиелік жүйесінің ұлттық таным-түсінікті басшылыққа алуына байланысты.

Кеңес Одағы құрамында болған кезімізде «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» туралы сөз қозғау мүмкін емес еді. Оларды сөз ету кеңес мемлекетінің интернационалистік идеясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Қазір Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік саясаты, саяси ұстанымы өзгеше. Бүгінде ұлт, ұлттық, ұлтжандылық мәселесі адамзат болмысына тумысынан біткен ең нәзік сезім ретінде мойындалып, жақсы мағынада отаншылдық, елжандылық деген сияқты елдік санаға ұласып отыр. Енді ұлттық сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселер алға шықты.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Оның бастауы – Батыс өркениеті болып отыр. Жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы ұлттық сипатының жоғалуына түрткі болып келеді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір, шын мәнінде, ақиқатқа айналуда. Бұл бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда және т.б. салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
- 2 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті. – Алматы: «Жібек жолы», 2011ж.
- 3 Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: «Жазушы», 1965ж.

- 4 Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. I том. – Алматы: «Жазушы». 2005ж.
- 5 Боров Ю. Эстетика. – Москва: «Изд. полти. лит-ра». 1975 г.
- 6 Серікқалиев З. Ақ жол. – Алматы: «Жазушы». 1990 ж.

ӘОЖ 37.33 330.111.4

М.А. Нуриев

т.ғ.к., профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Э.О. Телагузова

Экономика ғылымдарының кандидаты

Д.М. Советканова

Педагогика ғылымдарының магистрі

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Мақалада кәсіпкерлікті бастау үшін қажетті капиталдың көздерімен оның қызметіне сипаттама беріледі. Бастапқы капитал – бұл бизнесті бастау үшін қажет болатын қаражат, яғни бизнестен табыс алу деңгейіне жеткенге дейін шығындарын жауып отыру үшін керекті қаражат, мұның ішіне негізгі қорға салынған инвестициялар да кіреді. Бастапқы капитал ақшалай қаражат түрінде және басқада істі бастауға керекті материалдық активтер түрінде бола алады. Несиелерді кәсіпкерлерге екінші деңгейдегі банктер ұсынады. Қазақстан шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау жөнінде ауқымды шаралар қолданылуда. Солардың ішінде кәсіпкерлерді жеңілдетілген пайызбен несиелендіру шаралары да бар. Бұл шаралар еліміздегі екінші деңгейлі банктер арқылы іске асырылып отыр. Қазіргі күні барлық ірі банктерде шағын бизнесті несиелендіру бағдарламалары бар. Бұл бағдарламалардың кәсіпкерлер үшін артықшылығы ол ұзақ несиелендіру мерзімі және төмен пайыздық мөлшерлемелермен жүргізіледі. Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудың мемлекеттік операторы ретінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызмет көрсетеді.

Түйін сөздер: *Капитал, Инвестициялар, Венчурлық инвестициялар, Несиелер, Лизинг, Франчайзинг.*

В данной статье рассматриваются источники финансирования предприятия и их виды. В условиях рыночной экономики внешние источники финансовых ресурсов имеют огромное значение: предприятие на практике не может обойтись без привлечения заемных средств. Заемные средства в нормальных экономических условиях способствуют повышению эффективности производства, необходимы для осуществления расширенного производства. Многообразие каналов привлечения заемных ресурсов создаст возможность использовать их в различных ситуациях. **Источники заемных средств:** (1) кредиты банков, (2) коммерческие кредиты, (3) факторинг, (4) лизинг, (5) кредиторы и пр. Привлечение заемного капитала становится необходимым в случае покрытия потребности предприятия в основных и оборотных фондах. Такая потребность может возникнуть в ходе проведения реконструкции

и технического перевооружения производства, из-за отсутствия достаточного стартового капитала, наличия сезонности в производстве, заготовках, переработке, снабжении и сбыте продукции, а также в результате отклонений в нормальном ходе кругооборота средств по независимым от предприятия причинам: необязательность партнеров, чрезвычайные обстоятельства и т.д. Заемный капитал подразделяется на краткосрочный и долгосрочный.

Ключевые слова: *Капитал, Инвестиция, Кредит, Лизинг, Франчайзинг.*

In this article sources of financing of the enterprise and their types are considered. In the conditions of market economy external sources of financial resources have huge value: the enterprise in practice can't do without attraction of borrowed funds. Borrowed funds in normal economic conditions promote production efficiency increase, are necessary for implementation of expanded production. The variety of channels attraction of loan resources will create opportunity to use them in various situations. Sources of borrowed funds: (1) credits of banks, (2) commercial credits, (3) factoring, (4) leasing, (5) creditors and so forth. Attraction of the loan capital becomes necessary in case of a covering of requirement of the enterprise in the fixed and revolving funds. Such requirement can arise during carrying out reconstruction and production modernization, due to the lack of the sufficient starting capital, seasonality existence in production, preparations, processing, supply and production sale, and also as a result of deviations in a normal course of a circulation of means for the reasons independent of the enterprise: non-obligation of partners, force majeure, etc.

Keywords: *capital, investment, credit, leasing, franchising.*

Капитал сөзі немісше *kapital*, ағылшынша *capital*, латынша *capitalis* – басты нәрсе, басты мүлік, негізгі қаржы деген мағынаны білдіреді.

Бастапқы капитал – бұл бизнесті бастау үшін қажет болатын қаражат, яғни бизнестен табыс алу деңгейіне жеткенге дейін шығындарын жауып отыру үшін керекті қаражат, мұның ішіне негізгі қорға салынған инвестициялардакіреді. Бастапқы капиталдақшалай қаражат түрінде және басқада істі бастауға керекті материалдық активтер түрінде бола алады. Мысалы өндірісті бастауға керекті шикізаттар, құрал-жабдықтар, ғимараттар, жер телімдері т.б. сол сияқты құндылықтар. Бизнесті бастау үшін салынған бастапқы капиталды қаржылық құжаттарда жарғылық капитал деп көрсетеді.

Бастапқы капиталдың қызметі бұл кәсіпкерлікті бастау үшін кететін шығындардың орнын толтырып отыру, бастаған іске керекті қаражатпен қамтамасыз ету болып табылады.

Орта және ірі кәсіпкерлікпен айналысатын ұйымдар үшін бұл жарғылық капиталдың минималды мөлшері «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 22 сәуірдегі №220-І

Заңымен бекітілген, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мұндай талап жоқ. Сонымен қатар шағын бизнес субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін де жарғылық капитал 100 теңге көлемінде бекітілген, бұл әрине тек қана ұйымды тіркеу үшін жасалған жеңілдіктер болып табылады, нақты істі 100 теңге көлемінде бастау мүмкін болмайтыны айтпаса түсінікті.

Бизнеске қажетті бастапқы капитал бизнес жоспарды құрау кезінде есептеліп анықталады. Сондықтанда кәсіпкерлікті бастау үшін қажетті бастапқы капиталдың мөлшерін дұрыс есептеудің маңызы зор.

Кез-келген бизнесті бастаудағы басты мақсат пайда табу. Сонымен бірге бастапқы капитал тек қана істі бастауға ғана шығындалатынын айтқанбыз, ары қарай бизнестің жүруі үшін қосымша қаражаттар керек. Ол қаражатты кәсіпкер қайдан алуға болады, біз қазір соны қарастырамыз. Қазіргі таңда Қазақстанда келесідей кәсіпкерлерді қаржыландыру көздері немесе құралдары бар:

- Инвестициялар;
- Венчурлық инвестициялар;
- Несиелер;
- Лизинг;

- Франчайзинг

Инвестиция бұл инвестордың уақытша бос қаражаттарын ұзақ мерзімге кәсіпкерлік жобаларға, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға немесе инновациялық жобаларға құюы. Инвестициялар ұзақ мерзімге бағытталған болады.

Инвестициялар бизнестегі келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

- Қаржы және материалдық қорларды жинақтау арқылы бизнесті кеңейту;
- Жаңа кәсіпорындарды сатып алу;
- Бизнесті жаңа салаларды меңгеру арқылы түрлендіру (диверсификация).

Инвестор — ол өзінің қолында бар уақытша бос қаражаттарын инвестициялық жобаларға құятын заңды немесе жеке тұлға. Инвесторлар стратегиялық немесе портфельдік инвестор болып бөлінеді. Инвестордың басты мақсаты дивиденттер алу немесе табыс алу болып табылады.

Барлық инвестицияларды екі негізгі топқа бөлуге болады:

Портфельді инвестициялар — қаржыны жобалар тобына құю, мысалы әр түрлі кәсіпорындардың акцияларын сатып алу.

Нақты инвестициялар — қаржы қаражаты нақты, әдетте ұзақ мерзімді және нақты активтерді сатып алуға тиісті жобаға құю.

Инвестициялардың келесідей негізгі түрлері бар:

- Мемлекеттік
- Шетелдік
- Бақыланатын
- Бақыланбайтын
- Жеке
- Өндірістік
- Интеллектуалды

Инвестицияларды пайдалану бағыттарына қарай келесі топтарға бөлеміз:

- Бастапқы инвестициялар
- Істі кеңейтуге бағытталған инвестициялар
- Негізгі қорларды алмастыруға бағытталған инвестициялар
- Диверсификациялауға немесе түрлендіруге бағытталатын инвестициялар
- Реинвестициялар, кәсіпорынның бос қаражаттарын жаңа негізгі құралдарды сатып алуға бағыттау.

Шағын және орта кәсіпкерлер өз ісіне инвестор тауып оны өз ісіне қаражатын салуға көндіру үшін бизнес жоспардың атқаратын маңызы зор.

Венчурлық инвестиция бұл қызметтің жаңа инновациялық бағыттарын игеру үшін жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша капиталға мұқтаж кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдаудың түрі.

Венчурлық капитал жеткілікті меншікті капиталы жоқ кәсіпкерлердің жаңа істі бастай алуы үшін қажет [1].

Венчурлық қаржыландыру әдетте шағын және орта кәсіпорындарға бағытталған. Бұл қаржыландыру жаңадан ашылып жатқан жоғары технологияларға негізделіп қызмет ететін кәсіпорындардың капиталына инвестицияланады. Венчурлық инвесторлар әдетте өздері инвестициялайтын кәсіпорындарды басқару ісіне қатысады.

Венчурлық инвесторлар инвестиция алғысы келетін үміткер кәсіпорындарды келесідей жіктейді:

- Seed — бұл нарыққа жаңа өнімді енгізу бойынша зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды талап ететін жоба немесе бизнес ой.
- Start up — нарықта жаңадан пайда болған компаниялар. Мұндай компанияларды қаржыландыру ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп және жаңа өнімнің сатылымын бастау үшін керек.

- Early stage — дайын өнімі бар және оны коммерциялық өткізуді бастайын деп тұрған компаниялар.

- Expansion - өз қызметін қосымша қаржыландыруға мұқтаж компаниялар. Мұнда венчурлық инвестициялар өндіріс көлемін және сатуды кеңейтуге, қосымша маркетингтік зерттеулер жасауға, жарғылық капиталын және айналым қаражаттарын ұлғайтуға бағытталады.

Несие латын тілінде «кредитиум» — несие, кредо - сенемін, сенім білдіремін деген мағынаны білдірді. Несие белгілі-бір мерзімге қайтарымдылық және қарыз бойынша пайыз төлеу шартымен беріледі. Ол ақша немесе тауар түрінде беріледі.

Несиелерді кәсіпкерлерге екінші деңгейдегі банктер ұсынады. Қазақстан шағын және

орта бизнесті мемлекеттік қолдау жөнінде ауқымды шаралар қолданылуда. Солардың ішінде кәсіпкерлерді жеңілдетілген пайызбен несиелендіру шаралары да бар. Бұл шаралар еліміздегі екінші деңгейлі банктер арқылы іске асырылып отыр. Қазіргі күні барлық ірі банктерде шағын бизнесті несиелендіру бағдарламалары бар. Бұл бағдарламалардың кәсіпкерлер үшін артықшылығы ол ұзақ несиелендіру мерзімі және төмен пайыздық мөлшерлемелермен жүргізіледі.

Қазақстанда несие түрлері былайша жіктеледі:

- Айналым қаражатын қалыптастыруға берілетін несие;
- Негізгі құрал-жабдықты қалыптастыруға берілетін несие;
- ТМҚ аясында шұғыл қажеттілікке, сондай-ақ нормативтен тыс қорлардың аясында уақытша қажеттілікке берілетін несие;
- өндірістің маусымдық шығыны аясында берілетін несие;
- жол үстіндегі есеп айырысу құжаттары аясында берілетін несие, аккредитивтер;
- төлем несиелері.

Овердрафт несие ұйымның шот иесіне, оның ағымдағы банк шотына қойылатын талап бойынша төлем арқылы беріледі. Яғни, бұл төлем шотта ақшалай қаражат болмаса да, шот иесінің несие берушінің алдында пайда болған берешегінің түскен қаражаттың есебінен кейін оған өтеуін қарастыратын келісімшарт шегінде беріледі.

Лизинг «to lease», ағылшын тілінен аударғанда «жалға беру» деген ұғым. Лизингтің жалға беруден айырмашылығы – жалға беруде екі тарап қатысса: жалға беруші және алушы болса, ал лизингте үш қатысушы: лизинг беруші, лизинг алушы және жабдықтаушы болады. Сонымен бірге жалға берілген мүлік мерзімі келгенде иесіне қайтарып беру шартымен беріледі, ал лизингте мүлік лизингке алушының қолында қалады.

Лизинг беруші компания мен лизинг алушының арасында келсім-шартын жасасқаннан кейін, лизинг алушының өтініші бойынша құрал-жабдықты, құрылғыны, ғимарат және т.б. оған қажет болған мүлікті жабдықтаушыдан алады және оны лизинг

алушыға соның уақытша пайдалануына арнап тапсырады.

Осыдан лизинг дегеніміз – бұл мүлікті сатып алу құқығымен ұзақ мерзімге жалға алу. Лизинг кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті негізгі қорларды сатып алып және жаңартып отыруға мүмкіндік беретін қаржылық құрал.

Лизинг объектілеріне ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдықтар, керек-жарақ, көлік құралдары, жер телімдері мен кәсіпкерлік мақсатта пайдаланылатын өзге кез келген түрдегі негізгі құралдар жатуы мүмкін.

Лизинг пен несие арасында айырмашылық бар. Несие көбінде кәсіпкердің кез-келген іс-әрекетіне беріліп отырады, ал лизинг оның өндірістік құрал-жабдықтарын алуына немесе жаңартуына ғана беріледі.

Лизингке алынған мүліктің кәсіпкерге беретін бір артықшылығы ол, лизингке алынған мүлік бойынша төленіп отырған төлемдер өнімнің өзіндік құнына енгізіледі және ол төлемдер салықты есептегенде шығыстар қатарына жатқызылып, кәсіпкердің төлейтін салығын азайтады.

Лизингтік операциялар екі түрге бөлінеді: шұғыл және қаржылық лизингтер.

Шұғыл лизинг – бұл мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайды.

Қаржы лизинг – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады.

Қаржы лизингі несиенің бір нысаны ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде қаржы лизингі – капиталды лизинг немесе лизингке берілетін активтің толық өзін-өзі өтейтін лизинг ретінде сипатталады.

Осы лизингердің отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын мынадай түрлері бар:

Ішкі лизинг – бұл оның қатысушыларының бір елден болып келуімен байланысты сипатталады.

Халықаралық лизинг – бір тарап немесе барлық тараптардың әр елден болып келуін сипаттайды.

Сыртқы лизинг – экспорттық және импорттық болып бөлінеді. Экспорттық лизингте шетел лизинг алушы болса, импорттық лизингте шетел лизинг беруші болып табылады.

Франчайзинг, франшизинг (ағылш. franchise — жеңілдік; ағылш. franchising — артықшылық) — ұсақ және ірі кәсіпкерліктің аралас нысаны, ірі компанияның (франчайзердің) өзінің фирмалық таңбасы мен тауар өндіруге (қызмет көрсетуге) лицензиясын (франшизаны) біреуге (франчайзиге), әдетте белгілі бір кезеңге және шектеулі аумақта беруі. Мұнда тауарлар мен қызметтер нарығында жоғары беделге, жақсы атаққа ие болған «ата компаниялар» басты фирманың атынан әрекет жасау, оның таңбасы мен белгісін пайдалану құқығын пайдалану жөнінде ұсақ фирмалармен немесе жекелеген заңды тұлғалармен (франчайзилермен) шарт жасасады. Бұл орайда франчайзер франчайзиді тауармен, технологиялармен жабдықтауға, ақыл-кеңес беруге, т.б. міндеттенеді, франчайзи өзінің бизнесін тек басты фирма белгілеген нысанда ғана және белгілі бір уақыт бойына ғана жүзеге асыруға, белгілі бір төлемақы аударып тұруға тиіс. Негізінен екі нысанда — бұйымдар мен айналым Франчайзингі нысандарында көрініс табады. Бұйымдар Франчайзингі бойынша дайындаушы бұйымды қатаң түрде белгіленген нарықта не белгілі бір аумақта сату құқығын береді, өз кезегінде Франчайзингіні пайдаланушы тауарды тек дайындаушы-лицензиаттан ғана сатып алуға міндеттенеді. Айналым Франчайзингінің мәні лицензиатқа қызметтер пакетін ұсынуында, олар: өндіріс құпиясы, «ноу-хау», жинақталған тәжірибе, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, т.б. Шын мәнінде

Франчайзинг шарты аралас лицензиялық және агенттік шарт болып табылады, ал осы табыстау үшін және салық салу мақсатымен төленетін төлемақыны роялти ретінде қарау керек.

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудың мемлекеттік операторы ретінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызмет көрсетеді. Бұл қордың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін ынталандыру, мемлекеттің шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған қаржы құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл қор арқылы мемлекеттен берілген кепілдеме арқылы екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнес өкілдерін жеңілдетілген пайызбен несиелендіреді.

Бұл несиелерді алу үшін міндетті түрде кепілдемеге мүлік талап етілмейді, дегенмен техника-экономикалық негіздемеге жоғары талаптар қойылады. Көбінде қор мұндай техника-экономикалық негіздемені жасауға өз көмегін береді. Сонымен қатар бұл қор басқада қаржылай емес көмектер береді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қаржыландырудың басым бөлігі мемлекеттегі маңызды бағдарламаларға бағытталған. Мысалы, өнеркәсіпті дамыту, ауыл шаруашылығы, көлік, байланысты дамытуға, сонымен қатар, әлеуметтік инфрақұрылымның қызмет етуін қаражатпен қамтамасыз ету болып отыр. Үкіметтің барлық қаржылай шаралары ұлттық мүддені есепке ала отырып кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржыландыруға бағытталған.

Мемлекеттік қаржыландырудың көзі мемлекеттік және аймақтық бюджеттердің қаражаттары болып табылады. Кәсіпкерлік қаржыландыруды мұндай түрі қатаң мақсатты сипатқа ие. Яғни қаражат, нақты белгіленген мақсатқа ғана беріледі, оны сол мақсаттан тыс жұмсау жауапкершілікке тартылады.

ӘДЕБИЕТ

1 [http://kaz.bizmedia.kz]

ӘОЖ 579.66:556.531(574.12)

М.А. Нуриев

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, профессор,
ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер*

И.А. Мырзаханова

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ
магистр, PhD докторант*

ОЙЫН-САУЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ НЫШАНДАРЫ

Бұл мақалада халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері саналуандығы көрсетілген. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп ойынның аталып жүруі де жайдан-жай емес. Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алап қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Ол ол ма, осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп ғана қарамаған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз. Мақалада ұлттық ойындарымыздың түрлері жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: *Ойын-сауық, мәдени мұра, ұлттық ойындар, өнер,*

В этой статье рассматривается роль национальных игр. Игры и праздники имели и имеют огромное общественное значение. Традиционные народные развлечения в той или иной степени охватывают различные сферы хозяйственной, повседневной, духовной жизни казахского народа. Возникнув в глубокой древности в кочевой среде, традиционные игры отражают особенности мировоззрения и материальной культуры казахов и, кроме того, выполняют важные воспитательные, эстетические и ритуальные функции. Казахские национальные игры в жизни казахского народа играли большую роль. Игры поднимали настроение, развивали выдержку, ловкость, силу. Казахские национальные игры имеют большое содержание, они тесно связаны с искусством народа. Именно здесь были замечены и выделены много способных и талантливых людей. Казахские национальные игры – это традиция и наследие народа. В статье всесторонне рассматривали виды национальных игр.

Ключевые слова: *Развлечение, культурное наследие, национальные игры, искусство.*

This article examines the role of national games. Games and festivals and have had great social significance. Traditional folk entertainment in varying degrees, cover various areas of business, casual, spiritual life of Kazakh people. Originating in ancient times in the nomadic environment, traditional game is representative of the world and the material culture of Kazakhs and, in addition, serve important educational, aesthetic and ritual functions. Kazakh national game in the life of the Kazakh people have played a big role. Game cheered up, developed sustain, agility, strength. Kazakh national games have great content, they are closely associated with the art of the people. It is here that have been seen and identified many capable and talented people. Kazakh national game - it's a tradition and heritage of the people. The article comprehensively reviews the types of national games.

Keywords: *entertainment, cultural heritage, national games, and art.*

*Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер
тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін
жаңа заманға жарасымды
жалғастыруымыз қажет.*

Н.Ә.Назарбаев

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ой-өрісі дамыған жанаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – *ұлттық ойындар*.

Қазақ халқы – материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да бай халықтардың бірі.

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қара болсақ, содан үлкен де мәнді-мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Ұлт ойындары ол бар өнердің басы, көне мәдениет пен әдеби туындылар, ең алдымен, сол халық жиналған думанды-сауықта, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған. Сөйтіп, бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлт ойындарының өзі еңбегінің жемісі болып табылады.

Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты, қазақ халқының ұлттық ойындары өте ертеде пайда болған. Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақта, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдеп-ғұрып салттарының алуан түрлілігін жырлағанын байқаймыз. Мысалы, Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолында» атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығына айтқан, ұлы Абай өзінің 43-қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, оның өзі із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады. Осы жырлардың негізгі кей-

іпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Ойынға халық ерекше мән берген.

Ұлт ойындары атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойын тек жастардың дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай оның ақыл-ойының толысуына пайдасын тигізеді. Мысалы: Манашыұлы Тұяқпай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала кеудеге ақыл ойлайды» - деп түйіндейді. Бұдан көретініміз ойын тек көңіл көтеру мен ермек үшін жасалмаған, қайта халықтың жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде өз ұрпатарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын іс – әрекет қызметін атқарған. Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және алуан түрлі болып келеді [1].

Қазақ халқы ұлт ойындарына бай халықтардың бірі. Бірақ, ол ертеде ауызекі туып, жалпақ жұртқа ауызекі таралып отырған да, сондықтан көпшілігі бүгінгі күнге жетпей ұмыт болып кеткен. Қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы деректер XIII ғасырдан басталады.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдылықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты, т.б. мінез-құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдылығын, білек күшін қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Мысалы, бәйге ойынын алайық. Ол үшін алдымен бәйгеге қосылатын атты таңдап алу қажет. Ол атты баптап бағып, күтуге тура келеді, оның жейтін жемі мен ішетін суына дейін белгілі мөлшерде келтіріледі. Бәйге ге қосылатын

атқа мініп шабатын бала күн ілгері осы сынақтарға қатысады. Бәйге шарты мүлтіксіз орындалу үшін төреші тағайындалады. Бәйгеге әзірліктің басы-қасында болған бала, осы өнердің сырларын жете біліп, үлкен шаруашылық мектебінен өткендей әсер алады. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауықтық жағынан ғана емес, ол-спорт, ол-өнер, ол-шаруашылық, тәжірибеден маңызы бар тәрбие құралы.

Болашақ жастардың жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды қолдану жас ұрпақтың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Қазақ халқының XVI ғасырдағы өмірін суреттеуге арналған өзінің тарихи романында Ілияс Есенберлин: «Сарайшың бір түнде түлеп шыға келді. Қыз-бозбалалар жаңбыр жауған қызғалдақтай құлпыра қалған. Керуен сарайлар, қала аулалары ән-күелі, ойын-күлкілі думанға толып, екі жақтың бейбіт бәсекеге шығып, әр жерде сайыс, күрес, көкпар ойындарына кіріскен»- дейді [2].

Қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Сондықтан оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды. Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген тарихи және этнографиялық кітабында былай деген: «Жүн сабайтындар, көбінесе жастар болады. Олар жүн сабайтын үйге жиналады да, сабалатын жүнді киіз үйдің ортасына төсеген тулаққа үйеді де, айнала отыра қалып, екі қолына алған сабаумен ұра бастай-

ды. Әдетте, жастар бұғанойын-сауық үшін ғана жиналады. Себебі, жүн сабау үстінде жастар жарыса қимылдап, оны ойын-күлкіге айналдырады»

Қазақ халқының фольклорын, ұлт ойындарын жинаушы этнограф Ә.Диваев өзінің «Қырғыз (Қазақ) балаларының ойыны» деген еңбегінде оның бала тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, сол кездегі қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша жас ерекшелігіне қарай жас өспірімдерді негізінен үш топқа бөлді:

1. Бір жастан жетіге дейін – *нәресте*.
2. Жеті жастан он бес жасқа дейін – *бозбала*.
3. Он бес жастан отызға дейін – *жігіт*.

Осыған байланысты қазақ ойындары да сәбилер ойыны, бозбалалар ойыны және жігіттер ойыны деп бөлінеді. Мысалы, «Ақсүйек», «Орда» ойындарындағы ерекшелік олардың түнде ғана ойнайтығында емес, бұл ойында болашақ жауынгерлерге қажетті қасиеттер: қырағылық, байқағыштық, бағытты бағдарлай білу, тапқырлық, сергектік, жүйріктік, алғырлық, батылдық, өжеттік, тағы басқалар – тәрбиеленумен бірге оның түнде ойналатын тағы бір сыры-алдымен жау шебіне барлау жасау үшін түнде жерді айыра білуге, бағытты дәл табуға жаттығуда. Әсіресе, ерте замандарда жау жасырынып келіп түнде шабатын болған, сондықтан ауыл жастары түнде ауыл маңын торитын жаудан сақтық күзетінде тұрып, бұл ойынды бір жағынан ермек ретінде де, жаттығу үшін де пайдаланған.

Шынында, ұлт ойындары – ауыз әдебиетінің бір саласы.

Қазақтың қай ойыны болса да айтыс, өлең-жырлар өріліп, көрермендер мен тыңдаушыларға өрелі өнеге беріп, қатты әсер етеді. Ойын негізінде жас жеткіншектің ұжымдық ортада ой өрісінің дамуына да әсерін тигізеді. Ойынның тіл дамытудағы ролі ерекше. Мысалы, М. Горкий сөзімен айтар болсақ «бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғынады. Сонымен нақтылай айтсақ, ұлт ойындары тіл меңгерудің негізгі құралы болып саналады. Ойын үстінде бала ешнәрсеге тәуелсіз. Өзін еркін ұстайды, ар еркіндік дегеніміз барлық дамудың алғашқы

қадамы болып есептеледі. Олай болса, ойын интернационалдың тәрбиенің баға жетпес құралы ретінде айтарлықтай маңызды. Ойын үстінде бала тілдің ішкі иірімдерін, халықтың ойлау жүйелерін, сөз қолдану әдістерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдік, психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіншілік алады. Біздің қос тілді республикамызда орыс тілін де қазақ тілін де үйренуге, әр ұлт балаларының өз ана тілдерін, басқа ұлт тілдерін де меңгеруіне ойынның тигізер пайдасы көп.»

XX ғасырдағы көрнекті Нидерланды ойшылы И. Хейзинг «Ойнаушы адам» ұғымы «Жасаушы адам» ретінде елеулі қызметті бейнелейтіндігін айтады. Шындығында іс-әрекеттің қалған түрлерінің ешқайсысында да адам ойындағыдай өзінің психофизиологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін әйгілей алмайды. Ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңілінді аулайды, демалыс сыйлайды. Баланы ойыннан ажырату – оның дамуының басты көзінен, шығармашылық импульсінен және әлемді тану үдерісін жандандырудан айыру болып табылады. Ойын – баланың барлық өмірлік бағыттарының реттеушісі. Дидактикалық ойындар таным және бастауыш білім беруде балалардың іс-әрекетінің белсендіргіші. Ол балалардағы балаға тән қасиеттерді сақтайды және дамытады, балалардың өмір мектебі және «даму тәжірибесі». Бала ойнай отырып өмірді таниды, өзін оған дайындайды, жасампаз адам ретінде қалыптасады [3].

Қазақ халқының ұлттық ойын-сауық түрлері. Қазақ – ойын-сауықшыл халық. Бүгінде қазақтың 100 ден аса ойын түрлері мәлім. Соның ішінде ұлттық ойындардың жиі қолданылатын түрлері: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ», «Сайыс», «Күрес», «Теңге алу» және т.б. Қазақ «баланы жастан» дегенде, ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты ертерек және жас ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдайды.

Ұлыстың ұлы күні ойналатын ойын-сауықты «наурызнама» деп атаған. Ол күнде жазғытұрым наурыз деген мейрам болып,

халық наурызнама деп той-тамаша болады екен. Бұл күні үлкендер мен кішілер осы мейрамға жиналып, көңілді ойын-сауықтар жасайды. Тойда ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі өткізіліп, айтыс, түрлі ойындар мен ән-жырлар, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Наурызнама он шақты күнге созылатын әрі халықтың ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен той.

Қыз қуу. Қазақ халқының ұлттық ойындарының ішіндегі аса бір ерекше түрі – «Қыз қуу» ойыны. Ол ұлттық спорттың денешынықтыру ойыны ретінде дамыған. «Қыз қуу» кең далада үлкен топтың арасында намысты ер жігіт жас қызды ат үстінде қуудан басталады. Егер ер жігіт қызды қуып жетсе, қыздың бетінен сүйеді. Ал қызға жете алмаса, жұртқа күлкі болып, өз жазасын алады.

Арқан тартыс. Халық арасында ерекше қызығушылық тудыратын ұлттық ойындардың бірі - «Арқан тартысу». Бұл ойында екі топ адамдары бір-бірімен күш сынасады. Екі топқа адам тең бөлініп, ортаға сызық белгілеп, арқан тартысады. Арқанды өзіне тартып алған топ күшті, жігерлі ұжым болып саналады.

Айгөлек. Қазақ халқының ұлттық ойындарының ішіндегі ең көп тараған түрі – «Айгөлек» ойыны. «Айгөлекті» жасыл желек атқан көктемде, салқын самалды күзде ашық алаңда ойнаған. Жас қыздар мен жігіттер ойынның негізгі көркі болып табылады. Кешке жиналғандар өзара екі топқа бөлініп, арасы бір бірінен 15-20 қадам қарама-қарсы екі сызықтың бойына тізіледі. Екі топ бір-біріне кезекпен екі жақтан адам шақырады. Шақырылған адам қарсы топтың қолын бұзып өтуі керек. Егер қолын бұзып өтсе, сол топтан өзімен қоса бір адамды ала кетеді. Ал егер бұза алмаса, өзі сол топта қалады. Қай топта адам саны көп болса сол топ жеңіске жетеді.

Алтыбақан. Алтыбақан ойыны көбіне жазды күні ауылдың сыртында өтеді. Алтыбақан құру үшін әрқайсысының ұзындығы 3-4 метрдей 6 салма мен жуандау бір бел ағаш және жуан ағаш керек. Үш-үштен алты ағаштың бір жақ басынан матайды. Солай екеуін екі жерге тұрғызып, ортасынан көлденең бел ағашты жоғары қисайтып тұрғызып байлайды. Ортасынан бел ағаштың екі

жағынан арқан орайды. Содан соң алтыбақанды тебушілер отыратын, болмаса, аяқпен тұруға лайықталған орындық ретінде көлденең тақтай кигізеді. Әдет бойынша алтыбақанды жұп болып қыз бен жігіт тебеді.

Аударыспақ. «Аударыспақ» – халық арасында кең тараған ұлттық ойындардың бірі. Ол қазақ халқында ертеден келе жатқан ойын болып саналады. Ойын ережесі бойынша екі атты адам арасы 40-50 адымдай екі көмбеде тұрады. Ойын жүргізушінің берген белгісінен кейін бір-біріне қарама-қарсы шаба жөнеледі. Екеуінің бірі аттың үстінен аударылып түссе, сол адам жеңілген болып есептеледі.

Сақина салу. Қазақ топырағында ертеден келе жатқан ойынның бірі – «Сақина салу». Оған он шақты жас жігіттер мен қыздар қатынасады. Тізіліп отырған жастардың біріне сақина салушы сақинаны білдірмей тастайды. Ойынды жүргізуші ойынға қатысушыларды айналып өткен соң «сақинам, сақинам ортаға шық» дейді. Әлгі сақина салынған адам ешкімге білдірмей тез арада ортаға ұмтылып шығуы керек. Ал егер ол ешбір адамға білдірмей ортаға кедергісіз шықса, онда ол адам сақинаны салып, жүргізуші болады, егер шыға алмаса, қайта орнына отырады.

Асық ойыны. Қазақ халқында ертеден келе жатқан ойындардың бірі – «Асық ойындары». Халық арасында асық ойындарының бірнеше түрі сақталған. Бұл ойынды тек асығы бар ер балалар ғана ойнаған. Асық ойнаушылардың саны 4-8-ге дейін барады. Бұл ойынның мақсаты – асық ұтып алу. Ойын ережесі: Көнге барлық ойыншы бір-бірінен асық тігеді. Содан соң бір бала ойыншылардың кім-кімнен кейін ойнау керек кезектерін анықтау үшін басқалардың сақасын жинап алып иіреді. Иірген кезде алшы түскен сақаның иесі – бірінші, тәйке түскеннің иесі – екінші, бүк түскендікі – үшінші, шік түскендікі – төртінші болады.

Тоғызқұмалақ. Келесі терең ойды талап ететін, ойнасаң қызығына ешбір қанбайтын, халық даналығынан шыққан ойындардың бірі – «тоғызқұмалақ» ойыны. Тоғызқұмалақ – қазақ халқының ертеден келе жатқан есеп ойыны. Өйткені, бұл ойын тақ сандар мен жұп сандардың өзара тартысына құралған.

Бұл күндері оны арнаулы тақтада ойнайды. Тақтаның ойып жасалған он сегіз ұяшығы бар. Әрбір ойыншының тоғыз-тоғыздан отауы, құмалақ жинайтын бір-бірден қазаны болады. Отаулар тоғыз-тоғыздан қарама-қарсы түске боялып қойылады. Мысалы, қызыл мен көк, ақ пен қара. Отаулардағы құмалақтардың барлығы да тоғыз-тоғыздан болады, яғни тақ сандар. Ойын осы тақ сандармен басталады. Ойыншы солдан оңға қарай кез келген отаудан бастап жүреді. Тоғызқұмалақ ойыны, негізінен, Орталық Азияда кеңінен тараған. Қазақ пен қырғыз мемлекеттерінде республикалық, халықаралық жарыстар өтіп тұрады. Қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындарының көптігі соншалық, оларды адамның жас ерекшеліктеріне қарай топтауға да болады. Мәселен, «тоғызқұмалақ», «хан дойбысы» секілді ойындар жас-кәріні талғамайтын болса, кейбір басқа ойындар тек әр жас өкілдеріне ғана тән.

Ойын-сауықтың мақсаттары да әр қилы. Ең алдымен уақытты көңілді өткізу, жастардың басын біріктіру, бірімен – бірін таныстыру. Сонымен бірге әрбір ойын-сауықтың жастарды сергітуден басқа, белгілі тәрбиелік мәні де болған. Әрине, ойын-сауықтың әр халықта да болғаны да, бары да рас. Қашанда еңбек пен ойын-сауық қатар өмір сүреді. Ойын – сауықтардың түрлері жете түсіндірсек: 1) Ойын-сауық алдымен елді сергітіп, көңілін көтеруге қажет. «Көтермесең көңілді кір басады» дейді қазақ әндерінің бірінде. 2) Ойын-сауық жастардың талантын саралау үшін де қажет. Кім неге ыңғайлы, кімнің қабілеті өнердің қай саласында, ойын-сауық арқылы соны байқауға болады: өлең айту арқылы кімнің әншілік қабілеті қанша дамыған, дауысы қандай т.б. 3) Ойын-сауық жастарды пайымдаушылыққа, тапқыштыққа үйретеді. Жастар арасында кең дамыған ойындардың бірі - жаңылтпаш айту. Ол арқылы тіл ширатылған. «Аңға шықтым. Сөйтіп, ойды дамыту үшін жұмбақтар, тілді шынықтыру үшін жаңылтпаштар тапқан. Жастардың бірімен-бірі кездесіп, жарасуы үшін ойынның басқа да түрлері болған. Мысалы, «Күзет» ойыны - Ауыл жігіттері мен

қыздары түнде таң атқанша от жағып жылынып ойнайды. Сонымен бірге малды қыста да, күзде де күзетеді, өздері де бірімен-бірі кездесіп, мауқын басады. «Белбеу» ойыны – Жігіттер мен қыздар дөңгелектеніп турады. Біреу оларды айналып жүріп, қалаған біреуінің сыртына белбеу тастап кетеді. Оны қарап көруге болмайды, сезу керек. Сызбеген жігітті, не қызды белбеумен соғады, айналып орнына жеткенше. Ойын сақтыққа үйретеді. Жастар ойынының тағы бір түрі – «Ақ сүйек» ойыны. Қойдың жілігін тазалап, оның бір жағын тесіп, оған қырғауылдың құйрығын тығып, лақтыруға ыңғайлы етеді. Ойынды айлы түнде жазда, күзде ойнайды. Бір топ жастар жиналып тұрғанда әлгі сүйекті, оны «Құс бек» дейді, бір жігіт қалыңға қарай лақтырады. Қалған қыз-жігіттер жаппай бәрі соны іздеуге лап қояды. Оны іздеп табуға 15-20 минуттай уақыт кетеді. Ғашықтардың бірін-бірі табысуына бұл ақылмен табылған қолайлы жағдай. Ал жігіттер арасындағы ойындары ішінде жылқы малына байланысты «Бәйге», «Көкпар», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Қыз қуу» сияқты түрлері болған. Үлкен тойларда, ас беру кезінде сәйгүліктердің жасына қарай «Қунан бәйге», «Дөнен бәйге», «Бесті бәйге» деп бөліп 15, 25, 40 км жарыс ұйымдастырылған. Оған жан-жақтан ел жиналып, сәйгүліктерін бәйгеге қосқан. Атқа отыратын, әрине, 12-13 жасар жас балалар болатын. Бәйге де, егер той үлкен болса, пәлен жүз аттан қай ат келеді, озып келген ат үстінде отырған бала руының ұранын айқайлап айтқанда, аты озған ру үлкен қуанышқа бөленген. «Көкпарды» спорттық ойынның ең ауыр, күшті түрі десе де болады. Әрине, көкпарды бір үй серке сойып, жиналған аты адамдарға береді. Алғашқы бастамада ең ауыры дода басталады. Көкпарға бәрі бірдей тартысып, бір күшті, аты мықты адам алып шығып, аты жүйрік болса ала қашады. Қалғандары қуа жөнеледі. Қуып жетсе тары тартыс басталып, аяғы додаға айналады. Дода кезінде қамшы тиіп, көзі шығып, не басы жарылып, қолы сынатындар да, тіпті жазым болатындар да болған. Көкпарды алып қашқан кісі оны бір үйге әкеп салады. Көкпар түскен үй әлгі жігітке сыйлық береді.

Келесі жолғы көкпарды әлгі көкпар түскен үй беретін болған. Жамбы ату мергендікке баулыса, шауып келе жатқан ат үстінде отырып жерде жатқан орамалды іліп кету машықтыққа баулыған. Аударыспақтың да өзіндік мәні болған. Ойынның қалған түрі «күрес», «жаяу бәйге», «доп ойнау», «қыз қуу» деген сияқты. Күреске әдісқой, палуан жігіт түгіл, әйел де шыққан, доп ойнау көктемде наурыз кезінде болған. Допты сиырдың асығынан жасап, жігіттер басы имен таяқпен ұрып ойнаған. «Қыз қуу» ойынында шабандоз қыз жүйрік атпен жігітті қамшымен тартып жіберіп шаба жөнеледі. Жігіт атпен оны қуып жетіп, бетінен сүю керек. Оған жете алмаған жігітті ел күлкіге айналдырған. Бұл ойындар біріншіден, халықты бірлікке, жарысқа шақырып, машықтыққа, ерлікке баулыған. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мақал ауылдас адамдардың бір-біріне жақын болатындығын көрсетеді. Екіншіден, ол ойындар дене мен бойды шынықтырып, шыңдап, жалпы елге қозғау салған, рухын көтерген. Қазақ халқының рухани өмірі аса бай, әсіресе ауыз әдебиеті кең тараған. Табанда жанынан бір-екі шумақ өлең шығара алмайтын қазақ кемде-кем десе болады. Көшпелі халықтардың ондай ерекшелік қабілеттерін кезінде Шоқан Уәлиханов та айтқан. Қазақ кез келген құбылысты өлеңге айналдыра білген. Бірінші кісі өлең ұйқасын бастаса, екінші кісі оның жалғасын табанда тауып іліп әкететін болған, немесе табанда бірінші кісіге жауап қайтарған. Сондықтан да болса керек, қазақта суырып салма, айтыс, шешендік сөз кең тараған. Айтыс өнері ғажап нәрсе. Табанда өлеңмен айтылған сынға өлеңмен жауап қайтару, мүмкін болса, одан асып түсу қажет. Бұл компьютер машинасына да келешекте мүмкін бола ма, жоқ болмай ма, әйтеуір әзірше, қол жетпейтін бізге ғана тән ерекше құбылыс. Сонда адам миы – компьютерден асып түскені. Қазақ арасында құрдас адамдардың ойыны, бірін-бірі кекетіп сынауы, әзіл-күлкі түрінде кемістіктерін бетіне басу, оны елдің көзінше айтып жариялау, бұл өркениеттіліктің үлкен бір көрінісі десек те болады. Керек десеңіз Бұхар жырау Абылайхан-

ның да кемістіктерін бетіне басып, халыққа жария еткен. Бұл өзара сынның ең күшті көрінісі еді. Сол сын арқылы халық өз кемістіктерін көріп, жөндеуге тырысты. Абайдың қара сөздерінде де қазақ халқының кейбір кемістіктері баса айтылады. Алтайдан Атырауға дейінгі мыңдаған шақырым алқапты қамтып жатқан көшпелі тілінде диалекті болмаған дедік. Олардың әдет-ғұрпы, салт-санасы, қисса - ертегілері бірдей болған. Елдің бір шетіне жау тисе, жан-жақтан жиылып, бірге қорғаған, бас қосып жиын, той өткізген, ас берген. Қазақ жұрты бір-бірімен тез әрі тығыз байланыс орнатып отырды. Мәселен, арасы алты айлық жердегінің бір өңірге болған оқиға жөнінде шыққан хабар кешікпей екінші шетіне жетіп отырған. «Ұзын-құлақ» деген сөз де содан қалған. Кейін ғылыми техникалық прогресс кезінде осындай тәсілмен жеткен хабарды «шуда жіп телефон» деп күлетін болдық [4].

Қазақтың ұлттық ойындары-халқымыздың мәдени асыл мұрасы болып табылады. Ойын-сауық қазақ үшін мереке-мейрам, той-думан - әлеуметтік-көркемдік құбылыс қана емес, ол үлкен этно-мәдени оқиға. Мамандар ойын-сауықтардың түбір-түйінін талдай отырып, оларды тәрбиелілік, рәсімдік, әскери-жорықтық, жарыстық және т.б. әлеуметтік қызметтерін, келесілері - тәрбиелік, сауықтық, кәсіптік, белсенділік, рәсімдік, әдеп-ғұрыптық, дене шынықтырушылық, әлеуметтік жаттығу сияқты қызметтерге жіктеген.

Тарихпен бірге тұлға, заманмен бірге оның ұрпақтарының ойы-сауықтарының түрлелі де өзгергенін, жаңарғанын, жетілгенін білеміз. Ойын-сауық - қауымдастықтағы мәдениет пен қарым-қатынастың жетілген, көпке жақын түрлері, ұрпақтың көңілін көтеретін және оны баулып тәрбиелейтін қызметтер жиынтығы және әдіс амалы [5].

Ойын-сауық көп нәрсені ұқтырды, көп нәрсеге куә болды. Ойын-сауықта іздегендер

сұрағанына жетеді. Мұндайда ойын-рәсімге, рәсім-ойынға, рәсім-салтқа, салт-ойынға айналып кетеді. Осындай реттілікпен адамның табиғатпен үйлесімділігі жарасты, туған ел-жұртқа ұлттық ойындар туындады. Ойын тұлға еркіндігінің терең негіздерін қалайды. Балалық шақта аз ойнаған адам іштей еріксіз, оның санасында еріктілік пен шығармашылық күші жетісе бермейді. Шығармашылық бастаулар ойында қаланады. Еркіндік, шығармашылық және ойын бірінен-бірі ажырамайды. Ойын барысында адам: 1) еркін, болмыстан қысым сезінбейді, ол сыртқы әлем заттарымен де, адам қабілетімен де еркін қатынаста болады; 2) адамдық және әлеуметтік қатынастарды жасайды. Ойын жауапсыз қылық емес. «Ойнап айтсаң да, ойлап айт», деген ескертпе бар. Ойынның шары тіл табысу:

Тіл алмасаң, түбінде өкінерсің,

Өлген соң шықпастай боп бекінерсің.

(Балықшы илә гибрит қиссасы, 215).

Жақынды оңынан тапқан, қиянат шығармады. Тіпті ойында әр қимыл-өнер, әр өнерге лайықты қимыл-әрекет ойлап табылады. Көпшіліктің алдындағы сөз өнері үлкен-кішінің өрісін ұлғайтып, өресін биіктетті. Сөз бен ойдағы, мінез-құлық пен жүріс-тұрыстағы көрік өзгеге үлгі бола алады. Үлкен де кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Қортыа келгенде, өмір кейде ойын-сауыққа ұқсас, ойын-сауықсыз адамның өмірін көз алдына елестету қиынға соғады. Өмірдің мағынасы, оның қызығында, қуанышында, қанағатында. Қызығу, қуану, қанағаттану-өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Өнерпаздық-ұқыптылық пен ынталылық нәтижесі, тәртіптілік пен қабілеттілік көрінісі, халықтың болашақ дамуының кепілі. Өнерпаздық – ойын-сауықтың шарықтаған, шалықтаған және шиеленіскен көрінісі мен қызметі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://bilim.idhost.kz/tarbie-sagaty/2549-ulttyk-oyyn-halyk-murasy.html>

2 «Жанталас», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1973, 35-бет.

3 Е. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары», Алматы, Рауан 1991 ж.

4 М.Сәтімбекова. «Тәрбиелеу мен білім беруді жаңарту негізі». Алматы. 2004ж.

5 Төтеней Б. Қазақтың ұлттық ойындары (Тарихи-этнографиялық зерттеме) Алматы, 1998 ж.

6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 7-том, Астана, 2006 ж, 452-бет.

ОӘЖ 94 (574)

Ж.Ш Саметова

*Абай ат.ҚазҰПУ «Интеллектуалды ұлт
қалыптастыру» ҒЗИ expertі*

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада, жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйретуге бейімдейтін, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағыттайтын – еңбек тәрбиесі туралы жазылған. Еңбек тәрбиесі барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі халықтың педагогикасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде дамуы болып табылады. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы қалыптасады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде өзіне-өзі қызмет ету, оқу құралдарын дайындау, мектеп үйін жөндеу, табиғатты қорғау, т.б. қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, қабілеттіліктерінің, бейімділіктерінің дамуына мүмкіндік жасайды.

Онымен қоса оқушыны еңбек арқылы тәрбиелеуде мектеп бағдарламасының «Еңбекке баулу» пәнінің рөлі ерекше. Мақалада әсіресе баланың интеллектуалын арттырудағы еңбекке баулу пәнінің атқаратын қызметін, оқушының жан-жақты дамуын қалыптастырудағы ерекшеліктерін анықтау мен жетілдіру жолдары талданған.

Түйін сөздер: *Еңбек тәрбиесі, әдістеме, бағдарлама, еңбекке баулу, технология*

В статье написано о культуре труда, которая воспитывает подростков к уважению труда, обучению культуры труда, формирует мастерство и навыков в этом. Воспитание труда является частью народной педагогики всех народов и народностей. В ходе труда у подростка формируется аккуратность, трудолюбие и навыки трудиться. По возрастным особенностям у учеников в процессе учебы развивается самообслуживание, подготовка учебных предметов, ремонт здание школы, защита природы и уважение к др. общественному полезному труду, которые развивает мышление, способность и приспособляемость детей. В воспитании через труда имеет значительная роль предмет «Технология» который заложена в школьной программе. В статье анализируются особенности и пути развития предмета культивирование труда который повсеместно способствует развитию интеллекта подростков.

Ключевые слова: *Культура труда, методика, программа, культивирование труда, технология.*

In the article is written about the work culture that fosters respect for teenagers to work, work culture of learning, forms the skill and expertise in this. Parenting work is a part of folk pedagogy of all nations and nationalities. In the course of work at the teenager formed accuracy, diligence and skill to work. By the age peculiarities of the students in the learning process develops self-service training of school subjects, school building repairs, protection of nature and respect for others in sociably useful work that develops thinking, the ability and adaptability of children.

In education through labor has a significant role subject “Cultivating a work” which is incorporated in the school curriculum. The paper analyzes the characteristics and the development of the subject cultivation work that contributes to the development of intelligence everywhere adolescents.

Keywords: *Work culture, methodology, software, cultivation of labor, technology.*

Еңбек тәрбиесі – тәрбиеленушілердің жалпы еңбектік біліктері мен кабілеттерін, еңбекке психологиялық дайындығын дамытуға, еңбекке және оның өнімдеріне жауапкершілікті қатынасты қалыптастыруға, мамандықты саналы таңдауға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті [1]. Еңбек тәрбиесі – жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағыттайды. Еңбек тәрбиесі барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі халықтың педагогикасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде дамуы болып табылады. Қазақстанның халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесі отбасында, мектепте, мектептен тыс мекемелерде жүзеге асады. Отбасында бала кішкене кезінен еңбек тапсырмаларын орындауға, еңбекқорлыққа, төзімділікке баулынса, мектепте білім берумен тығыз байланыста жүзеге асады. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы қалыптасады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде өзіне-өзі қызмет ету, оқу құралдарын дайындау, мектеп үйін жөндеу, табиғатты қорғау, т.б. қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, қабілеттіліктерінің, бейімділіктерінің дамуына мүмкіндік жасайды.

Онымен қоса оқушыны еңбек арқылы тәрбиелеуде мектеп бағдарламасының «Еңбекке баулу» пәнінің рөлі ерекше. Бұл пәннің әсіресе баланың интеллектуалын арттырудағы атқаратын қызметін, оқушының жан-жақты дамуын қалыптастырудағы ерекшеліктерін анықтау үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігімен бекітілген жалпы білім беретін мектептің 1-11 сыныптарына арналған оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген «Еңбекке баулу» пәні бойынша ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ) талдау жасалды.

Ең бірінші байқағанымыз, пән 1-4 сыныптарда «Еңбекке баулу» деп аталса, 5-11 сыныптарда «Технология» пәні деп аталынады. Біз 1-9 сыныптарда «Еңбекке баулу», ал 10-11 сыныптарда «Кәсіптік бағдар» деп атауды ұсындық. Себебі, біріншіден, мектеп оқушысы 1-9 сыныптарда еңбек етуге тәрбиеленеді, яғни, нені қалай жасауды үйренеді. Екіншіден, «технология» ұғымының аясы өте кең. Оқушы емес, үлкен адамдардың өздері «Технология» ұғымының неше мағынасы бар екенін, қай жерде қандай мағынада қолданылып тұрғанын жете түсіне бермейді. Сол себепті, қарапайым мектеп бағдарламасының пәні үшін бұл күрделі атау деп шештік. Үшіншіден, 10-11 сыныптарда «Кәсіптік бағдар» деген атауды ұсынған себебіміз, жоғарыда айтып өткендей «Еңбек» пәні мамандықты саналы таңдауға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті. Сондықтан да, 10-11 сыныптарда оқушыларды біз еңбекке баулымаймыз, белгілі бір кәсіпке бағыттаймыз. Бұл тіпті, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі 12-жылдық білім беру жүйесінің бағдарламасына да сәйкес келеді деп түсінеміз. Өйткені ол бағдарламаның бейінді мектеп деп аталатын сатысында, дәл осы кәсіпке баулу стратегиясы жүргізілуде. Жалпы білім беретін мектептің 10-11 сыныптарына арналған сол «Технология» пәнінің бағдарламасының өзі «Шаруа қожалығы: құрылысы, күтімі, жөндеуі», «Компьютерде іс-қағаздарын жүргізу», «Өндірістік технологиялар негізінде конструкциялық материалдарды өңдеу», «Кәсіпкерлік негіздері» [2] деген курстарға бөлінген. Яғни, пәнді «Кәсіптік бағдар» деп атауды ұсынғанымыздың мәні осында.

Оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктерінде, бастауыш сыныптарда әдістер өте күрделі берілген деп есептейміз. Бір ғана мысал келтіре кетейік, 1-сыныпта «Көркем еңбек» тарауы бойынша 20 сағат берілген, онда жұмыста қолданылатын әдістер: пішу, өлшеу, кию, біріктіру. Шамамен берілетін тапсырмалар, жасайтын бұйымдар: мата түрлерінен жиынтықтар (коллекция) дайындау, бөрік, сәукеле, тақия, шапан, көйлек, етік, шалбар т.б. деп жазып қойған. 1-сыныпқа жаңа келген бала мата түрлерін емес, әріптерді жаңадан ажыратып отыратыны анық, ал біз келіп оларға пішуді, өлшеуді үйретеміз дейміз.

Оқу бағдарламасының базалық мазмұнына келетін болсақ, 5-7 сыныптар аралығында тақырыптық жоспар ұлдар мен қыздарға, қала мектептері және ауыл мектептерінің оқушыларына деп бөлінген. Яғни, бұл «Технология» пәнінің екі топқа (қыздар, ұлдар) бөлініп оқытылатынын аңғартады. Ал, тақырыптар мен сағаттар санына қарасақ сәйкессіздіктерді байқаймыз. Мысалы үшін, 6-сыныпты алайық, барлығы 68 сағат (аптасына 2 сағаттан) берілген, ал бағдарламадағы тақырыптар бойынша берілген сағат сандарын санасақ, ауыл мектептерінің ұлдарына 42 сағат, қала мектептерінің ұлдарына 52 сағат шығардық. Ал қыздардың еншісіне берілген сағаттар саны одан да аз, ауыл мектептерінің қыздары үшін 20 сағат, қала мектептерінің қыздары үшін 32 сағат. Қалған сағаттардың барлығын жоба ретінде қалдырған, яғни 6-сынып оқушысы үшін біз осынша сағат жоба жұмысын жасау көп деп есептейміз.

Ал, 8-сыныпта ұлдар қала мектептері мен ауыл мектептерінің оқушыларына бөлініп берілсе, қыздарға берілген тақырыптар олай бөлінбеген. Біздің ойымызша, керісінше, қыз балаларға арналған тақырыптарды ауыл және қала мектептерінің ерекшеліктеріне қарай бөлу қажет. Мысалы үшін, практикалық жұмыстарда, тағам дайындау, ашыған камыр дайындап, одан тағам пісіру сияқты тапсырмалар берілген. Ауыл мектептерінде тамақ пісіретін құрал-жабдықтар жоқ екенін

білеміз, сондықтан да қыз балаларға берілетін тақырыптар мен тапсырмаларда да ауыл мен қала мектептерінің ерекшеліктерін ескеру қажет деп есептейміз.

Тағы бір айтатын мәселе тақырыптарда қайталау өте көп. **1, 2, 3, 4 сыныптарда да қайталанатын тақырыптар:**

- Қағаз, қатырмақағазбен жұмыс;
- Тоқыма материалдармен жұмыс;
- Табюифи материалдармен жұмыс;
- Ұлттық киімдер;
- Ыдыс аяқтар;
- Зергерлік бұйымдар;
- Ұлттық бұйымдар;

5, 6, 7, сыныптарда қайталанатын тақырыптар:

- Ауыл шаруашылығы өндірісінің техникасы мен технологиясы;
- Машинатану элементтері негізінде конструкциялық материалдарды өңдеу технологиясы;
- Сәндік қолданбалы өнердің элементтері негізінде материалдарды көркемдеп өңдеу;
- Металл өңдеу;
- Тері өңдеу;
- Жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру технологиясының негіздері;
- Сәндік-қолданбалы өнер элементтері негізіндегі көркемдік қолөнер технологиясы. Тігін бұйымдарын модельдеу;
- Тамақ әзірлеу технологиясы;
- Үй мәдениеті. Тұрмыстағы техника;

8-9 сыныптарда қайталанатын тақырыптар:

- Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы
- Машинатану элементтері негізінде конструкциялық материалдарды өңдеу технологиясы;
- Сәндік қолданбалы элементтер негізінде материалдарды көркемдеп өңдеу. Ағашты көркемдеп өңдеу;
- Сәндік-қолданбалы өнер элементтері. Тігін бұйымдарының сән үлгілері.
- Тамақтану мәдениеті. Тамақ әзірлеу технологиясы.
- Үй мәдениеті. Тұрмыстағы техника;

Ал оқулықтарға келетін болсақ, белгілі ғалым В.П.Беспалько айтқандай: «Оқулық жазу – оңай шаруа емес, нағыз оқулықтар жасайтындай болып кемелдену үшін, педа-

гогика жөніндегі қазіргі ғылыми монографияларды байыбына жете зерттеп оқыған жөн»

Бір қуантарлығы, бізде қазір қолданыста жүрген «Еңбекке баулу», «Технология» оқулықтарының барлығы дерлік жоғары деңгейде жазылғандығын көре аламыз. Оқу бағдарламасында тақырыптар қайталанғанымен, оларға ұсынылған әдістер күрделі болғанымен, әр сыныптың оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған оқулықтар көңіл қуантады. Себебі, М.И.Скаткиннің сөзімен айтсақ, «Оқулыққа Белгілі бір мөлшерде оқыту әдістемесі де ендірілген... Бұл мағынада оқулық алдағы оқыту қызметінің өзінше бір сценарийі бо-

лып табылады» [4]. Яғни, оқулық дегеніміз оқушының пәнді терең де жетік меңгеруінің басты құралы. Ал мұғалім пәнді түсіндіргенде түрлі әдіс-тәсілдерді ойлап табушы, сабақты түрлендіруші тұлға. Оқушының сабаққа құлшынысы мен талабы көдінесе мұғалімге байланысты. Сол себепен де біз жалпы білім беретін орта мектептің 9-10 сынып оқушыларынан «Еңбекке баулу», «Технология» пәнінің адам өміріндегі рөлі жайында, оның мектеп бағдарламасындағы орны, оқушы интеллектуалын арттырудағы ерекшелігін, жетілдіру жолдарын қарастыру мақсатында сауалнама жүргізген едік. Оның нәтижесін төмендегі кестеден көруімізге болады:

Қойылған сұрақтар	Жиі ұшырасқан жауаптар
1. «Технология» пәнін жақсы көретін себебім...	Кішкене сергіп, миың тынығады. Тұрмыстық техника түрлерімен танысамыз. Іс тигуді үйренеміз.
2. «Технология» пәнін жақсы көрмейтін себебім...	Жақсы көрмеймін, себебі ол сабақта көбіне бос отырамыз, уақытты алады, кейде бір іспен ұзақ шұғылданған жалықтырып жібереді. Ол пәнді жақсы көремін.
3. Аталмыш пән өте қызықты, себебі...	Шығармашылық жұмыстар істейміз. Түрлі заттар жасаған қызық. Өнер үйренуге септігін тигізеді.
4. Пән өте қызықсыз, себебі	Бір нарсені жасауға көп уақыт кетеді. Бір затты жасап болмастан, екінші затты жасауға ауысып кетеді.
5. «Технология» пәні қандай түрде және қалай өткенін қалар едің?	«Технология» пәнінің орнына ҰБТға дайындалатын бір пәнді қойса. Ұлдармен қосып өте берсе. Лекция түрінде емес, көбірек практикалық сабақтар өтілсе. Тігін машинасы болса. Мұғалім сабақ өткенде көңілді болса. Өткен сабақтарды қайталамаса. Арнайы жабдықталған шеберханада өтілсе.
6. «Технология» пәні болашақта не үшін қажет?	Қолыңнан іс келетін адам боласың. Өнерлі болуға ықпалын тигізеді. Дизайнер, суретші мамандықтарын таңдағандарға өте қажет деп ойлаймын.
7. Пән меңгеруге жеңіл, себебі...	Ешқандай қиындығы жоқ. Жақсы оқысаң, барлық пән оңай. Басқа пәндер сияқты оқып-жаттамайсың.
8. Пән адам өміріне пайдалы деп есептеймін, себебі...	Бойың сергіп, демалып қаласың. Мамандық таңдауда үлесін қосады. Келешекте үй салуға үйретеді.
9. Пән адам өміріне пайдалы емес деп ойлаймын, себебі..	Көп уақытыңды алады.
10. Пән интеллектуалды тұлға болуға көмектеседі: ия / жоқ	22 «ия» / 3 «жоқ»
11. Мұғалім қызықты түсіндіре біледі: ия / жоқ	20 «ия» / 5 «жоқ»
12. Ата-анам «Технология» пәнін қажет деп санайды: ия / жоқ	15 «ия» / 7 «жоқ» / 3 «білмеймін, ата-анамның пікірлерін сұраған жоқпын»

Қорыта айтқанда, оқушыларды еңбек етуге, еңбекқорлыққа баулу, оларға кәсіптік бағдар беру қазіргі таңда барлық оқу жүйесінде оқушы интеллектуалын арттырудың бір тәсілі болып табылады. Еңбек тәрбиесі барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі халықтың педагогикасының негізгі құрамдас бөлігі. Отбасында, орта мектепте баланы еңбекке баулу мен белгілі бір кәсіпке бағдарлау оның жан-жақты дамуы мен интеллектуалының артуына бірден-бір себепші екенін ұмытпайық. Сондықтан да, «Еңбекке баулу» мен «Технология» пәнін өткізуді жақсарту мен жетілдіру жолдарына өз тарапымыздан төмендегідей ұсыныстарды қосуды ұйғардық:

✓ Пәнді 1-9 сыныптар аралығында «Еңбекке баулу», 10-11 сыныптарда «Кәсіптік бағдар» деп атау;

✓ 1-2 сыныптарда оқыту әдістерін жеңілдету;

✓ Оқу бағдарламасында қайталанатын тақырыптарды басқаша атау;

✓ Тақырыптар мен сағат сандарын ауыл және қала мектептерінің мүмкіншіліктерін ескере отырып бөлу;

✓ Баланың интеллектуалын арттыру үшін ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, салт-дәстүрімізді жаңғыртатын тақырыптар мен тапсырмаларды көбірек қосу;

✓ Лекция түрінде емес, практикалық сабақтарға сағатты көбірек бөлу (оқушылар ұсынысынан);

✓ Сабақ қызықты да пайдалы өту үшін, пән мұғалімін интеллектуалын арттыратын курстардан өткізу;

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б.

2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы №367

3 Бұйрығымен бекітілген «Технология» пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

4 Беспалько В.П. Теория учебника. М. – 1988, – 76.

5 Скаткин М. Н. Активизация познавательной деятельности учащихся в обучении- М., 1965.

6 Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Аганина Қ.Ж. Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этико-эстетикалық негіздері), Алматы, 2010

ӘОЖ 373.78.4

Д.М Советканова., А.Е. Садыкова

Педагогика ғылымдарының магистрлері

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті

САЛАУАТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ БАСТАУЫ МЕКТЕП

Мақалада мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаттары айқындалған. Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру. Олардың мінез-құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени-гигиеналық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты, бүгінгі таңдағы «Дене шынықтыру» пәнінің бағдарламасы талданып, ұсыныстар енгізілді. Талдау жұмысы нәтижесінде мектептерде өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс – салауатты өмір салты ұғымы толық ашып қарастырылған.

Түйін сөздер: *мінез-құлық, дағды, дене шынықтыру, салауатты өмір, өзін-өзі тану.*

В этом статье мы хотели бы рассмотреть такую тему как «Физическая культура в школе». Эта тема является актуальной, т.к. физическая культура это часть общей культуры общества, которая направленная на укрепление здоровья, развитие физических способностей человека, спортивных достижений, а также Физкультура в школе имеет решающее значение для воспитания полноценной, целостной личности школьника. В своей статье мы попытаюсь выяснить какое место и роль занимает физкультура в образовательном учреждении, выделить компоненты и формы физической культуры и определить ее функции.

Ключевые слова: *поведение, физическая культура, самопознание, здоровый образ жизни, навыки.*

In this article we would like to consider a topic like «Physical Education in school». This topic is relevant because physical education is part of the general culture of the society, which aimed at improving the health, development of physical abilities, achievements in sports and physical education in school is crucial for the education of high-grade, integrated personality schoolboy. In his article, we try to find out what takes place and the role of physical education in the educational institution, identify the components and forms of physical culture and determine its function.

Keywords: *behavior, physical culture, self-knowledge, healthy lifestyle, skills.*

Адам организмі толық ер жетіп, кемеліне келгенге дейін ұзақ өсіп, күрделі даму жолынан өтеді. Осыған байланысты адам өміріндегі 4 кезеңді айыруға болады: құрсақтағы даму, балалық шақ, ер жету және қартаю [1]. Соның ішінде балалық шақ пен ержетудің алғашқы бірінші кезеңін балалар ең көп уақытын мектеп қабырғасында өткізеді. Балалардың денсаулығы мен күн тәртібінің де арасында айқын корреляциялық байланыс бар екені анықталған. Ұйқысы қанбаған оқушылар арасында денсаулық көрсеткіші

төмен екендігі, таза ауада күніне 1-ақ сағат немесе одан да аз болатын оқушылар көз рефракциясының анамалыясымен, ревматизммен, зат алмасу бұзылыстарымен, баска мұндай тәртіпті сақтаған балаларға қарағанда жиірек зардап шегеді. Жедел респираторлық аурулардың балалар арасында таралуы, негізінен, оқу-тәрбие бөлмелерінің ауданының жеткіліктілігіне, желдетілуіне және сонымен қатар, дене шынықтыру сабақтарының өтілу сапасымен байланысты болып келеді [2]. Жалпы білім беретін мектептің барлық

сыныптарға арналған дене шынықтыру мен өзін-өзі тану пәндерінің оқу бағдарламаларының мазмұнын талдайтын болсақ, ұлт денсаулығына арналған тақырыптардың қаншалықты деңгейде қамтылғанын анықтауға болады.

Жалпы білім беретін мектептің барлық сыныптарын бастауыш, негізгі, орта мектеп бағдарламасы деп үшке бөліп талқыланды.

Бастауыш мектеп бағдарламасында 1-4 сынып аралығында оқытылатын дене шынықтыру пәнінің жалпы сағат саны 408 сағат болса, өзін-өзі тану пәні бойынша ұлт денсаулығы қамтылған тақырыптардың жалпы саны 4 сағат. Негізгі мектеп бағдарламасында ұлт денсаулығы туралы тақырыптар қамтылған пәндер тізімі: Дене шынықтыру (5-9 сыныптар) бойынша жалпы 510 сағат ал, Өзін-өзі тану (5-9 сыныптар) бойынша жалпы саны 6 сағат, дене шынықтыру 10 – 11 сыныптарда жалпы саны 204 сағат, ал өзін-өзі тану бойынша 1 сағат бөлінген.

Талдау жұмысы нәтижесінде мектептерде өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымы толық ашып қарастырылады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелері жетілдірілген, дегенмен осы сала бойынша өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді жаңарту қажеттігі айқындалды. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болуы шарт.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне – өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? секілді сауалға жауап алуымыз керек.

Салауатты өмір салтының бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – жасөспірімдер арасындағы ішімдікке салыну десек, қазіргі зерттеулерге қарағанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының бағалауы бойынша, әлемде қазіргі кезде есірткі қолданатындардың саны 185 миллион адамға жеткен. Ал нашақорлықтың медико-әлеуметтік мәселелері республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының мәліметі бойынша, Қазақстанда жасөспірімдер арасында нашақорлыққа шалдығу былтыр 100 мың адамға шаққанда 564,2 адамды құраған. 2008 жылмен салыстырғанда бұл 20 пайызға жоғары. Соңғы кезде сондай-ақ, алкогольдік, седативтік заттарға және темекіге тәуелділіктің де артқаны байқалуда. ҚР денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне жүгінсек, бүгінде еліміздегі алкогольге тәуелді адамдардың саны 463 мың адамды немесе еліміздің ересек тұрғындарының 3,1 процентін құрайды. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының стандартына сәйкес, маскүнемдік дертке шалдыққан адам жақындары, туыстары, көршілері мен айналасындағы 10-50 адамның тұрмыс сапасын төмендетеді. Демек, еліміз тұрғындарының жартысына жуығы жанама тәуелді деген сөз.

Соған қарамастан, елімізде маскүнемдік деңгейінің арту қарқыны барған сайын үдеп, осындай дертке шалдыққандар арасындағы жастардың үлес салмағы арта түсуде. Мәселен, 1992-жылдан бері еліміздегі маскүнемдік дертіне шалдығу деңгейі 10 есе артты.

Соңғы 3 жылда жасөспірімдер арасындағы маскүнемдікке шалдыққандар үлесі 2 есе артып, әрбір 100 мың тұрғынға шаққанда 410,5 деген көрсеткішті құрап отыр. Бұл ересектер арасындағы осындай көрсеткіштен де артық. Ал балалар арасындағы көрсеткіш те 10 есе өсті [3].

Жастар арасында маскүнемдіктің өсуіне сыра және күшті спиртті өнімдерді өндірушілердің жастарға бағытталған агрессивті жарнамалық саясаты да бір жағынан түрткі болуда. Соның кесірінен бүгінде жастар арасында сыра- алкогольді ішімдікке жатпайды деген жалған стереотип қалыпташып өскелең ұрпақтың санасын улауда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымындағы Еуропалық және Оталық Азиялық бюролық бағдарламасының жетекшілерінің пайымдауынша, халықты спиртті өнімдермен улаудың қазіргі қарқыны сақталған жағдайда Қазақстан көп кешікпей Ресейдің деңгейіне жетуі мүмкін. Ал Ресей тұрғындарының 8-9 проценті маскүнемдіктен зардап шегеді деген есеп бар.

Бүгінде нашақорлық пен маскүнемдікке салынудың әлеуметтік – патологиялық дамуы мына себептерге байланысты екені белгілі болып отыр:

- әлеуметтік – экономикалық жағдай;
- отбасындағы психологиялық орта;
- жұмыссыздық, мақсатсыздық немесе шектен тыс бос уақыт, т.б.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – елдің ортақ мәселесі. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың маңызы орасаң болары хақ.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығу-

шылықтарын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады. Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамыз. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа: Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы, дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы(Оқулық).- Алматы 2002.344б.
- 2 Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004.,
- 3 www.stat.kz

ӘОЖ 8.80

М.А. Нуриев

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ директоры, профессор

Ж.Ш. Саметова

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ expertі

САУАТТЫЛЫҚ - СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕН БАСТАЛАДЫ

Сөз – күдіретті де пәрменді күш. Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Сондықтан да, мақалада қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениеті, сөз тәрбиесі, бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты мәселелер реті сөз болады. Оның ішінде тәрбие бесігі сөзден басталатындығы дәлелденіп, ғаламтор мен бұқаралық ақпарат құралдар тілінің тілдік мәдениетке әсері мен ықпалы қарастырылады.

Түйін сөздер: *сөз мәдениеті, БАҚ, тілдік тәрбие, ғаламтор тілі, қазақ тілі.*

Слово – могущественная и мощная сила. Поднять культуру речи казахского языка – один из требований национального интереса. Поэтому, в статье говорится о культуре речи, воспитании речи, проблемах средства массовой информации. В том числе, рассматривается обоснование языковой воспитании, влияние и впечатление к языковой культуре интернета и средств массовой информации.

Ключевые слова: *культура речи, СМИ, языковое воспитание, язык интернета, казахский язык.*

A word is mighty and powerful force. To heave up the culture of speech of Kazakh - one of requirement of national interest. Therefore, in the article talked at the cultures of speech, education of speech, problems of medium of communication. Including, a ground is examined by a language education, influence and impression to the language culture of the internet and mass medias.

Keywords: *culture of speech, media, language education, language of the Internet, the Kazakh language.*

Жалпы тіл мәдениеті дегеніміз – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Ғылым тілімен айтқанда, тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қа-

рым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану.

Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениетінің қарастыратын мәселелеріне тілдік ситуация, тілдік сана, тілдік орта, тілдік ортаның тазалығы, сөз қызметіндегі стилистикалық қатынастардың бұзылуы, сөйлеу этикасы мәселелері, сөз мәдениеті және мониторинг, т.б. мәселелер жатады.

Тіл мәдениетіне тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпикалық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормалар қамтылып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық норма жүзеге асады. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады. Олай дейтініміз, сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Жоғарыда айтылғандай, қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.

Қазақ халқы адам өміріндегі сөздің алар орынын, оның күш-қуатын жете түсініп, сөз сөйлей білуді ежелден-ақ өнер ретінде

бағалаған. «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» тәрізді аталы тұжырымдар тегін айтылмаған. Жуанды жуасытып, албыртты сабасына түсіретін де сөз. Иінді жерінде айтылған өткір, мәнді сөздер қашан да көп көкейіне тез ұялап, өзінің тыңдаушысын тамсандырады. Небір ғажайып ойлар, пікірлер сөз арқылы кестеленіп, оқушысын немесе тыңдаушысын баурайды. Білім болып сіңіп, тәлім болып тарап жатады.

Ұлы ойшылымыз Абай Құнанбаев: «Сөзіне қарай кісіні ал, ал кісіге қарап – сөз алма» деген ғой. Өнегелікті, байлықты, байыптылықты, адам бойындағы байсалды парасаттылықты сөзден іздеген, себебі, сөз тек ой-пікірді жеткізу үшін ғана қызмет етпейді, ол тәрбие құралы да. Қазіргі сауатты, білімнің барша саласы өрбіген, ғарыштар сырын аша бастаған біліктілер заманында сөздің тәрбиелік мәні арта түсуде.

Сөз – құдіретті де пәнменді күш. Ойланбай, жете мән берілмей айтылған сөз адам зердесіне кейде өшпес өз таңбасын қалдырады. Адамды еріксіз ренжітеді, жасытады, жігерді құм етеді, ойға қалдырады, тіпті кейбір адамдардың еңсесін басып, өмірден мүлде түңілдіріп те жібереді. Осы тұрғыдан келгенде, әйтеуір көкейіндегіні ірікпей айта салуға абай болып, аңдап сөйлеу қажеттігі туады. Сөзді сұрыптап, байқап қолдану тәрбие берудегі аса қажетті шарттардың бірі. Себебі, ақыл-есі жаңа қалыптасып келе жатқан балада жаңаға құштарлық, күңгіртті айқындау, өзіне мағынасы бәймәлім нәрселерді сұрап алу әдеті басым. Бала түсінігінің кеңеюіне, оның сөздік қорының артуына, алдымен ата-ананың ықпалы зор. Балаға белгілі бір оқиға, құбылыс жайлы түсінік бергіміз, қиялына қанат бітіріп, арман жолына жетелегеніміз, тіпті күнделікті өмірдің қыр-сырынан хабардар еткіміз келсе, оның барлығын сөйлеу арқылы жеткіземіз. Күннен-күнге түсінігі ұлғайып, ойына ой қосылып келе жатқан жас буын айтып отырған тәліміне қоса сөзіне, сөз саптауына мән береді. Отбасы – баланың тіл «сындыратын» бірінші мектебі. Сондықтан, балаға жасының өсуіне орай, тиісті өнегелі сөздерді үйретіп отыру –

ата-ананың ең маңызды борышы. Тілі шыға бастаған сәттен, тәрбиелік мәні бар сөздерді бала санасына сіңіре беру – оның болашақта тәртіпті, кішіпейіл болып қалыптасуына негіз қалайды. Сондықтан, ересектер бала көзінше айтатын әңгімесінде өрескел, тыңдауға ерсі, сөлекет сөздерді қолданбағаны жөн. Тіпті әңгімеге бала араласпаған күннің өзінде де, үлкендердің өздеріне қатаң талап қоя отырғаны керек. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді халқымыз. Олай болса бала санасына жақсы сөздер ұялата білу, жақсыға жанын құмар етіп тәрбиелеу – өзіміздің келешегімізді тәрбиелеу екенін ұмытпаған дұрыс. Баланың еркін, батыл, ашық болуы немесе бұйығы, жалтақ, жасқаншақ болуы да отбасы мүшелерінің мінез-құлқына тікелей байланысты. Үйде, ата-анасымен өз түсінігі айналасында еш қағажаусыз әңгімелесетін балада алдыңғы – абзал қасиет басым келеді. Кей ата-ана баласының сұрағына жауап берудің орнына тиып тастайды. Сондықтан да, баланың бойында жағымсыз қасиеттер орын алады. [1]

Тіліміздегі сөздер – алтын қорымыз. Ізімізді басып келе жатқан ұрпаққа қалдыратын ең асыл мұрамыз – тіл. Осы күнгі жастарымыздың сөзіне қарап, еріксіз бас шайқап, қынжыласың. Әрине, бұл аяқ астынан пайда бола кеткен дерт емес, отбасыда ата-анадан, жеңіл мінезді жолдастардан жүкқан, күннен-күнге, жылдан-жылға белең алып келген дағды. Үлкендердің өзі сөзінен сүрініп тұрса, оны тыңдаған балауса жастың көрген-ұққанын өз ортасында айнытпай қайталайтындығы шындық. Сол үшін де, сөйлей білу, сөйлеу әдебін сақтай білудің рөлі зор. Жүсіп Баласағұн бабамыз «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» десе, көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табақтарына былай деп жазылған екен: «...аузыңа абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің...», ал мексика халықтарында «сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын» десе, үнді заңында «қандай бір қиын жағдайда да балағат сөзге тыйым салынады, көкейге қоным-

ды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын» делінген. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жазу болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері оқырмандарына өмірдің өзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

«Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әр бір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» - деп тұжырымдайды М.Балақаев. [2]

Жазушы Әлжаппар Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды... Жастар сөйлемді әтейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды... Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар» [3], - десе, И. Нұғыманов: «Оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Органың әсері; а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді, ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл), б) пән тілінің нормаларын жақсы меңгермеген мұғалімнің әсері;

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы);

3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңғылдық, т.б.)» - деп көрсетеді.

Сондай-ақ М. Балақаев, Т. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, Ш. Беркімбаева, Н. Уәлиев тағы да басқа ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, оқушы жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептері деп, төмендегілерді саралайды:

1. Көркем әдебиет оқуға деген оқушылардың қызығушылығының төмендігі. Тіл мәдениетіне жастарды тәрбиелеу көркем әдеби шығармаларын көптеп оқумен байланысты. Көркем әдебиетті аз оқитын адамның сөздік қоры аз болады, соған орай олардың сөйлеу мәдениеттілігі мен өз ойын логикалық баяндауы да төмен екендігі байқалады;

2. Мәдени орталықтарға бару, ол туралы пікірлесудің өте сирек кездесетіндігі;

3. Ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі;

4. Тілдік ортаның әсері;

5. Тіл мәдениетін қалыптастыруды тек қазақ тілі сабағына міндеттеп, басқа пәндерді бұл мәселеден мүлдем бөліп тастаушылық;

6. Бастауыш сыныпта қазақ алфавитін терең меңгермегендігін ескермей, орыс тілі, шетел тілі пәндерін қосып үйрету. Бірнеше тілді игеру ауыр тиетіндігіне көңіл бөлінбеу;

7. Кей мұғалімдердің өздерінің тіл мәдениетінің төмендігі. Мұғалімнің оқушы алдында сөйлейтін сөзін ешбір оқулықпен айырбастауға болмайды. Оқушы мұғалімді тыңдағанда одан білім алумен қатар сұлу, көркем, анық, түсінікті сөйлей білуге үйренеді;

8. Отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы;

9. Мұғалімдердің көпшілігінің бұл мәселеге арнайы көңіл бөлмеуі т.б. [4, 5]

Жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптар қандай, әрбір мәдениетті адам мәдениетті сөйлеу, қарым-қатынас жасау үшін нені меңгеруі керек деген сұрақтар туындайды. Зерттеуші М.Балақаев өзінің тіл мәдениетін тереңінен зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп сөйлемдердің, жеке сөздердің тыңдаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керектігін көрсетеді. Зерттеуші жазуда, сөйлеуде адам ойына қажетті сөз таңдағанда олардың стильдік ерекшеліктерін ескеруді айтады.

Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айтып, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады.

А. Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар қояды:

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;

- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;

- сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;

- сөздердің тыңдаушы немесе оқушының жағдайына, ортаның қажеттілігіне сай болуы. [6]

Осы сияқты көптеген зерттеушілер, ғалымдар, педагогтардың ой-тұжырымдары мен пікірлерін қарастыра келе тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей саралауға болады:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;

- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;

- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;

- сауатты, қатесіз жазу;

- жазба мәтіндерде тыныс белгілерін сақтау;

- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;

- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;

- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;

- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру;

- сөйлемдерді, әсіресе, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;

- керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби вариантын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан қашық болып, реттеп отыру;

- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публицистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;

- сөйлеу әдебінің сақталуы;

- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;

- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қақтысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау;

Қорыта айтқанда, тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ әрі қиын. Ол отбасынан, балалар бақшасынан басталады, мектепте ана тілі жүйелі оқытылып, тіл дамыту, сауатты жазу үйретіледі. Оқушының мектептен алатын тіл сабақтары отбасы мен айналаның «тіл сабақтарымен» ұштасып жатуы керек. Мектеп ұжымы жүйелі жоспар құрып, шәкірттермен ақылдаса, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеген жағдайда ғана үлкен нәтижелерге ие бола алады.

Ғаламтор тілінің тілдік мәдениетке әсеріне келсек, қазіргі таңда Қазақстан көлемінде 500-ге тарта интернет сайт ең көп қолданысқа ие болса, соның бар болғаны 53-і ғана қазақ тілінде ақпарат таратады екен. Бұл дегеніміз, интернетті пайдаланушылардың 94 пайыздан астамы, негізінен, орыс тіліндегі сайттарға үңіледі деген сөз. Олардың бар болғаны 4,5 пайызы ғана виртуалды кеңістікте қазақ тіліндегі ақпарат көздеріне жүгінеді. Халықтың ағылшын тіліндегі сайттарға шолу жасайтын бөлігі 1,1 пайызды құрайды.

Қазақ тілінде ақпарат тарататын сайттардың сапасы төмен екендігін айтпағанда, ондағы мәліметтердің мардымсыздығы да көңілге кірбің ұялатады. Бұл мәселемен, әсіресе қалам ұстаған қауым жиі ұшырасып жатады. Қолдағы бар дүниемізді тұздықтай түсу үшін интернет атты «сауын сиырға» жүгінсек, ана тілімізде жөнді ақпарат ала алмай шарасыз күйге түсеміз. Амал жоқ, интернет «жарықтыққа» орыс тілінде тапсырыс берсеңіз, «көктен іздегеніңіз жерден табыла кетеді». Сол жартылай орысша тілді ғаламтор желісі біздің тілдік мәдениетімізге әсер етпей қалып жатқан жоқ. Соңғы деректерге жүгінсек, елімізде әрбір азаматтың 4 аккаунты бар. Яғни, Қазақстан халқы бүгінде әлеуметтік желілердің шынайы пайдаланушыларына айналып отыр. Жасыратыны жоқ, теледидар, газет сынды БАҚ құралдарын да интернет басып озды. Еліміздегі

тұрғындардың басым көпшілігі теледидарға үңіліп, ақпарат іздеп, шарқ ұрмайды. Есесіне, әр секунд сайын жаңаратын ақпараттық порталдар арқылы жер-жаһандағы соңғы ақпараттардан құлағдар болып отырады.

Тілдік сауаттылықты бақылауға болатын интернеттегі бір нәрсе ол – блог. Блок – жеке пікірінді, не ойлағанынды еркін жаза алатын ашық алаң. Қазақстанда қазақтілді 300-ден аса блог бар. Қазақстандық блогерлер – бағдарламашылар, журналистер, аудармашылар, филологтар, түрлі мамандықтағы елдегі және шет елдегі ізденушілер, сондай-ақ, өзіндік айтары бар жеке тұлғалар. Қазір саясаттағылардың да, әкім-қаралардың да блогтары көбейіп келе жатыр. Бұл – интернеттегі қазақ тілінің кеңеюіне бірден-бір себеп. Бірақ осы, қазақ тілді контенттің саны артып келе жатыр деп бір қуансақ, сапасын айтып қуана аламыз ба?

Тіл дамытуға атсалысып жатқандардың ішінен алғашқы орындарды иеленетіндердің біріншісі публицистика. Арнайы осы салада 7 блог бар екен, екінші орында 5 блогпен IT, одан кейін 3 блогты еншілеп фотосурет пен поэзия тұр. Аспаздық, журналистика, әзіл-қалжың 2 блог. Сондай-ақ, кітаптар әлемі, ғибратты әңгімелер, абайтанушылар, тіл сақшысы, қазақтың салт-дәстүрлері, асыл сөз сынды блогтар да бой көтерген. Аталған блогтарды оқысаңыз кәдімгідей көңіліңіз толады. Бірақ, бұл қазақтілді оқырман немесе ізденушілер үшін өте аздық етеді. Себебі, блогтардың тілдік дамуға әсер ететін тұстары көп.

Әлемдік стандартқа сай блогтардың өзіндік атқаратын функциясы бар. Олар: коммуникативтік, өзін-өзі таныстыру, көңілдену, ғұмырнама, рефлексия мен өзін-өзі дамыту, психотерапевтік функциялар. Осы орайда, 2011 жылғы Blogcamp форумында Мұрат Әбенәттің айтқан бір сөзі еске оралады. Ол: «Бір тақырыпқа 10 адам қызығуы мүмкін. Бірақ онымыз он облыста тұрып, бір жерде ол тақырыпты талқылай алмаймыз. Ал, блок соған мүмкіндік берді және жақсы шешімдер қабылдап жатамыз», - деген болатын.

Ал, Бекболат Тілеухан кейбір айта алмаған нәрселерін блокта еркін жеткізе алатындығын алға тартқан еді.

Блогтарды қарау барысында мынаған көз жеткізуге болады: аталған функциялардың ішінде қазақ блогсферасында коммуника- тивтік қызмет көп қолданылады.

«Қазақстандағы интернет» зерттеу жұмыстарын жинақтаған кітапта Әлия Сембайдың мақаласында қазақ блогының дамуы, блогерлердің көзқарастары жан-жақ- ты талқыға түсіп беріледі. Сондай бір пікір- лердің ішінде қазақ блогсферасының дамуы жайлы, оның негізін қалаушы ретінде Асхат Еркімбай былай дейді: «Мен Қазақстанның 6 қаласында блогинг тақырыбына арналған тренинг өткіздім. Бүгінгі күні, Қазнеттің қа- зақ тілінде пайдалы материалдарымен то- лығуына шын мәнінде үлес қосқысы келген- дер өздерінің жеке беттерін жүргізіп отыр. Ал, блогтардың танымалдығын арттыру мә- селесіне келсек, мен веб-парақшалардың кө- мегі арқылы ғылымды, азаматтық қоғамды және қазақ тілінің күш-қуатын арттыруға болады деген пікірден айныған емеспін», – дейді.

Асхат Еркімбайдың пікірінің жаны бар. Қазақтілді блогсферада белгілі бір сөйлеу мә- нері, өз стилі, қазақ тілінің ерекшеліктеріне ыңғайланған жаңа сөздер пайда болды.

Ал бірақ кей кездерде өзінің ойын орыс- тың сөзін қоспаса «дәмді» етіп жеткізе ал- майтын замандастарымыздың жеке парақ- шаларын оқып қалып жатамыз. Ал әлеу- меттік желілердің мобильді нұсқасы жайлы сөз қозғағанда жастар арасында сауатсыз- дықтың белең алып бара жатқанын көреміз. Яғни, мобильді агентті пайдалану арқылы замандастар арасында қазақ тілінде жазу сауаттылығы төмендей бастағанын байқай- мыз. әрине, телефонымызда қазақ тілінің функциясы орнатылса, өз ана тіліміздегі қар- іптер бойынша жазуға болады. Алайда, 42 әріп заманауи технологияға «қиындық» кел- тіріп отырғаны баршамызға аян. Сондықтан да, жеңіл пайдаланылатын латын не орыс әліпбиін пайдаланып, өзіміздің төл дыбыста- рымызды ұмыта бастағандаймыз. Мысалы, «қ» орнына «к», «ң» орнына «н» пайдаланып «калайсын?» деп жазып жүргендері рас. Со- нымен қоса, «ш» орнына сыртқы пішіні ұқсас болған соң латынның «w»-ін, орыстың

«ч» әріпінің орнына «4» санын пайдаланатын жастарымыздың да бары өтірік емес. Мысал ретінде мына бір диалогқа назар аударыңыз:

- kaydasin kazir?
- U4aralda
- kawan kelesin?
- erten wigam

Көріп отырғанымыздай бұл – таза сауат- сыздыққа бастар жол. Тек қазақ тілі емес ағылшын тілінде сауатты жазуға кедергі кел- тіруде. Тілге деген бұл салғырттық мектеп оқушыларының арасында тым белең алып бара жатыр. Ертегі айтатын әже, өсиет айта- тын ақсақал тәрбиесінің орнын техника бас- қан жаһандану дәуірінде техниканы сапалы қазақшалаңдыру ана тіліміздің шұбарлан- бауының бірден-бір амалы.

Шетелдік лингвистердің орташа есебі- мен, әлемде әрбір адам күніне 2 сағат шы- найы әлемде тілдік қарым-қатынас жаса- са, әлеуметтік желілерде 5 сағатқа жуық тілдеседі екен. Мамандар да оның психоло- гиялық, физиологиялық, тілдік зияндарын айтып дабыл қағуда. Тіпті, ғаламтордың бұл зияндылығын білсе де оны пайдаланатын адамдар соңғы жылда тым көп белең алды.

Өкінішке орай, ғаламтордың даму- ын ешкім тежей алмайды. Сол үшінде біз ғаламторды ұлттықты сақтауға пайдалану- ымыз керек. Қазіргі кезде ғаламтор бетінде қазақ тілін дамыту мәселесі өте өзекті мәнге ие. Интернетте мемлекеттік сайттардың бә- секеге қабілетті болуы үшін оның өзіндік қа- зақы ортасы, оқырманы болуы шарт. Ондай жұмыстардың жүріп жатқаны да қуантар- лық. Мысалы, жыл сайын қазақ тіліндегі жа- ңа ресурстар пайда болуда. БАҚ-ның элек- трондық нұсқалары дамып, әртүрлі семинар- лар, конференциялар, тренингтер, байқаулар өткізіліп келеді. Кейбір қауымның ойынша, мемлекеттік тілдегі контенттерді танымал етудің жаңа жолдарын іздестіру қажет-ақ.

Ғаламтордағы қазақ тілі осыдан 2-3 жыл бұрын тым нашар болатын. Соның кесірінен қазақтілді ақпараттарға деген сұраныс халық арасында пассивті түрде болып, ұлты қазақ бола тұра орысша ақпаратты пайдаланатын- дар көп еді. Мәселен, осыдан бір жарым жыл бұрын қазақша википедиадағы мақалалар

саны 7 мыңға зорға жететін, бұл көрсеткіш википедиадағы 200-ден астам тілдің жүздігіне де кірмейтін. Ал қазіргі таңда қазақша википедиадағы мақалалар саны бір жылдың ішінде 160 мыңға жетті. Бұл өз кезегінде википедиадағы рейтинг бойынша 200-ден астам тілдің арасында қазақ тілі 30-шы орынға көтерілді. Бұрын түркі тілдес википедиялардың ішінде 5-ші орынды алатын қазақ тілі бір жылдың ішінде екінші орынға шықты.

Қорыта айтқанда, ғаламтордағы тіл тазалығын сақтап қалудың жолы, қазақтілді болттардың артуын, БАҚ-ның электрондық нұсқаларының көбеюін, Т9 құралы арқылы қалта телефондарына қазақ алфавитінің енгізілуін, жалпы ұлттық контенттердің артуын жеделдете дамытуды қолға алу.

БАҚ және сөз мәдениеті. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – түрлі хабар-ошарды көпшілікке арнайы техникалық құралдар арқылы ашық, әрі жария түрде жеткізетін баспасөз, радио, теледидар және көпшілікке арналған анықтамалар көзі. Соңғы кезде олардың қатарына ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары – спутниктік байланыс, түрлі компьютерлік интернет байланыс жүйелері қосылып та жатыр.

Жалпы «сөз мәдениеті» деген терминдік ұғым тек сөз дұрыстығымен шектеліп қоймайды, яғни, сөзді дұрыс айтсақ, жазсақ, мәдениеттің биігіне көтеріліп, шыңына шықтық деуге болмайды, себебі сөз мәдениеті «дұрыстық» қана емес, сөзді бедерлі жұмсау деген ұғымды да қамтиды. Сөзді дұрыс жұмсағанымызбен, нақыш-бедерін дәл тауып, ақтан тигізіп айта алмасақ, діттеген межеден көріндік деуге болмайды. Өйткені, БАҚ әр түрлі хабарды «құрғақ» ақпарат түрінде беріп қоймайды. Радио-телешешеннің тыңдарман мен көрерменге ықпал етіп, олардың қоғамдық пікір туралы белсенділігін де көтеруге тырысады.

Микрофон ұстаған адам, я болмаса жұртшылық алдына шығып сөйлемес бұрын алдымен тілдік қарым-қатынастың түрін, мақсатын айтқындап алуы тиіс.

- Тілдік қатынас ресми ме, бейресми ме?
- Сөздің адресаты кім? Жеке адам ба, көпшілік пе?
- Аудиторияның әлеуметтік құрамы, білім, мәдени деңгейі қандай?
- Бірыңғай ма, әлде әр алуан ба?
- Тілдік қатынас біржақты ма, әлде екіжақты я көптарапты ма?
- Тілдік қатынастың мақсаты не? Жай ғана хабарлау ма, ықпал ету ме?

Міне осы айтылған тілдік емес жайттарға көңіл бөлінсе, мыңдаған сөздің, ондаған тілдік амал-тәсілдің ішінен қарым-қатынастың мақсатына, жағдаятына, түріне сай келетін ең лайықтысын талғап ала білудің мүмкіндігі арта түседі. Сөйлеушінің діттеген мақсаты айқын болуға тиіс. Атап айтсақ, адресаттың сезіміне әсер ету, ой-пікіріне түрткі болу, белгілі бір әрекетке жұмылдыру, ой салу, өтіну, талап ету, иландыру тәрізді жайттар тілдік құралдардың мақсатқа сай болуын талап етеді. Осы мақсаттың үдесінен шыға білу сөз бедері деп аталады. Кейбір тілшілер тыңдаушыға ықпал етемін деп, тілдегі эмоционалдык, бағалауыш мәнді сөздерге, мысалы фразеологизм, мақал-мәтелдерді пайдалануға көп жүгініп жатады. Тілдегі өзінен-өзі дайын тұрған мұндай бірліктердің түр-түрін әдетте ұзына бойы, екі сөздің бірінде талғаусыз жұмсау сөздің бедеріне нұқсан келтіреді. Ал осының орнына тыңнан табылған теңеу, қиыннан қиыстырылған сөз орамдарының ықпалы, әсер ету қуаты әлдеқайда күшті.

Жалпы, БАҚ-тың сөз бедері, тіл нақышы ең алдымен ой-сезімге әсер ететіндей эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сөздерден өрнектеледі.

Стильдік нышаны бар мұндай сөздер ең алдымен автордың, шығармашылық ұжымның (редакцияның), әлеуметтік жіктің, саяси партияның бір нәрсеге, құбылысқа, оқиғаға бағасын, көзқарасын білдіре отырып, олар жайында қоғамдық пікір қалыптастыру үшін аса қажет. Осындай стильдік нышаны бар тілдік құралдар арқылы тілші тыңдаушының эмоциясына әсер, ықпал етіп, қоғамдық пікір туғызады.

Мысалы, 60-80 жылдары тыңдаушыға әсер етудің құралы ретінде БАҚ тілінде дала аруы – жүгері, тәтті тамыр – қызылша, ақ халатты абзал жан – дәрігер, көгілдір отын – газ, қара алтын – көмір, мұнай, болат жол – темір жол, екінші тың – қой шаруашылығы, екінші нан – картоп, көгілдір экран – теледидар тәрізді жасанды сөз әшекейлері шектен тыс жиі қолданылатын. Олардың көптігінен құлақ сарсылып, көз сүрінетін. Ол кезде өмірді боямалап, көрсету дағдыға айналып, эфирдегі, газет бағаналарындағы сөзге жұртшылық құлай сенбейтін. Майталман домбырашы, майталман шешен, майталман күйші тәрізді сөздермен тыңдап, талғап тіркесетін бағалаушы сөз құнсызданып, жасанды «әшекейге» айналады.

Қазіргі кезде БАҚ тілі мұндай жасанды әшекейлерден арыла бастады. Бұл, әрине, ұнамды жайт. Қазіргі БАҚ тіліндегі сөз бедеріне байланысты жағымды-жағымсыз көріністерді айқын аңғару үшін, сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі, әдеби сөйлеу тілі, кітаби тіл деген құбылыстардың мән-мағынасынан хабардар болуымыз керек. Ауызша сөз болсын, сөзді саралап алу қажет, себебі, БАҚ тіліндегі жағымды көріністер де, жағымсыз жайттар да осы айтылған сөздің түрлеріне байланысты. Сөздің аталмыш түрлерін ажыратып, саралап қолданғанда, эфирден естілер сөз болсын, газет бағаналарындағы сөз болсын, бедер, өрнегі келісті болып, сөздің мазмұны ашыла түседі. Ал оларға мән берілмеген жағдайда бедері, нақышы теріс түсіп жатады.

Қарапайым сөйлеу тілі – әдеби тіл кеңістігінен тысқары жатқан, жалпыхалықтық тілдің бір түріне жататын ерекше феномен. Соған қарамастан, қазіргі жас тілшілердің арасынан бұқаралық қатынасымда сөздің сөйлеу тілінде, қарапайым сөйлеу тіліне тән бедерлене, қарапайым сөйлеу тілінің мән-мағынасына жете көңіл бөлмегендіктен, елестермен араласып, ала-құлалық көбейіп бара жатқаны байқалады. Тіпті сындарлы саликалы деген республикалық телеарна-

ларда бейәдеби элементтерді уәжсіз жұмсау етек алып бара жатқан тәрізді.

Теледидар көрермені қызықсыз, тартымсыз хабарларға көңіл аудармайды. Көрермендердің қызығушылығын оятуда тіл байлығы мен сөйлеу өнерінің қатарласа қабысқаны керек. Егер тілші эфирде талғамсыз, нәрсіз бес-алты тіркесті қатар қолданса, одан әрі теледидар алдында көрерменді ұстау мүмкіндігінен айырылады. Сол үшін, әсіресе, тікелей эфир форматында ауыр жүк журналист иығына түсіп, оның жауапкершілігі шексіз өсіп, білімі мен парасаты, мәдениеті мен жағымды дауысы, шешендігі мен тіл байлығы алдыңғы қатарға шығады.

Сондықтан да, сөз мәдениетін сақтау үшін, дикторлар болсын, арнаулы репортаж жасайтын тілшілер болсын төмендегідей жайттарды ескергендері жөн:

Біріншіден, барлық стильдің сөздік құрамы бірдей емес, сондықтан, сөйлеу кезінде адам өзіне керекті сөздердің стильдік ерекшеліктерін ескерту керек. Телехабарлар көпшілікке арналғандықтан, онда қолданылатын сөздер де аса қатаң, не тым әсіре қызыл сөзбен көмкерілмей, жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс, яғни тележурналист пен көрермен арасында түсінікті, сенімді әріптестік байланыс орнауы керек. Ал теледидар хабарларын қабылдаудың ерекшелігі көрермен өзі көрген көріністерге қайта орала алмайды. Осыдан келіп әрбір сөз, сөйлем анық, түсінікті, қарапайым ойларға құрылғаны дұрыс.

Екіншіден, сөйлемнің құрылысын күрделендіріп сөйлемей. Яғни, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, қиын тіркестер, айтылуы қиын сөздер экрандағыны қасақалмен сәтте қағып алуды қиындатады. Экранда өтіп жатқан жеңіл көріністер мен ойлар арасындағы жымдаса байланысқан тіркестер ғана ұғынықты әрі тез қабылданады.

Тіл мәдениетіне жетік болу үшін, қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу керек. Сөзді жұмсай білу үшін, олардың мағыналарын, мән-дес ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік

қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білуі керек. Тележурналист өз сөзінде бейпіл сөздер мен диалект сөздерді қолданса, онда ол сөз шеберлігін аяққа басқан болады. Айқын ойды көріктілеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді. Сондықтан да, бұлдыр ойдан туған сөз де алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Ондайдан аулақ болу үшін, редакциялау кезінде сөз саптауға баса көңіл аударып, жазылғандарды бірнеше рет түзетіп, әрбір сөйлемді, сөз тіркесін мұқият өңдеу қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде радио мен теледидарда сөз құдіретіне, сөйлеу мәнері мен оны тыңдаушы көрерменге жеткізуге ерекше мән беріледі.

«Тіл – сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау да үлкен қылмыс», - дейді, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов. Тіл тағдырына қатысты өзекті осы үш мәселенің қайсысын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, жөнімен сөйлей білу мәдениеті болсын, оқып-тоқу арқылы тілдің тоқсан толғам сырын игеру болсын, немесе рухани болмысымыз көрініс табар әдеби тіліміз болсын, бұдан кім-кімнің де бейтарап қалмайтыны айқын.

Сөйлеу мәдениеті, ауызекі тілге қатысты проблемалардың ішіндегі ең мәндісі. Ауызекі тілге, сөйлеу мәдениетіне мән беріп, оған

жауапкершілікпен қарау – бүгінгі рухани өреміз үшін қызармау, алдағы жарқын болашақтың қамын жеу болып табылады. Халықтың ғасырлар бойғы ұғым-түсінігінің, арман-аңсарының, жан-сырының, бітім-болмысының алтын күмбезі – тілге дақ түсірмеу, тілді қастерлеу ең алдымен дұрыс сөйлей білуден басталады.

Қорыта айтқанда, телеэкран арқылы сөз сөйлеу – белгілі бір заңдылықтарға, өзіне тән ерекшеліктерге ие, сонымен қатар, бірнеше өнер түрінің негізгі қырларын меңгеруді қажет ететін өнер түрі. Тележурналистер қандай да бір тілдік-стильдік қателіктерге тап болмас үшін, өздеріне қойылатын талаптарды үнемі есте сақтау керек. Олар күнделікті өміде тілімізді қандай сөздермен байып, даму үстінде екенін біле отыра, эфир уақыты заңдылығына сәйкес, орфография-орфоэпия ережелері мен грамматикалық-фонетикалық заңдылықтарды сақтап, әдеби тіл нормасын сақтауға міндетті. Теле-радио журналистер арқылы халыққа таралатын ақпарат сөз сөйлеудің үлгілі формаларының көмегімен жүзеге асуы қажет. Демек, бұқаралық коммуникация кезінде тележурналист әдеби тілдің ауызша нормарын алып, сөз саптау этикасын сақтай отырыра, коммуникативтік мақсатқа дұрыс жетуге мүмкіндік беретін тілдік құралдарды талғап қолдануы қажет. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдары – жалпы бұқараның тілдік мәдениетіне әсер ететін бірден-бір құрал.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ-2011 ж. – 158 бет.
- 2 Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері, А., 1965ж. -186 бет
- 3 Әбішев Ә.Тағы да тіл мәдениеті жайында / Ә. Әбішев // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы.-1998. - № 20. - 17-20 бет.
- 4 Беркімбаева Ш. Мектеп оқушыларының тіл мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері / Ш.Беркімбаева // Қазақстан мұғалімі.- 1994.- 17 ақпан. - 3-5 бет.
- 5 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев. - Алматы: «Мектеп», 1984. - 118 бет.
- 6 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері / А. Жапбаров.- Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 156 бет.
- 7 Мешимбаева Б.Ш. Тіл мәдениеті, оның өлшемдері мен көрсеткіштері / ҚАСУ Хабаршысы №2, 2009ж.

УДК 37.0:36:364

Оспанова Р. Р.

Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к., доцент

Муратказин М.М.

Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к., аға оқытушысы

Мединеева Г.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ инспекторы

Даулеткелді Ж.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ эксперти

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «НҰРЛЫ КӨШ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы көші қон мәселесі және Нұрлы көш бағдарламасының ұлттық дамуға үлесі талданады. «Нұрлы көш» бағдарламасы – барлық қажеттіліктерді кешенді түрде шешуге арналған нақты, айқын бағытты бағдарлама екендігі анықталады. Басқаша айтқанда басты екі қажеттілік – баспана мәселесі мен кәсіп мәселесін қабат шешетін бағдарлама.

Демек, мақалада Қазақстан тарихы ғылымында тәуелсіздік алғаннан кейінгі әрбір жылдар мен кезеңдерге арнайы зерттеулер жүргізу және оны жас ұрпақ санасына бойлату тарихшы ғалымдар алдында тұрған міндеттердің бірі екендігін айқындады. Өйткені ел тәуелсіздігін алу мен оны қалыптастыру мемлекетіміз үшін үлкен жауапкершілікті сәттердің бірі болды. Мұндай мәселенің бірі көші-қон үрдісі.

Сонымен қатар оралмандардың еңбек мәселесі, қаржыландыру, олардың елімізді дамытудағы қызметтері және қоныстандыру мәселесіндегі қиыншылықтары осы мақалада сараланған.

Түйін сөздер: *Оралман, ұлттық, мемлекет, ғалым, көші-қон үрдісі, рухани қазына, ұлттық тәрбие, мәдениетті тұлға, мәдениет, халық даналығы.*

Статья посвящена миграционным процессам независимого Казахстана. Также, в статье рассматривается историческое значение программы «Нурлы көш».

Программа «Нурлы көш» является программой, которая решает открыто и точно комплексные вопросы оралманов по всем направлениям. Выразившись по иному это программа решает две самые главные темы, темы жилищного вопроса и предпринимательства.

И так, проблемы трудоустройства финансирование оралманов развитие их труда и проблемы стабилизации в страны анализируются в этой статье.

Ключевые слова: *Оралманы, обычай, традиция, духовное богатство, национальное воспитание, культурная личность, культура, народное богатство.*

The article is devoted to migration processes of independent Kazakhstan. Also, the article discusses the historical significance of the «Nurly Kosh».

Program «Nurly Kosh» is a program that openly and accurately solves complex issues repatriates in all directions. Expressed differently this program solves two of the most major themes, themes Housing and entrepreneurship.

And so, the problem of financing trudoustroistva repatriates development of their work and the problem of stabilization in the country are analyzed in this article.

Keywords: *Oralmans, custom, tradition, spiritual wealth, national education, cultural identity, culture, national wealth.*

Бүгінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен жасалған бағдарламаларын халық арасында жақсылық жаршысы ретінде қарсы алу дәстүрі қалыптасты.

2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының бір ерекше тұсы – әлеуметтік бағытты негіздейді.

Жолдауда Тәуелсіз елдің дамуына тән барлық мәселе қамтылды. Осы жолдауында «.....Жұлдызымызды жарқырата түскен бұл мерейлі белестен бұрын да біз біршама биіктерді бағындырдық. Осы жылдары шет елдерден 800 мыңнан астам отандасымыз келіп, халық саны бір жарым миллионға артты» деп мемлекеттің тәуелсіз жылдардағы демографиялық жетістік белестерін атап өтті. Елбасы еліміздегі демографиялық мәселеге де мән беріп «отандастарымызды шетелден атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық» деп бағалады[1]. Осы тұрғыда Қазақстан тарихы ғылымында тәуелсіздік алғаннан кейінгі әрбір жылдар мен кезеңдерге арнайы зерттеулер жүргізу және оны жас ұрпақ санасына бойлату тарихшы ғалымдар алдында тұрған міндеттердің бірі екендігін айқындады. Өйткені ел тәуелсіздігін алу мен оны қалыптастыру мемлекетіміз үшін үлкен жауапкершілікті сәттердің бірі болды. Мұндай мәселенің бірі көші-қон үрдісі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап дүниежүзілік көші-қон үрдістерінің белсенді қатысушысына айналды. 1991 жылдан бері ҚР 706 мыңнан астам этникалық қазақты қабылдады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап көші-қон процестерін реттеу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне жатады. ТМД елдері шеңберіндегі негізгі көші-қон ағыны Ресей, Украина және Орта Азия елдерімен; алыс шет елдердің арасында – Германиямен байланысты болып отыр. ТМД елдерімен (Ресей Федерациясын, Беларусь Республикасы мен Украинаны қоспағанда) оң көші-қон сальдосы сақталды. Көші-қон шығыны Ресей Федерациясымен 1999 - 2007 жылдар арасында - 3 есеге;

Белоруссиямен - 6 есеге, Украинамен - 7 есеге төмендеді. Алайда 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда, көші-қонның оң сальдосы үш еседен астам (11 мың адам) кеміген. Керісінше көшіп кету көбейген - 42,4 мың адам Қазақстаннан шетелге кеткен. Бұл ретте көшіп кетушілердің негізгі бөлігі (71%) - еңбек жасындағы адамдар; көшіп келу азайған - Қазақстанға 53,4 мың адам келген, бұл алдыңғы жылғы деңгейден 20,0%-ға төмен. Негізгі шығу елдері: Өзбекстан (көшіп-қонушылардың 47 %), Ресей (20 % астам) және Қытай (11%) [2].

1993 жылдан бастап этникалық көшіп-қонушылардың қоныс аударуы көшіп келу квотасын белгілеумен реттеледі. Соңғы жылдары (2005 -2008 жылдар) оралмандардың көшіп келу квотасы жыл сайын 15 мың отбасын құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2009 жылдан бастап оралмандардың көшіп келу квотасы жылына 20 мың отбасына дейін көбейді. Мемлекет оралмандарға қажетті әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетіп келеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері алыс-жақын шетелдерден атажұртқа оралған қандастарымыздың саны миллионға жуықтаған. Бұл жері көп, халқы аз қазақ елі үшін үлкен күш екендігі даусыз. Ұлтымыздың мұндай демографиялық жаңғыруға қол жеткізуіне Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ғасыр тоғысындағы стратегиялық сәтті шешімі мұрындық болды. Содан бері жалғасқан ұлы көш «Нұрлы көшке» ұласты. Сонымен қорыта келгенде қазіргі кезде Қазақстаннан шет елдерде 4 млн. 500 мың қазақ бұрынғы КСРО-ның 14 елінде және әлемнің 25 елдерінде тұрады. 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасы мен қазақ диаспорасы өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа кезеңі басталды. Ең алдымен 1996 жылдың 31 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен бекітілген «Қазақ диаспорасын қолдау бойынша мемлекеттік бағдарлама» құрылды, 1997 жылы 13 желтоқсанда «Көші-қон заңы» қабылданды, Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған Стратегиясы, 2015 жылға дейін

Қазақстан Республикасының территориялды даму стратегиясы бекітілді.

2008 жылы біржолғы жәрдемақыны, тұрғын үй алуға берілетін қаражатты, жол ақысы және жүк тасымалдау шығыстарының өтеміне берілетін қаржыны ескергенде, орта есеппен 5 адамнан тұратын әрбір отбасына 833 мың теңге қаражат бөлінеді. Елімізде 14 оралмандарды уақытша орналастыру орталықтары жұмыс істейді[3]. Жергілікті еңбек нарықтарындағы білікті кадрлардың тапшылығы жағдайында шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан экономикасы қажеттіліктерін қамтамасыз етудің қажетті шартына айналды. 2007 жылы қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарда 104 елден 58,8 мың шетелдік маманның еңбегі пайдаланылды. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін әкелуге арналған квотаны белгілейді және оның сақталуын бақылайды, шетелдік мамандарды кейіннен жергілікті кадрлармен ауыстыру саясатын жүргізеді. 2008 жылы республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға республиканың экономикалық белсенді халқына шаққанда 1,6 пайыз мөлшерінде квота белгіленген болатын. Жоғары білікті мамандарды басым тарту мақсатында жаңа Квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру шарттары мен тәртібі әзірленіп, 2008 жылдың маусымынан бастап қолданысқа енгізілді, онда шетелдік қызметкерлердің біліктілік сипаттамаларын баллдық бағалау енгізілді, негізгі құрамдас бөліктер бойынша (білімі, жұмыс стажы, еңбек нарығында кәсіпке (мамандыққа) деген сұраныс) өлшемдер белгіленді. Соңғы уақытта ішкі көші-қон процесі жанданды.

Біздің ойымызша ел экономикасы өз деңгейіне көтерілгенше қаржыландыруға байланысты оралмандаға нақты мүмкіндер анықталса және олардың еңбек ету бейімділігіне байланысты жер жерлерде елдегі сол мамандыққа бейімдеу курстары ашылса болар еді. Өйткені қазірі таңда Қазақстанда

университет бітірген студенттердің кейбірі жұмыс таба алмай жүрген кездер де кездеседі. Осы тұрғыда бұл мәселелер тек бір оралмандардың басына түскен келеңсіздік емес, еліміздің азаматтары басындағы да жағдай. Осы себептер негізінде оралманның бәріне бірден жағдай жасау қиын деп ойлаймыз. Сонымен қатар көші-қон саласында құжат алуда да көптеген кедергі мен қиындықтар кездеседі, шетелден көшіп келген жоғары білімді азаматтың өз Отанына келгенде алған білімінің жүзеге аспай қалуы да оралмандар тақырыбындағы өзекті мәселердің бірі және жеке кәсіппен айналысуға, шаруашылық жүргізуге жеңілдіктер мәселесі көші-қон келісімшартында қарастырылса. Олардың әлеуметтік деңгейіне байланысты жағдайлар жасалса. Мысалы: мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысатындарына бір реттік төленетін қаржылық жарнаның орнына игерілмеген жерлерден үлестік жер берілсе.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша еңбек жасындағы этникалық көшіп келушілердің үштен бірі еңбек қызметімен қамтылмаған. Шет елдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің арасында кәсіптік білім алу, балаларды мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруда да қиындықтарға тап болып отырды. Міне, мұның бәрі осы көші-қон Бағдарламасын әзірлеуге себеп болды[4].

Осы негізде Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы «Нұрлы көш» бағдарламасының тарихи негізін зерттеу асқарлы асу деп білеміз. 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы №1126 Қаулысы бекітілді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы №167 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясына және Қазақстан Республикасы Президен-

тінің 2003 жылғы 10 шілдедегі №1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді 2009-2011 жылдары Бағдарламаны іске асыруға барлығы 197 795,6 млн. теңге, оның ішінде қосымша 118 073,7 млн. теңге бөлінген. Бағдарламаны іске асырудағы негізгі күтілетін нәтижелер: этникалық, ішкі және сыртқы көші-қон процестерін реттеуге және оны өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мүддесіне бағындыруға; этникалық және ішкі көшіп-қонушылардың басым бөлігінің өмір сүру сапасын арттыруға; бұрын Қазақстаннан кеткен жоғары білікті мамандардың қайта оралуын ынталандыруға; көшіп-қонушылардың бейімделу және кірігу қиындықтарымен, жұмыссыздықпен және бытырап көшіп-қонумен байланысты әлеуметтік қатерлердің туындауының алдын алуға; ұлттық шоғырлану процестерінің одан әрі дамуын, әлеуметтік тұрақтылық пен келісімнің нығаюын, демографиялық ахуалдың жақсаруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді[5]. Әуелі бұл бағдарламаның ерекшелігіне тоқтала кетейік. Бұрын көшіп келушілерге Үкімет көмек ретінде баспана да берді, қаржылай да жәрдемдесті, бірақ, дәл жұмыспен қамту жағы дұрыс жолға қойылмады. «Нұрлы көш» бағдарламасы -осы қажеттіліктерді кешенді түрде шешуге арналған нақты, айқын бағытты бағдарлама. Басқаша айтқанда басты екі қажеттілік – баспана мәселесі мен кәсіп мәселесін қабат шешпек.

Бағдарлама кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. «Біз әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашыраған қандастарымызды жинау үшін Тәуелсіздік жылдарынан бері көп әрекет жасап жатыр. Соның нәтижесінде 1 млн.-нан астам отандастырымыз елімізге оралып, қауышып, қуанып жатыр. Осы мақсатта «Нұрлы көш» бағдарламасы 2011 жылға дейін бекітті. Бұл бағдарлама өзінің жалғасы ретінде «Республикадағы 14 облыс орталығы оралмандарға көмектесуге тиісті шараларды қабылдап жатыр. Елбасы бұл бағдарламаның келешегі жөнінде: «Ең бастысы, Отанына

оралу барысындағы алғашқы кезекте орын алатын қиыншылықтарға шыдау керек. Қазақстан да қиыншылықтарды бастан өткеріп келе жатқан жас мемлекет. Бірақ дағдарысқа қарамастан біз «Нұрлы көш» бағдарламасын одан әрі жалғастыратын боламыз. Қандастарымызға қол ұшын беріп, көмектесетін, оларды шақыра беретін боламыз. Бұл бізге қажет»[6], деді Елбасы. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша 3 жылда Қазақстанға шетелден 300 мың адамды көшіріп алу жоспарланған[7]. Бағдарламаға қатысу барысы төмендегі тұлғаларды қамтыды: негізінен этникалық көшіп келушілер үшін – оралмандардың жыл сайынғы көшіп келу квотасы шеңберінде; Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген Қазақстанның бұрынғы азаматтары үшін – Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған жыл сайынғы квота шеңберінде; еліміздің қолайсыз аумақтарында тұратын Қазақстан азаматтары үшін – ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аударуына арналған квота негізінде айқындалатын болады. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша оралмандарды қоныстандыру «Нұр Отан» партиясының бақылауында[8].

Көшіп келу квотасына оралмандарды енгізу және оларды жайғастыру жұмыстары жалғасын табуда. Жұмыспен қамту, түрлі әлеуметтік қамсыздандыру шараларын атқарады. Бірақ, тұтастай алғанда, оралман бауырлардың жаңа ортаға бейімделуі, олардың интеллектуалдық және басқа да күшқуатының тиісті пайдаланылуы ескерілмеген[9]. Оралмандар біріншіден қазақ халқының үлес салмағын ұлғайтуға әсер етті. Екіншіден 1990 жылдары нарықтық экономикаға өткен кезде біздің базар нарқына өтіп кетуімізге өте үлес қосты. Мысалы, Түркиядан, Ауғанстаннан келіп, базарларда сауда жасағандар, Қазақстанның бүкіл терісін жинаған осы ағайындар болды. Олардың көпшілігі мемлекет қажеттілігіне байланысты кәсіпке бейімделді. Сондықтан мен

Қытайда сотта істеген адам бұл жерде өмірі судья болмайды деп ойлаймыз. Ол мүмкін де емес. Өйткені ол жақтың заңы басқа, жазуы басқа. Елдегі қиыншылықтар оралманға ғана жасалып, басқа халық ол қиыншылықты кешіп жатқан жоқ деуге болмайды. Тәуелсіздік алғалы бабажұртқа қоныс тепкен қандастарымыздың саны, ресми дерек бойынша, 750 мың адам көрінеді. Қазақ топырағында туып-өскен бала-шағаны қоса есептегенде 1 млн-нан асып жығылады. Олардың ішінде 45 ғылым докторлары, 245 ғылым кандидаттары, 1600 шығармашылық саласының өкілдері, 12,5 мың білім беру және 7 мың медицина саласының мамандары бар. Еңбекпен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықованың айтуынша, бүгінгі күнге дейін еңбекке жарамды оралмандардың 61,5 пайызы жұмыспен қамтылған. Сырттан келген қандастарымыздың елеулі бөлігі жеке бизнеспен айналысып жүр дейді. Оралмандардың 76% азаматтық алса, 21%-ның құжаттары қазір рәсімделу үстінде, 3%-ы азаматтық алғысы келмейтіндер немесе Қазақстанда уақытша тұру құқына қол жеткізгендер[10]. Оралмандар сонымен қатар еліміздің дамуына өзіндік үлестерін қосып жатыр. Мысалы: бір ғана мәдениет саласын қарастырған тарихшы ғалым Н.Мұқаметханұлының деректеріне сүйенсек: «Біз бұл арада оралмандар арқылы Отанға қосылған мәдениеттердің жалпы ұлттық мәдениетімізді дамытуға белсенді әсер еткен мысалдарын ғана атап айтқымыз келеді. Әдебиет арнасын айтар болсақ, соңғы жылдары шетелдердегі қандас қаламгерлердің түрлі көркем шығармалары отандық басылымдардан көптеп жарық көруде. Солардың ішінде ұлы ақын Таңжарық Жолдыұлының екі томдық «Шығармалары» мен қайсар жазушы Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романының отандық баспадан басылып шығуымен отандық көркем әдебиетте «түрме мәдениеті» деген ұғым қалыптасты. Ал ән өнерінде Майра

Мұхамедқызы Қазақстанның ән өнерін әлемдік деңгейден көрсетуі (П.И.Чайковский атындағы халықаралық конкурста III орынды жеңіп алуы; Францияның «Гранд опера» ұлттық театрында келісімшарт бойынша ән шырқауы (2003-2010 ж.ж.) – отандық ән өнерінің жаңа белеске көтерілгендігінің көрінісі болды. Би өнері саласында Шұғыла Сапарғалиқызы билеген заманауи би өнері жастардың биге деген үлкен қызығушылығын тудырып, қазақстандық би өнерінің дамуында белсенді рөл атқарды. Ал ұлттық дәстүрлі би өнерінің жауһары болып саналатын «Қара жорға» биі Жәмәли Диханұлы және басқалардың ел аралап үгіттеуінің нәтижесінде әмбебаптық ұлттық биге айналды. «Қара жорғадан» төгілетін ұлттық рух әсем гимнастикалық бимен ұштасқандықтан, үлкен-кішінің бәріне бірдей ұнап отыр деп санаймыз. Спорт саласында Мұстафа Өзтүріктің арқасында Шығыстың таэквондо спорт өнері елімізде мықты бір мектеп болып қалыптасты; Бақыт Сәрсекбаев пен Қанат Исламұлы отандық бокс спортының деңгейін биіктен көрсетіп келеді. Білім және ғылым саласына қосылған жоғары білікті педагог ғалымдар аз емес. Бұл арада тек гуманитарлық білім, ғылым саласындағыларды ғана атап айтпақпыз. Кәсіпкер ғалым Талғат Мамырұлы қоғамдық сұранысқа сай, 2007 жылы өз қаражатымен «Халықаралық қазақ-қытай тіл академиясы колледжін ашып, «Аударма ісі», «Туризм», «Тігін өндірісі және киімді модельдеу», «Екі шет тілі» (қытай және ағылшын), «Іс қағаздарды жүргізу және мұрағаттану», «Киім дизайны» сияқты мамандықтар бойынша кәсіби техникалық кадрларды дайындап келеді[11].

Мұндай елдің демографиялық жағдайының жетістіктерге жетуіндегі Елбасы бастамасы интеллектуалды ұлт қалыптастыру барысындағы ірі бағытты қадамның бірі деп түйіндей аламыз. Ұрпақтар сабақтастығында кейінгі кезеңдегі тарихта Елбасының «Нұрлы көші», Ұлы көш деп бағалануы тарихтың еншісіндегі шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 28.01.2011ж.
- 2 Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Алматы, 2000. – 129 с.
- 3 Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі № 900 қауысы.
- 4 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы «Егемен Қазақстан» 2008 жыл, 6 желтоқсан, № 375-379 (25348)
- 5 Есенгүл Кәпқызы Нұрлы көш» оралмандардың үмітін ақтай ала ма? http://www.azattyq.org/content/Kazakhstan_nurly_kosh_repatriate/1776801.html
- 6 Дағдарысқа қарамастан «Нұрлы көш» бағдарламасы жалғаса беретін болады – Елбасы
- 7 Қазақстан көші қон туралы Қазақстан Республикасының заңы, 13 желтоқсан 1993 жыл
- 8 Елбасы және ел саны. Алматы, 2009. -224б.
- 9 Оралмандар туралы мәлімет www.enbek.gov.kz/kk/node/6930
- 10 О қазақ пен бұл қазақ. // Шахтинский Вестник 2011ж. ақпан baq.kz/regional_media/post/256
- 11 Оралмандар және отандық мәдениеттің дамуы Нәбижан Мұқаметханұлы qamshy.kz/?p=69



«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін»

Халық даналығы.

ӘОЖ 1(574) (091)

Б.М. Аташ

ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Н.Б. Маханова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3I эксперти

ЖАҢАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада қазіргі әлемдік беталыс – жаһандану туралы философиялық сараптамалар қолданылды. Генетикалық тәсіл арқылы жаһандану құбылысының жалпы шығу тегі мен эволюциясы хақындағы жіктеулер көрсетіледі. Көне замандардан бастау алған адамзаттық бірігуге ұмытылыстың стихиясымен байланыстырған авторлар бұл үдерістің ең бастапқы тарихи нұсқаларын протожаһандану деп атап, одан соң қазіргі күйіне шолу жасап, неожаһандану заманының туып келе жатқандығы туралы тоқтамадарды одан әрі өрістетті. Құрылымдық-функционалдық талдаулар арқылы тұтас жаһандану құбылысын жеке-жеке бөліктерге ажыратып, әрқайсысының атқарар қызметі мен олардың арабайланысын талдады. Оның экономикалық, мәдени, саяси, рухани, ақпараттық т.б. салаларын таразылай келе өз ойларын шет елдік және отандық философтардың, саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың пікірлерімен нығайта түсті. Сондай-ақ бұл құбылыстың табиғи-эволюциялық тұрғыдан болмай қоймайтын объективті сипатын байыптап, жағымды және болуы ықтимал жағымсыз жақтары бар екендігі туралы пікірлерді де сарапталды. Нәтижесінде, қазіргі жаһандану заманындағы Қазақ Елінің даму бағдары мен ұстанған беталысы туралы мәселенің қойылуының алғышарттары зерделенді.

Түйін сөздер: *жаһандану үрдісі, протожаһандану, неожаһандану, ұлттық мүдде, ұлттық мәселе, әлемдік өркениет.*

В данной статье применяются философские анализы о глобализации в нынешнем всемирном направлении. Предъявляется классификация о генезисе и эволюции явления глобализаций с помощью генетических способов. Автор связывал с стихией - стремление объединится в человечество которое начиналось с древний эпохи, назвав протоглобализацию. Это процесс самый начальный исторический вариант, затем сделав обзор на нынешнее состояние, дальше развивалось рождение эпохи неоглобализации. Отделяя подразделение по отдельности в целом процесс глобализацию с помощью структурно-функциональные анализы, проанализированно межличностное и а также, исполняемые ими функции.

Сравнивая свои мысли с отечественными и за рубежом социологами, политологами, а так же философами - укрепили их мнение об экономической, культурной, политический, духовной, информационной и других отраслей. А также, понимая не бывающее объективное свойство с точки зрения природно-эволюционные процессы, проанализировано мнение о их существований и вероятности положительной и отрицательной стороны. В результате, изучали первичное условие поставленных проблем придерживающихся направленности на ориентацию развития в современном веке глобализаций Казахского Народа.

Ключевые слова: *тенденция глобализаций, протоглобализация, национальный интерес, национальная проблема, мировая цивилизация.*

This article applies philosophical analyzes of globalization in the current global trends. To be presented to the classification of the genesis and evolution of the phenomenon of globalization by genetic methods. Author associated with the element - the desire to unite humanity which began

with the ancient era, calling protoglobalization . This process is the initial version of history, then making a survey on the current state, further developed the birth of the century neoglobalization. Separating the unit individually in the whole process of globalization with the help of structural and functional assays, to analyze and mezhlichnostnoe as well as the functions performed by them.

Comparing your thoughts with domestic and foreign for sociologists, political scientists as well as philosophers - have strengthened their views on the economic, cultural, political, spiritual, informational and other industries. Also, understanding the objective quality does not happen from the point of view of natural evolutionary processes analyzed in view of their existence and the probability of positive and negative side.

As a result, studied primary condition set problems adhering to the orientation direction of developments in the modern global age of the Kazakh people .

Keywords: *the trend of globalization, protoglobalization, national interest, national problem, the global civilization.*

Жер бетінде сан мыңдаған жылдар бойы тіршілік еткен адамзат бүгінгі заманда адам мен табиғаттың, қоғам мен әлемнің органикалық бір тұтастығы, адамзаттың ортақ тағдырға негізделгендігі жөніндегі идеяға қайта оралып отыр. Бүткіл адамзатты толғандыратын ғаламдық мәселелер, экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік біртұтас кеңістік құру әлемдік қауымдасудың жаңа сатысына өрлеуді қажет етеді. «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деп жалпы бүгіндік идеясын болмыстық және ғұмыр кешулік тұрғыдан қысқа ғана тұжырымдаған халқымыздың даналығы бүгінгі күнгі жаһандану үдерісінің бүкіл адамзатқа арналған жалпылама түпкі идеясы болып табылады. Алдымен, негізгі мәселе «Жаһандану дегеніміз не?» деген сауалдың жауабы берілуі тиіс.

Жаһандану үрдісінің шығу тегін сараптауда, оның негізгі атрибуты болып табылатын табиғи-тарихи түрде ынтымақтастық пен бірлікке ұмтылу беталысының түп бастауларына тоқталу қажет. Осы «бірлік» идеясы адамзаттың есте жоқ ескі заман тарихына көз жіберсек, оның стихиялы түрде іске асқан алғашқы формаларына кезігеміз. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамының өкілдері антропогенездегі адамның жер бетінде әр түрлі аймақтарда қатар пайда болғандығы туралы теорияға сәйкес, өздерімен бірге жарыспалы түрде тіршілік етіп жатырған басқа қауымдастықтарды

алғашында білген жоқ деп топшыласақ, олар бірнеше шағын қауымдастықтардан құралған дербес тіршілік етудің адамзат эволюциясындағы бастапқы үлгілерін қалыптастырғандығы шындық.

Ендеше, жаһандану үдерісінің бірігу сапасының алғыбасқышы да ежелгі тайпалар мен рулық қауымдастықтардың құрылуынан тұратын ықшам топтасулар болып табылады. Сондықтан адамның қауымдастыққа алғашқы ұмтылуларының – биологиялық, философиялық, әлеуметтік, тарихи, психологиялық, мәдени қырлары бар екендігі сөзсіз.

Қауымдасудың биологиялық қыры – адамның табиғи түрде топтасуға бейімделген, оның тіршілік етуінің өзі «қоғамдық» сипаты болып табылатын негізге байланысты. Адамның жер бетіндегі саналы сүт қоректі жануар ретіндегі биологиялық негіздеріне сәйкес, ол – жаратылысы бойынша да қоғамдастыққа ұмтылатын субъект. Хайуанаттар жалпы эволюцияда тіршілік ету тәсілі жөнінен; жалғыз, оқшау өмір сүретін, жұптасып тіршілік ететін, топтасып қауымдасатын түрлерге бөлінсе, адам соңғысына жатады. Бұл топтасуға ұмтылудың негізі – тобырлық инстинкті. Осы инстинкт санаға қатыссыз кез-келген тіршілік иелерінің кеңістік бойынша белгілі бір ареалда тұтасуына, табиғи-биологиялық түрде, өздігінен алып келеді. Яғни, адам да жер бетінде өмір сүру үшін эволюцияның заңдылығы ретінде ерікті-еріксіз түрде қауымдастыққа

ұмтылатын тіршілік иесі ретінде тағайындалған, одан басқа жол жоқ екендігін тарих дәлелдеген.

Философиялық қыры бойынша – адамның биологиялық, әлеуметтік, психологиялық қырлары тұтастай алғанда бірігіп ғұмыр кешуге бағытталған. Ол - бірігу мен қауымдасуға жаратылысынан бейімделген, генетикалық тұмысынан бүткіл адамзатқа ортақ қасиет. Әрбір жеке субъектінің қай кезеңде болмасын қоғамда өзіндік орны айғақталған, қандай қоғам болмасын өзінің мүшесін өзімен тұтастандырады.

Әлеуметтік қыры – биологиялық жағынан топтасудың жоғары адамдық деңгейінен туындайды. Нақтырақ айтқанда, хайуанаттық топтасудан адамдардың қоғамдасуының айтарлықтай айырмашылығы бар. «Қоғам мен адам» қатар аталатын өзара байланысты, әрі органикалық бірлік. Сондықтан қазіргі әлеуметтану мен педагогикадағы әлеуметтендіру үрдісі – кез-келген адамды қауымдастыққа біріктіру, оның шарттары мен қағидаларын мойындауға мәжбүрлеу болып табылатын жылпылама әдіснама.

Тарих адамның қоғамнан тыс өмір сүре алмайтындығын дәлелдеді. Осыған сәйкес, Аристотель тұжырымдағандай: «Адам – қоғамдық-саяси жануар» болып табылады. Ендеше, қауымдасудың тарихи қыры – адамзат пайда болғаннан бергі қалыптасып келе жатқан қоғамның эволюциясына байланысты. Тарих – адамзат қоғамының бүгінгі күнге дейінгі қалыптасуы мен дамуының жалпылама картинасы, реалды өмір сүруінің нақты дәлелдемесі мен айғағы. Дегенмен, тарихи жады адамзаттың саналы өмір кешіп, қоғамдық өзіндік сананың қалыптасу кезеңінен бастау алады. Тарих – жеке дара оқшау өмір сүретін адамдардың тіршілігін емес, тұлға мен қоғам тұтасқан адамзаттың ғұмыр кешуін саралайды. Әрине, адамдар тарихты жасау үшін қауымдасқан жоқ, бірақ, қауымдастықтың бүгінгі күнге дейінгі эволюциясы тарихты құрайды. Демек, тарих – адамзаттың қауымдасып қана өмір сүре алатынының куәсі, басқа екінші жол – жоқ.

Мәдени қыры – адамзаттың алғашқы еңбек құралдарын пайдаланып, бірігіп тіршілік

етудің тиімділігін бастан өткізгеннен кейін: еңбек бөлінісі, жанұя, генетикалық тұтас әлеуметтік кеңістік құру, мораль мен тілді қалыптастыру қызметтері туындайды. Адам мен қоғамның пайда болуы туралы ілімде басты үш фактор: еңбек, мораль, тіл – қауымдасуға қажетті мәдениеттік атрибут. Осы орайда, орта ғасырлық түркі ойшылы әль-Фарабидің: «Адам – мәдени хайуан» деген тұжырымы еске түседі. Олай болса, мәдениет адам болмысының атрибуты, бірақ ол жеке, оқшау тіршілікте дами алмайды. Демек мәдениет – сананың ажырамас қасиеті десек, мәдениеттің өмір сүруінің, дамуының шарты – қоғам.

Осы мәдени шарттардан экономикалық қырлары туындайды, ол – алғашқы қауымдық құрылыстағы еңбек бөлінісінен бастау алады, яғни, алғашқы шаруашылық жағдай, оны орнықтыру адамзаттың сөзсіз қауымдасу қажеттігін туғызды. Материалдық мәдениет тарихы мен тұрмыстық шаруашылықты дамыту бұдан басқа жол жоқ екендігін көрсетті. Осы экономикалық қыры бүгінгі заманда өркендей түсіп, тұтас экономикалық кеңістік құру идеясын жаңартып отыр. Яғни, экономикалық өрлеудің негізгі шарты интеграцияда екендігін ұғынған адамзат ғаламдық бірігу идеясын ұсынып жатыр. Ол шағын экономикалық кеңістіктерден ірі аймақтық бірлестіктерге дейін ұмтылатын үрдіс ретінде бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қалыптасып қалған түсініктерден-ақ байқалады.

Жаһандану үрдісінің шығу тегін зерделеуде, оның қазіргі заманғы кейпіне дейінгі «протожаһандандыру» деп аталып жүрген көздерін ашу маңызды іс. Бұл – қазіргі жаһанданудағы саналы ұсынылып жүрген бірігу идеясы, алғашқы қауымдық құрылыстағы ұйысудың заңды тарихи жалғасы болуы керек дегенді білдіреді.

Қазіргі замандағы жаһандандыруды зерделеуші ғалымдарымыз оның түпбастапқы тамырларына үңіле отырып, бұл үрдістің алғашқы бастаулары әлдеқашан-ақ қалыптасқандығын атап өтеді. Хомо сапиенстің дамуы бойынша әр түрлі туыстықтар тайпаларға құйылды, тайпалар – халықтыққа,

халықтық үлкен ұлтқа бірікті. Адамзаттың бүткіл тарихы – жаһанданудың үздіксіз үрдісі (Герман княздықтарының бірігуі, Біртұтас Европа т.б.). Жаһандандыруды ешкім де таңдап алған жоқ. Кейбір халықтар жай ғана жаңа жер мен жаңа жол іздеді. Тайпалардан ұлт қалыптасты, шағын қалалардан – империя туындады. ХІҮ ғасырда Қытай флоты Яваны, Үнді мен Шығыс Африканы бағындыруға ұмтылды. Ал жүз жылдан соң португал мен испан көпестері итальяндық капитандармен

лоцмандармен бүткіл жер шарын жүзіп өте бастады. Бұл жаһанданудың бастамасы болды. ХҮІІІ ғасырда бүткіл мәдени Европа французша сөйлеп, Париж модасымен киінді.

Дегенмен, бұл үрдістер протожаһанданудың арнайы ұйымдаспаған нұсқалары, алғашқы негіздері болса, тарихтағы протожаһандандыру мен қазіргі замандағы жаһандандыру үрдістерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерделеп, былайша салыстыруға болады:

1-Кесте. Протожаһандану мен жаһандану үдерісінің айырмашылықтары

№	Протожаһандандыру	Қазіргі жаһандандыру
1	Стихиялы	Жоспарланған
2	Әлемге жария етілмеген	Алдын-ала жарияланған
3	Арнайы теориялық жобалары жоқ	Әдіснамалық-теориялық негіздері зерттелген
4	Басқыншылық немесе ығыстыру қолданылады	Бейбіт жолмен іске асуы бағдарланған
5	Авангардистердің ғана мүддесі көзделеді	Жалпыадамзаттық мүдде қамтамасыз етілуге тиісті болып құрылады.
6	Авангардистер өз идеологиясын ұсынады, ғаламдық мәселе көтерілмейді	Жалпы ғаламдық мәселелер өзекті болып табылады
7	Жаһанданудың тек саяси жағы үстемдік етеді	Экономикалық, саяси, әлеуметтік, діни, мәдени т.б. интеграциялар мен ынтымақтастықтар тұтас қамтылады
8	Империалистік сана орнайды	Полиэтникалық дифференциация кеңістігі сақталуға тиіс
9	Жеке этностық, ұлттық, мемлекеттік құндылықтар империалист тарапынан қолдау таппайды	Ұлттық, діни, мәдени құндылықтардың бәріне құрметпен қарау және олардың ынтымақтастығы идеясы құрылады
10	Микро кеңістікті макро кеңістікке ғана айналдырады, белгілі бір аймақты ғана қамтиды	Адамзаттың тұтас мегакеңістігін қамтиды
11	Бір орталықтан басқарылуды көздейді	Мемлекеттердің саяси тәуелсіздігі сақталады
12	Жаһандық проблемалар дербес шешіледі	Ғаламдық мәселелер аясында ерікті-еріксіз түрде бірлесу пайда болады
13	Жаһандық мәселелер аса күрделі болмайды	Ғаламдық мәселелер күрделене түседі, мәселеден мәселе туындап отырады

Айырмашылықтарымен қатар мынадай ұқсастықтарды атап көрсетуге болады:

- Жалпы интеграцияны қолдайды;
- Экономикалық тұтастықты қалайды;
- Мәдениеттер диалогын қамтамасыз етеді;
- Бүткіл адамзатты қамтуға ұмтылады;
- Өркениеттілікке өрлеуді мақсат етеді


- Белгілі бір ортақ мәселелер қоя алады т.б.

Демек, бұдан зерттеліп отырған құбылыстың генезисін жүйелеу мақсатында, адамзаттың эволюциясы бойынша: «алғы-жаһандану – протожаһандану – жаһандану - неожаһандану» түрінде құрылған өрлеу бейнесі туындайды.

Қазіргі әлемдік танымдық дискурс пен саяси-әлеуметтік бағдар аясында толғанылып келе жатырған және белгілі бір деңгейде

іске асып та отырған жаһандану үдерісі көпқызметті, көпқұрылымды біз ойлағаннан гөрі әлдеқайда күрделірек құрылым.

2-Кесте. Жаһандану үрдісінің дамуы мен құрылымдық-функционалдық жүйесі.



3-Кесте. Жаһанданудың жалпы құрылымын саралап көрсету.



Ұлттың өзін-өзі сақтауы үшін әлем халықтары арасындағы биологиялық бәсеке-лестік мәдени-рухани, экономикалық-саяси күрес формасында жүзеге асады. Міне, сондықтан жаһандану кезеңінде әрбір ұлт өзін-өзі қайтадан танып, өзіндік санасын жаңғыртып, болмысын сақтау мәселелерін саналы немесе интуитивті түрде болса да жолға қойып отыр.

Жаһандануды психологиялық қабылдауда үміт пен күдік қатар жүретін процесс. Бұл жердегі «күдік» - бастапқыда жаһандану үрдісінің болашақ іске асуына емес, оның кері кетушілік жақтары болуы мүмкін екендігіне сүйенсе, «үміт» - ілгерішілі қырларының болатындығын байыптайтын психология түрінде қалыптасқан еді. Кей сәтте үміт пен күдік бір арнаға тоғысып, жағымсыз ықпалдардан сақтануда нақты өмірлік, қоғамдық, шараларды іске асыруды, қорғаныш тетіктерін нығайтуды, жағымды сыртқы әсерлерді тез қабылдауды қолға алуда. Бұлар сайып келгенде, мемлекет немесе ұлт болашағы туралы толғаныстарды белсенді түрде ұсынады.

Бұл бізге жаһандану жағдайындағы – этно-экология мен экоэтнология мәселесін ұсынады. Экоэтнология, яғни, ұлт тазалығы этно-экологияны, демек, ұлттық экологиялық мәселелерді шешудің негізгі шарты. Алдымен ұлттық тазалық этноболмыстың сақталуы мен өрлеуіне қызмет ете келе, өз аймағындағы экологиялық мәселелерді шешудің өздігінше жаңа өлшемдерін ұсынады. Кез-келген ұлттық мемлекеттің ұсынылған ұлттық идеясының басты талабы да – ұлт тазалығы. Бұл тіл мен діннің, мораль мен салт-дәстүрдің өзіндік ерекшеліктерінің сақталуы мәселесін қамтамасыз етудің рухани-психологиялық құралы болып табылатын болса, ұлтжандылықты қалыптастырудағы этнопедагогика негіздерін пайдалану экоэтнологияны құрудың әлеуметтік құрылымы екендігі сөзсіз.

Осыдан жаһанданудағы экожүйе мен ұлтжандылықтың экологиялық мәселесі туады. Яғни, тұтас экожүйені қалыптастыру ұлтжанды азаматтың елі мен жеріндегі экологиялық мәселелерге алаңдайтын болуын қамтамасыз

етуі тиіс. Қандай-ма шағын немесе аз топтан тұратын ұлт болса да популяция кеңістігінде өзін-өзі сақтауға құқылы әрі, ол үшін күресуге де дайын. Сондықтан әрбір этнос өзіндік ұлттық идеясын жасап, ұлттық сезімін қайтадан бекіте түсуге мүмкіндік алады. Ұлттық микропопуляциялар табиғи-объективті дамудың туындысы, сондықтан өміршендігін сақтауға да құқылы болып келеді. Бұл тек шағын ұлттарға ғана қатысты емес, белгілі бір дін бойынша біріккен ұлыстар, саяси-әлуметтік мүдде бойынша топтасқан қауымдастықтарға да байланысты.

Әрине, адамзат пен ұлт болмысының өзара келісімі әлемдік дамуда өзекті болып отырған шақта көп ұлттық кеңістік планетада бейбіт өмір сүрудің басты талабы. Биоэволюция ұлт болмысының жойылуы мен құлдырауын талап етпейді, оның адамзаттық қауымдастықпен келісімді өмір сүруіне қашанда мүмкіндіктер туғызады. Осыдан әрбір этностың және ондағы тұлғаның қалыптасу дәрежесі айғақталады. Бұл – биожаһандандыру қазіргі заманғы Қазақстан азаматын қалыптастырудың табиғи-ландшафты болып табылатын макрофакторы ретінде ұсынылған шарттарын қабылдауды қажет етеді. Макрофакторлар да адамды қалыптастыру мен тәрбиелеуде маңызды қызмет атқарады, олай болса, биожаһандық үрдісті тұтас ландшафты ретінде тану қажет. Осыдан Қазақстан азаматын қалыптастырудың биоәлеуметтік қырлары туындайды. Ендеше, Жаһандану аясындағы ұлт болмысын сақтау оның тарихилық ұстанымға жүгіне отырып, жаңашылдыққа бейімделудің бірлігінен тұрады.

Осы бірлік, біріншіден, жаһандану ықпалымен әлемге жайылып, елімізге келіп жеткен құндылықтар тасқынын іріктеумен, сарауламен, сүзгіден өткізумен міндетті түрде сабақтасуы тиіс. Бұл – еліміздің ұстанған саяси бағдарына, ұлттық мүддемізге сай келмейтіндеріне шек қоюмен шешімін табады. Қазақи құндылықтарға кереғар жағдайға тап келгенде қолданылатын «Заман сондай, енді қайтеміз» деген қазіргі кездегі келісімпаздық сүзгі тым әлсіз, ол – психоаналитикалық тұрғыдан алғанда, тұлғаның жауапкершіліктен қашуы мен жағымсыз

қылықтардан өзін ақтап алуға келіп түйіседі. Бұл жердегі ұлттық танымға қайшы келетін құбылыстарды жинақтаған «заман» түсінігі, шындап келгенде, алмай-қоймайтын күдіретті тасқын сияқты болып елестейді. Бұл – алдамшы елес. Мысалы, бір уақыттарда келешекте, кезегі келгенде, қайта жаңарған өзінің игіліктілігінен айнымайтындығы мен мүлтіксіздігі мойындалған түркілік моральдік-рухани құндылықтар өзге елдерге де «заман ықпалындай» болып қабылдануы мүмкін. Демек, Қазақстанның болашақтағы алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі – тек экономикалық жағынан ғана алдыңғы сатыларға қарай өрлеу емес, рухани-моральдік дағдарыстарды реттеуде де әлемдік сахнада көшбасшы болу.

Екіншіден, бейімделу – Елдің өзіне-өзі сын көзімен қарай отырып, түпкілікті мой-

ындалған жалпыадамзаттық игіліктер тасқынына ілесумен жалғасын табуы тиіс. Сонымен қатар, ұлттың өзін-өзі сақтайтын және әйгілейтін, дүниежүзі мойындайтындай беделге алып келетін келбетін жасауды мақсат етіп қояды. Әлемдік өркениетке бейімделмеу немесе оны менсінбеудің зардаптарын ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың аяғы аралығындағы еліміздің тұтас тарихы айқын көрсетіп берген болатын. Ендеше, бұл тарихты қайталауға ата-бабаларамыздың рухы, ұрпақтарымыздың лебі алдында да құқымыз да жоқ. Бұлар жай ғана өздігінен-ақ іске асуы ықтимал қоғамдық үдерістер немесе жасауға-жасамауға таңдау емес, келер ұрпақтың міндеттелеген парыздары десе де болатын ішкі сана-сезімнің тереңнен тамыр тартатын бұйрықтары.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұлттық тәрбие: таңдамалы лекциялар курсы.- Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. -276 б.
- 2 Ақпанбет Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993ж.
- 3 Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996ж
- 4 Кенжалин Ж. Ұлтты ұлығылау ұлағаты. «Ақиқат» журналы, №8, 1996ж. 23-29 б.
- 5 Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім және ұлттық қадір-қасиет. – Алматы: ҚазССР «Білім» қоғамы, 1990ж. – 39 б.
- 6 Борбасова К.М., Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.К., Затов К.А., Курманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б., Рысбекова Ш.С., Абжалов С.У.Қазіргі Дәстүрден Тыс Діни Қозғалыстар Мен Культтер // «Әрекет-Принт» 2012г. 180стр.

ӘОЖ 37.349

М.А. Нуриев

т.ғ.к., профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми зерттеу институтының директоры

ҚР Жоғарғы мектебіне еңбегі сіңген қызметкер

Г.Б. Мединеева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру

ғылыми зерттеу институтының инспекторы

МЕДИАЦИЯ ЗАҢЫ

Бұл мақала дәстүрлі сот ісіне бір-біріне қатты жауласқан, қызуқанды бәсекелестер рәсімі жайында жазылған. Бұл жерде тараптардың шынайы мүддесі қатерге алынбайтын фактіге баса назар аударылады. Тараптар бір-бірімен делдалдар, яғни заңгерлер мен судьялар арқылы сөйлеседі. Бұдан медиация – тараптардың бір-бірімен тікелей байланыс жасауына және мәселе шешімін ынтымақтастық арқылы табуға жәрдемдесуіне тоқталдық. Медиация тараптар арасындағы даулардан туындайтын эмоциялық жағдайлардың төмендеуіне мүмкіндік беретіндігіне ерекше назар аударылды. Бұл қатысушылардың «ашылуына» және таластарды шешудің үздік жолдарын табуға көмектесетіндігі мен медиацияның көмегімен өзара байланысты мәселелерді бір уақытта және бірнеше тараптардың қатысуы тар деңгейде ғана емес, кең ауқымда талдап шешуге болатындығы жайында анықталған. Медиация үрдісінде жеңімпаздар мен жеңілушілер болмайтындығы, оның мақсаты екі тарапты да қанағаттандыратын шешім табу мақсаттары жайлы жазылған.

Түйін сөздер: *заң, заңгер, медиация, құқық, татулық, дәстүрлі заң, келісім.*

В данной статье написано о традиционном виде суда, среди твердо враждующих друг на друга людьми. Рассмотрено что, особое внимание уделяется сторонам у которых истинный интерес не считается опасностью. Две стороны разговаривают друг с другом с помощью посредника, адвоката или судьи. Медиация это – оказываемая помощь которая помогает сторонам общаться прямо друг с другом и через решение проблемы сотрудничество. Написано о том, что медиация помогает снизить уровень эмоциональных расстройств враждующих сторон, а так же, решать проблемы в назначенное время и в свободной обстановке. В процессах рассмотренных методом медиаций не бывает победивших или побежденных, данная цель медиаций удовлетворительное положение двух или более сторон.

Ключевые слова: *закон, юрист, медиация, право, применение, традиционный закон, договор.*

In this article of the court written about a traditional kind, among firmly quarreling on each other people. It is considered that, the special attention is spared to parties at that interest ignores a danger. Two sides of with each other by means of mediator, advocate or judge. It - given help that helps parties to intermingle straight with each other and through the decision of problem collaboration. It is written that медиация helps to bring down the level of emotional disorders of quarreling parties, and similarly, to work out problems in the appointed time and in a free situation. In processes the considered the method of медиаций is not winnings or, this aim of satisfactory position two or more than parties.

Keywords: *law, lawyer, mediasia, right, tried, traditional law, agreement.*

«Әділ және сатылмайтын сот – демократиялық және құқықтық мемлекеттің аса маңызды негізі. Егеменді Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – бұл соттар мен судьялардың тек формалды заңды ғана емес, сонымен қатар нақты тәуелсіздікке ие болуы», – деп айтқан болатын Н.Ә. Назарбаев.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында аса ұқыптылықты қажет ететін салалардың бірі – сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту мәселесі деді. Осы ретте «Арбитраждық және аралық соттар жүйесін нығайту керек» деген ұсыныста дер кезінде көтерілді деп ойлаймыз. Айрықша назар сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оның басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылтуға аударылды. «Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет»[1] – делінген болатын.

Осындай үлкен бір бастама бұдан екі жыл бұрын қабылданған Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы тұр. Яғни, медиация, медиатор деген ұғымдардың елімізде пайда болуына Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтарда шыққан, жоғарыда айтылған «Медиация туралы» Заңы себепкер болды. Заң қолданысқа алты айдан кейін 2011 жылдың тамыз айында енгізілді.

Ал алғашқы тәжірибесі ретінде қолданылуы «Медиация заңы» қабылданғаннан кейін, аудандағы үкіметтік емес ұйымның – «Синергия» қоғамдық бірлестігімен «Достасу» атты медиация және құқық орталығы құрылған болатын. Орталықтың екі кеңсесі бар – Қарағанды мен Теміртау қалаларында. Біреуі медиация жұмыстарын атқаратын, екіншісі білікті медиаторларды дайындауда. Қазақстан Республикасы қылмыстық сот пен шағын және орта қылмыстарымен медиация рәсімін өткізу жайында Тәуелсіз мемлекеттердің (СНГ) одағында жалғыз мемлекет болып саналады. Медиация заңының шыққан күнінен бастап «Достасу» орталығы

ең алғаш жұмысы болып – жол апатына қатысты қылмыстық істі ашқаны болатын. Нәтижесінде екі жақ бітімгершілікке келді. Осылайша қылмыстық іс жабылды. 2011 жылдың 8 қыркүйегінде Қарағанды облысының сотымен бірлескен ашық халықаралық ғылыми-практикалық «Медиация – еркіндіктің, қауіпсіздіктің және әділдіктің кеңістігі» атты конференциясы өтті. Бұл конференцияға Қазақстан, Санкт-Петербургтың Мемлекеттік Университетінің – медиация заңының негізін қалаушылары, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикаларының медиаторлар ұйымдарының мүшелері қатысты. Осылай келе «Достасу» орталығы бүгінгі күнге дейін халықтың көңілінен шығуда. Оған мына медиацияның категориялары дәлел бола алады:

- қылмыстық іс қозғалған жұмыстар бойынша екі жақтың достасуы – 2 (3,6%);
 - отбасылық мәселелер, мүлікті бөлісу, балалардың тұратын орнын анықтау – 14 (21,8%);
 - тұтынушылардың жанжалдары – 18 (32,7%);
 - кредит төлеу және қайтару – 4 (7,2%);
 - коммерциялық жанжалдар – 8 (14,4%);
 - коммерциялық медиация (заңды тұлғалардың қатысуымен) – 8 (14,4%);
 - медиациядан бас тарту – 1;
 - коммуналдық қызмет атқарушылармен талас – 4 (7,2%);
 - адамдар арасындағы ұрыс-керіс (денсаулыққа жеңіл-желпі зиян келтіру, т.с.с.) – 4 (7,2%);
 - бұқаралық ақпарат құралдарымен сөзге келмеу – 3 (5,5%) [2].
- Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 30 января 2001 года №155-II //Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 5-6, ст. 24.

Міне осындай нәтижеге медиация әдістемелерін қолданудың арқасында қол жеткізіп отыр. Айта кетер болсақ, бүгінгі күні дау да, кикілжің де кең етек алып барады. Міне, осындай дау дамайдың тікелей себептері – меншік түрлерінің көбеюі, нарықтық

қатынастардың орнауы және халықтың құқықтық сауатының аздығы мен оған қоса талабының артуы болып табылады. Өмірде кездесетін кез-келген ұсақ-түйек кикілжіңдердің арқасында ел сотқа жиі жүгінетін болды. Тіпті айтар болсақ, облыс, аудандарда сотқа түскен істердің 35 пайызы осындай себептерден құралған. Мысал ретінде Қарағанды облысын алайық, өткен 2012 жылдың қараша айында статистика бойынша соттар 63 мыңнан астам азаматтық іс қараса, соның сотқа дейін және соттан тыс медиация жолымен жүргізілгені саусақпен санарлықтай ғана. Бұл дегеніміз бізде осы заңның баяу жүретіндігін көрсетеді. Қазіргі кезде полиция қызметкерлері медиация заңын көп жағдайда жария етпейді. Егер де шағын және орта қылмыстар болатын болса, онда тергеуші жәбірленушіге немесе күдіктіге дереу медиаторларға бағыттау керек. Міне, сонда ғана жұмыс реттеледі, демократия орнайды, жемқорлық азаяды, заң – жүзеге асады.

Дамыған өркениетті елдерде медиаторлар азаматтық істердің 32 пайызына дейін қарайды. Нәтижесінде олардың 85 пайызына шешім шығарылады, іс екі жақтың бітісуімен аяқталады. Көрші Ресей мемлекетінде, Украинада дауларды соттан тыс қарау үрдісі қарқынды дамып келе жатқандығын бұқаралық ақпарат құралдары беттерінен көріп жүрміз. Оларда да медиация туралы немесе соған ұқсас заңдар қабылданған.

Сонымен медиация және медиатор дегеніміз не? Медиация термині латын тіліндегі геометриялық ұғым, медиана – ортадағы сызық деген сөзден шыққан болатын. Қазақы ұғымға келтірсек, медиатор екі жаққа да бірдей ортақ, дау-дамайда айтысушы жақтарды ортақ мәмілеге келтіріп тең шешетін ара ағайын, орысша – посредник[3].

Егер Қазақстан Республикасы заңдарында басқаша белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дау-шаралар медиацияның қолданылу

саласы болып табылады. Медиация, яғни ара-ағайындық негізінен тұрғын үй, еңбек, отбасылық ажырасулар, көршілер арасындағы даулар мен кикілжіңдер, мұраны бөлу, медиаторлардың қарауына беруге болады.

Медиация рәсімі қолданылмайтын жағдайларға келсек олар төмендегідей. Біріншіден: дауда дауласушыға жатпайтын үшінші тұлғалардың мүддесі қозғалса, сондай-ақ сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделі қатысы болса; екіншіден тараптардың бірі мемлекеттік орган болса. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен мемлекеттік қызмет туралы заңдар бұзылған жағдайда да медиация рәсімі қолданылмайды.

Медиация туралы небәрі 28 баптан тұратын осы заңның тиімді жақтары аса көп. Мәселен жоғарыдағыдай бір дауды сот судьялары қараса адамдар заңның қатаң ауқымына түседі, заңдылықтарға сәйкес жауапкерге заңның бабы көрсетіліп айып тағылады. Адам кәдімгідей сотта болады. Жауапкер де, талапкер де өздерін қорғау немесе адалдығын дәлелдеу үшін айғақтар мен құжаттар жинауға көшеді. Қажет болса қорғаушы (адвокат) жалдауға, мемлекеттік баж салығын төлеуге мәжбүр болады[4].

Ал медиация рәсімінде мұның бірі талап етілмейді, заңның баптары да қолданылмайды. Медиацияны жүргізу рәсімі осы заңның аясында тараптар келіскен тәртіп бойынша жүргізіледі. Тараптардың өз қалаулары бойынша медиацияны жүргізу уақыты мен орыны анықталады. Медиацияны жүргізу медиатор мен тараптардың тек өзара келісімі бойынша және олардың арасында медиация туралы шарт жасалған кезде жүзеге асырылады..

Ал енді кім медиатор бола алады деген сұраққа келсек медиация туралы заңда оған да айқын жауап берілген. Айта кететін бір жайт – медиатор қызметін кәсіби негізінде атқаратын кәсіпқой медиатор және кәсіби емес негізінде атқаратын қоғамдық медиатор бар. Ауылдық жерлерде кәсіби медиаторлар жоқ болғандықтан медиацияны қоғамдық медиаторлар жасайды. Қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған тұлғалар медиацияны кәсіби емес не-

гізде жүзеге асыра алады. Медиатордың заң оқуын бітіруі шарт емес. Ол тәуелсіз, бейтарап, істің қандай да бір жақ үшін пайдалы нәтижесінде мүдделі емес адам. Ол медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және рәсімдерге тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Қазақ «Еліңнің ішін даудан сақта, сыртын жаудан сақта» деген. Елінің тыныштығы мен бейбітшілігін ойлаған әрбір ауыл әкімі өз ауылдастарының ішінен өмірлік тәжірибесі мол, абыройлы және мінсіз беделі бар кем дегенде 2-3 ақсақалдар алқасынан тұратын медиаторларды сайлап (тағайындап) алулары керек. «Ауыл ағасыз, тон жағасыз болмайды» дейтін қазаққа бұл тіпті түсінікті әрі жақын нәрсе. Ал «Медиация туралы» заң осыған жол ашып беріп отыр. Дауларды сотқа дейін баламалы негізде шешудің конституциялық негізгі принципі Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1-бөлігі болып табылады. Ата заңымыздың осы бөлігінде тайға таңба басқандай етіп, «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» екені анық көрсетілген. Бұл – әр азаматқа қатысты даулы істі бітімгершілікпен шешуге сілтеме беріп тұрған айқын да анық құқықтық тұжырым.

Соның ішінде еліміздің сот төрелігіне медиация институтын заңдылық тұрғыдан енгізу, оны айналымдағы заңдармен тең дәрежеде қолданудың негізгі принциптері, рәсімдері, медиатордың құқығы мен міндеттері, конфиденциалдығын сақтау жөніндегі кепілдік және келісімді бекітудің тәртібі, сондай-ақ қоғамдық ортада орын алған әртүрлі дауларды шешуде бұл тәсілдің тиімділігі жоғары екенін көрсеткен бірқатар елдердің тәжірибесі жан-жақты түрде қарастырылды.

Жалпы алғанда қоғамда орын алатын даулардың баламалы негізде шешілуі судьялар үшін үлкен жеңілдік туғызады. Ай сайын оларға толассыз келіп жататын істер ықшамдалып, бөлінетін жүктемелері азаяды. Соның

арқасында тараптардың келтірген даулары тез шешіліп, сот төрелігінің әділеттілігі мен оның орындалуы халық арасына кеңінен таралып, ел ішіне өзінен-өзі насихатталады. Бұған нақты мысал ретінде бұрынғы билерден қалған «Өзі басталып өзі біткен дауды – жаным дерсің, бес бала тапқан әйелді – ханым дерсің» деген мақалдың жөні болар.

Бітімгершілік арқылы екі жақтың мәмілеге келуі – қазақтың әлімсақтан келе жатқан билер сотындағы ең тура жолдың бірі. Ауыл-үй арасында мал дауы, жер дауына байланысты рулы елдер арасындағы түрлі даудайларды ара ағайынның араласуы арқылы шешу – рулар арасындағы елдің бірлігін, жердің тұтастығын сақтап келген. Бітіспес араздыққа бармай, кісі өліміне соқтырмай қанқұйлы ауыр қылмыстардың алдын алуда ерекше рөл атқарғанын, Қазақ елінің құқық тарихына зер салған адам жақсы білуі тиіс.

Ұсақ-түйек ұрлық-қарлық, барымта алу, жер дауы, жесір дауының барлығын да аузы дуалы ара ағайындар билер сотына түсірмей-ақ, кемелдікпен шешіп, келісімге келтірген. Ол емес, еларалық жанжал да, бітіспестей болып жауласқан көрші елдер де бітімгершілік арқылы келісімге келіп, беймарал өмір сүру үшін «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген билер сотындағы прецеденттік ұстаныммен бір-біріне қыз беріп, қыз алысып, жаулықтың соңын бауырдай тәтті құда-жегжаттыққа айналдырған. Осы тұрғыдан алғанда медиация, яғни бітімгершілік – біздің ата-бабаларымыз Қазақ елінің дәстүрлі құқығының негізінде мыңдаған жылдар бойы ұстанып келе жатқан бітімгершілік жолы. Ендеше, медиация бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің өркенді жолын жақсы қырынан дамытуға, оның саяси құқықтық тұжырымдамасы мен баянды бағдарламаларына мінсіз қызмет көрсететінін сеніммен айтуға болады.

Медиатор мемлекеттік қызметте (немесе соған теңестірілген жұмыста) істемеуі керек, өтелмеген не алынбаған соттылығы болмауы тиіс. Егер оған қатысты қылмыстық қудалау басталса медиатор тізілімінен шығарылады.

Медиация рәсімі азаматтық даулар бойынша шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуға тиіс.

Осы уақытта тағы бір көкейтесті жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша медиацияны жүргізу мерзімі тағы бір айға ұзартылуы мүмкін.

Азаматтар дауын сотқа беріп қойған соң қайтып алуға болмайды деп ойлайды. Медиацияның ерекшелігі сол, бәлкім ыңғайлылығы да болар – дауды соттың қарауында жатқанда да сұратып алып медиаторлар шешіміне ұсынуға болады. Бұл өзі бәленшекен бірімен-бірі соттасып жатыр деген жаман атақтан құтқаратын жол. Іс медиация рәсіміне берілгенде сот іс жүргізуді тоқтата тұрады. Медиация нәтижесінде мәмілеге қол жеткізілсе дауды реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалады, екі жақ қол қояды. Даушарды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде, келісімде көзделген тәртіппен және тағайындалған мерзімде орындауға тиіс. Егерде келісім орындалмаған жағдайда келісімді бұзған медиация тарабы заңдылыққа сәйкес жауаптылыққа тартылады. Дауды реттеу туралы қол қойылған екі жақты келісім тез арада осы азаматтық іс жатқан сотқа жіберіледі.

Есті мәселенің бірі – медиаторлардың білім алуы болып табылады. Мысалға Ресей Федерациясында медиаторларды ЖОО-да сонымен қатар медиаторлар орталықтарында да біліммен қамтамасыз етеді. Ал Қазақстандағы жағдай тым өзгеше. Үкіметтің қаулысы бойынша медиаторларды дайындау ерекше құзыреттілікпен жүзеге асырылады. Ол дегеніміз медиаторлыққа үйрету үшін медиатор үш оқу бағдарламаларын меңгеру қажет. Сол бағдарламаның әр-қайсысынан кейін қорытынды аттестациядан өтіп оны күәландыратын сертификат алу керек [5]. Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148-І «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» //Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 3, ст. 17.

Кәсіпқой емес медиатор әдетте істі тегін қарайды. Медиацияға қатысушы дауласу-

шы тараптар оның медиация жүргізуге кететін шығындарын бірлесіп көтереді. Медиаторға сыйақы төлеу қарастырылуы мүмкін. Медиация нәтижесіз аяқталса дауды бұл жолмен шешуге болмайтындығының себептері көрсетіліп жазбаша хабарлама жасалады және оның бір данасы азаматтық (қылмыстық) іс жатқан сотқа жолданады. Медиацияны нәтижесіз тоқтату тараптардың біреуі одан жазбаша бас тартқан жағдайда да жасалады.

Медиация туралы заңның 3 бабына сәйкес оның мақсаттары дауды сотқа жеткізбей қарау, дауды шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын жолын табу, тіпті болмаса тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады.

Ал нақты медиатордың міндетіне тоқтайтын болсақ: медиаторға судьяның өкілеттілігі берілмеген, ол шешім қабылдай алмайды және тараптарды өз шешімін орындауға міндеттемейді. Ол текқана келіссөздердің тиімді жолмен жүргізілуіне көмектеседі сонымен қатар, оларды қажетті арнаға бұрады. Өзінің бейтараптығы арқасында медиатор даудың мән-жайын әділ бағалап, туындаған мәселенің оңтайлы шешімін таба алады.

Бұл Заңеңалдымен қылмыстан алыстатып, тараптардың бірінің мүдделерінің қалпына келуін, бас бостандығынан айырудан сақтау жолы. Дауларды қараудың сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді, қаралатын істердің санын, судьялардың жүктемесін азайтуға ықпал етеді. Медиация рәсіміне өмірлік тәжірибесі мол, жоғары білімді адамдарды, сот төрелігін атқаруда тәжірибесін толық қолдануға болатын дағдарысты судьяларды, прокурорларды тартуға мүмкіндік туады. Дауға қатысушылардың барлығынан күнделікті өмірдегі қолданыстағы заңнама нормаларын білу және қолдану дағдылары талап етілетіндіктен, жалпы, құқықтық мәдениеттің дамуына әсер етеді. Сол сияқты тараптардың материалдық шығыны азаяды. Жанжалдасушы тараптардың келешек өмірлерінде бір-біріне кек сақтамауына, адамдардың мейірімділігін, адамгершілік қасиеттерін, мәдениеттілігін арттыруға зор ықпал етпек. Медиация осы басты идеялар негізінде

пайда болды. Медиацияны отбасында, бизнесте, өндірісте, жалпы, қоғамның барлық салаларында қолдануға болады.

Дауларды бітімшілік рәсімі арқылы шешу, медиация рәсімі мынадай белгілермен сипатталады:

Еркінділік. Азаматтар медиацияға ерікті түрде қатысады, осылай медиация рәсімін таластар мен дауларды шешуде пайдалану туралы шешім қабылдауда, медиация жүргізу үрдісінде, шешім қабылдау кезінде келісімге қол жеткізуде, сондай-ақ өзара тиімді шешімдерді орындау кезінде еркінділік принципі жүзеге асырылады;

Уақыт пен ақшаны үнемдеу. Таласты медиация жолымен шешу көп уақыт алмайды және оған қатысушылардың ресурстарын айтарлықтай үнемдейді.

Тараптардың өзара көңіл білдіруіне негізделген. Медиация үрдісінде жеңімпаздар мен жеңілушілер болмайды, оның мақсаты екі тарапты да қанағаттандыратын шешім табу. Тараптарды позиция алмасудан эмоциясыз, өзара кінәлаусыз шынайы мүдде қалыптастыруға көшіру, тараптарға өзара шешімдер қабылдату медиацияның басты мақсаты болып табылады. Осылай тараптар таласты өздері шешеді, бұл өз кезегінде медиация барысында күштеп орындату рәсімінсіз келісімге қол жеткізген ерікті түрде орындау деңгейін арттырады.

Медиатордың тәуелсіздігі және күні бұрын ой түймеуі. Тараптардың әрқайсысына медиаторлар ассоциациясы немесе одағы ұсынған тәуелсіз медиаторлар тізбесінен медиаторды өз еркімен таңдау құқығы беріледі. Тараптардың әрқайсысының пікірі медиатор үшін бірдей маңызды. Медиация үрдісіндегі аса маңызды принцип деп медиатордың күні бұрын ой түймеуін айта аламыз, ол әспенділік пен өзінді пікірден алыс болуды білдіреді. Медиатордың даудың маңыздылығы туралы өз пікірін білдіруіне, өзінің әділдігіне күмән тудыратындай әрекет етуіне құқы жоқ.

Рәсімнің икемділігі. Медиация медиацияға қатысушылардың бастамасымен кез келген уақытта тоқтатылады. Медиацияға қатысушылар өздерін қанағаттандыра алатын келісімге қандай жағдайда жететінін өздері

шешеді. Медиатор кінәлі мен кінәсізді іздемейді, тараптардың өзара шешім қабылдауларына бағыт береді. Бұдан басқа тараптардың өзі медиация үрдісінің тоқтатылуына бастамашыл бола алады.

Тиімділік. Медиатордың таластарды қаруы кезінде тараптар жеке немесе іскерлік қатынастарын сол күйінде сақтап қалады, сот ісі сатысында даулардың көпшілікке жария болуына жол берілмейді. Медиация рәсімі арқылы көпшілікке жария болуын тараптар қаламайтын сыпайы мәселелерді қозғайтын таластарды (некені бұзу, отбасылық, азаматтық-құқықтық, т.б.) қарастыруға болады.

Қолжетімділік. Медиатор жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен болған азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ шағын және орташа ауыр қылмыстық істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қарастырылатын дауларды шешу кезінде егер Қазақстан Республикасының заңымен белгіленбесе («Медиация туралы» ҚР Заңының 1-б. 2-4 тт.) делдал бола алады. Ол аталған заңның 1-б. 2-4 тт. белгіленген. Медиатор медиация жүргізу кезінде тек тараптардан ғана емес, мемлекеттік органдардан, басқа да заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан да тәуелсіз болады. Медиатор таластарды шешу кезінде тек тараптардың мүдделерін, адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жеке өмірлік тәжірибесін негізге ала отырып делдал бола алады.

Медиацияның басты принциптерінің бірі Құпиялылық принципі. Медиацияға дайындық кезінде медиаторға ұсынылған немесе медиация үрдісінде дайындалған кез келген ақпараттар, жазбалар, есептер және басқа да құжаттар құпия болып табылады. Құпиялылық медиация жағдайына және тараптардың кез келген шешіміне байланысты болады. Тараптар өздері ереже шығара алады, медиатормен алдын-ала келісе алады немесе құпиялылықты сақтаудың бұрыннан анықталған ережелерін қолдана алады. Барлық ақпараттың немесе оның бір бөлігінің құпиялылығы туралы тараптардың келісімі медиатор үшін міндетті болып табылады. Ресми емес кеңес кезінде тараптардан

алынған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз басқа тарапқа немесе басқа бір тұлғаға ашуға медиатордың құқы жоқ. Бұл принцип әсіресе келісімге келуді, сол арқылы тұлғаны сақтап қалуды және даулы жағдайда болған деректі ашпауды қалайтын тараптар үшін аса маңызды.

Келісімдердің мазмұны тек тараптармен және заңмен белгіленген жағдайда, мәселен келісімді мәжбүрлеп орындату кезінде ғана ашылуы мүмкін. «Медиация туралы» ҚР Заңының 8-б. сәйкес және құпиялылық принципі бойынша медиатордың куәгер ретінде медиация барысында оған белгілі болған ҚР заңымен қарастырылған жағдайлардан басқа мәліметтер жөнінде тергеуге алынуы мүмкін емес. Медиацияға қатысушы ақпаратты оны ұсынған медиация тарапының рұқсатынсыз жария еткені үшін түрлі жауапкершілікке тартылады.

Бағамдап қарасақ, еліміздің заңнамаларында медиацияны қолдану, яғни істі бітімгершілікпен шешу туралы мәселе 1998 жылдың 1-қаңтарынан, Қылмыстық кодекс жаңадан қабылданған кезден бері жеңіл және орташа ауырлықтағы қылмыстар, сондай-ақ жеке айыптау істері бойынша тараптардың бітімгершілік келісімге келу институтын енгізу мәселесі қарастырылғаны байқалады.

Әсіресе, жасалған қылмыстық мән-жайларға байланысты жауапкершілікті жеңілдетін әрекеттер, соның ішінде құқық қорғау органдарына қылмыстың ашылуына көмектескені үшін жауапкершіліктен босатудың

негіздемесі немесе жәбірленушімен татуласқан жағдайда, бұған қоса медиация тәртібімен жәбірленушіге келтірілген зиянды толық өтеген болса, қылмыстық жауаптылығын қысқарту қарастырылған. Сонымен қатар, қылмыстық істер жөніндегі заң нормаларына сәйкес, медиация рәсімін тек қозғалған қылмыстық істерге қатысты, сотқа дейінгі және сот сатысында қолдану мүмкін екеніндігі көрсетілген. Нәтижесінде медиация тергеу және алдын ала тергеу органдарымен соттардағы жүктемені азайтуға қол жеткізуге мүмкіндік туғызатыны дәлелденді.

Осы ретте кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге қатысты қылмыстық істерді қарауда «Медиация туралы» заңның әлі оң-соңын танып білмеген жеткіншектердің абайсыздықта жасаған жеңіл қылмыстарын ізгілендіруге тигізер әсері мол. Өйткені, қандайда бір қылмыстық істің басталған кезінен аяқталған уақытына дейін айыпталушы азаматпен тергеу амалдары тікелей жүргізіліп, іс сотқа түскен кезде де бетпе-бет отырғызылып, сот тергеуі көзбе-көз жүзеге асады.

Ал азаматтық және әкімшілік істерде көбіне қағаз жүзіндегі құжаттамалар басымдылыққа ие болады. Сондықтан, «Медиация туралы» заңның, яғни бітімгершіліктің қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында кеңінен қолданылуы – қоғамда орын алатын қылмыстық құқықты барынша ізгілендіруге, сондай-ақ сот беделінің үнемі артуына айрықша үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://www.bnews.kz>. Қазақстан Үкіметі арбитраждық және аралық сот қызметтері
- 2 Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 30 января 2001 года №155-II //Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 5-6, ст. 24.
<http://site.mediaovd.kz/kz/zek> Түрме реформасы –түбегейлі өзгеріс бастауы
<http://zekzakon.kz/Document/Қазақстан Республикасының Заңы>
- 3 Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148-I «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» //Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 3, ст. 17.

ӘОЖ 111.1(09)

Б.М. Аташ

ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Н.Б. Маханова

ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И expertі

ҚАЗАҚТЫҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМЫ

Бұл мақалада қазақтың көркемдік эстетикалық танымы туралы қарастырылған. Халқымыздың эстетикалық дүниетанымының пайда болу тарихы мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен. Атап айтқанда, сақтарда металды өндіретіндер, оларды өңдейтіндер, қару-жарак соғатындар, зергерлік бұйымдарды жасайтындар, петроглифке жазатындар, татуировка салатындар сияқты әрбір салада маманданған шеберлер болғандығы туралы атап өтіледі. Қазақтардың дүниені көркемдік тұрғыдан игеруінің ерекшеліктері зерделеніп, әлемнің рәміздік бейнелерінің көріністері шағын үлгілері көрсетілген. Атап айтқанда, өнердің өнер туындыларының шындыққа сәйкестігі ұқсатылады. Сандар мен түстердің түзілімінің ішкі мағынасы сарапталады және қазақ эстетикасының бүгінгі таңдағы жалпылама бейнесі тарихи-эстетикалық тұрғыдан сарапталады.

Түйін сөздер: *эстетика, Алтын адам, түс, сан, көркемдік дүниетаным.*

В данной статье рассматривается художественно-эстетическое познание казахов. Разносторонне и открыто показывали появление историй эстетическое мировоззрение и особенности нашего народа. А именно, упоминали о существовании металла производители и обрабатывающий их человек, создатели вооружений, создатели ювелирных изделий, писатели петроглифов, рисующие подобно татуировке и специализированный мастер по каждой отрасли. Изучая особенности с точки зрения освоения художественного мира казахов, показали примеры подходящие виду мирового символического образа. А именно, находили соответствие реальности произведения творческого искусство. Анализирован смысл внутреннего реестра цифровых цветов и точки зрения историко-эстетический образ обобщенный сегодняшней эстетикой казахов.

Ключевые слова: *эстетика, Алтын адам, цвет, цифр, художественная мировоззрения.*

This article examines the artistic and aesthetic knowledge of Kazakhs. Versatile and openly showed the appearance of stories aesthetic outlook and especially our people. Namely, mentions the existence of metal producers and the processing of their founder of weapons, jewelry creators, writers petroglyphs depict like tattooing and special master for each industry. Studying features in terms of the development of the artistic world of the Kazakhs, the examples have shown an appropriate symbolic image of the world. Namely, we find the corresponding reality creative works of art. Analyze the meaning of the internal registry of digital colors and point of view of historical and aesthetic image synthesis today aesthetics Kazakhs.

Keywords: *aesthetics, Altyn Adam, color, numbers, artistic outlook.*

Эстетика ілімі тек сұлулық пен әдемілік пен төмендік, күлкілілік пен ұсқынсыздық туралы емес, сезімдік таныммен келіп сияқты ұғымдар жүйесін тұтас қамтитын түйісетін қайғылылық пен асқақтық, ерлік философияның іргелі саласы. Сонымен қатар

бұл ілімде – үйлесімділік, тең өлшемділік, өзара сәйкестік, бірін-бірі толықтырушылық тәрізді ыңғайластырылған үдерістер де маңызды болып саналады.

Халқымыздың эстетикалық дүниетаным ерекшеліктерінің бір арнасы әлемді көркемдік тұрғыдан бейнелеуде анық аңғарылады. Бұл Қазақ халқының салт-дәстүрлерінде, әдет-ғұрпында, діни сенімдерінде сыртқы дүниенің келбетін, ішкі сырын, болмысын рәміздік немесе шынайы түрде көшірумен жалғасын табады және нәзік тұстармен көмкеріледі. Биік эстетикалық талғам, өмірдің сұлулығын түйсіну, дүниенің әсемдігін ұғыну қазақтардың рухани мәдениетінде қамтылған. Бұнда сандық қатынастардың өзіндік реттелуі (нумерологиялық), түстер түзілімі, сыртқы пішінге басымдылық беретін дизайн еркін қолданылған.

Қазақ халқының сұлулық пен әсемдік, әдемілік пен көркемдік талғамы да жоғары. Оның тым көне бастаулары тұрмыстық бұйымдардан, киім үлгілерінен, ат әбзелдері мен қару-жарақтардың безендірілуінен анық көрініс табады. Оның тарихтағы озық ең көне үлгілері сақтардың «аң стилі» деп аталған өркениетінен бастау алады. Жауынгер халық болған сақтар металл өңдеуді өздері игеріп, сол кезеңде-ақ металл өндіретін және өңдейтін өзіндік шағын «өндіріс орындарын» орнатқан. Ендеше, олардың аң стилінің металл бұйымдарында көрініс табуы заңды құбылыс. Олай болса, осы өндірістерде жұмыс жасайтындар, металды өндіретіндер, оларды өңдейтіндер, қару-жарақ соғатындар, зергерлік бұйымдарды жасайтындар, петроглифке жазатындар, татуировка салатындар сияқты әрбір салада маманданған шеберлер болған. Сақтардың бейнелеу өнері әсіресе, мүсін, безендіру, сәулет, тоқыма өнеркәсібі салаларында анық байқалды. Тасқа қашап жазатын немесе оған сурет салатын петроглифтер металл өңдеуден кейін пайда болған. Сақтар өздерінің дүниетанымын, аң стилін тек қана металл бұйымдарында қалдырған жоқ. Бұндай стиль мен өнер ағашқа (тақтайға),

теріге, киізге де салынған. Бірақ, бұл шикізаттар уақыттың сынына төтеп бере алмай, бұзылып, шіріп жоқ болған. Демек, сақтардың өзіндік бейнелеу өнері жан-жақты дамыған және олар барлық материалды да пайдаланған. Металл бұйымдары мен тастар уақыт сынына төтеп беріп, өзінің қалпын көп жылдар бойы сақтай алатындықтан ғана бізге тек осы шикізаттардан жасалған өнер түрлері жеткен.

Аңдарды нақыштау стилі әлемді хайуан кейпінде бейнелеумен, өмірдегі қайшылықтарды ажыратып көрсетумен, табиғат пен адам арасындағы бірліктерді, кей жағдайларда қайшылықтарды ашып көрсетумен келіпшартталады. Мысалы, аңдардың айқасы үстінде бейнеленген сюжетті өнерлер мен қозғалыс, шындап келгенде, әлемдегі өлім мен өмір, жақсылық пен жамандық сияқты дүниетанымдардан бастау алады. Сондай-ақ қозғалыс үстінде бейнеленген аңдардың көпшілігінде әлемнің, адамның, табиғаттың үлгісін беру басшылыққа алынады.

Сақтардың «Алтын киімді адам» туындысының құрылымы жерлеу жоралғысы арқылы әдіптелген. Сондықтан, осы «алтын киімді адам» арқылы олардың дүниетаным ерекшеліктері, саяси-әлеуметтік құрылымы, діни танымы, тұрмыстық салттары анық байқалады. Оның басында тымақ тәріздес желкелігі бар, төбесі шошақ, биік бөркі болған. Бас киіміндегі бейнелер рәміздік-тұспалдық мәнге ие. Жауынгердің бас киіміндегі айналдыра тігілген «алтын таулар» мен «ағаштар» дүниенің келбетін білдіруге арналған. Тік шаншылған, қорамсақта орналасқандай атуға дайын тұрған алтын жебелер күннің сәулесі болып есептеледі. «Алтын киімді адамның» өзі Күн Құдайымен теңестірілгендей мағынада болған. Бас киімнің беткі жағындағы алтын жебе, ешкі мүйізді, алтын қанатты қос ат бейнесі «патшалықтың белгісі» мен әлеуметтік беделді және асқан дәулеттілікті тұспалдап тұр. Бас киімдегі ағаш басындағы құстардың көркемделуі, сондай-ақ құс тәрізді бейнелер кезінде терең мағыналы тұспалды ойларды жинақтаған.

Құс — аспан мен Күннің жалпы адамзаттық рәмізі. Құс күллі әлемді барлап, Құдайларға ғарыш шекарасын қорғауға көмектеседі деген түсініктермен сабақтасқан. Құстар бейнесі жоғары әлем рухына, аспанға ұшумен байланыстырылады. Бас киімдегі қанаттар «Алтын киімді адамның» абыздық қызметін дәйектейді.

Әскери қару-жарақтағы жыртқыштардың, мысалы, барыстың, арыстанның, жолбарыстың, қасқырдың бейнеленуі жауынгерлік рухқа дем беруші және оның қару-жарағына қуат дарытушы күш деп есептелген. Әрбір түс және олардың туғызған әсері дүниені көркемдік түрде пайымдаудың маңызды туындысы деп есептеледі. Киімнің қызыл түсі және оның алтын жасауы — Күннің түстері, күміс түс — Айдікі, көгілдір түс — аспан түсі деп есептелген. Түс — сақ дәуірінде де ерекше ақпараттық құндылыққа ие болды. Қызыл және алтын түспен байланысты сипаттамалар Құдайға және күйдіретін Күннің буырқанған қуаты мен күйдіреттілігін бейнелегендей сыңай танытқан. Сақ дәуірінен басталған осындай әсемдікті түйсіну, оны көркемдік түрде өнермен белгілеу кейіннен түркі және қазақ эстетикасындағы дүниенің келбеті, адам мен әлем қатынасы туралы пайымдаулар арқылы жалғасқан.

Ғарыш туралы түсініктердің бірі — әлем құрылымы мен оның тұтас келбетін білдіретін киіз үймен рәсімделген. Ол тұрмысқа қажетті баспана ғана емес, «Жер — тегістік, аспан — көмкерілген күмбез, ортасында — адамдар тіршілік етеді» деген байырғы эфсаналық түсінік бойынша құрылған дүниенің бейнесін (моделін) елестеткен көркем туынды болып табылады. Оның құрылымындағы шаңырақ — күннің рәмізі, уықтары — оның сәулесі, ішіндегі тұрақты адамдар — жер бетіндегі адамзаттың тіршілігінің шағын үлгісі болып есептелген. Төрт бұрышты түндік — оңтүстік пен солтүстік, батыс пен шығыс болып құрылған әлемнің төрт бағытын меңзейді. Қазіргі уақыттарда киіздің тек жылылық қана емес, зиянды ұсақ ағзаларды (микробтарды) өткізбейтіндігі,

оларды жойып жіберіп отыратындығы ғылымда дәлелденген.

Табиғатты тұтасынан көркемдік таным аясына сыйғызған халықтық эстетиканың түпмәнді құбылыстарының бірі — Тау. Тау архетипінің бізге мәлім көркемдік образдары жыраулар поэзиясындағы көріністерден бастап, бүгінгі күнге дейін сабақтасқан өлең жолдарынан немесе қазіргі бейнелеу өнеріміздегі таулар суреттелген мазмұндардан анық байқалады. Адамзаттың түппанасы үңгір архетипінен бастап, ғұндардың Алтайы, сақтардың Алатауы, қыпшақтардың Оралы болған — тау, біріншіден, тұрмысменділік, екіншіден, биіктігі арқылы ғарышқа ұмтылған, үшіншіден, адамға асқақтық сезім тудыратын арналармен келіп тоғыса алады. Мысалы, осы таулар — арғытек бабаларымыздың тіршілік мекені ғана емес, жаудан қорғанудың тиімді табиғи қорғандарына да айналған. Сақ қорғандарына назар салсақ, олар бір қырынан алғанда, қайғылылық сезім тудыратын мәйіттер, екінші бір қырынан алғанда, тауда емес, жазық далада орналасуы арқылы жаудан қорғанудың жасанды түрде тұрғызылған қорғандары іспетті. Себебі, жерленген ата-баба рухымен географиялық-физикалық кеңістік бойынша физиологиялық тұрғыдан жымдасу, сайып келгенде, психологиялық рухтанумен келіп сабақтасады. Сақ қорғандары ата-баба рухы сіңірілген жаудан қорғанатын, ішкі мәні жөнінен демеу мен жебеу беретін әскери техникалық құрал болған. Сақ қорғандары Үлкен таудың Кіші үлгісі іспетті болғандықтан, осы қызметі тұрғысынан да ұқсас келеді. Ол бастапқыда архитектуаралық нұсқасы мен пішіні жағынан пирамидаға, тауға ұқсастырылғандықтан ұшы үшкір болған, кейіннен, ғасырлар қойнауы мен дала табиғатының әсерінен, үшкір ұшы дөңестеніп аласарып кеткендігі өздігінен-ақ түсінікті жайт. Осындай тау мен баһадүрлік рухтың байланысы «Ер Тарғын» жырындағы: «Бұлғыр да, бұлғыр, бұлғыр тау, Бұлдырап тұрған құрғыр тау» деген эстетикалық мәнді жолдардың түпмағынасы арқылы нақтылана түседі.

Демек, елдік пен ерліктің таумен тұтас-тандырылған рухы көне дәуірлерден бастау алады. Мысалы, ғұндардың тұтасуы, өркендеуі, сыртқы жаулардан қорғана отырып, өрістеуінің панасы болған – Алтай таулары. Сондықтан ол бүгінгі күнге дейін түркі халықтары үшін мынадай эстетикалық ұғымдар тұрғысынан бағаланады: қастерлілік, асқақтық, көнелік т.б. Осы «пананың» кейінге тасымалданған-сабақтасқан жетілген үлгісі «тау бөктерінде» орналасқан көрініс арқылы сипатталатын елді мекендер болып табылады. Мысалы, Алматы қаласы да, отандық тарихқа көз жүгіртсек, бастапқыда осы таудың панасына сүйенілген көне шаһар.

Түркі-қазақ өнеріндегі кейіптеудің ерекше бір түрі – адамды кескіндеу. Бұл – өнердің мүсін, сәулет, қолөнер түрлерінде анығырақ нақышталған. Соның бірі – торсық. Ол жорықтарда, алыс сапарларда, шаруашылықта, әсіресе, аттылы адам қолданатын ұлттық бұйым. Оның ер мүсіндік пішіні – түркі-қазақ ұрпағының мінез бейнесіндегі ержүректілікпен, рухтанушылықпен келіп үндесе алады. Демек, ол жай ғана ер адам бейнесі емес, түркінің өршіл рухты ұлдарының келбеті. Себебі, аттылы жорықтағы, алыс сапардағы адам үнемі өлім мен өмірдің арасындағы «шекаралық жағдайлы» кейіпте болады. Осы шекаралық жағдайда қолданылатын торсық, адамның ішкі психологиялық дүниесімен келіп түйіседі. Ендеше, торсық арқылы түркі ұлы өзінің рухын таниды, қайталайды, өзін-өзі бірегейлендіреді, қайтадан ашады. Мысалы, торсықтың тіпті үйдегі болсын, жай ғана көрінісі соғыс жағдайындағы немесе бейбіт кездердегі аса төзімділікті, тәуекелшілдікті қажет ететін – Жорықтарды еске түсірген. Торсық жай ғана адам емес, толыққанды, денелі, алып тұлғалы жауынгерді көшірмелеуден туған көркемдік танымдық бейне. Ендеше, ол күнделікті тұтынатын бұйым, сәт сайын кездесетін айғақ болғандықтан, келесі кезекте, жас ұрпақты осындай рухта тәрбиелеудің көріністік құралы да қызметін атқарған.

Сонымен қатар торсық жалпы көшіп-қону үшін нақты қолданбалы бұйым. Торсықты

ойлап табу, оны пайдалану бұндай өмір үшін қажетті болғандықтан шығарылған. Ол қилы заманда, әсіресе, жаздыгүні шөл қысқан сәттерде талайлардың өмірін сақтап қалған ыдыс, оған жете алмағандар бір торсық су-сынға зар болып о дүниеге де аттанған. Ендеше, торсық тек жай ғана адам мүсініне еліктеудің үлгісі емес, көшпелі өмірдің нақты және тұтас бейнесін көз алдымызға келтіре алатын көне эстетикалық бұйым.

Осы тұста эстетиканың ерлік ұғымы айшықталады. Ұлттық дүниетанымдағы дүниеге ер бала келу қуанышының неліктен қыз балаға қарағанда басымдау болғандығы – оның туыстық жағынан ұрпақ жалғастығының кепілі екендігінен ғана емес, болашақта жауынгер қатарын толықтыратындығымен байланысты. Жаугершілік замандағы ұрыстардағы шығындалған әскердің орнын толтыру, оның жетіспеушілігін (дефицитін) жою, қалың қолдың сан мен сапасының бірлігін қамтамасыз ету, сайып келгенде, ерлік пен елдіктің тұғырлылығын сақтау қашанда ер балаға деген сұранысты молайтты. Сондықтан «шекесі торсықтай ұл туды» деген қуаныштың мәні – таза өмірмәнділік философия болумен қатар дала эстетикасының көрінісін білдіреді және оны да торсыққа балайды.

Шығыстық, Түркілік, Қазақтық өнерде тек ер адамды мүсіндеу емес, әйелді кейіптеу де орын алған дәстүр. Құмыра, шәугім сияқты бұйымдар нәзік жандылар қолданатын құрал болғандықтан, сыртқы пішіні жағынан ұқсастырылып жасалған. Мысалы, шәугімнің шүмегі мен тұтқасы оның екі қолының қимыл қалпын білдіреді. Ал қымыз құятын қос ожау әйелдің екі анарының рәміздік көрінісі. Ал мойны ұзынырақ құман аққу мен қаздың кейпіне еліктеуден туған. Сондықтан қазақтар оны кейде «аққұман» (аққу) деп те атаған.

Байырғы түркі-қазақтардағы адамды жерлеудің сақ қорғандарынан кейінгі көрінісі – балбалтастар. Нақтырақ айтқанда, ол құлпытас емес, құлпытас ислам дінінің адамды кейіптеуге тиым салуынан туындаған бал-

балтастың «жұмсартылған» бейнесі. Бұл да көшпеліліктің әлемге әйгіленген көркемдік бейнелерінің бірі. Балбалтастар түркі халқының өмір сүру аймағын, шекарасын белгілеген. Халық көшпелі болғандықтан, оның сол сәтте сол елсіз далада, өзі болмаса да жапан түзде өмір сүріп отырғандығының кеңілі болған балбалтастар, мүсін өнерінен гөрі өзіндік бір ансамбльдерді құрауы арқылы сәулет өнерінің ескерткіштеріне көбірек ұқсайды. Демек, балбалтастардың айдаладағы тұрысының өзі сол кездегі жаулары мен басқа да көршілес халықтарға «бұл – біздің еліміздің мекені» деген ниетпен өз шекарасын да белгілеген. Сонымен қатар олар кең елсіз сахарадағы бағдар мен бағытты білдірген. Шексіз даланы кезген әрбір қазақ олардың әрбіреуінің орналасқан жерлерін тұспалдап білген. Әрбір рудың да аймағы мен мекен етіп отырған жерлерін бағдарлау үшін қажетті белгі ретінде де орнатылған. Бүгінгі күні де қандай-ма бір географиялық кеңістікті сипаттауда «пәленшенің мәйітінің қасында», «түгенше мазарының тұсында» деген нақтылайтын сөздердің қолданылуы көне дәуірлердегі кеңістікті бағдарлаудың үлгісі ретінде бізге келіп жеткен. Себебі, сайын далада бұдан басқа тұрақты және нақты нысандар көп емес. Балбалтастар – үнсіздік, тұрақтылық, мәңгілік, тылсымдық сияқты таза эстетикалық сапаларды иеленеді. Бұл сапалар халқымыздың тұтас тарихының куәсі, өмірдің өткіншілігі мен дүниенің жалғандығын қайталап еске түсіріп отырудың шынайы көрінісі. Сондықтан түп төркіні қайғылылық тудыратын балбалтастар, өзінің қастерлілігі мен көнелігі арқылы асқақтай түседі. Бұл тұстағы үнсіздік тек сыртқы пішін, ал тұтас тарихтың, талай өлім мен өмірдің, қуаныш пен қайғының куәсі болған бұл үнсіздіктің астарында бізге айтар көп сыр бар, демек, оның өзі әлі ашылмаған құпия бір тұтас мәтін іспетті. Ал мәңгілікке тұрақты ескерткіш қалдыруға аса көңіл аудару әлем халықтарында да кездеседі, кейіннен қазақ халқында да ол дәстүр мазарлар, мәйіттер т.б. сияқты архитектуралық өнермен жалғасын

тапқан. Балбалтастардың нақышталуы мен көркемделуінің өзі терең көркемдік танымды білдіреді. Оның кейбірінде оң қолына құс, сол қолына тостаған ұстаған адам кейпі бар. Құс – ғарыштың, тостаған – су мен жердің рәмізі ретінде, ал адам шынайы бейне түрінде өрнектеліп, «ғарыш-адам-жер» үштік құрылымының үйлесімділігін сипаттайды.

Қазақ өрнектерінің ішіндегі орталық бейнелердің бірі – «қошқар мүйіз» деп аталатын ою. Бұл – бүгінгі күні де халқымызда Қазақ ұлтының руханияттық «бренді» ретінде әйгіленіп жүр. Тым көне әлемдік эфсаналарда мүйіз фетиші қазақ халқында да – жігер мен қуаттылықтың, күш пен намыстың, қару мен айланың т.б. тұтастандырылған жиынтығы болып табылады. Мүйізге ұқсас түрлі бейнелер мен заттар ертеде дәстүрлі салт-жоралғыларда кең түрде қолданылған, байрақ ағашының ұшында да киелі белгілер ретінде пайдаланылған. Сондықтан қошқар мүйіз, бір қырынан, айбарлылық пен қарарды рәміздейтін бейне болса, екінші бір қырынан, әсемдік пен сұлулықты қамтып жатады. Барлық мүйіздерді шақша, пышақтың сабы сияқты тұрмыстық бұйымдарда қолданады. Ал қошқардың, арқардың мүйіздері өзінің басқалардікіне ұқсамайтын оратылған ерекше көрінісі арқылы диалектикадағы шиыршықталған (спираль) дамуды елестетеді, олай болса, оның формалық бейнесіндегі ою да қозғалыс пен өркендеуді, шарықтау мен өрлеуді ниеттеуден туған. Мысалы, күнделікті тұрмыста қолданылатын ақ пен қара кезектесіп келетін ала арқан қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңының мазмұнын сипаттауға келіп саяды. Әлемдегі ақ пен қара, жақсылық пен зұлымдық, күн мен түн сияқты кереғар құбылыстардың қатар келуі және олардың өзара тең екендігі, екі тараптың да жойылып кетпейтіндігі т.б. барлығы – осы өрілген ала арқанның екі тініне сыйғыздырылған. Себебі, ақ пен қара тін әлемдегі қарама-қарсы жақтар сияқты бір-бірінен ажырап кетпейді, кезектесіп келіп отырады, бірін-бірі толықтырады және екі арна арқылы құрасады. Бұл да дүниені

көркемдік тұрғыдан игерудің ұлттық бейнесі, екінші бір қырынан алғанда тұрмысқа қажетті бұйым, үшінші бір қырынан философиялық мағыналы құбылыс болып келеді.

Тек қолөнер мен сәулет, мүсін ғана емес, халқымыздың музыкалық аспаптары мен олардың дыбыстары да сыртқы әлемнің көшірмесін қамтасыз ете алады. Мысалы, дүниедегі аттың шабысы, адамның жүрісі т.б. ырғақтардың бәрін – домбыра үніне жинақтап, түйенің боздауы, аққудың саңқылы сияқты үндерді – қобызбен нақыштап, қамыстың гуілі сияқты дыбыстардарды – сыбызғымен бейнелеген көркемдік таным, сәйкесінше, адамның үш түрлі көңіл-күйіне бағдарланған: домбыра – жігерлілік пен қуаныш, қобыз – мұңлылық пен қайғы, сыбызғы – сабырлылық пен ойлылық. Қобыздан да шабытты үн, домбырадан да көңілсіз әуендер ойалуы мүмкін, дегенмен, ол аспаптардың әуел бастағы пайда болуынан осындай ыңғайлар байқалады.

Сондай-ақ қазақ халқында әрбір сан өзіндік тылсым мағыналықты, қасиеттілікті білдірген. Бір саны – жалғыздық пен қастерлілік (жапандағы жалғыз терек, бақсының жалғыз мәйіті т.б.), екі саны – жұптық, қарама-қарсылық (жұптасып өрілген арқан, жанұядағы ер мен әйел), үш саны – әлем құрылымы, кез-келген нәрсенің екі шеті мен ортасы (ертегілердегі үш ұл, теректің: ғарыш, жер беті, жер асты бейнесі т.б.), төрт саны – киіз үйдің түндігінің төрт бұрышы, «төрт құбыласы түгел», «төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген сияқты мәтелдер арқылы дәйектеледі, бес саны – бес уақыт намаз, бесенеден белгілі, әлемнің төрт бұрышы және ортасы, алты саны – алты алаш, алты бақан, «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал барып сәлем береді» деген мәтелден анық байқалса, жеті саны – жеті қазына, жеті қат көк, жеті түрлі тағамнан дайындалған наурыз көже, жетіген аспабы, сегіз саны – сегіз қиыр шартарап, сексен сегіз мың ғалам болып жалғаса береді де, 40, 41, 90, 99 сандарымен тәмамдалады. Мәселен, ханның

қырық уәзірі, «қырық қыз» туралы аңыз, нәрестенің қырқынан шығуы, қырық күндік қаде, қырық бір құмалақ, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні т.б. осының айғағы.

Сондай-ақ қазақ халқының көркемдік дүниетанымында түстер ерекше мағынаға ие болған және оны оңай ажырата білген. Мұны жылқы малының сансыз көп түрлерінен байқауға да болады. Әрбір түс терең мәнді білдірген. *Қара түс* – қайғы мен мұң (қара жамылу, қаралы үй, қара қағаз т.б.); қуаттылық пен жігер (қара нар, қара дауыл, қара құрым т.б.); қарапайымдылық пен шүкіршілдік (қара нан, қара жер, қара қатын т.б.); қастерлілік пен киелілік (Қаратау, қара бақсы т.б.); көптік (қара қытай қаптау, қара халық); жамандық пен зұлымдық (қара ниет, «қара» дегені қарғыс); *сары түс* – қайғы мен мұң (сары уайым, сағыныш); қастерлілік пен асқақтық (сары дала, сары алтын); қарттық пен көнелік (сары күз, сарғая күту); тыныштық пен шүкіршілдік (сарыжайлау, сарытау, сары қымыз); шағындық пен ықшамдылық (сары өзек (өзенше деген мағынада); қызыл түс – қастерлілік (отпен аластау); жігер мен шабыт (от, қыз-ығу, қозу-у, қыз-у, қызыл түлкі); мазасыздық пен үрей (қыз-ару); ойлылық пен сабырлылық (қызыл іңір, қызыл қыр); *ақ түс* – адалдық пен тазалық (ақ адал еңбегі, сүттен ақ, судан таза, ақ киімді Қызыр ата), кеңдік пен көлемділік (алты қанат ақ орда, Ақ сай) т.б. осындай әрбір түстің терең және көпжақты, астарлы мағынасы болған.

Бүгінгі таңда да адамның «жан-рух-тән» сұлулығын және олардың үйлесімділігін бірлікте қарастырған жөн. Себебі, адамдағы жалаң сыртқы сұлулық өзінің толыққанды мағынасын аша алмайды. Мәселен, қазақ дүниетанымындағы перінің сұлу қызы, күндізгі сұлу қыздың түнде жыланға айналғандығы туралы т.б. осы сарындас әфсаналардың рәміздік, тұспалды көріністерінің түпкі мағыналарына үңілсек, сыртқының ішкіге сәйкес келмеуінің нақты тәжірибелік мысалы бізге үлгі өнеге аларлық мұра болып табылады. Ал ер адам сұлулығы басқа параметрлермен өлшенген: «ішкі рухани қуаты-

көркем мінезі-қаһары» бірлікте болуы тиіс деп есептелген. Мәселен, бұдырайған екі шекелі, қақпақтай жауырынды т.б. Ал әйелдің көркемдігі сияқты әспеттелген бет пішін аса бағаланбаған, кей уақытта әйел болмысына жуықтатылып кері мағынаға ие болған. Қазіргі заманғы қазақтың жас азаматтары осыны да ескеру керек.

Батыс елдеріндегі сұлулық көп жағдайда қазір прагматизм аясына енгізілген: тиімділік, көзбояушылық, алдамшылық, формаға басымдылық берушілік, икемділік, инстинктерді еліктірушілік, пайда келтірушілік т.б. жағымсыз мәнді бейнелесе, нақтылық, дизайн, классикалық өнер, техникалық даму сияқты салаларда жағымды болып елестетіледі. Осыдан-ақ ұлттық көркемдік таным қалай қалыптасуы қажет екендігі анық байқалады.

Сондықтан, біріншіден, «батыста бәрі керемет, олардікі не істесе бәрі мүлтіксіз ақиқат» деген біржақты пікірді жою керек, екіншіден, көрсеқызығарлықтан арылып, пара-

сатты пайымдай білуге, жақсы мен жаманды айыруға, ұлттық бағдарға мүлде жат түсініктерден жиіркендіруге жұмыс жасауымыз қажет. Үшіншіден, ұлттық эстетикалық құндылықтардың тек жай ғана өткеннің сарқыншағы мен тамашалауға арналған тарихи экспонат емес екендігін, қазақ ұлтының қазіргі болмысы да олармен тікелей байланысты, тіпті соған тәуелді екендігін түйсінуді басты мақсат етіп қоюға тиістіміз. Төртіншіден, эстетикалық таным белгілерін бүгінгі нақты өмірге қолданудың жолдарын құру, оған не кедерге болып отырғандығын табу және оны жою да басты шаралардың бірі болмақ. Ол үшін кейбір шараларды жастардан ғана емес, ересектерден де бастау қажеттігі туындайды. Осы орайда, біз бен сізге, әсіресе, еліміздегі психоаналитикалық мамандарға ауыр жүк түседі. Себебі, ендігі заман, психикаға шабуыл заманы, әр түрлі идеологиялардың психологиялық күресі дәуірі, психотранстық ықпал ету белең алып келе жатқан кезең екендігін түсінетін уақыт келіп жетті.



Алтын адам

ӘОЖ 378.14

Н.Б. Әужанова

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ доценті

Талдықорған қаласы

ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Бұл мақалада қазіргі кезде тәрбие жұмысына назар аударылып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басым бағыттарының біріне айналып отырғандығы жайлы айтылады. Сонымен бірге, ең бастысы – отансүйгіштік тәрбие, отансүйгіш сезімі отбасы жағдайында қалыптасып, өмірге деген негізгі көзқарасы мен өзіндік ұстанымдары ата-ана тәрбиесінен бастау алатынын ұмытпау керектігі айтылады. Этнопедагогикаға негізделген қазіргі заман талабына сай патриоттық тәрбие беру жұмыстары туралы жазылған. Осы жұмыстар барысында оқушылардың ұлтжандылығын, отансүйгіштігін қалыптастыру жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: *этнопедагогика, патриоттық тәрбие, отансүйгіштік.*

В данной статье патриотизм выступает как важнейшая, устойчивая характеристика человека, выражающаяся в его мировоззрении, нравственных идеалах, нормах поведения.

В статье рассматривается феномен патриотизма и его воспитательный потенциал в укреплении государства. Автор обращается к историко-культурному наследию отечественных мыслителей, а также традиционным духовно-нравственным и идейно-мировоззренческим основам понимания патриотизма.

В этой статье представлены результаты исследования о возможности патриотического воспитания на основе использования этнопедагогики.

Ключевые слова: *этнопедагогика, патриотическое воспитание, любовь к родине.*

This article serves as a critical patriotism, stable characteristic of a person, as expressed in his worldview, moral ideals, norms of behavior.

The article discusses the phenomenon of patriotism and its educational potential in strengthening the state. Copyright obraschaetsya the historical and cultural heritage of national thinkers, as well as traditional spiritual and moral, ideological and philosophical understanding of the fundamentals of patriotism.

In this article research results are presented about possibility of patriotic education on the basis of the use of folk pedagogics.

Keywords: *olk pedagogics., patriotic education, love to the motherland.*

Мемлекет тарапынан отансүйгіш шәкірт тәрбиелеудің жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатында оқу, білім, тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөлуде.

Біріншіден, тәрбие жұмысына назар аударылып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басым бағыттарының біріне айналды. Ұлт, Отан деген сөздің мағынасына ежелден жете мән беріп, «Туған жерге туыңды тік», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Туған жерден топырақ бұйырсын» деп,

отансүйгіштік сезімді дәріптеген халқымыз «Отанды қорғау азаматтық парызың» дейді [2]. Сондықтан бүгінде ұстаздар мен тәрбиешілер қауымының алдында тек білім бәсекесіне қабілетті, дарынды балалар даярлап қана қоймай, сонымен қатар, өз елінің нағыз отансүйгіш жастарын тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл бүгінгі күннің өзекті, әрі үлкен жауапкершілік жүгін арқалаған маңызды ісі.

Отансүйгіштік туа пайда болатын сезім. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз

отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырымен сабақтасып жатады. Сол себепті де ол еш шеңбер-қалыпқа сыймайтын, мағынасы терең әрі үлкен ұғым. Бұл ретте мектеп қабырғасынан бастап ұлтжанды азамат тәрбиелеу жұмысы өз алдына бір-қатар міндеттер қояды:

1. Мемлекеттік тілді оқыту.
2. Ұлттық мәдени мұраны игеру.

Патриоттық тәрбие жүйесі білім беру мекемелерінде оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде әлеуметтік маңызды құндылықтарды, азаматтық келбетті қалыптастыруды көздейді. Осы орайда ҚР мемлекеттік нышандарын зерделеуге ерекше мән берілуде. Себебі, мемлекеттік нышандардың көмегімен жастардың бойына еліне сүйіспеншілік, мақтаныш, патриоттық сезімдер дәйекті де, тереңірек сіңері хақ. Олардың әрқайсысында халқымыздың, Отанымыздың басынан өткен кешегі, бүгінгі тарихы, бейбітшіл саясаты бейнеленген. Сондықтан да Туымыз, Елтаңбамыз сияқты халықтың қасиетті, киелі белгілерін оқушы қауымға қайталап оқытып тұрудың ешбір артықтығы жоқ [1]. Өйткені отансүйгіштік тәрбие үздіксіз, әрі жүйелі жұмыс. Қазақстандық патриотизм, ұлтжандылық идеялары мемлекеттік, ұлттық мүдде ұғымдарымен тығыз байланысты. Осы орайда еліміздегі барлық жастардың патриоттық рухын көтерудің қайнар көздерінің бірі, әрі бірегейі мемлекеттік тіл мәселесі мен өзге ұлт өкілдерімен сыйластық, адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру;

Екіншіден, жастарға патриоттық тәрбие беру, Отанын, жерін сүйуге үндеу әскерилермен қатар білім саласы қызметкерлерінің де алдына қойылған үлкен міндет болғандықтан, оқушылармен кездесуге осы салада тәжірибесі мол, арнайы мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың мамандарын шақыру.

Үшіншіден, оқушы жастарды «Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Жастар саясаты туралы» Заңының патриоттық тәрбиеге қатысты баптарымен таныстыру;

Төртіншіден, оқушылардың отансүйгіштік дүниетанымын қалыптастыратын қосымша оқу материалдарын беру, дөңгелек үстелдер, әскери патриоттық ойындар, әскери училище сарбаздарымен арнайы кездесулер ұйымдастыру, тәрбие сағаттарын өткізу;

Бесіншіден, Білім және ғылым министрлігінің «ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие беру туралы Жобасының» нәтижелері бойынша балалар арасында пікірталас ұйымдастыру;

Алтыншыдан, патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының патриоттық санасын дамытуда халқымыздың біртуар ұлы, жазушы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырған шығармаларын, қазақтың батыр ұлы Әбу Досмұхамбетовтың ерлікке толы өмірбаянын оқыту және осы тақырып аясында белсенді оқушылардың өз бастамаларын барынша қолдау.

Сонымен бірге, ең бастысы отансүйгіштік тәрбие, отансүйгіш сезімі отбасы жағдайында қалыптасып, өмірге деген негізгі көзқарасы мен өзіндік ұстанымдары ата-ана тәрбиесінен бастау алатынын ұмытпаған абзал. Себебі, «Отан отбасынан басталады». Осы орайда мектептерде 5-8 сыныптар арасында қызықты да тартымды: «Қазақстан ортақ үйіміз», «Менің елім – Қазақстан», «Қасиетті, қасіретті Желтоқсан», «Тәуелсіздік тұғыры биікте», «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ», т.б. тәрбие сағаттарын өткізіп, шәкірттерімізді ұлтжанды, отансүйгіш рухта тәрбиелеуге ат салысуымыз керек.

«Отан отбасынан басталады» десек, әр отбасы балаларының бойына саналы тәрбиені, ұлағатты өнегені, салт-дәстүрді, патриоттық сезімді сіңіре білуі керек [3].

Әріге үңілсек, Қара қыпшақ Қобланды, Ер Төстік, Алпамыс батырларымыз найзаның ұшы, білектің күшімен отансүйгіштігін көрсетті.

Кейінгі Желтоқсан оқиғасын еске алсақ, жастардың отансүйгіштігін, елім, жерім, деп жас жандарын шүберекке түйіп, бастарын бәйгеге тігіп алаңға шыққанын экран ар-

қылы көзбен көргендейміз. Солардың қатарында жарқ етіп көрінген Нұртай Сабильянов қазіргі таңда Мәжіліс депутаты, елге қаншама қамқорлық жасап, тұрмысы төмен отбасыларына, айтыс саласына қол ұшын бергенінен үлкен патриоттық леп сезіліп тұрғандай.

Азамат Бекболат Тілеуханды экран арқылы тыңдасақ, әр сөзінің құнын, жүрегінің жылуын сезгендейсің. Келешек жастарға тәрбиелі де мәнді, ұлағатты ыстық ықыласын аямайды. «Елім менің аңсаған, тас бұғаудан босаған» деген термені жүрегімен айтқанында қанша мән-мағына, әсер жатыр. Сондай азаматтар ортамызда көбейе берсе, жастарға патриоттық тәрбие беруге айқын үлгі болмақ.

Ұлтымыздың патриотизмге бай тарихын, жауынгерлер мен батырлардың ерліктерін, ата-бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу патриотизмге баулудың бірден-бір көзі. Бұл ретте аттары аңызға айналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Жанқожа, Ақтан, Райымбек, Наурызбай, Қарасай батырлар сынды батырлардың ерлігін баяндау осының куәсі.

Қазақ халқының біртуар ұлдары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Шоқай, Қ.Рысқұлбеков өз ұлтының нағыз патриоттары екендігін мойындатқан нағыз ұлы тұлғалар [4].

Көп ұлтты Қазақстан халық үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы татутәтті тірлік, азаматтық келісімде ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден бір күш. Біздің елімізді өзге елдер ықылым заманныан-ақ мойындаған, қазір де мойындап отыр.

ТМД елдері арасындағы қазақ елінің көп ұлтты екендігі баршамызға мәлім. Ұлтына, нәсіліне, діни сенімі мен нанымына, саяси көзқарасы мен ұстанған бағыт-бағдарына, т.б. ерекшеліктеріне қарамастан, республикамыздың әрбір азаматы өзі өмір сүріп,

ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекетін «Туған елім, Отаным» деп тануы қажет. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті. Бұл кезеңде тәуелсіздігін алған ТМД елдерінің экономикалық потенциалын ерекшелеп, мемлекеттердің атауы көрсетіледі.

Жалпы ұлттың қамын ойлау – ұлтшылдық емес, ұлтжандылық, ал, ұлтжандылық дегеніміз – ұлттық тұрғыдағы рухани болмыс-келбет.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанын бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы керек. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», – деп, нақты көрсеткен болатын.

Отанымыздың аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және рухани дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеруі, олардың өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар, оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін,

Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан кезкелген пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып, жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді. Осы мақсатпен оқу материалының күрделі және жеңіл түрлеріне қарай ерекшеліктерді анықтайық [6].

«Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамның ролін күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді». Осыған байланысты сабақ берудің ең негізгі мақсаттарына төмендегілер кіреді. Бірінші – танымдық, екінші – тәрбиелік, үшінші – дамытушылық. Осы мақсаттарды орындау үшін мемлекеттік стандартты басшалыққа ала отырып, балалар әдебиетінен, негізінен, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, ізденіс жұмыстары мен алған білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге үйрету бағытында жұмыс жүргізу қажет. Балаларға ел сүйгіштік, атаананы сүю, Отанды сүю, мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткізу керек [5].

Ауыз әдебиетінен мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» т.б. шығармаларын атап көрсетті. Ал, Махамбеттің шығармалары, әсіресе, «Баймағанбет Сұлтанға айтқаны», «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұл туса», «Әй, Махамбет жолдасым». Ал мұндай туған елді, ұлтын сүю тақырыбында XIX ғасырдың

жазушыларының шығармаларынан Абайдың «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» т.б. М.Жұмабаев та елді сүю, оған қызмет ету тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Мысалы, «Мен сүйемін». Осындай тақырыптарда С.Торайғыровтың «Туған еліме», «Шәкірттерге» т.б. атты шығармалары оқығандығы жөнінде ауызша жорнал өткізуге болады.

Патриоттық тақырыпқа жазылған шығармалардан І.Есенберлиннің «Көшпенділер», Т.Ахтановтың «Күткен күн», М.Мақатаевтың өлеңдерін де атап өтуге болады. Балаларды патриотизмге тәрбиелеу рухында оқырмандар конференциясын өткізудің де мәні зор. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» Қ.Қайсеновтың «Ажал аузынан», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары» оқушылар конференциясына арқау боларлық шығармалар. Оқушыларды патриоттық ел сүйгіштігіне арналған шығармаларды жай ғана емес, мәнерлеп оқумен қатар жатқа айту тәсілін қолдануға болады. Мысалы, Б. Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хат», І.Жансүгіровтың «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» атты өлеңдерін жаттап, мәнерлеп оқуға болады. Отансүйгіштік сезімі туа біте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына өзек болады. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының батыры Б.Момышұлы атамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Өзінің саналы ғұмырын әскер қатарында өткізген Бауыржан атамыз өмірінің соңына дейін әскери-патриоттық тақы-

рыптарға шығармалар жазды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде атақты генерал И.Панфиловтың сегізінші гвардиялық дивизиясында рота, батальон, полк, кейін дивизия командирі қызметін атқарып, неміс-фашист басқыншыларына соққы беріп, батальонды бірнеше мәрте жау қоршауына алып шықты [6].

Ата мекен жер үшін

Қасиетті ел үшін,

Әзиз ана, қарт ата,

Ботакөз сұлу қарындас

Күн, құл болмасын, – деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақырады. Кейіннен атақты жазушы Александр Бек батыр атамyzдың ерліктері жайлы «Волоколамск тас жолы» атты романын жазды. Осы роман арқылы Бауыржан атамyzдың аты әлемге әйгілі болды. «Жеңіс кілті Отанды сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс», – дейді атақты батыр.

Дәстүр-тәрбиенің басты қайнары. Ал, дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілікті ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» – деген ол артына өшпес өнеге, ерлікке, патриоттық, сезімге толы бірнеше кітаптарын: «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969), «Жоңарқа» екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), «Ұшқан ұя» кітабын қалдырды. Ал, «Ұшқан ұя» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған. Сонымен бірге халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі, жан жарасын жазудағы өнер мен әдебиеттің, музыка мен көркемөнердің күдіретті күштерін, олардың өмір үшін күресте рухани күшті құралы болғанын соғыс эпизодтарынан нақты мысалдар келтіре отырып, рухы мықты халықтың ешқашан да жаудан жеңілмейтініне басты назар аударған. Сондай-ақ, Бауыржан атамyz артына жетпіске жуық мақал-мәтелдер қалдырған. Ол мақал-мәтелдеріне «Үлкенді ізетте, кішіні

күзетте көр», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық», – деп, халық атынан ащы да әділ үкімін пайымдайды. Біз жазушы, тәлімгер Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның шығармашылығы патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі екенін байқаймыз. «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал, түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын-жазушылардың ой-пікірлеріне сүйеніп отырып «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылды. Сондай-ақ, бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін – «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы

батырлардың ешқайсы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп, қарап қалмаған [2]. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды. Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, С.Бегалин, Қ.Қайсенов сияқты тұлғалардың ерлікке толы естеліктері мен әдеби мұраларын пайдалану арқылы оқушылардың білімін көтеру, оқ пен оттың азабына шыдап, жеңіске жеткен ағалардың ерлігін үлгі тұтуға тәрбиелеу Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің сол кездегі мәнінің жоғары болғандығын айта келіп, оқушыларға қосымша материалдар жинақтатуға болады. Патриоттық тәрбие беру

мәселесін ұтымды өткізуде Б.Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды» деген анықтамасын тілге тиек етіп, ал, әскери ант тақырыбына келгенде С.Бегалиннің

Біз Отанның солдаты жауға аттанған,
Біз халықтың қайраты, қанаттанған
Қайтпас семсер, көк болат, біз мұқалмас,
Қаһарменен суырып, кекке малған –
деген өлең жолдарында ұрыста жауынгердің қандай қасиеттері көрініс берді деген сұрақ арқылы сабақты ары қарай өрбіттім.

Қорыта айтқанда, оқушылармен осы жоғарыда баяндалғандай тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, оқушының көкейіне осындай іс-әрекеттерімен ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті азамат отансүйгіш, елсүйгіш азамат елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бұл мақалада қазіргі кезде тәрбие жұмысына назар аударылып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басым бағыттарының біріне айналып отырғандығы жайлы айтылады. Сонымен бірге, ең бастысы -Бәмішұлы Б. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тағдыры. – Қазақ тілі мен әдебиеті, 2005ж.
- 2 Жалмағамбетова Б. Ұлттық мектеп – ұлттық болмыс ортасы. – Қазақстан мектебі, №3. 2005ж.
- 3 Қожахметова К. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі – біртұтас. – Ұлт тағылымы, №2. 2005ж.
- 4 Оразбекова К. Тіл – ұлттық сана-сезімнің теориялық-әдіснамалық негізі. – Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында, 2000ж.
- 5 Тойлыбаев Б. Ұлттық тәрбиеде жеке тұлғаның қалыптасуы. – Ұлт тағылымы, №2. 2004ж.
- 6 Төлешова Ұ. Ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері. – Ұлағат, 2000ж.

ӘОЖ 74.2 355.

Қ.Ә. Қаражанова

Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селосы

Ж.Мырзағалиев орта мектебінің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі

**ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ
ТҰЛҒАНЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТТЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ.**

Бұл мақалада қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиетін модельдеу жазылған.

Қазақ батырларының бейнесі тұлғаның отансүйгіштік қасиеттерін модельдеу 3-бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде: бар күш-жігерімен қайратын жұмсайтын отаншыл азаматтарды, яғни, нағыз патриоттарды тәрбиелеп шығару көзделген. Негізгі бөлімде: батырдың ерлігі мен қаһармандық бейнесі, отансүйгіштік қасиеттерді жинақтау моделі қамтылған.

Ал еліміздің ұлттық құндылығын, тұтастығын, бүтіндігін аман сақтау, жас ұрпақты осындай жоғары рухта тәрбиелеу – бүкіл қоғамның, ұстаздар мен ата - аналар баршасының басты парызы. Ата-бабаларымыздың ата-салтымен, дәстүріміздің қанымызға сіңіп кеткен ұлттық тәрбиенің болашағымызды тәрбиелеуде атқаратын ролі зор. Қазақ жұрты ұлттық тәрбиеге жіті мән берген. Жас ұрпақты Отанын сүйуге, аялауға, құрметтеуге, оған адал қызмет етуге тәрбиелеу – ұлттық тәрбиенің көрінісі орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне негізделген педагогикалық тәжірибе жұмыстарында ұлттық құндылықтарымызды қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың бойына отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыру туралы айтылған.

Түйін сөз: *Қаһарман, қайсар, жігерлі, батыл, өткір, намысты,*

В статье рассматривается моделирование любви к родине учеников через героические роли казахских батыров.

Моделирование любви к родине казахских батыров состоит из трех частей. Во введении: рассматриваются вопросы воспитания граждан любящих родину, защищающих ее всеми силами, то есть настоящих патриотов своей родины. В основной части: составлена модель совокупных свойств батыров, их героизм.

Защита целостности, сохранности национальной ценности страны, воспитание молодежи в таком высоком духе – это главная обязанность всего общества, учителей и родителей.

Огромна роль воспитания будущего поколения на основе национального воспитания, обычаев и традиции предков. Казахи предавали большое значение национальному воспитанию. Воспитание у молодежи любви к родине, чтить память, служить ему честно – это характеристики национального воспитания.

В педагогической практике средней школы в основе учебно- воспитательного процесс лежит формирования у школьников любви к родине через национальные ценности.

Ключевые слова: *Героический, герой, устойчивый, сильный, острый, честлюбивый*

Modeling love is considered In article to native land pupil through heroic dug the kazakh batir.

Modeling love to native land kazakh batir consists of three parts. In introduction: is considered questions of the unbringing the people loving native land, protecting her(its) all power that is to say persisting patriot of its native land. In the main part: is formed model total characteristic batir, their heroism.

Protection to wholeness, safety of national value of the country, education youth in such high spirit - a main duty whole society, teachers and parents.

The Enormous role of the unbringing the future generation on base of the national education, custom and traditions limit. The Kazakhs betrayed big importance national education. Education beside youth love to native land, honour the memory, serve him honestly - a features of the national education.

In pedagogical practical person of the secondary school in base scholastic- vospitatel process lies shaping beside schoolboy love to native land through national value.

Keywords: *Heroic character, steady, strong, sharp, ambitious*

Бұл мақалада қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруда, оқу-тәрбие үрдісінде, жеке тұлғаның бойында рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген теориялық моделі айтылады. Жеке тұлғаның қоғамдық ортадағы қалыптасуы негізінен бірнеше факторлармен сипатталады.

Ертеңгі күн табалдырығын ата-бабаларымыз айтқандай, «Ел болам десең, бесігіңді түзе». Осы тұрғыдан алғанда әр азаматтың өзін-өзі жас ұрпақ алдында ұнамды жағынан көрсете білуге талпынудың болашағымызға сенімді болуға қосар үлесі мол. Тілімізге, дінімізге қайта мойын бұрған кезеңде ұлы көшке тосқауыл болар көп кедергі болғаны белгілі. Болашақ ұрпағымыздың ең асыл мұра – өз ана тілін білмеуі, салт дәстүрден бірте-бірте қол үзіп бара жатқандығы, әке-шешесін, ата-әжесін, бауыр еті баласын тастап кету, жетімсірету сияқты қатігездіктің, арақ ішу, наша тарту, зорлық-зомбылық, ұрлық жасау сияқты жағымсыз қасиеттерге бой алдыруы, өз пікірі жоқтық, біреудің айтқанына көңгіштік, табансыздық т.б. сүреңсіз іс-қылықтардың етек жайып еркінсі бастауы. Мұның бәрі адамгершіліктен жұрдай болуға жетелейтін әдеттер. Осы қауіптен құтылудың, жіберілген кемшіліктен арылудың жолы қандай? Бұған негізгі жауап халқымыздың даналықпен жасаған ұлттық дәстүр-салттарын тәрбие ісінде кең пайдалану, оларды жас ұрпаққа үлгі етіп ұсыну. Жандандырып, насихаттап, үйретіп, тәрбие мәселесінде кеңінен пайдаланып отыруымыз қажет.

Қазақтың патриоттық, отансүйгіштік тәрбиесі-тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүние тану көзқарасының ақыл-ойы мен салт-дәс-

түр, мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпайынша, келер ұрпақты патриоттық отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырмайынша, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен қайратын жұмсайтын отаншыл азаматтарды, яғни, нағыз патриоттарды тәрбиелеп шығару мүмкін емес.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың тендесі жоқ ерлігінің арқасы.

Тарихи мәліметтерден байқайтынымыз, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт-азаттық көтерілісін алып қарасак, ондағы батырлардың ешқайсысы бүгінгідей жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғаудан жанын аяп қарап қалмаған. Осындай тарихи тәжірибелерден сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл-аймағының ықпалының күшті болғанын көреміз.

Ата-бабаларымыздың ата-салтымен, дәстүріміздің қанымызға сіңіп кеткен ұлттық тәрбиенің болашағымызды тәрбиелеуде атқаратын ролі зор. Қазақ жұрты ұлттық тәрбиеге жіті мән берген. Жас ұрпақты Отанын сүйуге, аялауға, құрметтеуге, оған адал қызмет етуге тәрбиелеу-ұлттық тәрбиенің көрінісі.

Отанын сүйетін адам әрдайым оған адал қызмет етеді. Отансүйгіштік қасиет деген де осы. Әр халықтың өзіне тән ұлттық тәрбиесі бар. Ұлттық тәрбие Отанды сүйуден басталады. Дүние есігін ашқаннан бері өз табиғатының сұлулығына қандырып, өзінің таза суымен, адал ақ нанымен, ұлы кең байтақ даласымен күйге бөлеп отырған Отан-Ананы ешқашан мақтанарлық емес деуге болмайды.

Отанды сүю отбасынан басталады. Себебі, отбасы-Отанды құраушы Кішкене бөлшегі. Ұлы тәрбиелердің бастауы ата-ана тәрбиесі. Ата-анадан жақсы тәлім-тәрбие алған балада отансүйгіштік қасиет болады.

Жалпы кез-келген адам соғыс іс-әрекеттерінде немесе басқа жағдайда ерлік, отаншылдық істерге бару үшін оған алдымен рухани жағынан дайын болуы тиіс. Өйткені, отаншылдық іс-әрекетке ішкі жан-дүниесі, сана-сезімі дайын болмаса елі мен жері үшін жанкештілікке баруы екі талай. Бұл жерде ататектен келе жатқан ұлттық болмыстағы патриотизмнің орны бөлек.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыстарын қалыптастыру, ізет, құрмет, мейірім, т.б. сезімдерін дамытуы.

Б.Момышұлының еңбектерін оқи отырып оның шығармашылығынан патриоттық тәрбиенің қайнар көзін табатынымыз айқын. Патриоттық сезімнің қайнар көзі – Отан десек қателеспейміз.

Қазіргі кезде қоғамдық әлеуметтік жағдайдың жаңаруына байланысты білім мен тәрбие берудің де жаңаша бағытта қалыптасуында жеке тұлғаның «бәсекеге» қабілетті болуына талап- міндеттер қойылуда. Мұның өзі сана-сезімі жетілген, жан-жақты, елін, жерін, Отанын қорғай білетін, мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын тұлғаны тәрбиелеуді негізге алатын басым бағыттардан тұрады.

Отансүйгіштік тәрбие берудегі басты мақсат жеке тұлғаның бойында рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Ғалым Н.Елікбаевтың пікірінше: «біріншіден, тарихи қалыптасатын, ұлттық өмір сүру ізімен жалғасқан дәстүрлі қасиет болғандықтан, ұлттан тыс бола алмайды; екіншіден, кез-келген ұлтқа еңбек сіңірген өзге ұлт өкілдері сол ұлтқа бүтіндей беріле алмайды; үшініден, отансүйгіштік сезімді тек биологиялық деп қарау ғылымға жат нәрсе, оны жануарлардың инстинктімен шатастыруға болмайды. Отансүйгіштік қасиет биологиялық емес, ол та-

рихи, саяси әлеуметтік, идеологиялық дәстүрлі, күрделі құрылым».

Демек, жеке тұлғаның қоғамдық ортадағы қалыптасуы негізінен бірнеше факторлармен сипатталады. Яғни, сапалық отаншылдық сезім және мінез-құлықтық тұрғыдан түсіндіреміз. Мұның өзі оқу-тәрбие үрдісінде, отбасында, дос-жарандарының арасында, т.б. ортада жүреді. Әдетте, отбасында қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыруда ата-бабаларының ерлігін шежіре тұрғысынан жеткізудің тәрбиелік мүмкіндігінің маңызы зор.

Қазақ батырлары туралы мағлұмат берудің өзі тарих қойнауындағы ірілі-ұсақты қақтығыстарға байланысты келіп шығады. Себебі, батырдың өзі соғыс майданында ерлігімен, күшімен, қайратымен көзге түскен және өзін іс-әрекетімен көрсете білген фигура деп түсінген жөн. Оның мәнісін түсіндірер болсақ, батыр атағы тектен-текке берілмейді және оның қазақ қоғамында өзіндік мәртебесі болған: «Батыр (парсы тілінен аударғанда – бахадур-ержүрек, батыл, батыр)- әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен ие болды», - дейді. Яғни батырдың ерлігімен қоса қаһармандығына да көп мән беріліп отыр. Оның бір айғағы батырдың күші мықты, ер болғанын өзінде де оның қаһарман, айлалы, бауырмал, дұшпанына қатал, достарына адал, т.б. секілді қасиеті болуы қажет. Осындай қырларына байланысты батырларды ұлтымыз құрмет тұтқан және ерліктерін аңызға айналдырған. Ал «Қаһарман (араб, парсы тілдерінде – құдірет сөзінен шыққан) 1. Алдына келгенді қаһарлы сұсымен имендіретін, суық түсті, айбынды батыр. Араб, иран тілдерінен ауысқан қиссаларда «қаһарман» сөзі батыр ұғымына эпитет ретінде айтылған. 2. Көркем әдебиеттегі герой ұғымының баламасы» деп айтылады. Бұл анықтамада «суық түсті», «қаһарлы сұсымен» дегенде батырдың тұртұрпатын көрмей жатып-ақ дұшпанының бойында үрей сезімі қалыптасатындай болуы тиіс. Әдетте, эпостық жырларда, ерлік шығармаларында өзгелер осындай айбынды батырлардың қаһарынан қорыққан және

олар дұшпанына аян беріп, тіпті оны түсінде оны жеңіп, қорқыныш ұялататын болған. Мысалы, Тайшық ханның түсіне Алпамыс батыр кіріп, аян береді.

Шығармада: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты бір жас батыр келіп ел жұртымды қырып, қаламды жауға көміп, қақпамды қанға малды. Басымнан тәжімді, бауырымнан жарымды тартып алды. Айдарлымды құл қылды. Ел – жұртымның тоз-тозы шыққан соң, қабырғам сөгіліп, қасірет шегіп, еңіреп жүр екенмін», – деп айтылады.

Бұл түсті жорудың өзі де рухани өмірмен байланысты болып отырады. Демек, қаһармандық – адамның жеке басының жігер мен ерлікті, батылдық пен табандылықты, қажет болса жанын құрбан етуді талап ететін, қоғамдық маңызы зор, халық бұқарасының мүдделеріне жауап беретін іс-әрекет екенін байқаймыз.

Сондай-ақ, кейбір батырлық шығарамаларда «қас батыр» деген теңеулер де кездесіп отырады. Оның мағынасы «ешбір қауіп-қатерден қаймықпайтын, өз күшіне сенген қаһарман батыр». Қазақ әдебиеттерінде батырларды зерттеуде жиі қолданылатын нағыз батыр деген ұғым. Яғни, алдындағы ешбір кедергіден қаймықпайтын, қажет болса сол жолда құрбан болатын батырды айтамыз. Батырлардың қоғамдық-әлеуметтік орны да ерекше, ол мал мен дүние жимайды, тек қана елін, жерін қорғайтын болған.


Мектепоқушыларына батырлардың қаһармандық бейнесін насихаттау үшін профессор Қ.Ж.Қожахметованың зерттеуіндегі «ер жігіттің» халық ауыз әдебиетіндегі жинақтық образын келтіреміз. Мұнда автор ер жігітті сыртқы көрінісі жағынан «ұзын бойлы, өткір көзді, қара көзді, кең маңдайлы, тік мұрынды, кеуделі, өткір тісті, қолдары қарулы, мығым денелі, жауырыны қақпақтай, бір сөзді, шыншыл, рухы күшті», ал сипаты мен өзіндік ерекшелігі жағынан «қырандай қырағы, сұңқардай тәкаппар, арыстандай айбатты, жолбарыстай күшті, қасқырдай батыр, қара нардай шыдамды, құландай сүйікті, жылқыдай сезімтал, бұландай айбарлы, сауысқандай сақ, т.б.», қабілеті мен іскерлігіне байланысты «көсем жігіт, дана жігіт,

ержүрек жігіт, мырза жігіт, күрескер жігіт, шаруа жігіт, сұңқар жігіт, арыстан жігіт, қасқыр жігіт, нар жігіт, т.б.», – деп жіктейді. Сондай-ақ жігіттің бойында болуы қажет «байқағыштық, шеберлік, ерлік, күштілік және табандылық, білімділік» секілді алты қасиетті атап көрсетеді. Мұның өзі бүгінгі оқушылардың қазақ батырларына тән отансүйгіштік қасиеттерді танып – білуіне және өздеріне үлгі болуына септігін тигізеді.

Дей тұрғанмен, болашақ тұлғаның бойындағы батырлардың қаһармандық бейнесі педагогика ғылымында ескерілмей келе жатқанын айтуымыз қажет. Сондай-ақ, тәрбие, білім, ғылымда нақты көңіл бөлудің нысаналы тұстары байқалып отыр. Олай болса, қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруды айқындап, оны жинату үшін модельдеу арқылы түсіндіруге болады. Модельдеу бүгінгі күні зерттелетін тақырыптың мазмұнының ашуға көмектесетін бірден-бір әдіс болып табылады. Сондықтан қазақ батырларының моделін жасау барысында модель сөзіне түсінік береміз. «Модель» сөзі (франц. Modele, итал. Modello, лат. modulus) – «өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма» деген мағына береді. Демек модельдеу әдісін ресей ғалымдары Н.И.Болдырев, М.Н.Скаткин, В.Богославский, Э.И.Монозон, Л.И.Выготский, т.б. ғылыми – зерттеулерде қолданса, ал, қазақ этнопедагогикасын зерттеу барысында Ж.Наурызбай, К.Қожахметова секілді ғалымдар еңбектерінде көрініс табады. Отансүйгіш тәрбие беру туралы модельдеуде С.Нұрмұқашева, С.Иманбаева, Л.Сайдахметова, М.Құрманбаев, А.Бейсенбаева, т.б. пікірлерін негізге аламыз. Жалпы оқу-тәрбие үрдісіндегі қағидаларға сүйене отырып, қазақ батырларының қаһармандық бейнесі теориялық модульді тұжырымдамалы (концептуалды) модель негізінде айқындауға болады. Мақсаты: қағидалары, нормативтік негіздеулері, мазмұны: әдісі, құралдары және нәтижелерінен тұрады.

Мақсаты: қазақ батырларының қаһарман бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру. Отансүйгіштік қасиеттер жеке тұлғаға тән болатын

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



(қаһарлы, батыл, сұсты, арлы, епті, қарапайым, ұятты, зерек т.б.) негіздеулерден тұрады.

Мазмۇنى:

1. Кітап оқу үрдісінде: Тарихи тұлғалар, Қазақстан өлкесі, ерлік дәстүрлер, көркем шығармалар.

2. Тәрбие үрдісінде: Патриоттық әндер конкурсы

3. Сыныптан тыс уақыттарда: Ерлік, көркем шығармалар, факультативтік сабақ. Семинар сабақтар.

Құралдары: Ауыз әдебиеті туындылары, ертегілер, мақал-мәтелдер, шежірелер, дастандар, тарихи деректер, көркем әдебиеттер.

Әдіс-тәсілдері: әңгіме, тест, сауалнама, рольдік ойындар, пікір-сайыстар, жаттығу, плакаттар.

Оқыту формасы: сабақ, лекция, семинар
сабақ, саяхат сабақ, практикалық сабақ.

Нәтижесі бүгінгі күннің талаптарына жауап беретін. Отанын сүйетін, оның құндылықтарын сақтайтын, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын, білім мен ғылымды

Негізгі міндеттері:

- Орта мектеп оқушыларының отансүйгіштік қасиеті іс-жүзінде, практикалық тұрғыдан көрініс береді. Оқушы, ұстаз, ата-анасы, достары т.б. қарым-қатынасы барысында отансүйгіштік қасиеттердің алатын орны.

1. Оқушылардың «патриотизм», «отан-сүйгіштік», «қазақстандық патриотизм», «қаһармандық» т.б. ұғымдарын игеруі;

Қарапайым, бір сөзді, батыл, сабырлы, ой-өрісі кең, ұқыпты, жинақы, кішіпейіл, шымыр, бауырмал, іскер, достыққа адал, отан алдындағы борышына жауапкершілікпен қарайды. Шығармашылық бейімділігі жоғары, намысшыл, тез шешім қабылдай біледі.

Сонымен қатар, қазақ батырларының қа-
һармандық бейнесі арқылы оқушылардың
отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудың
құрылымдары, өлшемдері мен көрсеткіштері
кестеде берілген.

Қазақ бағырларының, қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудың көрсеткіштері, деңгейлері.


Келтірілген кестедегі оқушылардың бойында табылуы қажет қасиеттерді ескере отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалық моделін жүйелеуге болады. Бұл жөнінде профессор С.Қапиұлы: «мінезі майда, ары таза, тәні сау, өнегелі, өнерлі, жан-жақты жетілген толық адам», - деп сипаттама

111

береді. Бұл ой-пікірдің астарында әлі де айтылатын ой - пікірлердің тереңдігіне мән беруге тура келеді.

Сондай-ақ, «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген ұғымға қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жан-жақты, өнерпаз, шебер» деп сипаттама берілген.

Жоғарыда келтірілген кестеге түсінік берер болсақ, еңбек ету барысында жеке тұлғаның бойында табандылыққа көп мән беріледі. Әдетте, мұндай қасиетке ие адамды «табанды, алған бетінен қайтпайтын, тұрақты, сөзіне, уәдесіне берік» деп сипаттайды. Демек табанды болудың өзі де еңбектің жемісі болуына септігін тигізетін қасиет деп тү-



сінгеніміз жөн. Ал, отансүйгіштік тұрғыдан намысты болу тұлғаның бойындағы бірден бір асыл қасиет болып табылады.

Философ Г.Нұрышева өзінің ғылыми еңбегінде «Намысты болу өз бойына сан қырлы биік мағыналармен асыл құндылықтарды жинақтау», - деп түсінік береді.

Сонымен қатар, КСРО батырлары Б.Момышұлы: «Жігерлену дегеніміз - рухани күш беру, күш - қуаттың тасуы, сергектік күй, - дейді. Яғни, жігерлі тұлғаға отансүйгіштік тұрғыдан сипаттама береді. Ол қоғамдық ортада өзінің мейірімділігімен, бауырмалдылығымен ерекшеленеді. Мейірімділік дегеніміз – ол адамгершілік сезім, жеке тұлғаның бойында тәрбие негізінде қалыптасады. Ал, бауырмалдық дегеніміз - ана сүтімен дарыған асыл қасиет. Сондай – ақ, өнерге деген көзқарасына байла-

нысты, шеберлік үйрену, білу барысында қалыптасатын ептілік болып табылады. Халқымыз «жігітке жеті өнер де аз» деп айтады. Оқу - білім үйретуде маңызды қасиеттерге зеректілік, алғырлық, тапқырлық т.б. жатады. Зеректік табиғат берген дарындылықтың, іс – әрекеттің жемісі. Мұндай қасиеттердің өзі тұлғаның құрамдас бөлігіне сипаттама береді. Жалпы адам баласына тән қасиеттердің бірі руханилық «рухты, иманды, адал, пәк, т.б. болып табылады. Рухы мықты дегеніміз тылсым күштердің әсерінен болатын сезім. Кейбір ғылыми еңбектерде рухты аруақпен қатар түсіндіреді. Нақты деректерге сүйенсек, «Аруақ, күш, қуат, т.б.» деген сөздердің ауыспалы мағынасы деп сипатталады. Демек, сегіз қырлы, бір сырлы» ұғымының қолданыс аясы кең болып табылады.

Сондай – ақ, дүние жүзі халықтарында өз елін, жерін, Отан сүюге бағытталған саяси - идеологиялық талап міндеттеріне де мысал келтіруге тура келеді. Ағылшын ағартушысы Д.Локк өзінің педагогикалық ойларында өз заманындағы джентельмендер тәрбиесін насихаттай отырып: «ол үшін бүкіл жақсы қасиеттер бойынан табылуы қажет. Әрине ақылды, білімді, дене бітімі дұрыс және өз Отанын қорғай білетін азамат – джентельмен болуы тиіс» деп көрсетеді.

Ал, профессор - А.Айталының «Аптықпағанның асығы алшысынан» атты еңбегінде неміс патриотизмінің он өсиетінде «ұсақ – түйек» шығын шығарғанда да, Отаныңның және ел азаматтарының мүдделерімен есептесу, шетелдің тауарын сатып алғанда, өз еліңе зиян келтіретінінді ұмытпау, сенің ақшаңның текке неміс саудагерлері мен жұмысшыларына пайда әкелуін ойлау, шет елден келген машина мен құрал - саймандарды қолданып, неміс жерін, неміс шаңырағын, неміс шеберханасын қорламау, дастарханыңа шет елдің етін, майын, т.б. қоймау, себебі, ол неміс ет өндірісі мен отандық мал шаруашылығына зиян келтіретінін ойлау, әр уақытта неміс қағазына, неміс сиясына малып, неміс қағазымен жазып, неміс сорғышымен сорғызу, неміс игілігіне тек немістің ұны, немістің жемісі, немістің еті жарайтынын білу, тек қана неміс матасынан тігілген сырт киім мен неміс қолынан шыққан бас киімдерді кию, егер сен неміс кофесін ішкің келмесе, Германияның отар елдерінен әкелінген кофені ішу және балаларың мен әйеліңе де отар елінің қақпасын ішкізіп, шоколадын жеуге әмір ету, еш уақытта шет елдің тауарына қызықпау және германия азаматының керегі тек Германия шығара алатынын есінде берік сақтау туралы баса айтылады.

Демек, жоғары да айтылған неміс- гермен патриотизмінің он өсиетінің біздің қазақстандықтар үшін де қажетті тұстары байқалып отыр, яғни отандық тауар өндіруге септігін тигізетін мемлекеттік деңгейдегі осындай ұлттық негіздегі ереже, өсиеттердің маңызы зор деп түсінген жөн.

Сонымен қатар, қытай халқында: «қытайдың баласы қай жерді аяғымен бас-

са, сол қытай елі», - деп түсінік беріледі. Демек әрбір елдің өзіндік менталитетіне сәйкес осындай ұғымдар бар.

Бүгінде жалпы білім беретін мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім қалыптастырудың жүйесін жасау мәселесі қалыптастырылуда. Солардың ішінде оқушыларды кітап оқуға баули отырып, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуді басты мақсат етті.

1. Ана тіліне сүйіспеншілік – туған тілін білу, өз ана тілінде оқу мен сөйлеу, ана тіліндегі көркем шығармаларды еркін оқи білу оқырмандық қабілет қалыптастыру.

2. Туған жерге сүйіспеншілік өз ұлтын сүю. Отанын сүю, ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасының гүлденуіне үлес қосу – азаматтық сана аясы.

3. Туған жерге сүйіспеншілік – туған өлке табиғатын сүю, туған жердің орман көлі, тау- тасы, аң құстарына қамқорлық жасау, оны аялау мен оны қорғау күтіп баптау – экологтік ая.

4. Өз отбасына сүйіспеншілік ата – анасын, туыс- бауырын сыйлап құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қатынас орната білу – адамгершілік, кісілік қалыптастыру аясы.

Оқырмандардың бойында осы тектес құндылықтар қалыптастыру бағытында олардың тұлғалы қалыптасу қуаты арта түседі. Ізгілікті ел сүйгіш тұлға ғана жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгереді, өз елінің қажетіне жаратарлық азамат болып тәрбиеленеді. Оқырмандарға осы аталған бағытта қызмет көрсетуде, іс -шаралардың маңыздылығы. Кітап оқу баланың ой –өрісінің дамуына, ойлау қабілетінің өсуіне, адамгершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қолқабыс болуға, өзі қоршаған табиғатты қадірлеп, жер-ана, отан, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын азамат болып өсуіне әсер ететін кітап құдіреті ұстаздан бірден – бір кем емес екенін түсінген абзал.

Бүгінгі қазақстандық патриотизм туралы айтар болсақ, ол мынадай принциптерге сүйенуі тиіс:

- Қазақ ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүю, қорғай білу;

- Қазақ ұлтын әлемге танытуға ұмтылу;
- Қазақ халқына деген отансүйгіштігі, бауырмалдығы жоғары болу;
- Отандық өнімдерді, ұлттық тағамдарды әрқашан тұтыну;
- Қазақтың ырымдары мен тыйымдарын берік ұстану;
- Қазақтың салт - дәстүрлерін қастерлеу және үнемі насихаттау;
- Қазақтың отансүйгіштік әндерін тыңдау;
- Мемлекеттік рәміздерді қасиет тұту және қорғай білу;
- Отансүйгіштік ой – санасы жетілген, ары таза болу;
- Қазақ батырларының ерлігін, үлгі – өсиетін өнеге тұту;

Қорыта келгенде, қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы жеке тұлғаның бойына отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыру мәселесіне арналған орта мектептің оқу –тәрбие үрдісіне негізделген педагогикалық тәжірибе жұмыстарының нәтижесі жан-жақты дамыған отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан тұлға қалыптасады.

Біздің туымыз тәуелсіздік, тілегіміз-бейбітшілік, тыныштық. Ал еліміздің осы тұтастығын, бүтіндігін, халқымыздың аман сақтау –жас ұрпақты осындай жоғары рухта тәрбиелеу- бүкіл қоғамның, ұстаздар мен ата - аналардың баршаның басты парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елікбаев Н.Қазақтың ұлттық психологиясының қалыптасуы мен дамуының тарихы және әлеуметтік – мәдени негіздері. – Алматы, 200, – 247б.
- 2 Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы. Т.1, «А-Ә» бас.ред.Ә.Нысанбаев. Алматы, 1999. 1972. 720б.
- 3 Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 6. /Бас.ред. М.Қаратаев. – Алматы. 1975 – 640б.
- 4 Алпамыс батыр./Құрастырған.А.Сейдімбеков, – Алматы.» Жалын». 1979 – 100б.
- 5 Қожахметова Қ.Ж., Таубаева. Ш.Т., Джанзакова Ш.И.. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. /Учебно – методологическое пособие. – Алматы, 2005-174б.
- 6 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.Оқу құралы. – Алматы, «Білім», 2003 – 280б.
- 7 Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады. «Егемен Қазақстан» газеті, 11- қазан, 1977ж.
- 8 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, – Астана. 2004ж.

**ЖЫЛБОЙЫНА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАРМЕН ТҰРАҚТЫ АВТОРЛАРДЫҢ
ТІЗІМІ**

№1, 2013

1. Пірәлиев С.Ж., Ермағанбетов М.Е., Нуриев М.А., Намазбаева Ж.И., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Калиева С.И., Нарикбаева Л.М., Берікханова А.Е. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту (тұжырымдама)
2. Нуриев М.А. Ауыл шаруашылығын дамыту – ел экономикасын дамыту кепілі
3. Мардахаев Л.В. Социально-педагогическое сопровождение (поддержка) ребенка в трудной жизненной ситуации
4. Roza Sadykova Nauryz holiday and kazakh national traditions – the basis of youth education
5. Иманбаева С.Т. Тұлғаның патриоттық құндылықтарын қалыптастыру – әлеуметтік-педагогикалық мәселе
6. Совет-Хан Ғаббасов Тіршілік тылсымдары
7. Әдібай Табылды Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің басты құралы
8. Нуриев М.А., Саметова Ж.Ш. Ұлттық символдардың оқушы интеллектуалын көтерудегі рөлі
9. Сарбасова Қ.Б. Студенттерді өзіндік жұмыс арқылы шығармашылық белсенділікке тәрбиелеу
10. Жумаева Ж.Н. Производственное обучение – основа профессионального становления будущего специалиста
11. Султаналиев Ишенбек М. Кашгаринин «Диван лугат ит түркү» менен азыркы кыргыз тилинин лексикалык өзгөчөлүктөрү
12. Сарбасова Қ.А., Ешмұратова Д.С. Сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мазмұны
13. Әужанова Н.Б. Биология пәнін оқыту үрдісінде ұлттық ойындарда этнопедагогикалық материалдарды пайдалану
14. Әуезбекова Ж.А. Студент жастарды халықтық педагогика тұрғысынан қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу
15. Алиярова Л.М., Халенова А., Махажанова Л.М. Изучение фразеологических единиц в процессе обучения иностранному языку
16. Бекбосынова Г.К. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беру өзектілігі
17. Жауыншыева Ж.Б., Есимкулова С.С. Реализация коммуникативного подхода в обучении иностранному языку
18. Ауезбекова А.Б. Ұлттық тәрбие – ұлылықтың бастауы
19. Бекбосынова Г.К. Балабақшадағы ұлттық тәрбие мәселесінің өзектілігі

№2, 2013

1. Пірәлиев С.Ж. Арман мен талап жетелеген ел азаматы
2. Нәрібаев К. Білікті басшы, жаңашыл жетекші
3. Бейсенова Ә, Қирабаев С. Азамат
4. Мадиев Ө.Қ. Кемел тұлға
5. Сейсенбаева Ж.А. Кісілік келбеті ерекшеленген басшы
6. Цыренжапова Г.Г. Молодость – вся жизнь
7. Пірәлиев С.Ж. Мұғалімнің бүгінгі қоғамдағы мәртебесін арттыру бағыты
8. С.Ж.Піралиев, М.Е.Ермағанбетов, М.А.Нуриев, Ж.И.Намазбаева, Ф.Ш.Оразбаева, С.Т.Иманбаева, Н.Н.Хан, С.И.Калиева, Л.М.Нарикбаева, А.Е.Берікханова Концепция развития интеллектуального потенциала нации в системе непрерывного образования Респу-

блики Казахстан

9. Совет-Хан Ғаббасов Ашынған халық – аянбайды...
10. Zhumataeva E., Beisova A.E., Iskakova Z.S., Kabdieva S.Sh., Zharkumbaeva M.M. Perfection is a basic principle of the teaching process
11. Молдабеков Ж.Ж. Өзіндік дайындық: өріс және өлшем
12. Аужанова Н.Б. Некоторые аспекты этно-экологического образования и воспитания в общеобразовательных школах
13. Есімбекова Д.Б. Компаративистикадағы соны ізденіс немесе профессор М.М. Иманғазинның әдебиеттану ғылымындағы еңбегі
14. Байсабаев Бектурсун Проблемы художественного билингвизма и авторские переводы Ч.Айтматова
15. Сарылбекова З. Практическое обучение кыргызскоязычному общению
16. Tungshbayeva A. The value of kazakh and english proverbs
17. Құттыбайұлы Сансызбай Жеті негізді жіктеген...
18. Оразова Р.К. Қазақ отбасының тарихи-этностық сипаты
19. Шормақова А.Б. Зар заман ақындарының «қала» өміріне көзқарастары
20. Ахметова Г.О. Ұлы Абай шығармаларындағы назир дәстүрі

№3, 2013

1. Сманов Б.Ө. Ұлтын сүйген азамат
2. Нуриев М.А. Көрегендік пен кемеңгерлік иесі – Көбекен
3. Нариев К.Н. Воспитание экономической культуры специалиста
4. Тауланов С.С. Быть патриотом – ценность во все времена
5. Наурызбай Ж.Ж. Ұлттық тәрбие – мәдениетті тұлғаны қалыптастыру негізі
6. Сабырова З.Қ. Ұлтжандылық – қыз тәрбиесінің негізі
7. Даутова С.Б. Қоғамның дамуына қосқан әдебиеттану ғылымының іргелі үлесі
8. Қойгелдиев М.Қ. Түркістан халықтары тарихындағы ағартушылық кезеңі және оның ел өміріне ықпалы
9. Нуриев М.А. Тұлғаның зияткерлік болмысын қалыптастыруда білім беру үдерісін модернизациялау жағдайы
10. Auelgazina T. National education in system of socialization of the personality
11. Бөлеев Қ. Қазақстандағы ұлттық тәрбие мәселелері бойынша зерттеулер
12. Оразбаева Ф.Ш. Интеллектуалды тұлға қалыптастыруда үш тілді маман дайындаудың басты мәселелері
13. Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтардың маңызы
14. Құламанова З. «Отан, Отан! Бәрінен қымбат екен, мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!»
15. Утепова А.Қ. Ұлтжандылық – ұлттық тәрбиенің бастауы
16. Шыныбекова К.М. Патриотизмдегі көркемөнердің рөлі
17. Тунғушбаева А.Т. Сөз өнері – тіл құдыретінің ағылшын-қазақ мақал-мәтелдеріндегі рөлі
18. Тайманова С.А. Бүгінгі әлемдегі ұстаз
19. Куненова П.С. Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды!
20. Орынтаева Ж.А. Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы
21. Увайсова М.М. Тіл – ұлт байлығы

№4, 2013

1. Табылды Ә. Әдебиеттің ұлттық тәрбиелік мәні
2. Ғаббасов С. Сақ патшасы қайыра жерленді сыр ашу

3. Ізтілеуова С. Д. Күнфудзы және Абай: тәрбие туралы толғамдар
4. Сейсенбаева Ж.А. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тұлға қалыптастырудағы рөлі
5. Садықова А.Е. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар шығармашылығын дәріптеудің бүгінгі қоғамдағы маңызы
6. Мединеева Г.Б. Экологиялық білім беру арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру
7. Шілдебаев Ж.Б. Экологиялық тәрбиенің қазіргі қоғамдағы рөлі
8. Ахметова Б.Қ., Ахметова А.Қ. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу
9. Испанкулова Г. Сен өз еліңнің патриотысың ба?
10. Әбжан Г.М. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі
11. Несипбеков Е.Н., Дуйсебаева А.М. Инновационная образовательная дисциплина: в развитых странах
12. Исаева С.Н. Катаалзаманырлары
13. Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Арғықазақтардың мифологиялық дүниетанымының ерекшеліктері
14. Шормақова А.Б. Кәкімбек Салықов жырларындағы Астана бейнесі
15. Байдалиев Д.Д. Тамыры терең – ұлттық тәрбие
16. Саниязқызы М. Жүрегімнің басында мұң бар
17. Байтасов А.А. Білімді жастар – интеллектуалды ұлт қалыптастырудың қайнар көзі
18. Әужанова Н.Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сыныптан тыс жұмыстарда қолдану
19. Дәулеткелді Ж. Жастардың интеллектуалды болмысын қалыптастырудағы еңбек тәрбиесінің рөлі

№5, 2013

1. Піралиев С.Ж., Нуриев М.А., Саметова Ж.Ш. Мемлекеттік тіл – ұлттық бірігейлік пен өміршендіктің негізі
2. Оспанова Р.Р., Муратказин М.М., Даулеткелді Ж., Мединеева Г.Б. Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінің интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тарихи тағылымдары
3. Нуриев М.А., Садықова А.Е. Қазақ өмірінде орын алған дүниетанымдық сандар
4. Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. Кәсіпкерлік түсінігі және оның қағидалары
5. Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. ҚР-да шағын және орта кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандары: заңнамалық негіздері
6. Нуриев М.А., Маханова Н.Б. Мұсылмандық өрлеу кезеңіндегі ойшылдар философиясының ерекшеліктері
7. Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Жыраулық дәстүрдің ерекшеліктері және ондағы рух философиясы
8. Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Түркі-қазақ руханиятындағы алғашқы діни сенімдердің тұрмысмәнділік мағынасы
9. Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Ұлт руханиятындағы бірлік идеясының толғанылуы және оның философиялық астарлары
10. Нәрібаев К.Н. Ұстаздық қасиет және азаматтық болмыс
11. Табылдиев Ә. Жаңашыл ғалым, жаны жайсаң қаламгер
12. Зинченко М.В. Особенности работы с «трудными детьми» в условиях обычного образовательного учреждения
13. Садықова Р.К. Қазақ және парсы элементтерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері

№6, 2013

1. Табылды Ә. Отбасындағы ұлттық тәрбиенің негіздері

2. Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. ҚР-дағы шағын және орта кәсіпкерлікке салық салу ерекшеліктері
3. Жарикбаев К.Б., Олжаева А.К. Родной язык – зеркало души нации и личности.
4. Иманбаева С.Т. Абылай ғасыры – ерлік пен елдіктің ғасыры
5. Даутова С.Б. Көркем әдебиеттің тәлім-тәрбиелік мәні
6. Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері.
7. Әужанова Н.Б. Оқушыларға қазақ халық педагогикасына негізделген патриоттық тәрбие беру
8. Нуриев М.А., Мырзаханова И.А. Ойын-сауықтың ұлттық нышандары
9. Саметова Ж.Ш. Мектеп бағдарламасындағы «Еңбекке баулу» пәнінің ерекшеліктері мен жетілдіру жолдары
10. Советканова Д.М., Садыкова А.Е. Салауаты өмір салтының бастауы мектеп
11. Нуриев М.А., Саметова Ж.Ш. Сауаттылық сөз мәдениетінен басталады
12. Қаражанова Қ. Ә. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы жеке тұлғаның отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру моделі
13. Нуриев М.А., Мединеева Г.Б. Медиация заңы
14. Аташ Б.М., Маханова Н. Қазақтың көркемдік-эстетикалық танымы
15. Оспанова Р.Р., Муратказин М.М., Даулеткелді Ж., Мединеева Г.Б. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы
16. Аташ Б.М., Маханова Н. Қазақтың көркемдік-эстетикалық танымы

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. Отбасындағы ұлттық тәрбиенің негіздері.....	6
Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. ҚР-дағы шағын және орта кәсіпкерлікке салық салу ерекшеліктері.....	22
Жарикбаев К.Б., Олжаева А.К. Родной язык – зеркало души нации и личности.....	28
Иманбаева С.Т. Абылай ғасыры – ерлік пен елдіктің ғасыры.....	33
Даутова С.Б. Көркем әдебиеттің тәлім-тәрбиелік мәні.....	39
Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері.....	44
Нуриев М.А., Мырзаханова И.А. Ойын-сауықтың ұлттық нышандары.....	49
Саметова Ж.Ш. Мектеп бағдарламасындағы «Еңбекке баулу» пәнінің ерекшеліктері мен жетілдіру жолдары.....	56
Советканова Д.М., Садықова А.Е. Салауаты өмір салтының бастауы мектеп.....	61
Нуриев М.А., Саметова Ж.Ш. Сауаттылық сөз мәдениетінен басталады.....	64
Оспанова Р.Р., Муратказин М.М., Даулеткелді Ж., Мединеева Г.Б. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы.....	73
Аташ Б.М., Маханова Н. Жаһандану үрдісіндегі ұлт мәселесі.....	79
Нуриев М.А., Мединеева Г.Б. Медиация заңы.....	86
Аташ Б.М., Маханова Н. Қазақтың көркемдік-эстетикалық танымы.....	93
Әужанова Н.Б. Оқушыларға қазақ халық педагогикасына негізделген патриоттық тәрбие беру.....	100
Қаражанова Қ.Ә. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы жеке тұлғаның отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру моделі.....	106

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 13.12.2013 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сыктывкар. Басылым – офсет. Көлемі 15 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс №306



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

13 (20) 2013

(қараша-желтоқсан)

6
